






АЙДАРОВ ЕРКИН БАКИТОВИЧ

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ



ТАШКЕНТ - 2022



ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ТАШКЕНТ ОБЛЫСЫ ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ

АЙДАРОВ ЕРКИН БАКИТОВИЧ

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

*Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті және бастауыш білім
мамандығына арналған оқу құралы*



ТАШКЕНТ – 2022

кты
ын
ы.
сай,
ясы
оқу

нып
лар
ми

сып
тай
ың
уда
ам,
зін
ына

рі -
ып,
ың
сқа
тык
мір
ірге

мен
бат
кше
ада
ын.
пык
іру,
ізді
оқу
сты
йді,

гия

УУК: 574(075.6)

КБК: 28.074/72

Аннотация:

«Қазақ балалар әдебиеті» пәнінің мақсаты мен міндеттеріне орай бұл оқу қолданбада балалар әдебиетінің қалыптасуы және дамуына ерекше үлес қосқан акын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығымен жакнынан таныс болады. Студенттер әдебиеттің бір саласы ретінде балалар әдебиетін оқуда әдебиеттің қазіргі кезге дейінгі дамуынан жүйелі түрде хабарлар болады. Сондай-ақ бұл пәнді оқытуда яғни XX ғасырдағы акын-жазушылардың ерен еңбегі нәтижесінде балалар әдебиетінің басқа ғылымдардан бөлініп, өзіндік арнаулы зерттеу әдісі бар дербес ғылым болып қалыптасу процесін ашуға бағытталған.

Оқу қолданба жоғары оқу орындарының 5111300 – Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі мен әдебиеті) және 5111700 – Бастауыш білім мамандығына арналған.

Пікір білдірушілер:

У.Байкабиров
аға оқытушысы.

- ТОШМПИ-дің «Өзбек тіл білімі» кафедрасының

Е.Абдувалитов

- Низами атындағы ТМПУ-дің «Қазақ тілі мен
әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, профессор

*Ўзбекистон Республикаси Олий ва ўрта махсус таълим вазирлигининг
2022 йил 17 мартдаги 406-сонли баённомасига асосан нашр қилишга рухсат
берилди.*

ISBN 978-9943-8463-5-7

КІРІСПЕ

Әрбір мемлекеттің болашағы – жастар екені даусыз. Жан-жақты жетілген, парасаты мен пайымы мол, асқақ рухты, туған елі мен Отанын сүйетін ұлтжанды әрі үйлесімді дамыған азамат тәрбиелеу – заман талабы.

Мұндай азаматты тәрбиелеуге жетудің кепілі – заман талабына сай, таным қажеттілігін қанағаттандыратын, еліміздің ұлттық идеологиясы негізіне сәйкес келетін, жоғары сапалы әрі ыңғайлы оқулықтар мен оқу қолданбаларын жарату.

Бүгінгі күнде әдебиеттің басқа жанрларының ішкі түрі тарамдалып жатқан уақытта балалар әдебиетінің тасада қалып қоюы орынсыз болар еді. Оның да басқа жанрлар сияқты өзіне тән творчестволық, ғылыми проблемалары, даму тарихы бары сөзсіз.

Қазақ балалар әдебиеті – қазақ қоғамымен бірге туып, біте қайнасып келе жатқан рухани іргелі сала. Жас балалар өздерінің алғашқы кінкентай ойындарынан бастап-ақ үлкен кісілердің істеріне еліктейді. Жас баланың ой-арманы асқақ келеді. Олар да ұшқып болып аспанда шарықтасам, суда жүзсем, түрлі машиналар ойлап шығаратын ірі конструктор болсам, мұғалім, ғалым болсам, космонавтар қатарына қосылып, солардай жер жүзін таң-тамаша етсем деп қиялданады. Қалай да тез өсіп үлкендер қатарына қосылуды, даңқты адамдардың қатарында болуды аңсайды.

Жасөспірімді дұрыс бағытқа сілтеп, сол үшін ат салысатынның бірі - балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті - жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Оның мақсаты - мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге талпынтады. Оның келешегіне жол ашады, бағыт сілтейді. Өмірге жанасымды, икемді, төзімді күрескер етеді.

«... жас ұрпақты рухани-интеллектуал дәрежесін, санасы мен дүниетанымын арттыру, отанға және халқына деген шексіз махаббат сезімін оятуда және ұрпақ тәрбиелеуде кітап оқу мәдениеті ерекше маңызға ие. Өткізілген бақылау мен талқылаулар нәтижесінде бұл салада өз шешімін табу қажет болған өзекті проблемалар бар екені айқын. Әсіресе, жастардың рухани-ағартушылық, көркемдік эстетикалық талаптарына жауап беретін кітаптарды жоғары сапалы етіп бастыру, ұлттық және әлем әдебиетінің үлгілерін аудару, сондай-ақ перзенттерімізді балауса жастан бастап кітап оқуға баулу және электронды кітап оқу дағдысын қалыптастыру, қоғамда оқу мәдениетін дамытумен байланысты маңызды мәселелердің шешімін табу өзекті болып калуда» - дейді, Президентіміз Ш.М.Мирзияев.

Бұл оқу қолданба негізінде жоғары оқу орындарының филология факультеттері мен бастауыш білім факультеттеріне арналған.

І ТАРАУ. БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Балалар әдебиеті – рухани казына

Балалар әдебиеті жайында әңгіме қозғағанда, біздің есімізге ХХ ғасырдағы орыс әдебиеті дәстүрі түседі. Қазан төңкерісі жеңіске жеткен алғашқы күндерден бастап-ақ М.Горький балалар әдебиетін дамыту жөнінде пікір айтып, практикалық шараларды жүзеге асыра бастаған. Санкт-Петербургте балалар журналын ұйымдастырған, балаларға арналған сериялық кітапхана жасау керектігін айтып, бағдар сілтеген. Ойлап қарасақ, ұлы жазушының осы іс-әрекетінде көрегендік жатады екен. Өйткені, балалар әдебиеті – жалпы әдебиеттің дамуы үшін баспалдақ болады.

ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін қазақта балалар әдебиеті деген ұғым бола қойған жоқ. Оған қарап, қазақта балаларға арналған рухани казына жасалмаған екен деп ойлауға болмайды. Қазақтың бай ауыз әдебиеті, халық әдебиеті, жыраулар поэзиясы – тұнып тұрған балалар әдебиеті. Қазақ балалар әдебиетінің түп атасы – Ыбырай Алтынсарин. Негізі ХІХ ғасырда қаланған балалар әдебиеті ХХ ғасырда С.Дөнентаев, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, Т.Жомартбаев шығармалары арқылы дамып, өрістеді. Жиырмасыншы жылдардың аяғында І.Жансүгіров, С.Мұқанов, О.Тұрманжанов секілді қаламгерлердің тікелей балалар әдебиетімен шұғылдануы, өздерімен бірге қаламдастарын тартып, көптеген мәселелерді ортаға салып, ойласып шешуі - әдебиеттің бұл саласына ерте назар салына бастағанын аңғартады.

М.Әуезовтің “Көксерек” философиялық әңгімесі, Ө.Тұрманжановтың “Құмырסקалар, аралар – қиыспас дос, құдалар” мысал-поэмасы, Б.Сокпақбаевтың “Менің атым Қожа” повесі қазақ балалар әдебиетінің табысына айналды. Қазақ акын-жазушылары аталған шығармаларымен әлемдік балалар әдебиетінің образдық галереясын жаңалады, жанрлық байлығын толықтырды дей аламыз.

С.Мұқанов, О.Тұрманжанов, С.Бегалин, С.Омаров секілді аға буын шығармаларынан ХХ ғасыр басындағы, сол жылдардағы балалар тағдырын табамыз. Бертінде Б.Сокпақбаев, С.Бақбергенев, Н.Серәлиев, О.Сәрсенбаев, М.Мағауин, М.Қаназов Отан соғысы жылдарындағы балалар өмірін бейнеледі. Әдебиетке жаңа буын келді. Олар әдебиеттегі кейіпкерді жаңалады. Әрбір жаңа буын өз өмірбаянын әкеледі әдебиетке. Демек, біз қазақ әдебиетінің жас буын шығармашылығымен таныссақ – жаңа буын өмірбаянымен табысуға, сырласуға тиісті екенбіз. Егер ол шығармалар балалар әдебиеті туындысы болса, міндет екі есе ауырлайды деген сөз. Өйткені, авторлардың бала шақта түйсінген өмір сыры, талғамы басқа, көркемөнер жөнінде байламы бөлек, ғылыми-техникалық прогресс қойнауында тіршілік кешіп отырған бүгінгі бала оқырманды шығарма ретінде сүйсіндіруі, түйсіндіруі, шарапатымен қозғауы керек қой.

Өкінішке қарай, қазақ балалар әдебиетіне деген ынта-ықылас кейін келе түрлі себептермен бәсеңдеді де, көкейкесті көп проблемаларын ортаға

салып шешу үрдісінен жаңылып қалды. Балалар әдебиетінің ендігі халі жекелеген таланттар еркінде қалған еді. Сондықтан, қазақ балалар әдебиеті әдебиетке жігерлі, білімді таланттар келген сәттерде ғана ілгерілеп, көп ретте іркілумен келді. Солай дей тұрсақ та, қазақ балалар әдебиетінің өзіндік қызықты тағдыры, сан алуан проблемалары бар. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті - орыс тіліне, орыс тілі арқылы әлем халықтары тіліне жүйелі аударылып, жұрт назарын жете аударып жатпағанымен, өз тілінде недәуір ілгеріліп өскен әдебиет.

Қазақ балалар әдебиеті – қазақ қоғамымен бірге туып, біте қайнасып келе жатқан рухани іргелі сала. Жас балалар өздерінің алғашқы кішкентай ойындарынан бастап-ақ үлкен кісілердің істеріне еліктейді. Жас баланың ой-арманы асқақ келеді. Олар да ұшқыш болып аспанда шарықтасам, суда жүзсем, түрлі машиналар ойлап шығаратын ірі конструктор болсам, мұғалім, ғалым болсам, космонавтар қатарына қосылып, солардай жер жүзін таң-тамаша етсем деп қиялданады. Қалай да тез өсіп үлкендер қатарына қосылуды, даңқты адамдардың қатарында болуды аңсайды.

Жасөспірімді дұрыс бағытқа сілтеп, сол үшін ат салысатынның бірі - балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті - жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Оның мақсаты - мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге талпынтады. Оның келешегіне жол ашады, бағыт сілтейді. Өмірге жанасымды, икемді, төзімді күрескер етеді.

Жазушы М.Пришвин қаламынан шығып, кейін қанаттанып кеткен “Балалар әдебиеті – кішкентайлардың үлкен әдебиеті” деген пікірде көп маң-мағына бар. Табиғатпен іргесін ашпай, гармониялық бірлікте қалам тербеп өткен ойшыл айтып отырған “кішкентайлар”, тереңрек ой жіберіп қарасақ, адамзат болашағы болып шығады. Ендеше, балалар әдебиеті сол болашақ, келешекті тәрбиелейтін рухани үлкен күш қой.

Жете үңіліп қарағанда, бүгінгі балалар әдебиеті уақыт талабынан кенжелеп келе жатыр. Кенжеліктің ең басты себебі балалар әдебиетінің профессионалдық талабынан, өзіндік ерекшелігінен туындайды. Соның көбісі қазіргі бала табиғатының күрделілігінен туындап отыр. Әрине, бала табиғатының күрделілігі – ұлы Л.Толстойдан бері сан рет қайталанып, айтылып, жазылып келеді. Әйтсе де, әр кезеңнің уақыт, қоғамға сай өзіндік күрделі сипаттары болған шығар-ау, ол бірақ, тап бүгінгі уақыт перзенттеріндей жұмбақ күйге айнала қоймаған. Зерттеуші Акимованың пікірімен айтсақ: “бүгінгі бала табиғатының күрделілігі сонша – ол ғылым үшін жаңа пәнге, өнер үшін бұрын-соңды болып көрмеген материалға айналып отыр”. Бұл күрделілік уақыт күрделілігінен туындайды.

Ғалымдар зерттеуіне қарағанда, әр бір он жылдықта дүниеге келген сәби, бала психологиясы бір-бірінен көп алшақ жатады екен. Қазіргі таңда Халықаралық балалар әдебиетін зерттеу қоғамы(МОИДЛ) құрылу сыры да

осында жатса керек. Міне, осындай сәтте, адамзат болашағы үшін, ұрпақ тәрбиесі үшін еңбек ететін патриот болмаса, кімнің балалар жанын зерттеп, шығарма жазуға тәуекелі бара қойсын? Оның үстіне біздің балалар әдебиетіне назардың төмендігі, бар жұпарын балаларға арнайтын таланттардың еңбегі бағалана бермейтіні де әдебиеттің бұл саласының өркендеуіне кедергі болмай тұрмайды.

Балалар әдебиеті - әрбір ұлт мәдениетінің мықтап қаланған тас іргесі, халықтың рухани ахуалын балалар әдебиетінің дамуымен өлшеу керек, балалар әдебиеті жолға қойылмай тұрып, әдебиетіміз кемелдену үстінде деп мақтанушылық – үйдің ірге тасын қаламай тұрып, шатырын жабамын деген әурешілікпен бара-бар.

Қазақ балалар әдебиеті жайындағы зерттеулер

Балалар әдебиетінің жіктелуі, салаланып дамуы, сараланып сөз бола бастауы XX ғасырдың 30-шы жылдарынан басталды. 1927 жылы “Өтірік” деген жинаққа жазған алғысөзінде І.Жансүгіров “Ел өтірігі үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады”- деп өтірік өлеңге бірінші рет анықтама береді. 1931 жылы жазған “Мен қалай жаздым?” мақаласында “Бізде балалар әдебиеті жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бір ойым осы әдебиеттің бізде жасалуына көмектесу еді” – деген. М.Әуезов “Әр жылдар ойлары”, “Ертегілер” деген еңбектерінде “Балалар әдебиетінің арғы төркіні халықтық шығармалардан туады” деп көрсетеді. С.Ерубаев “Балалар әдебиетін жасайық” деген мақаласында (1930) мектепте оқитын жүз мыңдаған оқушылардың балалар әдебиетіне шөліркеп отырғандығын айтады. Б.Бұлқышевтің Қазақстан Жазушыларының II съезі қарсаңында жазылған “Балаларға жақсы кітаптар керек” мақаласында балалар әдебиетіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатқандығы айтылады.

С.Ерубаев қазақ балалар әдебиеті жайында. Горькийдің 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында жарыққа шыққан “Тағы да сауаттылық туралы”, “Балалар әдебиеті туралы”, “Балаларға -әдебиет”, “Тақырыптар туралы”, “Балалар кітаптары мен ойындары туралы жазбалар” мақалаларында да болашақ балалар жазушыларын тәрбиелеу мәселесі басты орынға қойылды. Саттар мақаласының нысанасы да осыған саяды: “... нақтылы міндеттемелер алыңыздар, балалар көркем әдебиетін жасауда өздеріңізді жауапты деп санаңыздар. Болайын деп отырған жазушылар съезінде мәселе көтеріңіздер. Өздерінің тілегендерінен қызғылықты, түсінікті кітап, әңгіме, өлеңдер жазып беріңдер, балалар өміріне жақын келіңдер. Балалар өмірінің өзгешелігімен танысыңыздар, балалардың өз тілімен өз өмірлерінен де жазып беріңдер”. Ендеше, қандай тақырыпта жазылмасын, балалар шығармаларының басты кейіпкері баланың өзі болуға тиіс. Балалар әдебиетінің осынау басты ерекшелігін Саттар акын-жазушыларға “...балалардың өз тілімен өз өмірлерінен де жазып беріңдер” деу арқылы аңартып өтеді. Сөйтіп, С.Ерубаевтың аталған мақаласынан

балалар әдебиетін ересектер әдебиетінен дараландырып тұратын сипаттарға сол тұстағы қазақ қаламгерлерінің назарын аудармақ болған мақсатын байқағандаймыз.

Саттар хат иелері – кішкентай оқырмандар жөнінде былай дейді: “Бұл оқушылар – кітапқа, қызғылықты өмірге, күреске құмар оқушылар. Бұлардың бәрі де “қызғылықты кітап жоқ, ал болса аз” дейді” /273 б./ Бұл санамаланған қасиеттердің бала психологиясына тән екендігін және қызықты кітапқа деген зәруліктің қазақ балалар әдебиетінде әлі күнге орын алып отырғандығын ескерсек, Саттар ой-пікірі, ескертуінің сол кезең үшін ғана елеулі болып қоймай, қазір де үлкен мәнге ие екендігін айрықша атап айтамыз. “Лениншіл жас” газетінің 1934 жылғы 29 майда шыққан санында бұрынғы Әулиеата қаласының бір мектебі оқушыларының “Бізге көркем жазылған жақсы, қызық балалар кітабы мен ойын, өлең, әңгімелер керек” деген ашық хаты басылады. Саттардың жоғарыдағы “Осы уақытқа дейін біздің қазақ жазушылары балалармен сөйлесуді, өмірімен танысуды, балалардың пікірін білген емес. Бірақ қазақ пионерлері жазушылар бастамаса өздері бастады. Ендігі міндет – пионер қойған тілекті орындауда” деуі осы себепті.

Балалар хатына Ғ.Мүсірепов, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев және тағы басқа ақын-жазушылар жауап береді. Мұқтар Жанғалин екеуі бірігіп жазған орта мектептің 10 сыныбына арналған оқу құралында “...жас жазушылардың қатарынан көрнекті жазушылардың қатарына еркін қосылған талантты жазушы” атанған Ғ.Мүсіреповке де және тағы басқа қазақтың көрнекті ақын-жазушыларына да өзінің “қоғамдық борышым” деп есептеген талап-тілегін інілік ізетпен жеткізе білуін өжет жастың ерлігі деп бағалауға болады.

Б.Бұлқышевтің 30-жылдар аяғында Қазақстан жазушыларының II съезі қарсаңында “Жазушылардың ішінде балалар әдебиетіне ептеп көңіл аударған Қалмақан еді. Ол да соңғы рет балаларға өмір бойы азық қылындар деп “Тәтті қауынын” тарту етті де, соңғы уақытта балалардан ол да қол үзіп кетті” дегеніндегі өкпе-назға ұқсас сезім Саттар емеуірінімен 30-жылдардың басында жазушылардың I съезі қарсаңында-ақ “Қалмақанның колхозға жетуі” болып жеткен дей аламыз. Бұл жерде жазушыларды балалар әдебиетін жасауға шақырған Саттардың өзі жас оқырмандарға арнап арнайы шығарма жазды ма деген сауал туады. “Өз сөзіне лайық Саттар Ерубәев (1914-1937) “Терек пен гүл” дейтін әңгіме мен “Мәңгілік өмір туралы” жас ұрпақтың еліктеуіне тұратын өлмейтін де өшпейтін, әрқашан айтып жүретін жыр жазып берді” – делінген 1976 жылы жарық көрген “Қазақ кеңес балалар әдебиеті” оқу құралында. 1972 жылы өз алдына жеке суретті кітапша болып шықса да, бұл жырды балаларға тікелей арналып жазылды дей аламыз ба? Әрине, жоқ. Себебі, ересектер үшін жазылған шығармаларды да балалар оқуына ұсынуға болатынын өмірдің өзі дәлелдеді. Мәселен, Горькийдің өзі көзі тірісінде “Дауылпаз туралы жыр”, “Италия жайындағы ертегілер”, “Изергиль кемпір”, “Челкаш” және

тағы басқа көптеген шығармаларын жас жеткіншектер назарына ұсынған болатын.

Саттардың балаларға арнайы шығарма жазбауының бір кілтипаны – кішкентайлар үшін шығарма жазудың қиындығын сезінуінде және бұл жауапты іске кірісуге өзінің даяр еместігін түйсінуінде деп топшылаймыз. “Ойлап, түпкі маңызына жете түсініп алмай, кешігіп қаламыз деп шалағай жазсақ, әрине, қарқын мен сапаны бір-біріне қарсы қойған боламыз. [...] Құрылыстан қалмау үшін, құр қалмады деген атақ алам деп жылдам қосылу (бұл бәрібір қалғандық) жақсылыққа жеткізбейді, қарқынмен қабат мәселені жете түсініп, ойланып, маңызды қылып жазу керек” /1, 361 б./ Міне, осындай ойлардың иесі жас Саттардың еш дайындықсыз сыншыл да сезімтал, талғампаз қауым – балаларға шығарма жазуға міндеттеме алуы мүмкін де емес еді. Денсаулығының дімкәстігіне қарамастан “көркем шығарма жазумен қатар, әлеумет тіршілігінің бәріне араласып, пікірін айтып отырған” Саттардың көрнекті ақын-жазушы ағаларына сыпайы тілмен “балалар әдебиетін жасайық!” деуі олардың даярлығына кәміл сенгендігі деп ұққанымыз жөн.

Б.Бұлқышев балалар әдебиеті жайында. 1934 жылы Қазақстан жазушыларының бірінші съезі қарсаңында С.Ерубаев “Балалар әдебиетін жасайық” деген мақаласымен былай деп ұран тастаған еді: “Болайын деп отырған жазушылар съезінде мәселе көтеріндер. Өздерінің тілегендерінен қызғылықты, түсінікті кітап, әңгіме, өлеңдер жазып беріндер, балалар өміріне жақын келіндер. Балалар өмірінің өзгешелігімен танысыңыздар, балалардың өз тілімен өз өмірлерінен де жазып беріндер”/3, 375-б./. Баубек те Қазақстан жазушыларының II съезі қарсаңында жазылған “Балаларға жақсы кітаптар керек” мақаласында балалар әдебиетіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатқандығын айтады. Мақаладан Баубектің бала психологиясын жетік білетіндігі байқалады. Олардың әр нәрсеге әуестенгіш, әсерленгіш, жылт еткен құбылысқа ынтық көңілдерін тап басып көрсетеді. Балалар үшін үлкен тәрбие құралы – көркем әдебиет екендігін жұртшылық есіне салады. “Жазушылардың ішінде балалар әдебиетіне ептеп көңіл аударған Қалмақан еді. Ол да ең соңғы рет балаларға өмір бойы азық қылындар деп “Тәтті қауынын” тарту етті де, соңғы уақытта балалардан ол да қол үзіп кетті. Мүмкін, Қалмақан балаларға “Тәтті қауын” есейіп, ер жеткенше қорек етуге жетеді деп жүрген болар. Бірақ балалар бірнеше “Тәтті қауын” сияқты тәтті әдебиет жемістерін күтіп отыр. Қалмақанның мұнысына да рахмет. Басқа ақын-жазушылар “Тәтті қауын” түгіл балалардың әдебиет қорына бір уыс бүлдірген де қосқан жоқ” деп/1, 378-б./ жазады Б.Бұлқышев.

Баубек сынына іліккен Қ.Әбдіқадыров 1930 жылдары балаларға арнап екі кітапша шығарған болатын. Қалмақанның “Тәтті қауын” әңгімесі 1933 жылы жазылып, 1936 жылы осы атпен аталған әңгімелер жинағына енгізілді. Ал Баубектің мақаласы 1939 жылы “Октябрь балаларының” 29 мамыр, №40-шы нөмірінде жарияланды. Қалмақанның балаларға арналған

шығармаларынан қалам қабілеті қарымын таныған Баубек онын үш жыл бойы үнсіз жатқандығына қынжылады. Дегенмен басқа жазушылармен салыстырғанда оның бүлдіршінге ұсынылған дүниелері бар екендігіне шүкіршілік етеді. Демек, Баубекті қынжылтатын жайт – сыншылар сынайтын балалар әдебиетінің жоқ екендігі. “...біздің ақын-жазушыларымыз балалар әдебиетіне көңіл бөліп, балалардың тілегіне сай жақсы, қызықты шығармалар бере алмай келеді”- дейді /1, 379-б./ Баубек. Әдебиетке, әсіресе балалар әдебиетіне қатысты жоқ-барды қанағат еткен дұрыс емес. Мәуелі ағаштан жылдан-жылға мол жеміс күту – қандай заңды болса, әдебиеттен де жақсы туынды талап ету сондай табиғи, қажетті, заңды.

“Балаларға жақсы кітаптар керек” деген мақаласы Қазқстан жазушыларының II съезі қарсаңында жазылса, “Жазушылармен әңгіме” съезд өткен соң жазылды. 1939 жылы “Октябрь балалары” газетінің 12 шілде №50-ші нөмірінде жарық көрді. “...Қазақстан жазушыларының екінші съезі(1939) әдебиеттің рухани жүдеушілігі жағдайында өтті. Онда жаңа әдебиеттің табыстары сөз болмады”- дейді /2, 74-б./С.Қирабаев съезд жайында. “Октябрь балалары” газетінің ұжымы ұйымдастырған әңгімеге Қазақстан жазушылары II съезінің делегаттары мен облыстардан келген ақын-жазушылар қатысады. А.Тоқмағамбетов, Ә.Әбішев, Ж.Тілеков, С.Машаков және тағы басқалары балалар әдебиетін жандандыруға қатысты өз ұсыныстарын айтады. Сөйтіп бұл жиында “Октябрь балалары” газетінің коллективі пионерлер мен мектеп оқушыларының тілегіне сәйкес көркем тілді, терең сюжетті әңгімелер, қызық поэмалар, ертегілер, сапта жүргенде әнге қосып айтатын жақсы өлеңдер жазуды ақын-жазушыларға ұсыныс етіп қойды”. Бұның өзі Баубектің тікелей қатысуымен өткен шара, балалар әдебиетін дамытуға арналған игілікті істердің бірі еді.

Қазақ балалар әдебиетінің сараланып сөз бола бастауы XX ғасырдың 30-жылдарында басталса, Баубектің балалар әдебиеті мәселелеріне арнаған мақалалары сол тұстағы зерттеулер сапында балалар әдебиетінің даму ерекшелігінен қалың жұртшылықты хабардар етті. Сонымен Баубек ізденісі өткеннен бастау алған және өзге ел мәдениеті мен әдебиеті дәстүрінен үлгі алған сапада ғана емес, жаңашылдыққа бой алдырған сапада да жемісті болды.

Балалар әдебиеті жайында жазылған сын-мақалалар, әсіресе, Отан соғысы жылдарынан кейін кең қанат жайды. М.Ғабдуллин өзінің оқу құралында халық ауыз әдебиетінің кейбір жанрларында балалар фольклорына жататын мұралар барын атап өткен. Қазақ балалар әдебиетінің әр түрлі жанрлары жайында С.Қирабаевтың, Ә.Тәжібаевтың, А.Нұрқатовтың, С.Сейітовтың, Ә.Дербісәлинін, С.Ордалиевтің, Б.Сахариевтің, Н.Ғабдуллиннің мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды. Аталмыш салада ойлы пікір айтқан ғалымдар мен қаламгерлер қатарын кейінірек Б.Ысқаков, Қ.Мырзаәлі, Ә.Табылдиев, З.Серікқалиев, Е.Елубаев, С.Қалиев, Қ.Ергөбек, Б.Сарбалаев, Б.Ыбырайым, Ә.Бөпежанова

және т.б. құрады. 60-70 жылдар аралығында Ш.Ахметовтің қазақ кеңес балалар әдебиетін зерттеген еңбектері жарық көрді.

С.Қирабаевтың «Қазақ совет балалар әдебиетінің кейбір мәселелері», Ә.Тәжібаевтың «Жас ұрпаққа жақсы әдебиет әдебиет жасайық», А.Нұрқатовтың «Балаларға арналған шығармалар туралы», С.Сейітовтің «Ілияс Жансүгіровтің балаларға арналған шығармалары», Ә.Дербісәлинін «Қазақ балалар әдебиеті жайында бірер сөз», С.Ордалиевтің «Балалар драматургиясының кейбір мәселелері», Б.Сахариевтің «Балалар әдебиетінің тәрбиелік мәні», Н.Габдуллиннің «Орынсыз сөз ойландырар болар» деп аталатын мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды.

Ақын Қ.Мырзаәлінің «Сөз сиқыры» сын кітабы, К.Матыжанның қазақ балалар фольклоры, Б.Ыбырайымның қазақ балалар әдебиеті жайында жазған еңбегі, Қ.Ергөбек құрастырған және жазған «Мейірім шуағы», «Сөзстан», «Қазақ совет балалар әдебиеті», «Арыстар мен ағыстар» (1-том) кітаптарын айтуға болады. Бұл саладағы айтулы еңбектер санының саусакпен санарлықтай аз болуы қазақ балалар әдебиетінің зер сала зерттейтін мәселелері әлі де болса жетерлік екендігін байкатады.

Балалар әдебиеті жайында балалар ақыны Қ.Баянбай былай дейді: «Балалар әдебиеті барша әдебиеттің бастауы болуы керек. Балалар әдебиетіне қатынаспаған жазушылар жақсы дүниелер тудыруы мүмкін. Бірақ балалар әдебиетін парақтамаған жазушының бір кемшілігі сезіліп тұрады. Горькийдің балалар жазушысы өзге жазушылардан да сапалы жазуы керек дейтін сөзі бар. Шынында әдебиеттің қайнар бастауы, әрі балаларды әдебиетке әкелетін шығармалардың сапасыз болуға хақысы жоқ». «Балалар әдебиеті меніңше, барлық әдеби, мәдени ой-санамыздың қалыптасуына тұңғыш ықпал ететін бастау дер едім. Әдебиеттің бастауы фольклор десек, осы фольклордың негізі бесік жырынан басталады. Тақпақ, санамақ, өтірік өлең, ертегі, жұмбақ, жанылпаш мұның бәрі үлкен әдебиетке жол салатын балалар әдебиетіне жатады.» - дейді Е.Өтетілеуұлы.

Балалар әдебиетінің ерекшеліктері

М.Горькийдің 1928 жылдан 1936 жылға дейін жазған «Тағы да сауаттылық туралы» (1928), «Құлағына мақта тығып алған адам» (1930), «Жауапсыз адамдар туралы» (1930), «Балаларға әдебиет» (1933), «Тақырып туралы» (1933), «Ертегілер туралы» (1935) деген көптеген еңбектері ғылымға және балалар әдебиеті жайында жазылған сын мәселелеріне енгізілген ірі мұра болып табылады. Аталған мақалалар балалар әдебиетінің теориясын дамытқан еңбектер болып саналады. М.Горькийдің айтуынша балалар әдебиетінің өзіндік өзгешелігі қайсы? Баланың талғамы, ойы, ықыласы, есі, қабілеті, тілінің даму мәдениеті, олардың өсу, есею жылдарына қарай әр түрлі ерекшеліктері болады. Жазушы тіл шеберлігін игерумен қатар, алдыңғы қатардағы білімді, мәдениетті азамат болумен қатар, бала тәрбиесіндегі мақсаты мен міндетін ұмытпауы керек.

«Балалар әдебиетіне араласатын автор әр алуан жастағы оқушылардың барлық өзгешеліктерін ескеруге тиіс. Бұлай етпеген күнде оның кітабы балаға да, үлкенге де керексіз, иесі жоқ кітап болып шығады» - деп ескертеді М.Горький. Балалар әдебиетіне қойылатын критерий де осы. М.Горький балалар әдебиеті ең алдымен тәрбие құралы екенін айтқан еді. Балалар әдебиеті ғылыммен, тәрбиемен тығыз байланысты болуын талап етті. Әр қилы тақырыптарға жаза білу үшін жазушы алдымен білімді, талантты, тіл көркемдігін игерген шебер болуға тиіс. Тақырып жайында сөз ете келіп М.Горький «Телескоп, телевидение адамның көзбен көрушілігін ұзартты, микроскоп оны тереңдетті. Телефон, радио естуді күшейтті. Жер бетінде сумен, ауамен сапар шегудің қазіргі кездегі жана амалдары аяқты ұзартты. Алыста тұрып басқару қолды ұзартты» - дейді. Мұндай тақырыптарға жазу баланың ой-өрісін дамытуға себепкер болар еді. Тақырып таба білу де балалар әдебиеті үшін үлкен жаңалық.

Балалардың оқуына қажетті кітаптарға шек қою, әлі де болса, балалардың жастық шақтағы қабілеттілігін ұға білмегендік болар еді. Үлкендерге арнап жазылған жақсы шығармалардың көпшілігі балалардың түсінуі мен олардың тәрбиесіне қайшы келмесе, қайта оларға қазіргі дәуірдегі жаңа адамды тәрбиелеудің ең үздік үлгілерін көрсетіп, өмір жолын танытарлық дәрежеде болса, ол сөзсіз балалардың оқуына да кең түрде ұсыныла береді. Өмір жолын танытып, саналы түрде тәрбиеге баулитын кітаптарды үлкен кісілердің араласуынсыз-ақ балалардың өздері де біріне-бірі ұсынып, көпшіліктің оқуына айналдырып жібереді. Бұл - өмір заңы, оған қайшы келуге болмайды. Мысалы, орыс жазушыларында Отан қорғау ісіне байланысты, әсіресе Отан соғысы тақырыбына байланысты жазылған шығармалардың көпшілігі балалардың оқуына лайықталып кетіп, сонынан балалар баспаханасы арқылы шығып жатқаны белгілі. Д.Фурмановтың «Чапаев», А.Фадеевтің «Жас гвардия», М.Шолоховтың «Адамның тағдыры» атты әңгімелері - осының айқын дәлелдері. Жоғарыда аты аталған жазушылардың бәрі де осы шығармаларын о баста балаларға арнап жазбағаны белгілі.

Сол сияқты Ұлы Отан соғысы тақырыбына арнап жазылған Г.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы, С.Бакбергенің «Талғат» повесі мен М. Хакімжанованың «Мәншүк» атты поэмасы толығынан балалардың оқуына икемделіп кеткен шығармалар деп атаймыз. Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған Талғаттың, Кеңес Одағының Батырлары Қайырғалидың, Мәншүктің, Әлияның ерлік образдары, әсіресе, жас өспірімдердің жүрегінен берік орын алған, ең сүйікті кейіпкерлері екені баршаға аян. Сонымен қатар Отанға деген қаһармандықтың, табандылықтың, анаға, табиғатқа деген сүйіспеншіліктің ең жоғарғы үлгілерін көрсететін осы сияқты көптеген таңдаулы шығармалар еліміздегі әрбір балаға мәлім. «Біздің ата - бабаларымыздың билген тар дүниесі қазір жетіжылдық бітірген баланың қалтасын да толтыра алмайды», - деп

Ғ.Мүсіреповтің өзі айтқандай, қазіргі кезде баландығы байқалған бұрынғы кездегі ұсақ-түйек уағыздарға балалар қанағат тұтпайды.

Ш.Ахметов «Қазақ балалар тарихының очеркі» кітабында балалар әдебиетінің алты ерекшелігін атайды. Біріншіден, балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті әңгімеленіп отырған оқиғаның көркем образдың нақтылығын, дәлдігін, әсіресе крнектілігін, өз өмірінің айналасынан алынып отыруын қажет етеді; Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірен әсер ететін күшті де мағыналы сөздер айтылуы керек; Үшіншіден, балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу өзгешеліктері мен әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар алдымен оқиғадан оқиғаның туып отыруына, бұлардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінездерінің әр жакты болуына қызығады. Одан соң оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды; Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер зейнеттеуді ұнатады, оған сүйсіне қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері олардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түсеі. Пейзаждық сурет – эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі. Эстетикалық тәрбие көбіне ақыл тәрбиесімен тығыз байланысты болып отырады. Өйткені көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл-есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады. Эстетикалық тәрбие сондықтан да көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберелер жасаған көркем өнердің, көркем әдебиеттің аса құнды шығармаларын балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рахаттанып рухани ләззат алуын дамытады; Бесіншіден, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұн мен идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын танытуға себепкер болуға тиісті. Оларды белгілі мамандыққа үйретіп, еңбексүйгіштікке әуестендіре білуі керек; Алтыншыдан, «Сөз - әдебиеттің негізгі материалы. Біздің барлық әсерімізді, ойымызды көркем түрге келтіретін – сол. Әдебиет – сөз арқылы сұлу суреттелеген өнер» - деген М.Горький. Әсіресе, балалар әдебиетіне қойылатын талаптар да дәл осындай. Балалар әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл, әрі көркем, әрі қысқа, әрі мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әсерлі болып отыруға тиісті. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден бір құрал болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Балалар әдебиетінің қалыптасуы және дамуы
2. Қазақ балалар әдебиетінің зерттелуі жөнінде әңгімеленіздер.
3. Ш.Ахметовтің «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері» кітабында қазақ балалар әдебиетінің қандай ерекшеліктері аталып көрсетіледі?

3. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері туралы әдебиеттанушы ғалымдардың, акын-жазушы, педагогтардың ой-пікірлерін мысалға келтіріңіздер. Өз ой-тұжырымдарыңызды айтыңыздар.

4. Қ.Ергөбек «Арыстар мен ағыстар» (I-том) кітабын конспект жасау.

Балалар фольклоры(Балалар ауыз әдебиеті)

Көне мәдениетіміздің қай саласының болмасын қайнар көзі деп біз әрқашан да фольклорды танимыз. Дәстүрлі тәрбиенің де алтын тамырының сол фольклорда жатқандығы даусыз.

Бүгінде «фольклор» термині халықаралық көлемде өзінің бір кездегі «халық ауыз әдебиеті» деген ұғым шеңберін ұлғайтып, халық өнерінің музыка, қолданбалы өнер, халық ойындары сияқты салаларын толық қамтитын кең өріске ие болып отыр. Оның тәрбиелік ролін де осы кең мағынасында қарастырған жөн.

«Этнопедагогика – белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы. Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиесінің жазу мәдениетіндегі көрінісі. Ғылымда жеке бір халықтың, тайпаның этностық(түп-тұқияндық) ерекшеліктерін айқындайтын ғылыми салаларына «этнос» түбірі қолданылады(этнография, этнопсихология, этнопедагогика т.б.). Қазақ этнопедагогикасының негізгі саласы – халық педагогикасында өрнекті ұғым - әдеп. Әдеп – эстетика ғылымының «этика» деп аталатын үлкен саласының ұлттық мәдениетке тән қисынды баламасы.

Әдебиет – тәрбие құралы. Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өңдеп, өркендетіп, қалірілеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері – мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол – ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра.

Бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазактама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелер бәрі де тілді, ойды дамытып, тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын этнопедагогикалық ғаламат туындылар. Бұл – халық педагогикасының үлкен бір саласы. Жалпы педагогика ғылымының негізгі халық педагогикасында жатыр. Халық педагогикасының бұл саласын этнопедагогиканың және жалпы педагогиканың барлық салаларында ғылыми, іс-әрекеттік негізде пайдалануға болады. Ал, халықтың мақал-мәтелдері педагогикамен қатар, философиялық дәрістердің түсініктемелеріне арқау бола алады.

Халық мұрасының танымдық, тәрбиелік мәні шексіз, шектеусіз терең дүние. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған, сәбидің жан-дүниесінің қалыптасуына, рухани маркаюына негізгі ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ішінде «балалар фольклоры» деп атау қалыптасқан.

Сәбилер дүниетанымы ес біле бастағаннан-ақ екі түрлі негізге сүйенеді. Оның алғашқысы – машықтық дағды, яғни көрген-білгенін тез қағып алып үйрене қайталау. Екіншіден, бала жан дүниесі сезімге ерекше бай, әсерленгіш келеді. Бұл, әсіресе, жеткіншектік жаста ерекше көрінеді. Баланың айналасын танып білудегі бұл ерекшелігін жетінші қарасөзінде ұлы Абай да тап басып көрсетеді. Сонымен, балалар фольклоры – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, ақ пен қараның жігін айқын ажыратқан тәрбиелік маңыздылығымен бағалы.

«Балалар фольклоры» деген ұғымның ауқымы кең. Бұған ауыз әдебиеті үлгілерінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жатады. Олардың ішінде қара сөз түріндегі шығармалар да, үлкенді-кішілі түрлі мақсатпен айтылатын өлең-жырлар да бар. Бұған қоса ойынға байланысты және ертегі, аңыз-әңгімелерде жиі кездесетін ырғақты прозаның да балалар фольклорынан алатын орны ерекше. Дегенмен, ауыз әдебиеті үлгілерінің кез келгенін, мәселен, эпостық жырларды, мақал-мәтелдерді балаларға лайықты іріктеп, өңдеп жариялауға болғанымен, олардың барлығын «балалар фольклоры» деген ұғымға толығымен жатқызуға болмайады. Ауыз әдебиетінің кез келген жанрларынан балаларға үлгі боларлықтай, тәрбиелік маңызы зор шығармаларды көптеп кездестіреміз. Бірақ олар балалардың өзіне ғана арналған, болмаса балалардың өз творчествосының нәтижесінде пайда болған ауызша сөз өнерінің белгілерін сипаттай алмайды. Ал, ертегі, аңыз-әңгімелер, төрт түлік жырларының, жұмбақтардың үлкендерге де, балаларға да қатысы бар.

Балалар фольклорының жиналуы мен зерттелуі

Қазақ фольклоры алғашқы үлгілерінің жүйелі түрде жиналып зерттеле бастауы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Қазақ фольклорын жинаушылар ол кезеңде балалар фольклорына арнайы көңіл бөлген жоқ, халық мұрасының бір қыры ретінде бесік жыры, жұмбақтар, өтірік өлеңдер сияқты танымал жанрларды қағазға түсірді. Мысалы, Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында өтірік өлең үлгісі кездеседі. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында» (1879) қазақ халық әдебиетінің озық үлгілерінен балаларға лайықталған тамаша үзінділер мол. Олар жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиетінің де маңызды роль атқаратындығын жақсы түсінді.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бұл мәселе қауырт қолға алынып, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Жолдыбаев, Б.Майлин, М.Әуезов сияқты қазақ оқығандарының педагогикалық еңбектерінде заңды жалғасын тапты. М.Дулатовтың «Қирағат» атты оқу құралында (1911) фольклорлық үлгілер аса мол қамтылған. 1926 жылы шыққан «Балаларға тарту» жинағында халық поэзиясының балаларға арналған үлгілері тұңғыш рет толығырақ топтастырылды. І.Жансүгіров құрастырған «Ел өтірігі» кітабы да (1927) осы жылдардағы бағалы жинақтардың бірі болды. Бұл кезеңде қазақ балалар фольклорының үлгілері жиналып, жарық көріп қана қойған жоқ, зерттеушілер назарына да іліне бастады. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақ, жарапазан, бесік жыры сияқты терминдер алғаш ғылыми айналысқа түсіп, мағыналық жағынан тиянақталады. Ғалым ауыз әдебиетінің жанрлық түрлерінің балалар репертуарынан алатын орнына да назар аударады. Х.Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті» (1924) еңбегінде бала табиғаты мен тілінің дамуы жөніндегі мәселені анықтауға да мол сәуле түсіреді. Салмақты сілтеме ойларды М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927), С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932) кітаптарынан да кездестіреміз. Кейінгі жылдары тұрпайы социологиялық саясаттың салқынынан күнгірт тартқанымен зерттеушілер еңбектерінде әр қырынан белгілі дәрежеде көрініс тауып келеді. Бұл орайда, Х.Аргынбаев, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Н.Оршыбеков, А.Төлеубаев, Е.Сағындықов сияқты ғалымдардың халық педагогикасына қатысты еңбектерін атаған жөн.

М.Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқулығында ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлық түрлеріне сипаттама береді. Ш.Ахметов «Балалар фольклоры» терминін өз еңбегінде алғаш қолданып, түсініктеме береді. Балалар фольклорының ішкі жанрлық түрлерін өзгеше саралайды. Б.Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» монографиясында балалар өлеңдеріне жеке бөлім арнаса, «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» кітабында оның түркі тектес халықтар фольклорымен ортақ желілеріне тоқталады.

Балалар фольклорының үлкендер фольклорынан айырмашылығы

Халқымыздың балалар фольклоры жанрлық құрамы жағынан сан-салалы, соған лайықты олардың атқаратын қызметі де түрліше. Зерттеу еңбектерінде дәстүр бойынша оларды шығу, орындау ерекшеліктеріне қарай үлкендердің балаларға арнап шығарған, бірақ, негізінен, балалардың репертуарында сақталған шығармалар және балалардың өздері таратқан өлең-жырлар деп екі салаға жіктеу қалыптасқан.

Қазақ балалар фольклорын саралап жіктейтін болсақ, олардың ішінде кейбір жанрлардың үлкендерге де, балаларға да ортақ екендігін көреміз. Олар: ертегілер, жұмбақтар, өтірік өлеңдер, төрт түлік жырлары т.б.

Алайдаосы жанрларға жататын көркем шығармалардың мазмұны, түр-сипаты, ішкі табиғаты бірдей емес. Олардың ішінде балалар айтатын, өзеріне ғана лайықты өлең-жырлар бар. *Қой баласы – қоңырым, Қойдан жуас момыным, Шопан ата түлігі – Қошақаным, қайдасың? Пұшайт, пұшайт!* Төлді қалай шақыру, малдың баласын сүйі, бөбектің төрт түлікке айтқан тілегі, қой мен ешкінің айтысы, сондай-ақ шешілуі оңай, құрылысы қарапайым жұмбақтар, ұтымға жеңіл өтірік өлеңдер, бұлардың қай-қайсысы да балалар репертуарында молынан сақталған. Бұл жырларды алғашқы шығарушылары ересек адамдар болуы әбден ықтимал. Балалар фольклорын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, балдырғандарға үйретіп отыратын да негізінен үлкендер болса керек. Демек, үлкендер мен балалар творчествосының тығыз қарым-қатынаста болуы, ауыс-түйіс ортақ шығармалардың екеуінде де ұшырасуы заңды. Алайда ауызша коллективтік творчествоның ерекшелігі сонда, олар көпшіліктің талап-тілегіне лайықты ұзақ сүзгіден өгіп, өңделіп, түрлі сыннан өткен дәстүрлі қалыпқа түспейінше толық мағынасындағы фольклорлық шығарма бола алмайды.

Осы тұрғыдан келгенде балалар фольклоры да о баста кім шығарғанына, қалай пайда болғанына қарамастан балалар коллективінің өзіндік сүзгісінен өтеді. Өз ұғымдарына, түсініктеріне, тіл оралымына, іс-әрекеттеріне сәйкес емес туындылар көпшілік тарапынан қабылданбайды. Ал қабылданған жағдайда балалар творчествосының дәстүріне лайықты іс жүзінде өзгеріп, өңделеді. Оралымсыз тіркестер, ұғымға ауыр шумақтар ұмытылады.

Осы тұста бір ескеретін жағдай - балалар фольклорының кейбір үлгілерінде мазмұнға жеткілікті мән беріле бермейді. Ұйқасы оңай, ойнақы болса, әсіресе, түрлі іс-әрекеттерге айтылуы сәйкес келсе, ондай өлеңдер көбірек қолдау табады. Осындай өзгешелікті біз әсіресе ойын өлеңдерінен анық көреміз.

Балалар фольклорының тағы бір ерекшелігі, ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда коллективтік сипатының басым екендігі. Олардың дені көпшіліктің есінде жүреді. Көбін балалар жаттап алып, жиналған жерде кез-келгені жекелеп те, топталып та айта береді.

Бұған қоса балалар фольклорында поэзияның іс-әрекет, ойыннан, түрлі көне түсініктерден, ырым мен салттан, қарапайым әуендерден, жан-жануарлардың даусы мен кимылына еліктеуден қарасын үзіп толығымен ажырап кетпегендігін байқаймыз. Бұл, сөз жоқ, балалар поэзиясының көп қырлы, ертеректегі синкретті белгісін айғақтайтын құбылыс. Міне, осы айтылған өзгешеліктердің бәрі де жалпы аламзат фольклорының ерте дәуірдегі сәбилік шағына тән белгілер. Рас, балалар фольклоры түрлі тарихи дәуірлерді бастан кешірді, өзгерді, өркен жайды. Сөйте тұра ол осы айтылған дәстүрлі қалыптың аясында дамыған сияқты.

Балаларға арналған халық өлеңдері

Жалпы дамыған елдер өміріне көз жіберсек, фольклорлық жанрлардың бірінен соң бірінің балалар репертуарына біртіндеп көшіп жатқандығын байқауға болады. Мәселен, кәдімгі ертегі. Шығу тегі жағына келсек, бұл ересектер фольклорының көнеден келе жатқан күрделі де, негізгі жанрларының бірі. Бірақ ол бүгін таза балалардың сүйіктісіне айналып кетті емес пе? Бүгінгі сәбидің ойлау жүйесі бір кездегі адамзаттың балаң кезіндегі ойлау жүйесімен көп жағдайда сәйкес шығып жатады. Міне, осы тұрғыдан келгенде балалар шығармашылығы мен ересектер мұрасының арасына қазіргі кезеңде шек қоюға тырысудың өзі шартты мәселе. Бұл шарттылық шынтуайтына келгенде кез келген ғылыми зерттеудің мүддесіне байланысты бой көтереді. Сонымен зерттеушілер балалар фольклорын саралау кезінде көпжағдайда шығармалардың авторы мен орындаушыларына мән беріп, оларды “балаларға арналған үлкендер шығармалары”, “үлкендер репертуарынан балалар аузына көшкен шығармалар”, “таза балалар шығармашылығы” деп үш топқа бөліп қарастырып келеді. Бұл негізінен генетикалық(шығу тегі) принципті басшылыққа алудың нәтижесінде пайда болған саралау еді. Оның олқылығы сонда, көптеген шығармалардың шығу тегін, кімдер орындайтындығын тап басып айту қиын еді. Оның үстіне тақырып, мазмұндық, функциялық, поэтикалық құрылым жағынан келгенде бұлайша жіктеу ғылыми сараны қанағаттандыра алмайтын.

Кейінірек В.А.Василенко шығармаларды атқаратын міндетіне(функция) қарай жіктеп, “ойын әрекеттеріне байланысты шығармалар”, “ойын әрекеттерінен тыс шығармалар” деген топтау үлгісін көрсетті. Орыс балалар фольклорын көптен бері зерттеп жүрген белгілі ғалым М.Н.Мельников өзінің “Орыс балалар фольклоры” атты кітабында аталмыш мәселені зерделей келіп, балалар мұрасын “Әлпештеу поэзиясы”(пестования), “тұрмыстық(бытовой) фольклор”, “ермектік(потешный) фольклор”, “ойындық фольклор” деп төрт топқа бөлуді ұсынады.

Сол сияқты балалар фольклорын өзінше кіші әлем ретінде тұтастай бөліп алып, әдебиеттанудағы классикалық саралау үлгісімен “лирикалық, эпикалық, драмалық” деп жіктеушілер де бар. Бірқ мұнда да толық айқындалмаған, пікірталасқа қарай жетелейтін тұстар жетерлік. Тұтастай алғанда балалар фольклорын іштей топтап, жанрлық түрлерге саралауға біржолата қалыптасқан, айнымас ұстам әзірге орныға қойған жоқ. Бұл жалпы, бүлдіршіндер мұрасының өзіндік табиғатының аса күрделілігінен болса керек. Балалар фольклорын іштей саралауда назар аударып, есте ұстайтын шарттар мыналар болмақ. Оның алғашқысы - шығармаларды кім шығарып, кімдердің орындайтындығын және қалай орындайтындығы. Мәселен, бесік жырын ата-аналар балаларға айтып, олардың ұйықтауына ықпал етеді. Көптеген шығармалар балаға баулап, балалар өздері шығарып, өздері

орындайды. Осыған орай бұл шығармалар түрлі топтарға жіктелмек. Екінші ескеретін мәселе шығармалардың атқаратын қызметі. Бұл шарт балалар фольклорын іштей саралауда маңызды міндет атқарады. Мәселен, бесік жырын да, алдаркату жырын да ересектер орындайды, бірақ екі шығарманың атқаратын міндеті екі басқа. Бірі –баланы тыныштандырып, ұйықтатуды мақсат етсе, бірі алдандырып, көңілін сергітуді мұрат тұтады. Немесе, таппак пен драмалық ойындардың қай-қайсысын болмасын балалар өздері орындайды, бірақ шығармалардың міндеті әр түрлі. Сондай-ақ шығармаларды саралауда балалардың жас ерекшелігін де ескерген жөн. Мәселен, ата-аналар сәбилерге олардың табиғатына лайық шығармалар айтса, келе-келе бала әрбір жанрлық түрді жас ерекшелігіне қарай біртіндеп игереді. Төртінші ескеретін негізгі шарттың бірі - шығармалардың поэтикасы. Яғни шығарманың тақырыптық, мазмұндық, сюжеттік, композициялық құрылымы, сөз саптасы, тіл кестесі т.т. Фольклортанушы К.Ісломжанұлы осы шарттар бойынша қазақ балалар фольклорын мынандай топтарға жіктеп, ішкі жанрлық түрлерге бөледі:

1. **Әлпештеу поэзиясы**(бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдаркату жырлары).

2. **Жеткіншектер поэзиясы**(маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдері,балалар өлеңдері:*таппак, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең,мазақтама*).

3. **Ойындық фольклор**(ойын өлеңдері: *тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы*,ойынға байланысты жырлар: *ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, драмалық ойындар*).

Әлпештеу жырлары. Әлпештеу поэзиясына жатқызылатын жырларды шығарушылар да, орындаушылар да - ересектер. Ол жырлар сәбидін шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап оны бағып-қағуға арналған түрлі салт-дәстүлерді сүйемелдейді. Ата-ананың, қалың жұртшылықтың сәбиге деген сүйіспеншілігі, арман-тілегі жыр тілімен өрнектеледі.

Бесік жыры. Бесік жырларын дәстүрлі бесік жырлары және суырып салма бесік жырлары деп екі топқа бөліп қарастырған жөн. Дәстүрлі бесік жырына ұзақ жылдар бойы айтылып әбден қалыпқа түскен жырлар жатады. Бұл жырлар тікелей балаларға арналған. Жырдың негізгі мазмұны баланы ұйықтатуға тыныштандыруға, оның жарқын болашағына ақ тілек білдіруге құрылады. Суырып салма бесік жырлары адамның жеке басындағы, тұрмыстағы, тарих пен қоғамдағы түрлі оқиғалардың әсерінен туып тарап отырған. Бала тербетіп отырған адам бесік жырының дәстүрлі нұсқасын пайдалана отырып, өз ой толқынысын, күйінші-сүйінішін сыртқа шығарады. Бесік жыры көбінесе тілек айту мәніне құралады да, жыр айтушы бөбектің келешегіне сенім артып, қуанышқа бөленеді. Үміт тілек: - *Айыр қалпақ киісің, Ақырып жауға тиісің, Батыр болар ма екенсің? Бармақтарың майысып, Түрлі ою ойысып Ұста болар ма екенсің? Бата тілек(сенім арту): Ала биең құлындап, Алатауға сыймасын» Қара биең құлындап, Қара тауға сыймасын...Ақылыңмен батыл бол, ғайынмен тату бол. Бағаналы таудай*

бол, Шағалалы көлдей бол. Халық педагогикасының бұл саласы ғасырлар бойы бала тәрбиесіне өз өрнектерімен әсер етіп, қазіргі көркем әдебиет нұсқаларымен дамып келеді.

Сәбилік-ғұрып жырлары. Бөбек туганнан кейін жеті-сегіз айдан соң, әуелі еңбектеп(еңбектеудің де әр түрлісі бар) содан кейінгірек қаз-қаз тұрып, қаз басып жүре бастайды. Бала тәй-тәй басып жүре бастаған кезде, тұсау кесу рәсімі жасалып, тұсау кесу жыры айтылады. Сонымен баланың алғаш бесікке бөленуі, қыркынан шығуы, тіс жаруы, құйрық басып отыруы, тілінің шыға бастауы, қаз тұрып, тәй-тәй басуы т.б. сәттері түрлі ырым-жоралғылармен атап өтіледі. Осыларға орай тілектер айтылады. Мұндай тілек өлеңдерде халық түсінігінің түрлі көріністері, діни наным-сенімдерге байланысты салт-дәстүрлері бой көрсетеді. Солардың бірі – «Тұсау кесу» жыры баланың апыл-тапыл басқан алғашқы қадамына арналып айтылады. «Тұсау кесудің» ырғақты интонациясы мен сөзі баланың бір басып, екі басып барып жүрексініп қалатын аяқ алысына ыңғайланып жасалған. Тұсау кесу жырын балбөбекті күтушілер оның тұсауын кескенге дейін де айтып, оның тәй-тәй басып жүруіне қуаныш білдіріп, сүйеніш, жетекші іс-әрекет тәсілдерін қолданады.

Тұсау кесу жырының бұл түрі “тәй-тәй” деп аталады: *Тәй-тәй, балам, тәй балғын, Жүре қойшы жай балғын, Қарыс сүйем Қаз бастын, Қадамыңнан айналдым Тәй-тәй-тәй! Жүре зой жай! Қазақ балалар поэзиясында бірсыпыра ақындардың(Ж.Смаков, М.Әлімбаев т.б.) тұсау кесуге арналған жырлары бар. Мысалы, ақын Жақан Смаков *Тәй-тәй бас, құлама, Құласаң жылама!* деп баланы батылдыققа тәрбиелейді.*

Мәпелеу жырлары(пестушки). Мәпелеу жырлары халықтың баланы бағып-қағуға байланысты өмірлік тәжірибесінен туындаған. Сәби денесінің дұрыс жетілуіне қолайлы жағдай туғызу мақсатынан баланың аяқ-қолын созып, әр түрлі жаттығулар жасату – практикалық қажеттілік. Анасы бала құлағына жағымды сөзбен жаттығу әрекеттерін сүйемелдей өлеңдетеді. Өлеңнің ұйқасы мен ырғағы, көркемдік құрылысы дене жаттығуларын сүйемелдеуге ыңғайланған, сол әрекеттермен үндес шығып отырады. Мазмұны балаға жақсы тілектер тілеу сипатында болып келеді. Мәпелеу жырларына «Өс, өс, балам», «Сыламақ менен», «Ақ білек» және т.б. жатады.

Уату-алдаркату жырлары(потешки). Уату-алдаркату жырларының әрқайсысының(«Қуырмаш», «Бөпем менің қайда екен?», «Бір дегенім білеу...» т.б.) мазмұнынан халық тұрмысының өзіндік ерекшеліктері танылады. Уату жырларының міндеті – тынышсызданған баланы алдандырып, сергітіп, көңілін басқа жаққа аудару. Уату-алдаркату жырлары – бала көңілін аулайтын ермек қана емес, үлкен тәрбие құралы. Сондай-ақ, саусақтарды ретімен жұмып, ретімен ашу да бала ұғымын жүйелілікке тәрбиелейді.

Жеткіншектер поэзиясы. Маусымдық жырлар. Қазақ балаларының маусымдық жырларын көктем мен жаз, күз бен қыс өлеңдері деп екіге

орындайды. Осыған орай бұл шығармалар түрлі топтарға жіктелмек. Екінші ескеретін мәселе шығармалардың атқаратын қызметі. Бұл шарт балалар фольклорын іштей саралауда маңызды міндет атқарады. Мәселен, бесік жырын да, алдаркату жырын да ересектер орындайды, бірақ екі шығарманың атқаратын міндеті екі басқа. Бірі —баланы тыныштандырып, ұйықтатуды мақсат етсе, бірі алдандырып, көңілін сергітуді мұрат тұтады. Немесе, тақпақ пен драмалық ойындардың қай-қайсысын болмасын балалар өздері орындайды, бірақ шығармалардың міндеті әр түрлі. Сондай-ақ шығармаларды саралауда балалардың жас ерекшелігін де ескерген жөн. Мәселен, ата-аналар сәбилерге олардың табиғатына лайық шығармалар айтса, келе-келе бала әрбір жанрлық түрді жас ерекшелігіне қарай біртіндеп игереді. Төртінші ескеретін негізгі шарттың бірі - шығармалардың поэтикасы. Яғни шығарманың тақырыптық, мазмұндық, сюжеттік, композициялық құрылымы, сөз саптасы, тіл кестесі т.т. Фольклортанушы К.Ісләмжанұлы осы шарттар бойынша қазақ балалар фольклорын мынандай топтарға жіктеп, ішкі жанрлық түрлерге бөледі:

1. **Әлпештеу поэзиясы**(бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдаркату жырлары).

2. **Жеткіншектер поэзиясы**(маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдері,балалар өлеңдері:*тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең,мазақтама*).

3. **Ойындық фольклор**(ойын өлеңдері: *тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы*,ойынға байланысты жырлар: *ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, драматық ойындар*).

Әлпештеу жырлары. Әлпештеу поэзиясына жатқызылатын жырларды шығарушылар да, орындаушылар да - ересектер. Ол жырлар сәбидің шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап оны бағып-қағуға арналған түрлі салт-дәстүлерді сүйемелдейді. Ата-ананың, қалың жұртшылықтың сәбиге деген сүйіспеншілігі, арман-тілегі жыр тілімен өрнектеледі.

Бесік жыры. Бесік жырларын дәстүрлі бесік жырлары және суырып салма бесік жырлары деп екі топқа бөліп қарастырған жөн. Дәстүрлі бесік жырына ұзақ жылдар бойы айтылып әбден қалыпқа түскен жырлар жатады. Бұл жырлар тікелей балаларға арналған. Жырдың негізгі мазмұны баланы ұйықтатуға тыныштандыруға, оның жарқын болашағына ақ тілек білдіруге құрылады. Суырып салма бесік жырлары адамның жеке басындағы, тұрмыстағы, тарих пен қоғамдағы түрлі оқиғалардың әсерінен туып тарап отырған. Бала тербетіп отырған адам бесік жырының дәстүрлі нұсқасын пайдалана отырып, өз ой толқынысын, күйініш-сүйінішін сыртқа шығарады. Бесік жыры көбінесе тілек айту мәніне құралады да, жыр айтушы бөбектің келешегіне сенім артып, қуанышка бөленеді. Үміт тілск: - *Айыр қалпақ киісіп, Ақырып жсауға тиісіп, Батыр болар ма екенсің? Бармақтарың майысып, Түрлі ою ойысып Ұста болар ма екенсің? Бата тілек(сенім арту): Ала биең құлындап, Ала тауға сыймасын» Қара биең құлындап, Қара тауға сыймасын...Ақылыңмен батыл бол, зайыңмен тату бол. Бағаналы таудай*

бол. Шағалалы көлдей бол. Халық педагогикасының бұл саласы ғасырлар бойы бала тәрбиесіне өз орнектерімен әсер етіп, қазіргі көркем әдебиет нұсқаларымен дамып келеді.

Сәбилік-тұрып жырлары. Бөбек туғаннан кейін жеті-сегіз айдан соң, әуелі еңбектеп(еңбектеудің де әр түрлісі бар) содан кейінірек қаз-қаз тұрып, қаз басып жүре бастайды. Бала тәй-тәй басып жүре бастаған кезде, тұсау кесу рәсімі жасалып, тұсау кесу жыры айтылады. Сонымен баланың алғаш бесікке бөленуі, қыркынан шығуы, тіс жаруы, құйрық басып отыруы, тілінің шына бастауы, қаз тұрып, тәй-тәй басуы т.б. сәттері түрлі ырым-жоралғылармен атап өтіледі. Осыларға орай тілектер айтылады. Мұндай тілек өлеңдерде халық түсінігінің түрлі көріністері, діни наным-сенімдерге байланысты салт-дәстүрлері бой көрсетеді. Солардың бірі – «Тұсау кесу» жыры баланың апыл-тапыл басқан алғашқы қадамына арналып айтылады. «Тұсау кесудің» ырғақты интонациясы мен сөзі баланың бір басып, екі басып барып жүрексініп қалатын аяқ алысына ыңғайланып жасалған. Тұсау кесу жырын балбөбекті күтушілер оның тұсауын кескенге дейін де айтып, оның тәй-тәй басып жүруіне қуаныш білдіріп, сүйеніш, жетекші іс-әрекет тәсілдерін қолданады.

Тұсау кесу жырының бұл түрі «тәй-тәй» деп аталады: *Тәй-тәй, балам, тәй балғын. Жүре қойшы жай балғын, Қарыс сүйем Қаз бастын. Қадамыңнан айналдым Тәй-тәй-тәй! Жүре зой жай!* Қазақ балалар поэзиясында бірсыпыра акындардың(Ж.Смаков, М.Әлімбаев т.б.) тұсау кесуге арналған жырлары бар. Мысалы, акын Жақан Смаков *Тәй-тәй бас, құлама. Құласаң жылама!* деп баланы батылдыققа тәрбиелейді.

Мәпелеу жырлары(пестушки). Мәпелеу жырлары халықтың баланы бағып-қағуға байланысты өмірлік тәжірибесінен туындаған. Сәби денесінің дұрыс жетілуіне қолайлы жағдай туғызу мақсатынан баланың аяқ-қолын созып, әр түрлі жаттығулар жасату – практикалық қажеттілік. Анасы бала құлағына жағымды сөзбен жаттығу әрекеттерін сүйемелдей өлеңдетеді. Өлеңнің ұйқасы мен ырғағы, көркемдік құрылысы дене жаттығуларын сүйемелдеуге ыңғайланған, сол әрекеттермен үндес шығып отырады. Мазмұны балаға жақсы тілектер тілеу сипатында болып келеді. Мәпелеу жырларына «Өс, өс, балам», «Сыламақ менен», «Ақ білек» және т.б. жатады.

Уату-алдаркату жырлары(потешки). Уату-алдаркату жырларының әрқайсысының(«Қуырмаш», «Бөпем менің қайда екен?», «Бір дегенім білеу...» т.б.) мазмұнынан халық тұрмысының өзіндік ерекшеліктері танылады. Уату жырларының міндеті – тынышсызданған баланы алдандырып, сергітіп, көңілін басқа жаққа аудару. Уату-алдаркату жырлары – бала көңілін аулайтын ермек ғана емес, үлкен тәрбие құралы. Сондай-ақ, саусақтарды ретімен жұмып, ретімен ашу да бала ұғымын жүйелілікке тәрбиелейді.

Жеткіншектер поэзиясы. Маусымдық жырлар. Қазақ балаларының маусымдық жырларын көктем мен жаз, күз бен қыс өлеңдері деп екіге

бөлген жөн. Алғаш күн күркірегенде, алғаш жыл құсы келгенде, алғаш бие байлап, қымыз ашытқанда түрлі ырымдар жасалады. Міне, осындай көктем, жаз, күз, қыс құбылыстары балалар өлеңдерінен өз орнын тапқан. Көктем мен жазға арналған өлеңдер («Жыл құсын көргенде», «Самалық, самалық», «Жазда» т.б.) қуанышты көңіл-күй әуендерімен ерекшеленсе, күз бен қыс туралы өлеңдерде («Күзде», «Қыста» т.б.) сүренсіз суық күндер, ауылдың сұрқай тіршілігі басым бейпеленеді.

Арнау-тілек өлеңдері (таклички, приговорки). Арнау-тілек өлеңдерінің ішкі мазмұнына үңілсек, күнге, айға, табиғат құбылыстарына арналған жырлардан («Айға», «Күн шыққанда», «Жаңбыр жауғанда» т.б.) жалбарынудың, өтіне сұранудың нышанын байқаймыз. Ал жан-жануарларға арналған жырларда («Балыққа», «Құртқа» т.б.) өтініштен гөрі бұйыра айту сарыны басымдау.

Балалар өлеңдері (такпак, сұрамак). Жеткіншектердің күнделікті тіршілігінде жиі айтылып, кең таралған өлеңдер тобын шартты түрде балалар өлеңдері деп жеке топтауға болады.

Такпак («Торғай», «Қарға», «Сауысқан» т.б.) — шағын көлемді шығарма. Такпакта дыбыстық үйлесімдер жарасымы анық байқалады. Мазмұны балалардың таным-түсінігіне, күнделікті тірлігіне етене жақын болып келеді.

Сұрамак («Қарға, қарға, қарғалар», «Ауылың қайда?», «Бақа» т.б.) диалогқа құрылып, екі баланың кезектесіп айтуына ыңғайлы болып келеді. Өлең құрылысы да ойнақы, жеңіл, шымыр ұйқасқа құрылады. Айтыс түрінде келетін өзгеше қызық формасы да («Қой мен ешкінің айтысы») бар.

Қызықтама (прибаутки). Қызықтамалардың («Түлкі, түлкі, түлкішек», «Түйе, түйе, түйелер» т.б.) ең басты ерекшелігі, өлеңдік баяндауға құрылатындығы. Олардың сюжеті үнемі тізбекті болып келеді. Бұл өлеңдерді балалар ынталана тындап, тамашалап қана қоймай, оның астарындағы юморды да түсіне білуі шарт.

Мазактама (дразнилки). 6-12 жас аралығындағы балалар бір-біріне ат қойып, айдар тағуға, кез-келген жағдайда бір-бірін келемеждеуге ыңғай тұрады. Және ол келемеждерін көбінесе өлең жолдары арқылы білдіреді. Балалар мазактамаларын мазмұны, тақырып объектісі жағынан балалар атына ұйқастырылған (рифмованные прозвища) мазактамалар және бала бойындағы, мінезі мен әрекетіндегі түрлі кемшіліктерді күлкі етуге арналған сайқымазақ мазактамалар деп екі жікке бөлуге болады. Мазактаманың негізгі мақсаты — баланың мінін көрсетіп, сынау, оны тәрбиелеу. Ал балалардың бірін-бірі мазактауы кезінде орыссыз пайдаланып, бір-бірінің арына тиіп, ызаландырып жасытуы мүмкін. Ондайда оларға үлкендік, салиқалық кеңес керек.

Ойынға байланысты жырлар. Балалар ойынының поэзиялық өрнегіне, фольклорлық мән-мағынасына тоқталатын болсақ, екі үлкен жікке бөліп саралауға болатын тәрізді. Оның алғашқы тобына балалардың қимыл-қозғалыс ойындарына, ойынның басталуына, жүргізілуіне, аяқталуына

байланысты айтылатын, яғни, ойынға байланысты өлеңдер, екінші жікке өлең-ойындар жатады. Екінші жағдайда балалар өлең сөзін ойынға айналдырады, сол арқылы тапқырлық, ұтқырлық сияқты ой жарысына түседі. Әрекетке құрылған рольді ойындардың(ролевые игры) құрылысында өлең сөз ерекше белсенді қызмет атқарады. Ойынға байланысты келетін өлеңдердің әрқайсысының өзіне тәуелді функциясы, соған орай мазмұны мен өзіндік ерекшеліктері бар. Осы сипаттарына қарай бұл өлеңдерді фольклоршылар мынадай ішкі жанрлық түрлерге жіктеп жүр: Ойынға шақыру өлеңдері. Қаламақ. Санамақ. Драмалық ойындар.

Ойынға шақыру(голосьянки). Ойынқұмар ауыл балалары өз серіктерін іздеп бірін-бірі ойынға шақырады. Балалар көп жағдайда бір-бірін өлеңмен де шақырады. Ол өлеңдерді балалар жеке-жеке де, хормен де дауыстап айта береді. Өлеңнің мазмұны көбіне баланы ызаландырып, шамына тиіп қалайда ойынға шығаруды көздейді(«Айдағаным торпақ, ала тайым жортак. Кім ойынға шықпаса, қоян жүрек қорқаю», «Әуеле ұшқан алты қаз, атайын десем оғым аз. Егер ойынға келмесе, пәленшенің басы таз», «Сәуле бізбен дос, қолы күнде бос. Добын ала шығады, дарбазасын жаба шығады»).

Қаламақ(жеребьевки). Балалар ойынының басталуында да өлеңнің атқарар рөлі зор. Көпшілік ойындардың ойнау шарты бойынша балаларға екі топқа бөлінуге тура келеді. Мұндай жағдайда балалар әр түрлі тәсілдер қолданады. Осындай тәсілдің бірі – қаламақ арқылы жіктелу. Ойын алдында балалар екі жетекші сайлайды, содан соң екі-екіден жұптасып, өздеріне жасырын ат қояды. Сол жасырын ат бойынша екі жетекшіден кезек-кезек қалауын сұрайды. Мысалы, «аспандағы жұлдыз керек пе, судағы құндыз керек пе?» деп сұрайды. Жетекшінің бір «судағы құндыз» немесе «аспандағы жұлдыз» дейді. «Құндыз бала» немесе «жұлдыз бала» сол жаққа шығады. Осылайша олар екі топқа бөлінеді.

Санамақтар(считалки). Санамақтар балалар ойындарын бастауда басты рөл атқарады. Бұл жанрдың тәлімдік мәні өте зор. Ең алдымен ұйқасты өлеңдер баланың поэзияға құмарлығын арттырып, әдемі сөйлеуге дағдыландырады. Жаттау қабілеттерін, танымдық ой-өрісін дамытады. Санамақ тәртібін бұзбай айту баланы сергектікке, байқампаздыққа, турашылдыққа баулиды. Санамақтар көп жағдайда «сен тұр, сен шық», «сен кір, сен шық» деген тәртізді белгілі тіркестермен аяқталады.

Драмалық (рольді) ойындар. Ойын(«Айгөлек», «Ақсүйек», «Ақ серек, көк серек», «Үй артында қол ағаш», «Соқыр теке», «Асау мәстеу» т.б.) өлеңдерінің шартты белгісі – олардың орындалуының ойындық шартты әрекеттермен міндетті түрде қабысып келуінде.

Өлең ойындар(песни-игры). Бұл топтағы жырлардың кимыл-қозғалыс ойындарымен байланысы жоқ. Ойын сөзге, өлеңге негізделіп құрылады. Балалар диалог арқылы сөз қактығысына, ой жарысына түседі. Сөзбен ойнай жүріп тілдерін сындырып, қиялдарын ұштайды, білім-біліктерін байытады, түрлі дағдылар қалыптастырылады. Өлеңді сөз бен ойды ермек

стуге негізделген бұл өлең-ойындардың құрамына мынадай жанрлық түрлерді топтастыруға болады: тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақтар, балалар айтысы.

Тәжікелесу(поддевки). Тәжікелесу – балалардың күнделікті тірлігінде кең тараған ермек өлеңдердің бір түрі. Олардың көлемі әр түрлі, көбінесе, ұйкастырылған такпақ түрінде келеді. Мазмұнында балалардың бір-бірін келекелеп, қағытқан әзілі жатады. Тәжікелесулердің жасанды диалогқа негізделген тәжікелесулер («-қасық деші – қасық – аузың сасық, -жәшік деші –жәшік –сенің әкең піркәшік» т.б.), табиғи диалогқа негізделген тәжікелесулер («-немене – тегене -төмен қарай дөнгеле», «-мынау қандай ағаш? –қайың –сыбаған дайын» т.б.), тәжіке-жұмбақтар («-белі бүкір алысқа түкір –мылтық –аузына жүн тық, -даусы тырау-тырау, денесі қырау-сұрау – тырна –бас салып тырна»), тәжіке-сауалдар(-ақ па, қара ма? -ақ –бетіңе батпақ жақ –қара-басыңа шықсын жара –ат па, айғыр ма? Ат – арам қат – айғыр – міне алмай қайғыр), алдамшы тәжікелесулер(-ананы карашы – қараттым, қараттым, қарғаның саңғырығын жалаттым, -алдадым, алдадым, қара суды жалдадым) деген түрлері бар. Тәжікелесудің сөздің мағынасын бұра сөйлеуге құрылған дәстүрлі формалары да бар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Балалар фольклорының өзіне тән ерекшеліктерін атаныздар.
2. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштардың баланың ақыл-ойын жетілдірудегі қызметін түсіндіріңіздер.
3. Балаларға арналған халық ертегілерінің құрылымдық ерекшеліктерін түсіндіріңіздер.
4. Ертегілер мен аңыз-әңгімелерді тәлім-әрбиелік және әлеуметтік мәнін аша отырып талдаңыздар.
5. «Қобланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері туралы айтыңыздар.
6. Батырлар жырының өлең құрылысын балаларға арналған халық өлеңдерімен салыстырыңыздар.
7. Батырлар жырындағы әйелдер бейнесіне тән ортақ қасиеттерді даралаңыздар, өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы пікір білдіріңіздер.
8. Балалар фольклорының жиналуы мен зерттелуін әңгімеленіңіздер.
9. Балаларға арналған халық өлеңдерін(бесік жыры, санамақ, мазактама, такпақ, сұрамақ, қызықтама т.б.) жаттаңыздар.

II ТАРАУ. ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ - БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ҚҰРАЛЫ

Мақал-мәтелдер

Қазақ мақал-мәтелдері - ерте дәуірден қалыптасып, ауызекі сөйлеу тілімізде дамып келе жатқан жанр. Мақал мен мәтел - халықтың еңбек және әлеуметтік өмір тәжірибесінен алынған білімнің жиынтығы. Мақалдар аз сөзге көп мағына сіңірген, тәрбиелік жағынан өсиет, ереже, этикалық, моральдық нормалар іспеттес. Көне дәуір ескерткіштеріндегі Қорқыт мұраларынан, М.Қашғаридің «Дивани лұғата-ат түрік», «Кодекс Куманикусте» қазіргі қазақ мақалдары жиі ұшырасады. Қазақ мақал-мәтелдері XIX ғасырдың 70 жылдарынан бастап, баспа жүзінде жарық көре бастаған. Бұл істе орыс ғалымдары: В.В.Радлов, М.Терентьев, А.В.Васильев, Н.Н.Пантусов, В.Катаринский, Ә.Диваев, М.Ж.Көпеев т.б. елеулі жұмыстар жүргізді. Қазақтың мақал-мәтелдері бұдан кейін 1935, 1951, 1957 жылдары бірнеше рет жинақ болып жарық көрді.

Мақалдың мәтелден айырмашылығы. Мақал мен мәтел құрылысы, түрі, сөз қолданысы жағынан бір-біріне жақын және ұқсас келеді. Бірақ оғара айырмашылығы да бар. Басты айырмашылық - бұлардың мазмұнында. Қай мақалды алсақ та, оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады. Мақал соларға берілген даналық қорытынды, тұжырымды түйін болып отырады. Мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей жүріп отырады. Мақалдың тағы бір ерекшелігі - оның құрылысында. Мақалдар, көбінесе, сөйлем түрінде келеді («Тіл - қылыштан өткір», «Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады»). Мәтелде мақалда кездесетін мазмұнды оқиғалы әңгімелер жоқ деуге болады. Мәтел айтайын деген ойын тұрасынан білдірмей, жанама түрде әр түрлі салыстыру, теңеу арқылы жеткізеді. Кейбір сөздерін тыңдаушының өзі аңғарып түсінер деген оймен әдейі қалдырып кетеді («Көппен көрген ұлы той», «Құрыққа сырық жалғап», «Тілге тиек жасап», «Ханнан қазық, биден тоқпаю» т.б.). Бұл мәтелдің өзіне ғана ерекшелігінің бір болып табылады. Мәтелдер, көбінесе, сөз айшығы, көркем теңеу, сөз образы ретінде қолданылады. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады.

«Мақалдар - нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Мақалдар, көбінесе өлендік өрнекпен, сабырлы, санмақты ырғақпен айтылады, қара сөзбен, яғни шешендікпен айтылатын мақалдар да бар. Мақал, негізінен, екі бөлімнен (көбінесе екі тармақтан) құралады. Бірінші бөлімде лайымдау (айтатын ойдың түп негізі), екінші бөлімде ой қорытындысы айтылады. (Еңбек етсе, емесін). Тура мағынада (Еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей), ауыспалы мағынада (От жақпаған үй - қорамен тең, адам кірмеген үй моламен тең) қолданылатын мақалдарды, көбінесе, халық шығарған. Жыраулар мен акындар, ел

басылары мен батырлар, зиялы адамдар шығарған(авторы белгілі) макалдар мен мәтелдер де өте көп.

Мәтелдер, негізінен, тұжырым тұспалы өленде сынар тармақты, кара сөзде нұсқалы сөз ретінде айтылады. «Өлең – сөздің патшасы», «Қызым, сған айтам, келінім, сен тыңда» т.б. Мәтелдер де тура мағынада «Қалірінді білгенге жұмса» деп және ауыспалы мағынада «Тікен гүлін қорғайды» деп айтылады.» (Ә.Табылдиев. Қазақ этнопедагогикасы.Оқу құралы. А.Санат. 2001.17-6). Сонымен мақал - тура, нақтылы іске жасалған сөз түйіні («Өнер алды – қызыл тіл», «Еңбек түбі – мереке», «Еңбегіне қарай өнбегі», «Ат- ер канаты» т.б.) Ал мәтел көбіне ойды тұспалдап ишарлай, топшылау арқылы жеткізеді («Соқыр тауыққа бәрі бидай», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда», «Шабан үйрек бірінші ұшар», т.б.).

Мақал-мәтелдің тақырыптары. Мақал-мәтелдер мағынасы терең, сөзі ықшам да көркем, есте сақтауға жеңіл болатындықтан бала тәрбиелеу ісінде үлкен орын алады. Бала өсіруде, тәрбиелеуде халық өзінде бар барлық асыл соз, даналық ойларын балаларға да арнады. Өз өмірінің гасырлық тәжірибесінен алынған асыл ойларын мақал-мәтел етіп, үлгі-өнеге ретінде өмірінің жалғасы болатын баласына, немересіне қалдырып отырған. Мақал-мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар оларды бейнелі сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын дамытады. «Қазақтың мақал-мәтелдерінің көбірек қамтитын тақырыптары: елдік, ынтымақ, бірлік туралы мақал-мәтелдер.

Елдік туралы мақал-мәтелдер:*Туған жерге туыңды тік. Ит ттойған жеріне, ер туған жеріне. Өз елім - өлең төсегім. Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол. Отан – отпан да ыстық.*

Батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдер:*Өжет адам өлімді жеңеді. Ер бір өледі, қорқақ мың өледі. Қару күшті емес, қару ұстаған күшті. Белдескеннің белін сындыр, тірескеннің тізесін бүктірі. Қара бет болып қашқаннан қайрат көрсетіп өлген артық.*

Өнер-білім турлы мақал-мәтелдер:*Өнерлі өрге жүзеді. Өнерді үйрен де, жирен. Ата көрген оқ жсонар, Ана көрген тон пішер. Өнерліге өлім жоқ. Білекті бірді жығар, Білімді мыңды жығар.*

Төрт түлікке байланысты мақал-мәтелдер:

Қойдың сүті – қозғасын, Қойды соққан оңбасын. Мал өсірсең қой өсір, Өгімі оның көл-гөсір. Есі кеткен ешкі жсиар, Ешкісімен есін жсиар. Нар жсолында жүк қалмас. Екі аяқтыда бажса тату, Төрт аяқтыда бота тату. Ат ерінді келер, Ер мұрынды келер. Айғырды неден салсаң, Атты содан мінерсің. Спыр сипағанды білмейді, жсаман сылағанды білмейді.

Егіншілікке байланысты мақал-мәтелдер:

Жері байдың – елі бай. Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен. Екпей егін шықпас, үйренбей білім жүқпас. Егін ексең тыңға, шықтым дей бер шыңға.

Адамгершілікке байланысты мақал-мәтелдер:*Жақсының жаттығы жоқ. Жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ. Жаман болса туысың туыспай-*

ақ құрысын. Төсектің тарлығы – тарлық, көңілдің тарлығы – қорлық. Әлсіз ат сүріншек, ақылсыз адам еріншек. Тәні сұлу – сұлу емес, жаны сұлу – сұлу. Адам болар баланың кісіменен ісі бар, Адам болмас баланың кісіменен несі бар.» Өнер-білім, оқу, ғылым жайын сөз қылғанда халық бұлардың адам баласына тигізетін пайдасы көп екендігін көрсетуден бастайды. «Оқыған озады, оқымаған тозады», «Білек сүріндіре алмағанды білім сүріндіреді», «Өнерліге өлім жоқ», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Өнерлінің өрісі ұзақ» деп халық өнер-білімді, оқу-ғылымды аса жоғары бағалайды. Білім алу жолының оңай еместігін «Оқу- инемен құдық қанғандай» деп түсіндіреді.

Тәрбие жайында. «Отбасында ата-аналар бала тәрбиесіне лайықтап іс- әрекет, пікірлесу, пікірсайыс кезінде өнеге көрсетіп, өсиет айтып: ана тілін алмасан, арың кетеді; әке – тірегін, ана – жүрегін; бірінші байлық – денсаулық; сабыр түбі – сары алтын; еріншектің ертеңі таусылмайды; көзін ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, асыңды тый; іс істесең, ретін тап; ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар; бір үйдегі бәрін де бір-біріне меймансың; ас ішсең аяғыңды жина; ашу – дұшпан, ақыл – дос; ерте тұрған әйелдің бір ісі бар, ерте тұрған еркектің ырысы бар; әке тұрғана бала сөйлегеннен без; әдептілік - әдемілік; қыз қылығымен жағады; бала - жақсы болса, бала, жаман болса – пәле т.б. макалдарды жиі айтады. Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан оған айтатын ақыл-насихат, өнеге-өсиет әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болу керек. Сол мәнді сөздер – макалдар мен мәтелдерді орынды пайдаланған ата-ана ой қозғап, ақылға қонымды сөздер айту арқылы баланы тәрбиелейді және санасын арттырады. «Ұяда немі көрсең, ұшқанда соны ілерсең» дегендей баланы ана тілін ардақтауға үйретіп, ой қисындарын сөз жүйесіне келтіре алу қабілетін дамыту үшін ата-ананың мақалдап сөйлеуінің мәні зор.

Мақалдың да макалы бар, кейбір ескірген, қазіргі өмірге қолдануға қолайсыз, тіпті теріс тәрбиелейтін мақал-мәтелдерді пайдаланудан сақ болу керек. Ұлы Абай «жиырма тоғызыншы» сөзінде «Жарлы болсаң арлы болма», «Атың шықпаса, жер өрте, «Ата-анадан мал тәтті» т.б. зиянды мақал-мәтелдердің «құдайшылыққа, не адамшылыққа» жарамайтынын айтады». «Жорғаның тері кетпес, еркенің көз жасы кеппес», «Есер баладан ерке бала жаман» деп баланы жас кезінен ерке, шолжың етпей өсіруді жеткізеді. Балаға баласынып қарамау керектігін де әрқашан еске салады. «Балаңа байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, байқамай сөйлеген көп ішінде өнер» деп баланың қалай өсуі алдымен ата-анаға байланысты екенін құптайды.

Жолдастық жайында. Жас жеткіншектерді мейірімді, кішіпейіл болуға, берілген уәде, айтқан серттен айнамайтын адал дос, жақсы жолдас болуға үйретеді. «Ат жаманы жолда қалдырар, жолдас жаманы қолда қалдырар» деп жаман адамның соншалық опасыз болатынын білдіреді.

Еңбек туралы. Халық баланы еңбек процесімен таныстыруды көздейді. «Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес» деп

кай нәрсені болса да еңбексіз қолға түспейтінін сендіре айтады. «Еңбегі бардың еңбегі бар», «Еңбек түбі - мереке» деп халық адал еңбекті ардақтайды. «Еңбек түбі - зейнет» деп оның арты бақытқа, дәулетке, абырой-атаққа жетуге бастайтынын көрсетеді. «Еңбек етсең, емерсін», «Әлін бар да, еңбек ет, еңкейгенде - емерсін» деп оның қызығы мен рахаты алда екенін де ескертеді. Мақал-мәтелдер акындардың өлең жолдары арқылы да таралуда. Қазақ мақал-мәтелдерінің пайда болуын түсіндіретін ертегі, аңыз, әңгімелер де («Күшік пен мысық», «Аяз би», «Жан-жануарлардың жылға таласуы» т.б) бар. Бұлар «Сөздің – көркі мақал» екендігін айғақтайды.

Жұмбақтар

Қазақ фольклорының бір саласын – жұмбақтар құрайды. Оның көне жазба үлгілерін қыпшақ тілінің ескерткіші(XIV) «Кодекс куманикус», М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрк» сияқты кітаптарынан кездестіреміз. XIX ғасырдың екінші жартысында П.М.Мелиоранский, Ә.Диваев, М.Иванов, А.Алекторов, М.Иванов, А.Лютш қазақ жұмбақтары мен жұмбақ айтыстарын сол кездегі газет-журналдар бетіне шығарып отырған. Жұмбақтардың қыр-сыры М.Әуезов, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин еңбектерінде кеңінен сөз болады. Қазақ жұмбақтарының толық жинағы 1959 жылы ғана жарық көрді.

Қазақ жұмбақтарын мазмұны жағынан бірнеше үлкен тақырыптарға бөлуге болады: жаратылыс(Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды «күн»), адам(күндіз шайқасады, түнде айқасады «кірпік»), жасанды зат(шыркөбелек айналар, беліне жіп байланар «ұршық»), білім жайында(ұзын, ұзын, ұзын жол, ұшына жеткен бар ма екен, түбі терең кара су, түбіне жеткен бар ма екен, түбіне жетіп бұл судың, қанып ішкен бар ма екен? «оқу») және т.б. Бұл жұмбақтардың бәрі бір затты бір затқа ұйкастырып көркем сурет береді. Жұмбақ мереке, сауық үстінде айтылып қана қоймай, ой шығармасы түрінде де айтылады. Айталық, бір кезде даналықты, кеменгерлікті жұмбақпен сынау әр жұрттың салтында болған. Оның ішінде шешен, дана болатын жігітті сынау - елдің ескі әдеттерінің бірі. Күйеу таңдаған ару қыздар да жігіттерді жұмбақ арқылы сынаған. «Кейде бүкіл бір ертек жұмбақтан тұрады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады» деп жазады М.Әуезов. «Оларды(жұмбақтарды) адам баласының ой-өрісі, дүниетанымы, білім көлемі ұлғая беруіне көмектесетін, тапқырлыққа, білмегенді білуге, ізденуге ой салатын, соған ұмтылдыратын білімдік, тәрбиелік мәні бар халық шығармасы деп қараймыз» - деп түйеді ойын М.Ғабдуллин.

Жұмбақ – ойын өлеңдердің ерекше формасы. Қай елдің халық шығармашылығында болмасын жұмбақ негізінен балалар еншісіндегі ең сүйікті жанр болып саналады. Жұмбақтың балаларды қызықтырғыш қызметі – ең алдымен олардың білуге, үйренуге деген ынтасын

сияқаттандыруында. Ол баланы байқағыштыққа, көңіл зеректігіне, көп есептердің ішінен ең мәндісін ажырата білерлік талғампаздыққа да үйретеді. Жұмбақ өз ойын жинақтап, аз сөзбен жеткізе білуге де тәрбиелейді.

Жұмбақ жанрының ішінде философиялық дүниетанымды жұмбақтаған бала түсінігіне өте ауыр күрделілері де бар. Балалардың жұмбақты қарапайымнан, жеңіл-желпіден бастап, күрделіге қарай бірте-бірте игеретіні анық. Бала есейген сайын оның айналаны тануы мен өмірлік көзқарасының да жетіліп отыратыны сияқты олар жаттайтын жұмбақтардың ішкі құрылымы мен шешімі де күрделене береді. Жұмбақтың өлең аранымдары мен айшықты сөз қолданыстары арқылы балаларға берер эстетикалық нәрі аз емес.

«Нақты бір зат туралы тұспалдап, ұқсатып, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімдік ұғымдар мен түсініктерді ой-қиял арқылы өткізіп, тұжырым жасап, шешімге келуде ташқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін халық ертеден-ақ жұмбақтардың атауы түрлерін шығарған. Ертедегі жұмбақтар *Апаң, апаң – Ескі шапан, Нір ермек, Жарық жұлдыз(Түйе)* сияқты, көбінесе мал шаруашылығына байланысты және *Сүмбіл теректі, Жасыл желекті, Ерден қалмайды, Жауға еректеңі(Найза)* сияқты қару-жарақ, құрал-саймандар туралы болған.» Дегенмен, «ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды(шегіртке)» тәрізді кілең бейнелі өлеңге негізделіп құрылған тамаша жұмбақты бүгінгі балалар ұғына бермейді. Өйткені олар көз алдына арқардың мүйізін, бөрінің кеудесін де, бөкеннің санын да елестете алмайды. Оның есесіне балалар репертуарында «шыр-шыр етеді, құлағыннан өтеді, ұстай алсаң, сойлеп етеңі(телефон)» деген сияқты жаңа жұмбақтар көп.

«Замап өзгерген сайын халық педагогикасы жаңа мазмұнды жұмбақтармен толыса берді. 19-20 ғасырларда бу машиналары, электротехника, радио, телеграф, самолет, ракета, космос кемеірі т.б. техникалық, мәдени прогрестерге байланысты жұмбақтар туды. *Жолы темір, Жолы темір Шымыр атты Зымыраттым.(Трамвай) Көкіл айна үндесті, Кірседі киноны(Теледидар)»*. Балалар өздері де жұмбақ құрастырады. «Жұмбақтардың дүниетанымдық, ой дамытарлық мәнімен біатар, тәрбиелік мәні де ерекше. Өйткені жұмбақ айтысу, жұмбақтарды жаттау кезінде тәрбиеленуші өзінің білім дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, ынта-жігері артады, жауапкершілікке бейімділіп, өнерге талпынушылығы артады».

Жаңылтпаш

Жаңылтпаш – балалардың тез де, жаңылыссыз сөйлеуіне, дыбыстарды анық айтуына дағдыландыратын өлең-ойын. Оның ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтысуында жатыр. Жаңылтпаштың бала тілін жаттықтыруға байланысты қызметі – оның басты

қызметі. Бұл орайда, жаңылтпаштың тілге ауыр оралатын дыбыстардан құрылатынын ескерген жөн. Әсіресе «Ара, ара, аралар, орманның бойын аралар, гүлдерден сорып бал алар, алысқа ұшып бара алар, бал тәтті ғой, балалар» деп келетін «Р» дыбысына жаттығуға арналған жаңылтпаштар өте көп.

Жаңылтпаш бойында сөз ойнатып, балаларды қызықтыра тартатын эмоциялық реңк, қисынды ұйқас бар («Шілікті шаптым, жілікті астым, шілікті жактым, жілікті шактым»). Бала сөзді тез айтуды ғана емес, логикалық қисынды бұзып алмауды да жадында сақтайды. «Халық педагогикасының бұл саласын қазақ ақындары дамыта түсті. Олардың бір ерекшеліктері, ол жаңылтпаштар көбінесе әрі тіл ширату, әрі дүние таныту, әрі білім беру, тәрбиелеу. Мысалы: *Тілағғыш Бек – Тіл алғыш, - деп Мақтасақ біз Біл алғыс деп, -* білімділікке тәрбиелеп, бүлдіршінге сүйіспеншілік білдірсе, *Бөдене бедеде көбелек көдеде Бедені – беде де, Көдені – көде де* деген жаңылтпаш арқылы әрі «б», «к», «д» дыбыстарын айқын айтуға жаттықтырса, әрі «бөдене», «беде», «көбелек», «көде» деген сөздердің мағынасын жақсы ұғындыруды мақсат тұтады. *Кеспе, өссін ал, Өссе өсімтал, Өссе өссін тал Кеспе, өссін тал, -* деген жаңылтпаш баланы табиғатты қорғуға тәрбиелейді, әрі *с, т* дыбыстарын айқын айтуға жаттықтырып, баланың тілін ширатады. Жаңылтпаштың ең басты қызметі - тіл үйрету. Жаңылтпаштың айтылуындағы тағы бір ерекшелік, дыбыс қайталаулар. Өтірік өлең жаңылтпаштарын мысалға келтірейік:

Қарға қанша екен, қанша екен?

Қанша екен?

Құзғын - қыры тиын! Қырық тиын!

Қырық тиын! Саусқан - шық қымбат екен!...

Шық қымбат екен!...

Немесе

Алты ана қасқыр, Алты бала қасқыр.

Он кісі жиналып бір тырнаны жеген екен.

Ол тырнадан бір жілік қалған екен.

Ол жілікті кішкене дейін десе,

Алты қанат ақ ордаға тіреу екен.

Ол ақ орданы кішкене дейін десем,

Алты ақ нарға, алты қара нарға жүк екен.

Демек, жаңылтпаш жанрын айрықша байытқан өтірік өлеңдер болып табылады.

Өтірік өлеңдер

«Өтірік өлеңдер де қазақтың халық шығармаларында ертеден орын алған жанр. Мұның түп нұсқасы әзіл-оспаққа, өткір сынға құрлады. Сонымен қатар мұндақияннан қиыстырылған тапқырлық, ойдың өткірлігі мен логиканың күштілігі сарапқа түседі. Әсіресе, балалардың ақыл-өрісін

сөзететін фантазиялық қиял пырағы кең шарықтауға дейін мүмкіндік берет. Сөзеткен тақырыптардың бәрінде де адам күлерлік, бой серіктерлік әдемі жарастықты әзіл-оспақтардың болуымен катарр., өмір танытарлық құбылыстар да қамтылып отырады»(Ш.Ахметов.362-бет.)

І Жансүгіров былай деген болатын: «Ел өтірігі - үлкендерден гөрібалалардікі, балалар әдебиетіне жатады». Көлемі шағын өтірік өлеңдер ең алдымен ойын балалары арасында туган. Өтірік өлеңдердің құрылысы қарапайым келеді, ұзын сонар сюжет болмайды. Көбінесе қара өлең үлгісіндегі қысқа шумақтардан тұрады. Мысалы:

Мінін алып құртқа,
Ормеледім бұлтқа.
Алып келдім Айды,
Көрсеттім көп жұртқа.

Өтірік өлең бала қиялын ұштайды, ұтқырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді. Өтірік өлеңнің көлемінің үлкен-кішілігіне қарамастан олардың негізінде іс-әрекет, белгілі сюжет болады. Сюжеттік желіге арқау болған түпкілі әрекеттер бала жанын баурап отырады. Және ол іс-әрекеттер шектен тыс әсірелене(гипербола) немес шектен тыс кемітілген(литота) көркемдік тәсілдермен шендестіріле сипатталады.

«Өтірік өлеңдерді дарынды ақындар қиыннан қиыстырып, қиялмен өсірілендіріп, қызықты қисындарға құрып шығарған. Өзгеше әсерлік өтірік өлеңдерді халық ықылас қоя жаттап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізді. Авторы белгісіз болғанмен халық аузынан жиналған өтірік өлеңдердің көркемдігі биік, мағынасы терең. Өтірік өлеңде әсірелеу-бейнелеу, шендестіру, салыстыру тәсілдері арқылы көркем бейнелер жасалынады, өлеңнің желісі түпкілі сюжеттерге, үдеген фантастикаға(қиял-ғажайыптарға) құрылады.

Мысалы:

Жасадым жұмыртқадан алтын табак,
Сүңгіт мұздыборшалап еттім тамақ.
Шегірткенің сирағынан қасық жасап,
Ертеден кешке дейін іштім шалап,

Ондағы оқиғалар шынайы өмірге сәйкес келмейтін дәрежеде; әдейі әсерлесіп, шебер суреттеледі. Кейінгі өтірік өлеңдер ғылым мен техникалық прогреске лайықталып, жаңаша ой-қиялға сәйкес құрылған. Өтірік өлеңдер оқушылар мен тыңдаушылардың ой-қиялын, дүниетанымын, өлең өнеріне деген ықыласын, қызығуын дамытады, қисынды ойлауға үйретеді, тілдік қорын молайтады.

«Әрине, балалар репертуарындағы өтірік өлеңдердің ересетер жарынан айырмашылығы бар. Ең алдымен үлкендер өтірік өлеңдеріндегі сымалды әлеуметтік жүк балалар өлеңдерінде байқала бермейді. Олардың құрылысы қарапайым, ұзын олар сюжет жоқ. Көбінесе төрт шумақтан тұратын қара өлең үлгісіндегі қысқа шумақтардан келеді. Өлеңдерде шендестірілетін заттар, жан-жануарлар да балаларға

күнделікті өмірден таныс болп келеді». Балалар өтірік өлеңдеріндегі бір ерекшелік, кішкене жәндіктер өлеңге қосылады.

Мысалы.

Айттым да өтірік өлең жұртқа жақтым,
Қой қылып құмырсқаны жаздай бақтым.
Айғырын шегірткенің ұстап алып,
Қой тастан адыр-адыр түлкі қақтым.

Өтірік өлеңдерде бейнелеу құралдарына жататын дыбыстық қайталаулардың екі түрлі тәсілі (аллитерация, ассонанс) және эпитет, теңеулер де ұшырасады. Ажарладың екі түрлі дыбыс қайталам арқылы берілуі өтірік өлеңнің кез келгенінен кездеседі:

Шымшықтың шылым қылдым қу басынан,
Бозторғай шылбыр қылдым шудасынан.
Бір өзіме арайтын мың торғай бар,
Ешкім менің бай емес, бір басымнан.
Өтірік өлеңнің бір ерекшелігі – ұлғайту мен кішірейту.
Баласы каска айғырдың бөлтірік-ті,
Айтпамын өлтірсең де өтірікті.
Мың кісі бір тышқанға мінгескенде,
Япырмай бәрін тулап өлтіріпті.

Сонымен, өтірік өлеңнің ең басты белгісі – өлеңге бір ауыз шындық қоспай, ақиқат шындықты негізге ала отырып, болмысты керісінше түсіндіру арқылы жаман әдеттен жиренту. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін өтірікші үнемі өлеңде шендестіру, теңеу, көрітеу, әсірелеу арқылы елді күлкіге кенелтеді.

Балалар айтысы

Айтыстың ерекше дамыған жерлері - үнді елі, Арабтардың бәдәулислер арасы, қарақалпақ, башқұрт, алтай елдері т.б. жерлер. Қазақ айтысы - суырыпсалмалық өнер бәсекесі. Қалыптасу жағынан айтыс негізінен әдет-ғұрыптарға қатысты туған айтыстар және ақындар айтысы болып бөлінеді. Айтыстың ең көркемі және әлеуметтік мәселелер көтеретіні ақындар айтысы болып табылады. Айтыс көркем бейнелі сөздерді талғампаздықпен қолдануды қажет етеді.

Айтыс өнеріне деген алғашқы ықылас бала кезден басталады. Ең алдымен айтыстағы ұтқыр сөз тауып, қисынды ой айтуға негізделген диалогтық форма баланы ерекше қызықтырады. Айтыста бала өз ойын ең жок дегенде бір шумақ өлеңмен бере біту керек. Сондықтан да, әдетте, балалар айтысқа есейе бастаған шақта ден қоя бастайды.

Балалар арасында ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан жаттанды жауаптасулар көп кездеседі (Ұл: домбырам басы ырғай-ды, қыздар қолын бұлғайды. Бұлғаса да бармаймын, әлдесе деп қарғайды. Қыз: домбырам басы ырғай-ды, қыздар қолын бұлғайды. Шақырғанда бармасаң, «көк

меншек» деп қарғайды т.с.с.). Балалар арасындағы сөз қақтығысының көбінесе, қыздар мен ұлдар арасында болып келегіндігі, олардың психологиялық ерекшеліктерінен болса керек. Балалар репертуарында үлкендер шығарып берген айтыс өлеңдері де бар(Бала мен шілдің айтысы).

Мысалы:

Бала:

Шілмісің, кекілікпісің, неменесің?

Беткейге тұзак құрсам кез келесің.

Қаңғырып қайдан келдің сорлы байғұс,

Шілім-ау, шыныңды айтшы, енді өлесің

Шіл:

Екеуі. Шіл, кекілік ағайынды,

Жаныңа өлең айтып жағайынды.

Аға-екеш, мені өлтірмей қоя берші

Жаксылық еттіп баян бағайынды.

Бұнда балалар өмірі мен шіл тірлігінің біраз танымдық қырлары танылады. «Қонады біздің ауыл киыр шетке, сені мен өлтірмеймін біттей етке» деп баланың шілді босатып қоя беруінде де үлкен гибрат жатыр.

«Кісі мен қикар бала», «Суайт бала мен қарт», «Бала мен шілдің айтысы», «Ағаш пен шөптің ажырасканы» атты айтыс үлгілері өтірік пен шындықтың тайталасына құрылған. Өтірік айтыс мысал үлгісінде қалыптасқан. Алғашқыда сөз жарысы арқылы пайда болған өтірік өлең кейін әңгімеге, өлең-жырға айналып кеткен. Мысалы, «Кісі мен қикар бала» өтірік өлең атысы:

Кісі: Кімнің баласысың?

Бала:Әкемнің баласымын

Кісі. Әкеңнің аты кім?

Бала: Әкемнің аты жылқыда. Құла ат.

Кісі: Ауылыңның үлкені кім?

Бала:Түйе.

Кісі: сақалдысы?

Бала: Теке.

Немесе, «Суайт бала мен қарт» жауаптасуына назар адарайық:

Суайт бала: Ассалаумағалейкум, шал еке»

Қарт: Уағалайкумассалам, балеке! Ал, әңгіме айт!

Бала: Көргенімді айтайын ба, естігенімді айтайын ба?

Қарт: Естігенің жаңсақ болар, көргеніңді айт.

Бала: Ендеме ана қырдың астында, алпыс ала қасқыр, жетпіс бала қасқыр, бір сонаны тауыса алмай жатыр.

Қарт:Әй, шырағым-ай, сона дегенің сонашық-тағы!

Бала: Сонашық екенін содан біліңіз, ортан жілігі отау үйге тіре болады.

Айтыстың түп-тамыры мен шығу тегі мысал айтыстарында жатыр деуге болады. «М.Қашқаридың «Қыс пен жаздың айтысы» атты

туындысы өзінің мазмұны жағынан дәстүрлі айтыс іспеттес болып келсе де, құрылысы мен түрі тұрғысыннан мысал айтысқа өп ұқсас. Бұған карағанда, айтыс сол кездің өзінде-ақ халықтың тұрмыс-тіршілігі мен кәсібіне орай біршама өркен жайып кң қолданыста болғанғаұқсайды»(М.Жармұхамедұлы.19-бет).Осының бірі дәлелі - өтірік өлең айтысы.

Балалар айтысының бүлдіршіндерді айтыс өнеріне баулып, тәрбиелеудегі рөлі өте жоғары. Айтыс акындарының барлығы да халықтың дәстүрлі тәрбиесіндегі осындай мектептен өсіп жетілген.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні?
2. Мақал-мәтелдерді тақырыптық тұрғыдан ажрату?
3. Бала тілін дамытуда жаңылтпаштардың орны?
4. Бала ойын дамытуда жұмбақтардың орны?
5. Баланың логикалық ойын дамытуда өтірік өлеңдердің орны?
6. Балалар ауыз әдебиеті үлгілерін әрқайсысына мысалдар тауып, оларды тақырыптық тұрғыдан ажратыңыз?

Ертегілер

Қазақ фольклорындағы қарасөзбен баяндалатын шығармаларды халық прозасы құрамына енгіземіз. Бұның басы ертегілер болып табылады. Ертегілер халқымыздың тарихын, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, нанымын, дүниетанушылық көзқарастарын білдіреді. Алдағы көп нәрселерді болжаған халық кейінгі ұрпақтарының тұрмыс-тіршілігін жеңілдетуді, табиғаттың мылқау күштерін өзіне бағындыруды, соны жеңуді ерте заманның өзінде-ақ арман етіп, қиял дүниесін кезеді.

Қазіргі техника табыстары мен ертегі оқиғаларын салыстырсақ, халықтың бір кездегі аңсаған арманы біздің дәуірімізде шындық болып іске асқандығына және сондай болатындығына халықтың кәміл сенгендігін көреміз. Қазақ халқы кейінгі ұрпаққа жақсы тәрбие беруді, оларды зұлымдық әрекеттерден сақтандырып, адамгершілікке үндеу мәселелерін ерте кезден-ақ қолға алғаны байқалады. Көп ертегілерде суреттелетін әділдік пен жауыздық арасындағы күрес осы тілектен туған. Ертегілерде зұлымдық, жауыздықтың символы ретінде мыстан, жалмауыз, дәу, алып тағы басқалар суреттелсе, әділдіктің жақтаушысы ретінде мерген, батыр, айналы, ақылды адамдар бейнеленеді.Әділдікті жақтаушылар күрес жолында үлкен қиыншылықтарға кездесіп, кейде уақытша жеңіліс тапса да, ақыр аяғында мерейі үстем болумен тынады.

Қазақ ертегілерін М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасев т.б. ғалымдар арнайы зерттеді. М.Әуезов қазақ ертегілерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктерін, тарихи

ламу жолдарын зерттеді, ертегілердің әдебиет тарихынан алатын орнын анықтады. «Ертегілер» атты ғылыми еңбегінде қазақ ертегілерін жан-жақты шын тексереді, мазмұнына қарай тақырыпқа бөледі, көркемдік ерекшеліктерін анықтайды. Қазақ ертегілері (төрт мыңға жуық) сан алуан. Оларды кезінде бірқатар ғалымдар хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, тұрмыс-салтқа байланысты ертегілер, шыншыл ертегілер деп бірнеше топқа бөлген болатын.

Қазақ балалар фольклорының ішінде кейбір жанрлық түрлер үйкендерге де, балаларға да ортақ болып келеді. Олар: фольклорлық балалар поэзиясының үлкен жанрына жататын батырлар жыры және ертегілер, аңыз әңгімелер. «Ауыз әдебиетінің кез келген жанрларынан балаларға үлгі боларлықтай, тәрбиелік маңызы зор шығармаларды көптеп кездестіреміз. Үрақ олар балалардың өзіне ғана арналған, болмаса балалардың өз творчествосының нәтижесінде пайда болған ауызша сөз өнерінің белгілерін сипаттай алмайды».

Демек, ертегілердің ішінен балалардың өзіне ғана арналған түрлерін анықтау оңай шаруа емес. Халық ертегілерін уақытында М.Әуезов қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар жайындағы ертегілер және шыншыл ертегілер деп қарастырған болатын. Шыншыл ертегілерді салт ертегілер, күлдіргі ертегілер, аңыз ертегілер және күй аңызы деп жіктеді(3;5). Кейіннен «Ертегілер» еңбегінде хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып ертегілерінің қатарында салт ертегілерін атайды да, салт ертегілерін тұрмыс-салт ертегілері, күлдіргі ертегілер, аңыз ертегілер деп бөледі.

Сонымен, қазіргі ғылыми ұстаным бойынша қазақ халық ертегілері хайуанаттар жайындағы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілері, новеллалық ертегілер, батырлық ертегілер және сатиралық ертегілер түрінде қарастырылады. Қазақ балалар фольклорында жасы кіші балаларға арналған арнаулы ертегілер бар. Олар: «Мақта қыз бен мысық», «Күшік пен мысық», «Қызыр торғай», «Шудалы торғай», «Құйыршық» және т.б. «Хайуанат жайындағы осы алуандас ертегілердің көбі балаларға арналған күлкі, жеңіл болып та кетеді».

Қиял ғажайып ертегілерінде («Ұшқыш кілем», «Ұр тоқпақ», «Жеті өнерпаз», «Жалмауыз кемпір», «Ер төстік», «Адам білмес тас», «Күн астындағы күнкей қыз» т.б.) қиял мен миф сабақтас келеді. Ертегілердің ішіндегі баланың қиялын шарықтатып, балалық шақтың болашағын елестетіп, келешекке сеніммен қарауға тәрбиелейтін ең әсерлі ертегілер – қиял-ғажайып ертегілері. Ертеде «Ұшқыш кілем» ойлап шығарған халық өңлі «Зымыранның» өмірде бар екенін тілге тиек етіп, жұлдыздар мен планеталарды еркін аралайтын алыптар туралы ертегілер шығарды. Мұндай ертегілердің көпшілігі ғылым болжамдарына сәйкестендіріліп шығарылады. Сондықтан оларды ғылыми-фантастикалық ертегілер деп жүрміз.

Хайуанаттар жайындағы ертегілер («Арыстан, қасқыр, түлкі», «Арыстан мен түлкі», «Батыл есек», «Айлакер тышқан», «Қарға мен

лашын» т.б.) астарлай, кейіптей айтылады. Оның әр жағында миф пен тотемистік түсініктер жатыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар сатира және юмор арқылы астарлай беріліп отыратындығы сюжеттік ерекшеліктердің бірі болып табылады. «Хайуанаттар туралы ертегілер көне заманда елдің және аңдардың, малдың киесі бар деген сенім қалыптасқан кезде пайда болған(ақ қасқыр, шопан ата, Шек-шек ата, Ойсыл кара, Зеңгі баба, Қамбар ат т.б.) ол дами келе тыңдаушыны қуантатын, көңілдендіретін ертегілермен толысты. Қазіргі хайуанаттар туралы ертегілерде космосқа ұшып жүрген(«Бәтіңке, шұжық, балқаймақ») хайуанаттар мен төрт түлікті көреміз.

Батырлық ертегі тақырыбы(«Керкұла атты Кендебай», «Құла мерген», «Жоя мерген», «Жерден шыққан Желім батыр» т.б.)— ерлікпен үйлену және неше түрлі құбыжық-жалмауыз күштермен соғысу болып отырады. «Батырлық ертегілерде елін қорғап, халқын қадірлеген ерлердің таңғажайып іс-әрекеттері баяндалады(«Күн астындағы Күнікей қыз», «Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай» т.б.) олардың ерліктері мен еңбектері, адамгершілік іс-әрекеттері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп айтылады. Көбінесе, қиял-ғажайып ертегілер мен батырлық ертегілер бір-бірімен сабақтас, өзектес келеді. Сондықтан көп батырлық ертегілерді әрі қиял-ғажайып ертегілер деуге болады.

Новеллалық ертегі(«Уәзірдің қызы», «Әке өсиеті», «Әділ патша туралы ертегі», «Аяз би» т.б.) - шытырман оқиғаларға құрылып, үй-іші, ерлі-зайыптылардың адалдығын дәріптейді. Тұрмыс-салтқа байланысты ертегілер халықтың тарихи талаптарына байланысты туған. Онда бай баласы мн жарлы баласының таптық айырмашылықтары сөз болады, ақылды кедей мен саран бай, қанағатсыз саудагер, ақымақ хан мен данышпан шаруаның іс-әрекеттері, мінез-құлықтары суреттелінеді.

Сатиралық ертегілер(Тазша туралы, Қожанасыр жайлы т.б.)коғамдық әлеуметтік қатынастар мен теңсіздікті, тұрмыс-тіршілікті сатира мен юмор арқылы береді. «Аңыз ертегілер, негізінен, Алдар көсе мен Жиренше шешеннің, Қожанасырдың есімдерімен байланысты. Ондағы кейіпкерлер сараң бай, зұлым хан, қаныпезер уәзір, қуақы құл, еріксіз қыз, еңіреп туған ер-азмат болып келеді. Онда зұлымдықты тапқырлық жеңіп отырады.

Балаларға арналған халық ертегілері. Жазба әдебиет сияқты, ауыз әдебиетінің де өз тыңдаушысы, оқушысы бар. Ертегі шығарушылар оларды да ескереді. Ертегіні кімге айтады, не үшін айтады, ертегінің мақсаты не? Ертегі шығарушылар мұны да аңғарған. Мысалы, «Қотыр торғай», «Өзі бір қарыс, сакалы қырық қарыс», «Құйыршық» ертегілері құрылысы, сюжеті, тілі жағынан басқа ертегілерден мүлде ерекше. Бұлар балалардың ой-санасы, дүниетану дәрежесіне лайықталып шығарылған ертегілер. Халық ертегілеріндегі фантастика балалардың ойына қозғау салады, ақыл-ой қызметінің дамуына жәрдемдеседі. Халық ертегісін балалардың сүйіп оқитыны, ықыласпен тыңдайтыны оның көркем, әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде. Қазақ балалар фольклорындағы «Тазша баланың өтірігі»,

«Айлакер тазшаның өтірігі», «Токсанбай мен тоғыз жасар бала», «Екі суайт» және т.б. ертегілердің қай-қайсысы болсын балаларды тапқырлыққа, алғырлыққа баулиды. Қиыннан қиыстыра айта білетін шешендік өнерге жетілдіреді. Аталған ертегілер балалардағы логикалық ойдың даму процесін жеделдетуге көмектеседі. Қазақ ертегілеріндегі тазшалар сырт-пішіні жағынан елеусіз болып көрінсе де, ақыл-айласы бәрінен де асып түседі. Алдынан ажал тосып тұрса да, сабыр сақтайтыны, жол тауып құтылып кете беретіні балаларды сүйсіндіреді, ойға қалдырады. Халық ертегісіндегі өтірік өлеңдер балаларды неше алуан жәндіктердің атымен, олардың тіршілігімен таныстырады. Сирек қолданылатын көне атауларды еске түсіреді. Күлдіргі ертегілер («Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ», «Қаңбақ шал», «Байбай шал», «Айлалы шал», «Ұр, тоқпақ», «Тазшаның қырық ертегісі» т.б.) көбінесе ықшам да қысқа келеді. Сол себепті ертегі баланың есінде сақталуына, жағталуына икемделіп тұрады.

Хайуанаттар жайындағы ертегілерге құрылысының қарапайымдылығы, шағын көлемділігі және диалогқа құрылуы жағынан новеллалық (салт) ертегілер («Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ», «Ұр, тоқпақ», «Қаңбақ шал», «Байбай шал», «Айлалы тазша», «Қу тазша», «Тазшаның қырық өтірігі», «Қу бала», «Екі еріншек», «Үш жалқау», «Олақ қыз» т.б.) ұқсас келеді. «Алдымен бұндай ертегілердің оқиға ортасында жүретін бас геройының өзі ерекше. Оның бар іс-мінезінен бұрын аты-қалпы, кескін-ұсқыны да күлкі, оқыс келеді». «Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің оқшау тұрпаты әңгіме басында-ақ күлкі туғызады. Олардың өрескел әрекеті мен өлімі де күлкі туғызбай қоймайды. «Ұр, тоқпақ» ертегісі сикырлы заттардың әрекетіне құрылған. Бұлар шалды ойда жоқта оқыс күлкі туғызатын жағдайларға душар етеді. «Қаңбақ шал», «Байбай шал» ертегілерінде әлсіздік пен тапқырлық, айлакерліктің қатар жүріп, нәсіп жеңіске жеткізетіндігі әңгімеленеді. Тазша бала жайындағы ертегілерді М.Әуезов күлдіргі ертегілердің ең шебер үлгісіне жатқызады. «Күлдіргі әңгіме, тегінде, анық шебер құрылса, осындайлық көпке мәлім, көпке қанық жайдан алыну керек. Ол үшін күлкілі хал барлық жұрт білетін, көптің көз алдындағы табиғат ішінен алынатыны – халық күлкісінің бір ерекшелігі, даналығы». Бірқатар ертегілер жалқаулықты, еріншектікті, олақтықты әшкерелейді. Балаларға бұндай ертегілердегі тұрмыс, кәсіп белгілері мен сипаттары қызықты болмақ. Аталған ертегілердегі юмор мен тапқыр сөз – әрқашан бала тілегін қанағаттандыратын нәрлі дүние.

Қиял-ғажайып ертегілерінде қиял тудырған неше алуан жан иелері көрінеді. Жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дәу, алып қара құс, тұлпар ат, алтын шашты қыз т.б. қатысады. Қиял-ғажайып ертегілерінің тіл кестесі, сөздік құрамы, жалпы әңгімелену ерекшеліктері өзгеше. Ертегі «баяғы өткен заманда», «ерте, ерте ерте екен, ешкі жүні бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен», «есіте жоқ ерте заманда» деп басталады да, «барша мұратына жетіпті», «барша мұрат басына жетіпті», «бақытты ұзақ өмір сүріп, мұраттарына

жеткен екен» деп аяқталады. Қиял-ғажайып ертегісінде басты кейіпкер аса қатерлі жаумен(жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дәу т.б.) алысады. Ертегіде қажыр-қайрат, қимыл-әрекет адамының қуатына сену бар. Олар - Ер Төстік, Кер құла атты Кендебай сияқты өз ақыл-ой, қажыр-қайратына сүйенген жандар. Бас қаһарманға көмек көрсететіндер - ай десе аузы бар, күн десе көзі бар ару қыздар(Күн астындағы Күнікей қыз, Ай астындағы Айбарша т.б.), таусоғар, көлжұтар, желаяқ, сакқұлақ сияқты ғажайып жан иелері, алып кара құс, тұлпар ат т.б. Сикырлы қазан, алтын сақина, айна, дастарқан, кездік, тоқпақ, семсер сияқты заттар да қаһарман керегіне әрекет етеді. Қиял-ғажайып ертегілерінде тұрақты сөз тіркестері мен қолданыстары жиі кездеседі. Қимыл-әрекетті жылдамдату, тездету мақсатында «заманды күндер болғанда», «күндердің күнінде», «көтыр тай ұстағанда құнан, жүгендегенде дөнен, ерттеп мінгенде бесті ат болады», киын-қыстау күн туғанда «маңдайы тасқа тиіп, табаны жерге тиіп», «ұшқан құстың қанаты күйеді, жүрген аңның тұяғы күйеді», «қара құсқа қоң етіп кесіп береді» т.с.с. тіркес сөздер молынан ұшырасады. Қиял-ғажайып ертегілері фольклордың басқа жанрларының көптеген стилистикалық әдіс-тәсілдерін өз бойына жинақтаған. Қиял-ғажайып ертегісіндегі айрықша сөздік үлгілер оны өзге ертегілер қатарынан бөлекше етіп көрсетеді.

Хайуанаттар жайындағы ертегілердің сипаты. Үй хайуандары жайындағы ертегілердің кейбіреулері жеңіл, күлкілі әңгіме түрінде балаларға арналған. Мұндай ертегілердің оқиға желісі балалардың өздері күн сайын көріп жүрген нәрселерді суреттейді. Олардың оқиға-әңгімесі айтушыға да, тыңдаушыға да жеңіл, ыңғайлы, ықшам келеді. Бұған мысал етіп «Қотыр торғай», «Мақта қыз бен мысық», «Күшпк пен мысық», «Құйршық», «Түлкі мен бөдене», «Түлкі мен тауық» т.б. ертегілерін алуға болады. «Қотыр торғай» ертегісінде қотыр торғай «көтырымды ауырттың деп шеңгелге ашуланады да, оның үстінен ешкіге шағым етеді. «Шеңгелді жеп қойшы» - дейді. Бірақ ешкі оның тілін алмайды. Сонан кейін қотыр торғай ешкіні қасқырға айтады, қасқырды жылқышыға, жылқышыны байға, байды шешесіне, шешесін желге айтады. Ақырынды ертегінің кейіпкерлері бір-бірін қуыса бастайды, ешкі келіп шеңгелді жейді. Қотыр торғайдың кегі қайтады. Осы секілді күлдіргі жай «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде де бар. Үй хайуандары жайындағы ертегілердің балаларға арналған әңгімелері оқиғаны көбінесе тізбектеп айтуға құрылады. Бір оқиғаның кілтін екіншісінен іздеу, осы ретпен барлық әңгімені қысқа түрде тізбектеп айту әдісін қолданады. «Оны балаларға арналған ертегілердің өзіндік құрылысы, ерекшелігі деуге болады» - дейді М.Әуезов. Мұның мәнісі оқиғаны аурлатпай, балаларға жеңіл, әрі күлкілі, әрі түсінікті етіп әңгімелеуді ойлағандықтан туған секілді. Ертегідегі біркелкі эпизодтар осылайша қайталанып келіп, сонында бас кейіпкер белгілі бір нәтижеге жетеді. Орыс халқының «Ешкі мен жаңғақ» ертегісі де осындай тізбекке құрылған. Сондай-ақ, балаларға арналған ертегілердің көлемі шағын келеді, кейде

диалог түрінде де айтылып отырады. Қайталанатын эпизодтардағы диалогтардың көбінесе ұйқасқа құрылуы, яғни өлең түрінде келуі де кездеседі. Өлең араласқан ертегі театрландырылған көрініске сұранып-ақ тұрады. «Бес ешкі» ертегісінде ат теуіп, шықшыты сынған қасқыр былай деп ұлиды:

Қара тоқтыны жемеген
Қабылан басым-ау, у...у...
Бес ешкіні жемеген
Бегіен басым-ау, у...у...
Құла атты құдықтан суырып алған
Балуан басым-ау, у...у...
Артына шығып, құран оқып,
Көз жұмар молда ма едім?
Ау...у...

Баланың жасы кіші болған сайын ертегі қаһармандары мен ондағы оқиғаларды шын өмірдегідей қабылдайды. Лақ, қозы, бұзау, күшік, мысық тәрізді ертегі кейіпкерлері баланы баурайды. Олардың тірлігі адам өміріне ұқсас. Адам характерін қайталайды. Уақыт өте келе хайуанаттар әлемі оқиғалары белгілі бір сипатқа ие бола бастайды. «Әрбір аң айнымас мінез иесі болады. Арыстан - әр зорлықтың, асқақ күштің иесі; қасқыр – тойымсыз қомағайлық, жеміткі мінез иесі; түлкі – пәле басы және жауырыны жерге тимес, аяр алдамшы, өзінен өзгенің бәріне іші қас, сырты дос болып жүреді. [...] Өзінше, біралуан келесіз, ақылсыз қара күштің иесі болып аю жүреді. [...] Момын, жазықсыздан, кең тазалықтан осы хайуандар арасында жүріп жем болатын түйе бар».

Хайуанаттар жайындағы ертегілерде балаларды қызықтырарлық және ой саларлық екі түрлі сипат бар. Бірінші жағы, балалар бұлардың бәрінен хайуанаттардың мінез өзгешеліктерін, сырт көрінісі мен тіршілігін байқайды. Бұл ретте қазақ ертегілеріне жыртқыш аңдардан молырақ енгені арыстан, қасқыр, түлкі, аю болады. Халық ертегісі бұлардың әрқайсысына лайықты мінездеме береді. Арыстан – асқан күштің, зорлықтың, қасқыр – қомағайлық пен қорқаулықтың иесі болып кейіптеледі. Түлкі - айла мен аярлықтың иесі. Бұлармен қатар, қазақ ертегілерінде оғарлық, аңқаулық кескінімен аю жүреді. Жұрттың бәріне мазақ, күлкі ретінде маймыл катысады. Ертегімен танысқаннан кейін оларды енді өздері тікелей білуге, көруге, зерттеуге құштарлықтары арта түседі. Екінші жағы, хайуанаттар жайындағы ертегілер адамдар арасында болатын тартыстардың сыр-сипатын байқатады. Түлкі ел арасын бүлдіруші, жұртты алдаушы, өсекшіл, күншіл адамның бейнесін елестетеді. Арыстан бейнесінен талайды қан қасқатқан, жұртты жәбірлеуші адамдарды көреміз. Бұл айтылғандарға «Қасқырдың қойдан қорыққаны», «Үш жігіт», «Түлкі мен арыстан», «Түйе неге артына қарайды?» ертегілерін мысал етуге болады.

Халық ертегілері сюжет құру, образ жасау, тіл байлығын қолдану жөнінде жазба әдебиетінің алғашқы үлгілеріне көп әсе етті. Жазба

әдебиетінің шеберлері осы күнде де халық әдебиетінен тіл байлығын үйренетіні, кейде оның сюжетін пайдаланғандығы белгілі.

Аңыз әңгімелер

Қазақ халық прозасының бір саласы «Ертегілерден тыс прозалық жанрлар» болып табылады. Бұны фольклоршылар «Аңыздық проза» деп атайды. Бұлар өзінің мазмұн-мағынасына қарай төмендегідей түрлерге бөлінеді: миф, эпсана, хикая, аңыз әңгімелер. Аңыз әңгімелер – өмірде болған оқиғаларға катысты туған шығармалар. Аңыз дегеніміз – бір мекеннің, жергілікті жердің, я болмаса бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі (устная хроника), бір аймақта болған оқиғаның әңгімесі. «Онда, көбінесе, өмірде болған нақты оқиғалар алынады да, оған қызық-ғажайып сюжеттер қосылып, тыңдаушыны баурап алатындай әңгіме жүйесі ерекше эсерлі құрылады. Аңыз әңгімелер: 1. Аспан әлемі, жан-жануар, ер, су, мекен аттары туралы. *Жетіқарақшы, Үркер жұлдыздары, Самұрық, Бозинген* туралы аңыз әңгімелерде жұлдыздар мен құстар адамша сөйлеп, ғажап тірлік пен ғажайып оқиғаларды басынан кешеді. 2. Ру, тайпалардың шығу тегіне байланысты. *Үш жүз, Алты арыс Алаш, Домалақ ене* т.б. аңыз әңгімелерінде ру, тайпалардың шығу тегі туралы өсиетті-өнегелі ойлар айтылады. 3. Діни мистикаға (дәріптеу – қиял-ғажайып). Лұқман Хакім, Қағбаның қара тасы т.б. аңыз әңгімелерде діни сенімдер уағыздалып, мистикалық (діни сенім ғажайыптары) нанымдар дәріптеледі. 4. Әлеуметтік утопияға (үміт, қиял). Жерұйық атты аңыз әңгімеде әлеуметтік арман-талап, мұң-мұқтаждың қиялдағы ғажап жақсылықтары орындалып, «кой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбітшілік заман суреттеліп, молшылық тұрмыс-ахуалдың дәуірлеген кезеңі баяндалады. 5. Тарихи қаһармандық туралы құрылады. Тарихи қаһармандықты насихаттап, данышпандар мен шешендерді, батырларды үлгі-өнеге етіп көрсететін аңыз әңгімелер өте көп. Асан қайғы қазақ еліне жақсы жай іздейді. Қорқыт ата халыққа өлмейтін өмір, өшпейтін өнер іздейді. Төле би қазақ халқының бірлігін көксеп, басын біріктіреді. Кейкі мен Аманкелді жаңаша жақсы заман орнатпақ болады. Қажымұқан дүние жүзіндегі ең күшті палуан – қазақ деген мақтаныш туғызады. Төлеген Токтаров ерліктің ерлігін көрсетеді, Мәншүк пен Әлия – ержүрек қазақ қызының бейнесін көрсетеді. Сонымен аңыз әңгімелер жанрлық жағынан үшке бөлінеді: топонимикалық аңыз әңгімелер, күй аңыздары, тарихи аңыздар.

Топонимикалық аңыздар жер-су, елді мекен, тау-тас, өзен-көл туралы айтылатын әңгімелер.

Күй аңыздары – халық күйлерінің шығуы жөніндегі әңгімелер (Ақсақ құлан», «Бозайғыр», «Нар идірген», «Дүние қалды» т.б.).

Тарихи аңыздар тарихта болған ірі тұлғалар жөніндегі әңгімелер екені мәлім. Тарихи аңыз сюжеті шағын, басты қаһармандары тарихи адамдар

болып келеді. Асан кайғы, Алдаркөсе, Жиренше, Абылай, Жошы, Қасымхан, Есім хан т.б.

Тарихи аңыздар. Асан кайғы жайындағы аңыздың ең мағыналысы – оның қазақ жайлаған өрістің бәрін шарлап, шарқ ұрып кезетіндігі жайында. Көрген қоныс, мекеннің бәріне қанағат қылмайды. Ол «суы – сүт, жағасы – балқаймақ» өзенді аңсайды, шаруаға жай, жанға рақат жерді іздейді. Осындай жерді ол өзінің қиялымен ғана тапқан болады. Оның аты – «Жерұйық». Асанның қиялынан туған «Жерұйық» – шаруа үшін аса қадірлі қоныс, көкөрай шалғынды өріс, мыңға мекен болатын жер деп танылады. Ол осындай жерді қиялы арқылы таба тұрса да, оның шындығында болмағанына өкінеді. «Жерұйықтай» жер болса, шаруаға ырыс бітер еді деп арман етеді. Бұл арманына ол кезде жете алмайтындығына кайғыланады, қапаланады. Осыдан барып, оның Асан атын «кайғы» деген сөз жалғанады да, «Асан кайғы» атанады. Халықтық оратада туған аңыздарда Асан жайы осылай баяндалады. «Жерұйық» жерді елі, жұрты үшін іздеген Асанды ел қамқоры деп ардақтайды.

Алдар көсе жайындағы аңыздардың бәрінде ол халықтың ақылды, айлалы ұлы, тапқыр, өжет жігіт болып суреттеледі. Алдар Көсеге байланысты аңыз-әңгімелер тек қазақта емес, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен елдерінде де бар. Алдар көсе топас ханды (Алдар көсе мен Алаша хан), сараң байды (Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай) күлкі етеді. Күлкілі сюжетке құрылған «Алдар Көсе мен Алаша хан» дейтін аңызда ел билеген хандардың топастығы мен қомағайлығы мысқылға алынады. Бұл аңызда Алаша хан қатты алданып қалумен қатар жұрт алдында әжуа, мазак болады. Алдар Көсе жайында қазақ арасында шығарылып, көпке тараған аңыздың күрделісі – «Алдар Көсе мен Шық бермес Шығайбай». Бұл аңыз сараң да қалтырауық, пейілі тар байлар жөнінде халықтың сыны, көзқарасы қандай екендігін айқындайды. Алдардан қулығын асырмақ болаған Шығайбай әр түрлі әрекеттер жасайды. Шығайбайға келген Алдар көсе жабықтан қараса, бай қазы тіліп, бәйбішесі нан илеп, қызы тырнаның жүшін жұлып, тоқалы бас үйтіп отырады. Алдар үйге кіріп келгенде, үй иелері қолдарындағы нәрселерін тыға қояды. Бай әңгімеге кіріседі. Алдандан «не білдің, не көрдің?» - деп сұрады. «Естіген - өтірік, көрген - шындық» дейді. Жолда үлкен сары жыланмен соғысқанн айтады. «Осы айтқандарым өтірік болса, байдың атындағы қазыдай тілініп, бәйбішенің нанындай иленейін, тырнадай жұлынайын баста үйітілейін» дейді. Шығайбай ет орнына сірі жейді, атынан және қойнына тыққан наны мен айранынан, қызынан айрылады. Алдар Көсе дүниеқоңыз байды осылай алдап соғады.

Халықтың тарихында бұқара ортасынан шығып, адал ниет, шын көңілімен халқына қызмет еткен талай е азаматтар, қол бастаған батырлар, сол бастаған шешендер өткен. Соның бірі – Жиренше шешен. Жиреншенің кай кезде өмір сүрген адам екендігін айту қиын. Оның аты, ісі тек халықтың аңыздарында ғана сақталған.

Жиренше шешен жайындағы аңыз-әңгімелер оның ақылын, тапқырлығын, шешендігін, тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін жасайтын адам екендігін көрсетуге құрылады. Сондықтан да оны халық аңыздары ел басқарған ханмен қатар қояды. Халық аңызы Жиреншені ханның залымдық, жауыздық істерін, ақымақтығын, елге қиянатын әшкерелеу үшін оған жолдас етеді. Ол жұрт алдында ханның сорақы қылықтарын көрсетеді, ханды ақымақ етіп шығарады. Мұның өзі кейіннен үлкен тартысқа айналады.

Хан мен Жиреншенің арасындағы тартыс ел аңыздарының айтуынша «Ханның Қарашаш сұлуға үйленбек болуы» деген аңыздан басталады. Аңыздардың айтуынша Қарашаштың асқан ақылы, білгір қыз екенін байқаған халық өз теңі деп Жиреншеге қосады. Халық аңыздарында Жиренше мен Қарашаш ақылы, білгірлігі, адамгершілігі жағынан бір-біріне тең, айнымас дос, сенімді серік ретінде бейнеленеді. Жиреншеге өшіккен хан қайтсе де оны құрту, ең болмағанда абыройын түсіріп маскаралау ниетінен танбайды. Ханның аспазшылары пісірілген қаз етін хан алдына қояды. «Қазды өзіме, ханымға, екі балама және өзіңе бөл, біреуге артық жібермей, біреуге кем жібермей тең бөліп бер. Егер бірімізге бір мысқал артық, не кем бөлсең, өзінді қатты жазаламын» дейді хан Жиреншеге. «Таксыр, сіз біздіңбасымыз едіңіз» - деп қаздың басын ханға тартады. «Хан ханымсыз болмас, кс мойынсыз болмас» - деп қаздың мойнын ханымға береді. «Екі балаңыздың екі қанатыңыз» - деп екі қанатын оларға бөліп береді. «Мен өзім бас та, аяқ та емес, орташа ғана адаммын, мына қаздыңорта денесі маған лайық» - дейді.

Сөйтіп, шиеленіске, көпке созылған айқасуларда Жиренше жеңіп жүреді. Оған бұл жорлда жәрдем беретін, көмек көрсететін, тіпті көптеген қауып-қатерден құтқарып алатын Қарашаш болады. Кей кезде Қарашаштың білгірлігі Жиреншеден асып та түседі. Сондықтан да халық аңыздары Қарашашты да ардақтайды, оның ақылы мен білгірлігін сүйсіне әңгіме етеді. Бұдан әйелдер жайындағы халықтың турашыл, әділ көзқарасы да көрінеді.

Жиренше мен Қарашашқа арналған аңыздардың қайсысы болса да мағынасы терең, мәні зор қысқа сюжеттерге құрылады. Әңгімені әріден бастамай, нақтылы тартысқа, тапқырлыққа құрады. Дәлелін келтіріп, қорытындысын бірден шығарады және оқиғаны ұзақ сонарға салып баяндамай, барар жерін нақ айтады. Бұл оның өзіне тән ерекшелігі болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ертегі дегеніміз не?
2. Ертегінің қандай түрлері бар?
3. Ертегілердің зерттелу тарихына тоқталыңыз?
4. Аңыз-әңгімелердің өзіндік ерекшелігі неде?
5. Аңыз-әңгімелердің қандай түрлері бар?

6. Ертгілер жинағынан ертегілердің түрлеріне мысалдар тауыңыз және талдаңыз?

III Тарау. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТИ

Махамбет Өтемісұлы

Махамбет бойындағы күш-қуатын елдің бостандығы мен тәуелсіздігі жолына жұмсады. Әр уақытта да әділетсіздікке қарсы шығу үшін жалынды жүрек, берік сенім керек. Жалғандық пен жауыздықты әшкерелеу тек ерлердің қолынан ғана келген. Сондай ерлердің бірі - Махамбет. Махамбет - халқын сүйген ақын. Оның өлеңі - ел сүюдің үлгісі. Махамбет шығармалары жеткіншектерді табандылыққа, қайсарлыққа тәрбиелейді. Махамбет ақын - ерлікке үндейтін жалынды үгітші. Махамбет - өз стилі, өіндік өлең құрылысы, тіл өзгешелігі бар ақын. Ақын өлеңдерінде терен ой, нәзік сезім және саяси өткірлік ұштасып жатыр. Бұл қасиеті ақын өлеңінің құрылысы мен түріне әсер еткен. Махамбет жырлары өзінің екпінділігімен, ырақтылығымен өзгешеленеді. 1837 жылы қазан айының аяқ кезінде Исатай хан Ордасын 3500 қолмен қамайды. Хан он күн мұрсат сұрайды. Махамбеттің хан алдауына көбеу жөніндегі кеңесін Исатай тыңдамайды. Сол аралықта Орынбордан подполковник Гекке әскері келеді. Қарауылқожа қолымен қосылып, Исатай әскерін Бекетай құмында, Тастөбе деген жерде жеңеді. Махамбеттің Исатай сөзі ретінде айтылатын «Әй, Махамбет жолдасым» деген өлеңі бар. Өлеңде Махамбет Исатайдың хан Ордасын шабудан тоқталып қалып, зор сәтсіздікке ұшырағанын айтады.

Қырық бір жасқа келгенде,
Өз дегенім болмаса,
Өзгенің тілін алмаған,
Кісі ақылы қонбаған,
Қанша айтса да болмадым,
Сөзіңе құлақ салмадым.
Бұрала біткен емендей,
Қисық туған сорлы ағаң,
Хан сөзіне сенгенім,
Он күн мұрсат бергенім.
Әскерімді таратып,
Он бір күнге қаратып,
Бекетай құмға келгенім.

Исатай 40 кісімен Жайық өзені қатқанға дейін Нарын құмында қашып жүреді. Желтоқсанның он екісінен он үшінше қараған түнде Жайықтың бергі бетіне өтпекші болады. Өзен бойындағы отряд оқ атады. Исатай әскері аз шағынмен өтіп кетеді. Жайықтан өткеннен кейін боран үдейді. Исатай бастаған қол ел таба алмай далада түнсиді. Түні бойы қар жамылып, мұз

төсеніп, ұйқысыз шығады. Сарбаздар ішінен әлсіздік танытқандары болады. Оларға күрес болашағы бұлдыр көрінеді. Сарыуайымға салынушылардың бетін қайтару үшін Махамбет «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін сол жерде шығарыпты деседі.

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Төбінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сакалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей
Ұлы түске ұрынбай,
Түн катып жүріп, түс кашпай,
Төбінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай
Ерлердің ісі бітер ме?

Исатай соғыста қаза табады. Махамбет 1841 жылы ұсталып, Орынборға жөнелтіледі. «Баймағамбетке айтқан сөзі» осы тұста, Орынборға айдалып бара жатқанда айтылған тәрізді.

Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,

Мал толтырсам деп едім. – деп арманын ашық айтады. «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңінде Махамбет Исатай қозғалысының екі түрлі мақсаты болғанын айтады. Бірі - хан билігін жою, екіншісі - бұқара мұқтажын өтеу. «Еңсесі биік ақ орда, еріксіз кірсем деп еді, керегесін кескілеп, отын етсем деп едім» дейді ақын. «Хан керегесін отын етемін» деу - батырлар жырындағы сарын. Махамбет көтерілістің екінші мақсатын былайша суреттейді: «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім, жағалай жатқан сол елге мал толтырсам деп едім». Хан Ордасын бұзу - саяси талап, ал қоныс, жер-су, мал үшін күресу - экономикалық талап. Өз кезегі үшін бұл талаптардың мәні аса зор болды. Ақын өлеңдерінде эпостық баяндау сарыны бар. Ол жалынды лирикамен араласып келеді («Баймағамбет сұлтанға айтқаны»). Махамбет өлеңдері әлеуметтік сарындағы саяси-үгіттік лирикаға да ұласады. («Ереуіл атқа ер салмай»). Өлеңдерінің көбі дерлік жоқтау сарынында айтылады. Бұл құбылыс Исатай қаза тапқаннан кейінтуған өлеңдерінен байқалады («Тарланым»,

«Тайманшын ұлы Исатай»). Кейбір өлеңдерінде Махамбет өмірді философиялық бағытқа негіздеп, өз ұғымын баяндайды. Олар риторикалық сұрақтармен де айтылады («Қоғалы көлдер, қом сулар»). Акын өлеңдерінде көңіл-күйді көрсететін элегиялық лирика біраз орын алған («Қызғыш құс»). Акын өмірінің соңғы кезеңін қуғында өткізді. Сол кезеңдегі өлеңдерінен акынның қасіретке бөленген мұңды жаны танылды. Акын көңіл-күйі лирикасының озық үлгілерін туғызды. Махамбет жыр ағымымен суырып салма түрде толғаған өлеңдерін көтеріліс кезеңінің жағдайына бейімдейді. Сонымен, оның өлеңдері 7 буынды, 7 және 8 буын аралас түрде жасалған. Ал 11 буынды тек бір ғана «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай» деген өлеңі бар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Махамбет өмір сүрген кезең жөнінде әңгімеленіңдер.
2. М.Отемісұлының қазақ балалар әдебиетіндегі орнын оның шығармашылық тұлғасына назар аударып отырып анықтаңыздар.
3. Ауыз әдебиетіндегі батырларды бейнелейтін көркемдегіш сөздер мен Исатай бейнесіндегі образды сөздерді салыстырыңыздар.

Ы.Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы

Ы. Алтынсарин - шын мәніндегі тұңғыш ағартушы ұстаз, тамаша тарихшы, фольклоршы - этнограф ғалым, тіл білімпазы, осы күнгі әліппиімізде жазылған ең алғашқы оқулықтың туындыгері, халық ағарту ісінің шебер ұйымдастырушысы. Ы. Алтынсарин 1841 жылы 20 қаңтарда Торғай облысы, Николаевск уезінің Аманқарағай болысында (қазіргі Қостанай облысының Златобол ауданында) дүниеге келді. Оның қайтыс болғаннан кейін сәби Ыбырайдың тәрбиесі атасы Балқожа бидің қолына көшеді.

Сөйтіп болашақ акынның бүкіл балалық шағы осы үлкен атасының тәрбиесінде өтеді. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны біледі» дейді халық даналығы. Бұл сөздің растығын Ыбырайдың өмір-өшкесінен де байқағандаймыз. Балқожа бидің «үміт еткен көзінің нұры» бала Ыбырай атасының замандас достары - Досбол шешен, Наурызбай, Мұғал би секілді дүйім жұрттың назарын өзіне қаратқан от ауызды, орақ тәрізді үлкен ақыл парасат иелерінің үлгі-өнегесін көріп өсті.

Балқожа би Орынборда оқуда жүрген шәкірт Ыбырайдың ел аралындағы дау - жанжалдарға төрелік айтуға, билік шешім қабылдауға баулып отырған. Соның біршамасы ел аузында «Ыбырайдың айтқаны», «Ыбырайдың шешімі», «Ыбырайдың тоқтамы» деген түрғыда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып тарап келеді. Ыбырайдың ұстазшақтың ұзақ та ұлы жолына аяқ басында үлкен атасы Балқожа өзінің орын ерекшесі. Әрине, мұндай атаның тәрбие-талімі, өнеге-үлгісі, ой-арманы қиялы шәкірт-немеренің, болашақ ұлы ұстаздың рухани

калыптасуына, қайраткерлік дәрежеге көтерілуіне, сөз жоқ, зор ықпал етті. Оның көрнекті ақын, талантты жазушы болып қалыптасуына да белгілі бір дәрежеде әсер етті.

Ыбырай қазақ ауылының үстіне төнген қара түнектің жиегі көтерілмей тұрған кезде өмір сүрді. Біріншіден, елді патша өкіметі қанады. Екіншіден, халықты патша өкіметіне сүйенген жергілікті әкімдер сүліктей сорды. Қайғысы мен қасіреті мол осындай кезеңде өмірге келген Ы.Алтынсариннің мақсаты мен міндеті елі үшін талмай еңбек етіп, халқына қызмет жасау болды. Ол үшін ағартушылық қызметке араласу керек болды. Соның бірі – мектеп ашу ісі. XIX ғасырдың орта шенінде қазақ даласында мектеп ашу ісі қиынның қиыны еді. Мектеп үйі, оқытушы, оқу құралдары т.б. нәрселер көшпелі қазақ санасына онша орныкпаған ұғым болатын. Бұл айтылғандармен қоса осындай игілікті іске қолға, молда, бай, болыстар мен патша чиновниктері барынша салқын қарады. Патша өкіметі отар халықтарды қараңғылықта ұстауды қолайлы санады.

Оған қоса оқудың, білімнің мәнісін түсінуге халық санасындағы ескі стереотиптік көзқарас та кесірін тигізді. Бірақ осы айтылғандардың бәрі Ы.Алтынсариннің таудай талабына бөгет бола алмады. «Мектеп - білім берудің басты құралы, халықтың келешегі тек осы мектептерде» - деп түсінген ұлы педагог Ы.Алтынсарин осы мақсатпен қысы-жазы ел-елді аралап, халықты өнер-білімге шақырып қана қоймай, мектеп ашуға қаржы жинау ісімен де айналысты. Бұқара халық Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, біраз қаржы жинап берді. 1864 жылы қаңтарда Торғайда тұңғыш қазақ балалары үшін мектеп ашып, 14 баланы мектепке қабылдады.

Балалар интернатта жатып оқитын болды. Оның ағартушылық, педагогтік көзқарасы негізінен, орыс педагогтарының ықпалымен қалыптасты және қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізіне сүйеніп жүргізді. Ол елін надандыққа қамап отырған феодалдық-патриархалдық, рушылдық қоғамның кертартпа жақтары мен отаршылдық саясатты сынай отырып, туған халқының келешегіне зор сеніммен қарады. «Тастан сарай салғызған, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» деп алдыңғы қатарлы өнерлі жұрттардың ғылыми-техникалық табыстарын сөз ете келіп, «үміт еткен достарым, сіздерге бердім батамды»- деп жастарды өнер-білімді меңгеруге, оқуға үндейді. Ы.Алтынсарин өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін миссионерлік бағыттағы жат пікірден де, шығыстың жаттамалы діни оқуынан да қорғап басты. Жастарға шынайы білім беретін дүниәуи пәндерді (жаратылыстану, география, тарих, есеп, т.б.) оқытуды іске асырды. Ыбырайдың оқу-ағарту ісіндегі тағы бір жаңалығы қазақ жастарына кәсіби мамандық беру мәселесін қолға алуы болды. Ол Торғайда, Қарабұтақта қолөнер училищесін, Қостанайда ауылшаруашылығы училищесін ашып, қазақ жастарынан қажетті маман кадрлар даярлау ісіне зер салды. Қазақ қыздарына тұңғыш дүниәуи білім беру ісіне жол ашқан да Ы.Алтынсарин болды. Ол Ырғызда қазақ қыздарына

арнап интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқының өмірінде орасан зор маңызы бар тарихи уақиға еді. Ы. Алтынсарин патша өкіметінің Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищесін ашуды өтінді. Соның нәтижесінде Торғайда(1891), Қостанайда(1893), Ақтобеде(1896) қыздар училищелері ашылды.

Ы. Алтынсарин 1862 жылдан бастап халықтың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинау, зерттеумен шұғылданады. Сонымен бірге орыс әдебиетінің үздік үлгілерімен, орыстың әйгілі жазушыларының шығармаларымен түпнұсқада танысады. Оларды күнделікті ағарту, оқу саласында үнемі кәдеге жаратып, пайдаланып отырады. Мұның өзі Ы. Алтынсариннің қоғамдық, ағартушылық танымын қалыптастырып, тәжірибемен қатар жазушылықтың әдіс-тәсілін үйренуге ықпал жасады. Жалпы Ы. Алтынсариннің публицистикалық мақалаларын үш топқа бөлуге болады.

1. Хағтары

2. Этнографиялық тақырыпқа жазған очерктері

3. Экономикалық саяси-элеуметтік мәселелерге арналған мақалалары

1870 жылы Ы. Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы казактарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы казактарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» мақалалары жарық көреді.

Ы. Алтынсариннің философиялық көзқарасы оның ағартушылық, педагогикалық, экономикалық көзқарастарымен тығыз байланысты. Ағартушы ретінде ол туған халқының сауатын ашуға тырысты. Ол өзінің ағартушылық қызметінде қиындықтарға кездесе жүріп бұл мұратты жүзеге асыру үшін халықтың надандығымен ғана емес, оған үнемі кедергі келтіріп отыратын ресми саясаттың қарсылығын жеңу керек екендігін де білгені түсінді. 1880 жылы «Орынбор листогі» газетінің редакциясына 1879-1880 жылдары Торғай казактарының басына түскен апаттар («жұт қысы») туралы мақала жазып жібереді. 1880 жылдың 4 сәуірінде В.В.Катаринскийге былай деп жазады: «Жуырда мен «Орынбор листогына» Торғай казактарының басына түскен апаттары туралы мақала жазып жібердім. Осы мақалада казак еліне орыс селендерін әкеліп орнатпак болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға сыймайтын пікір сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым қауіптер, – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық – тез құрып кетеді, сонан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсын. Осындай ерсі қауіптердің оқынанда және естігенде салың суға кетеді. Сондықтан, қауіпті іс пен іспен отырғанымды біле тұрсам да, өзімнің оған қарсы екенімді білдіруге бел байладым» деп патшаның отарлау саясатына ашық қарсылығын білдіреді.

Ы. Алтынсарин өзі ашқан мектептерге арнап оқулық жазуды қолға алады. 1876-1877 жылдар шамасында «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кіріседі. 1879 жылы Орынборда «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін

үйретудің бастауыш құралы» жарық көреді. Ы.Алтынсарин 1879 жылдың бірінші қыркүйегінде Торғай облысының мектептері инспекторы болып тағайындалады. Ы.Алтынсарин өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін Шығыстың жаттамалы діни оқуынан қорғап басты. 1882 жылы ұлы Әбдіхамит(Абдолла) дүниеге келеді. Осы 1882 жылы Ы.Алтынсариннің «Шарифат-ул-ислам» («Мұсылманшылық тұтқасы») еңбегі жазылып бітеді. Кітап екі жыл өткен соң 1884 жылы Қазан қаласында басылып шығады.

Ы.Алтынсарин жастарға шынайы білім беретін пәндерді(жаратылыстану, география, тарих, есеп т.б.) оқытуды іске асырды. Ағартушы ғалым қазақ жастарына кәсіби білім беру мәселесін қолға алды. 1882 жылы 22 ақпанда Орынбор оқу округінде Торғайдан ашылатын колөнер мектебінің ұйымдық жобасын жасайды. 1883 жылы 15 қарашада Торғай қаласында колөнер мектебі ашылады. 10 сәуірде Орск қаласында қазақ даласындағы тұңғыш қазақ мұғалімдерін даярлайтын мектеп ашылады. 1884 жылы екінші ұлы Әбдірахмандүниеге келеді. 1886 жылы қызы Шәрипа өмірге келеді. 1886 жылы «Қазақтың болыстық мектептері туралы записка» деген белгілі еңбегін жазады. 1887 жылы Торғай облысының әскери губернаторы А.П.Проценко болыстық мектептер ашуға ресми рұқсат береді. Алтынсарин ұйымдастыруымен 1887 жылы 15 қарашада Ырғыз қыздар училищесі ашылады. 1888 жылдың 28 қазанында училище интернаты құрылады.

Ы.Алтынсарин патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищесін ашуды өтінеді. Қыздар училищелері Ыбырай қайтыс болғаннан кейін Торғайда(1891), Қостанайда(1893), Ақтөбеде(1896) ашылады. 1889 жылдың ақпан, наурыз айларында Ақтөбе, Елек, Ырғыз уездеріндегі мектептерді аралау, үлкенді-кішілі кезек күттірмейтін мәселелерді шешу бұрын да ыңкыл-сыңкылмен жүрген Ыбырайдың денсаулығын одан әрі нашарлата түседі. Ы.Алтынсарин 1889 жылдың 17 шілдесінде 47 жастан асқан шағында қайтыс болады.

Енді осы ашылған оқу орындарына керек нәрсе, яғни балаларды тәрбиелеуде қажет нәрсе, ол - оқу құралы болды. Ы.Алтынсарин мектеп кітапханасын ұйымдастырып, оқулықтар алдырды, орыс тіліндегі құралдарды аударды, қазақ тілінде оқулық жазды. Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүние жүзіндегі педагог-ғалымдардың ертеден бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин. Бұл мәселе жөнінде ол көптеген педагогтердің, әсіресе, орыстың алдыңғы саптағы ұлы педагог – ғалымдары К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Бунаковтармен пікірлес болды. Ол орыс-қазақ училищелерінде К.Д.Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабын», Б.Ф.Бунаковтың «Әліппе мен оқу құралын», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» оқу құралы ретінде ұсынды. Ы.Алтынсарин орыс халқының XIX ғасырдағы классикалық мол әдебиеттерімен танысты. Өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін

алдымен балалар әдебиетін жасауға бет бұрды. Ол орыс классиктерінің балалар әдебиеті тақырыбына жазылған шығармаларын қазақ тіліне аударды. Оларды қазақ халқының ұғымына лайық етіп аударды және туған баланың әдет-ғұрып, психологиясына неғұрлым жақын шығармаларды таңдап аударды. Кейін орыс ғалымдарының үлгісімен өзі де «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты екі құранын бастырып шығарды. Оның үстіне Ыбырай сол кездегі қазақ баласында тұрақталып қалыптасқан араб жазуын емес, орыс алфавитін пайдаланды. Ыбырай Алтынсарин қазақ әліппесін ұлттық ерекшеліктерге сәйкес құрып, қалыптастыруды арман етті. Ол үшін ұстаз кириллица пұскасын алып, оған қазаки дыбыстардың әріптерін белгілеп қосуды ойлады. Сөйтіп алғашқы хрестоматияны («Қазақ хрестоматиясы» - Евразийская хрестоматия, 1979) шығарды. Өйткені мың жылдан астам қазақ баласында қолданылып келе жатқан араб әліппесі қазақтың ұлттық фонемасына сәйкестендірілмеді, оның фонетикалық жағынан күрмеу бола бастағанын ұстаз бала оқыту кезінде байыптады. Бұл жайды белгілі сөздікші(филолог-лингвист) Ахмет Байтұрсынов та кейіннен кеңінен зерттеп, тіпте оқу әліппесін түзген болатын. Қазақ мектептерінде 1940 жылдан бастап бастаған қазіргі әліппе арқылы қазақтың ұлттық жазуы дамып, қалыптасты. Сонымен қазақ балалар жазба әдебиеті ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты да және оның қалыптасуы Ы.Алтынсарин есімімен тікелей байланысты болды.

«Қазақ хрестоматиясы» еңбегі

«Қазақ хрестоматиясы» орыс хрестоматияларының үлгісімен жасалды. 1876 жылдың 3 желтоқсанында Н.И.Ильминскийге жазған хатында былай дейді: «Бірінші кітабымды Паульсон кітабының құрастырылу тәртібімен жазып шыққаны отырмын. Әрине, мұны қазақ балаларына лайықтап жаздым». Ы.Алтынсарин сол кездегі қазақ жазбасында тұрақталып қалыптасқан араб жазуын емес, орыс алфавитін пайдаланды. Ыбырай қазақ әліппесін ұлттық ерекшеліктерге сәйкес құрып қалыптастыруды арман етті. Бірінші пұскасына қазаки дыбыстардың әріптерін белгілеп қосуды ойлады. Сөйтіп, 1879 жылы алғашқы «Қазақ хрестоматиясын» шығарды. Өйткені араб әліппесі қазақтың ұлттық фонемасына сәйкестендірілмеді. Оның фонетикалық жағынан күрмеу бола бастағанын Ы.Алтынсарин бала оқыту кезінде байыптады. Бұл жайды А.Байтұрсынов та кейін кеңінен зерттеп, тіпте оқу әліппесін түзген болатын.

«Қазақ хрестоматиясы» төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Ұсақ әріптер» әріптілер(балалар турасында)», екінші бөлім «Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер», үшінші бөлім «Әр түрлі өлең-жырлар», төртінші бөлім «Мақалдар» деп аталады.

Хрестоматияға енгізген шығармаларды іріктеуде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабардар ету принципін қолдады. Екіншіден, оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді

дарытуды көздеді. Үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруге тырысты. Ол өз шығармаларында халықтық тілдің негізгі сөздік қорын шебер пайдалана білді. Әдеби тіл принциптерін қатаң сақтады. Оқушылардың ұғымына жеңіл етіп қарапайым тілмен жазды.

Ағартушының Н.И.Ильминскийге, В.В.Катаринскийге жазған хаттарынан Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясын» екі кітап етіп шығаруды жобалағанын байқаймыз. 1876 жылы 3 желтоқсанда Н.И.Ильминскийге жазған хатында былай дейді: «Бірінші кітабымды Паульсон кітабының құрастырылу тәртібімен жазып шыққалы отырмын. Екінші кітабымды мен балаларға қызғылықты етіп, табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы, тарихи және географиялық-ғылыми әңгімелер келтірмекпін». 1880 жылдың 4 сәуірінде В.В.Катаринскийге жазған хатында былай дейді: «Декабрь айындағы қиын сапардан кейін аяғымның сырқырап ауыра беруінің салдарынан қыстың денін сырқаттанумен өткіздім, сол мезгіл-мезгіл ауырған сырқатымның ара-арасында хрестоматияның екінші бөлімін құрастыра бастадым. Мұны бір-екі жылда аяқтайтын болармын. Хрестоматияның бұл бөлімінде мен мүмкін болғанынша толық түрде жаратылыс тарихы туралы, география, тарих туралы, аздап химиядан, физикадан, техникалық өндірістен түсінік бергім келеді. Қазақ халқының қазіргі жағдайында маңызы күшті болатын бұл еңбекті ойдағыдай орындап шығуыма құдай тек өмір мен күш беретін болсын, - мұны жақсылап қолдана білсек, бұл қазақ даласына көп өзгеріс енгізеді».

Хрестоматияның құрастырылу үстінде екендігін 1883 жылғы хатында тағы хабарлайды. Әрі оқулықтың араб әрпімен терілуіне байланысты ойынан хабар береді. «Хрестоматияның екінші бөлімін жазып жатырмын, жаратылыс тарихы бөлімін аяқтадым, енді географиялық суреттеме бөліміне кірісіп отырмын. Бірақ, тағы да бұл хрестоматияны араб әрпімен бастыру керек-ау деген ойдамын. Өткен жолы алфавит мәселесі жөнінде, попечительге көрсетсе керек болар деген оймен, Сізге ресми түрде хат жазған едім. Осы жөнінде өз пікіріңізді хабарласаңыз жақсы болар еді» деп жазады 1883 жылдың 4 ақпанында В.В.Катаринскийге. Демек, 1879-1884 жылдар ішінде Ы.Алтынсарин хрестоматияның екінші кітабын құрастыру үстінде болған. Ыбырайдың шәкірті Ғ.Балғынбаевтың естелігі бойынша, хрестоматияның баспаға дайын екінші бөлімін Алтынсариннен кейін инспектор болған А.В.Васильев өз қолымен қайта көшірген. Ғ.Балғынбаев «... тарату мақсатын көздеп мен арқылы беріп жіберді» дейді де қайда, кімге беріп жібергендігі турасында да және қолжазбаның одан кейінгі тағдыры жайында да ештеңе жазбайды.

1886 жылы 2 сәуірде В.В.Катаринскийге «Мен қазір өте жабырқау, өте көңілсізбін, өйткені, мен көмектеседі, қолдайды деп үміт еткен өкімет орындарының өзі ақырында келіп, мені заңды және тіпті заңсыз жолдармен қудалап отырады» деп жазған[1;281] Ы.Алтынсариннің «Қазақ

«хрестоматиясының» «қазақ даласына көп өзгеріс енгізетін» бөлімін жинақтау жолындағы еңбегінің еш кеткендігі таңқаларлық жайт емес.

Ы.Алтынсарин өлеңдері

Ы.Алтынсариннің әдеби еңбектерінің жинағы - «Қазақ хрестоматиясы» атты кітаптың айқын ағартушылық мақсатта жазған әйгіл екі өлеңімен басталады. Ақын бұл шығармаларын хрестоматияның өз кезіндегі басылуында «Сөз басы» деген атпен кітаптың алғашқы бетінде жариялаған еді. Қазіргі кезде олар «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер - білім бар жұрттар» деген атаулармен айтылып, жұртшылық ұғымына әбден сіңісіп кеткен. Ыбырай бұл өлеңдерінде қазақ жастарына білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрін батыл меңгеруге шақырған.

Өлеңдерінің ұрандық, жаңалыққа шақырушылық қасиеттерінің басым болуы да осыған байланысты. Бұл шығармаларын кітаптың алғашқы беттерінде жариялай отырып, ол оқушының назарын бірден кітаптағы негізгі мәселеге - халық ағарту мәселесіне аударуды көздеді. Сол себепті бұл екі өлеңді кітаптың бүкіл өзекті мәселесі мен мақсатын өз оқушысына бірден танытсын деп «сөз басы» деп берді. Шындығында да, олар «Қазақ хрестоматиясы» сияқты кітап үшін тамаша сөз басы еді, бұл екі шығарма осы күйінде қазақтың ғылым-білім дүниесіне қарай аттаған бірінші жас ұрпағына абзал қызмет етті.

«Кел, балалар, оқылық». Ыбырай өлеңдерінің ішіндегі ең кең таралғаны да - «Кел, балалар, оқылық!». Бұл - балаларға үгіт ретінде жазылған, оларды оқуға, өнер үйренуге шақырған, өнер-білімнің пайдасын түсіндіретін өлең. Бұл өлең кеңес дәуірінде балаларға арналған оқулықтар мен оқу құралдарының бәрінде де үздіксіз басылып келді және қазіргі кезең оқулықтарында да басылуда. Бұл - аталмыш өлеңнің уақыт талабына жауап біреуі болып, әр дәуір ұрпағын тәрбиелеуге үн қосып келе жатқандығының айғағы. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі - түгелдей Ыбырай өмір сүрген дәуірдің рухына, шындығына толы.

Білім-өнерден алыс жатқан қазақ балаларын жинап алып, осы тәртізден үгіттеп, ұрандық мәні бар өлең оқу ол дәуір үшін тың жаңалық еді. Бала ұғымына жаңды әсер ету үшін ақын оқу-білімнің өлмейтіні мен «мал-дәулеттің байлығы бір жұтаса жоқ болатынын» біріне-бірі қарсы қоя отырып түсіндіреді. Сонымен қатар адам еңбегіне мән береді - «сауысқан тамаша шөкүмен табады, өнер-білім өкумен табылады» дегенді еске салып. Өлеңнің «Кел, балалар, оқылық!» деп қайталанып отыратын үш тармағы ойы бекітіп, оның үгіттік әсерін арттыра түседі. «Әлпештеген өмір өлеңі қарттың ... қартайғанда жабығып, мал таятын күн болатын», «ата - енең қартайса, сосын қолдан мал тайса, «сөз» де, «сүйеу» де оқу-білім» болатынын ұмытпауға шақырды: Кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық! ... деген

Ыбырай атамыздың өлең жолдары әр ұрпақтың, бар буынның жадында жатталып қалған жан серігіндей.

Ыбырайдың «Кел балалар, оқылық!» өлеңінің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі - оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында. Бұл жағдай Ыбырай шығармаларының қазақ еңбекшілерінің түсінігі мен талабына сәйкес келіп, оның халық арасына оңай және тез сіңісуіне мүмкіндік туғызған фактор ретінде көрінеді. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің екінші бір құндылық жағы қазақ қоғамының сол дәуірдегі өмір шындығына айқын көрініс бере алатындығы десек, асыра айтқандық болмайды.

Автор өзінің негізгі идеясын оқушыға қазақ тұрмысындағы белгілі жағдайлар арқылы жеткізуді көздейді. Атап айтқанда, ол қазақ даласында кең етек алған мал байлығы мен казактар үшін әлі де қолға түспей отырған білім байлығын қатар салыстыра келіп, малдың «жұтқа» ұшырауы сияқты қазақ өміріндегі кесір-кердең апаттарды суреттейді, білімсіз, еңбексіз табылған байлықтың баянсыздығын ұғындырады, мал шаруашылығының дала тұрмысында күн көрудің бірден-бір көзі болып отырғанын қынжыла, ашына бейнелейді.

«Кел, балалар, оқылық!» өлеңі ұлттық шеңберде, қазақ қоғамындағы мәселелердің төңірегінде жазылған, идеялық бағыты мен негізгі тақырыбы жағынан мәдениетті елдердің ағартушыларының осы саладағы еңбектерімен үндес те үзекгілес шығарма болды.

«Өнер-білім бар жұрттар». Ыбырайдың «Өнер - білім бар жұрттар» деген өлеңі «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің жалғасы тәрізді. Екі шығарманың да мазмұны мен идеялық максаты жағынан біртұтастығы осы пікірді растай түседі. Ыбырай хрестоматияның өз кезіндегі басылымдарында бұл екі өлеңді сол себепті де бір-бірінен бөлмей жариялаған болатын. Сөйтіп, кітаптың бірінші бетінің өзі Ыбырайдың әдеби және ағартушылық еңбектерінің идеялық жағынан бір-бірімен тығыз байланыста туғанын және айқын халықтық максатта дүниеге келгенін білдіреді.

Ақын «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінде білімнің артықшылығын қазақ қоғамындағы әр түрлі жағдайлармен салыстыра отырып көрсетсе, «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде ғылымның жетістіктерін тікелей мадақтайды, мәдениетті елдің озық салтын баяндайды. Шығарманың лирикалық кейіпкері өз замандастарының назарын мәдениетті елдің қолыжеткен табыстарына аударуды көздейді, олардан үйренуге шақырады, халқының мәдени мешеулігіне қынжылады. Автор ғылым мен мәдениеттің негізгі көзі деп, атын атамаса да орыс қоғамын, оның халықтық мәдениетін көрсетеді. «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде ғылым мен техниканың сол кездегі ең басты жаңалықтары толық баяндалады. Олардың қайсысы да ғасырлар бойы езушілікте болып, жаксы өмірге ансаумен келе жатқан қазақ халқының көңіліне қонымды

жүйеде дәлелденеді, оның жаңалыққа талпынушылығын арттыра түсетін дәрежеде көрінеді.

Ы.Алтынсариннің табиғат лирикасы. Ыбырайдың бірлі-жарым өлеңдері табиғаттың сұлу көріністерін суреттеуге арналған. Мұндай лирикалық өлеңдер қазақ әдебиетінде Ыбырайға дейін жөнді кездеспейтін еді. Оның «Жаз», «Өзен» өлеңдері кезінде қазақ әдебиетіне жаңашыл болып қосылды. Адам өмірі табиғат аясынан тыс болмақ емес. Бірақ Ыбырайға дейінгі қазақ ақындары табиғатты өз алдына тақырып жасап, бөлек жырлауды дәстүр етпеген еді. Ыбырай мен Абай қазақ әдебиетінде жыл мезгілдерін өз алдына тақырып етіп жырлаған жаңашыл өмірлік ақындар болды.

Ыбырай мен Абайдың табиғат көрінісіне айрықша көңіл аударып оны шабытпен жырлауы кездейсоқ емес. Мұнда біраз ұқсастық бар сияқты. Ең алдымен, бұл арада Абай мен Ыбырайдың идеялық бағыты жағынан озықтығын, соның нәтижесінде олардың эстетикалық сезімінің тереңдігін айтуымыз қажет, екіншіден, олардың орыс әдебиеті классиктері Пушкин мен Лермонтовтың осы тақырыптағы шығармаларынан үйреніп үлгі алғандықтарын көрсету қажет. Шын мәніндегі пейзаждық лириканы Ыбырай жасады. Ыбырай табиғат лирикасын туғызған кезде оның алдында даяр үлгі – орыс әдебиеті мен батыс поэзиясы бар еді. Ақын оны шебер меңгерді және оған өзіндік тағаммен қарады. Ол табиғатты адам өмірімен байланыстыра жырлаған Байрон, Пушкин, Лермонтов сияқты ақындарды үлгі тұтты. Сөйтіп, ол әрі мұны, әрі сұлу суретті табиғат лирикасын жасады. Ыбырайдың табиғат туралы өлеңдері бастан-аяқ адам тіршілігіне байланысты. Ақынның бұл өлеңдері реалистік суреттерімен ерекшеленеді.

Ыбырай өлеңдерінің лирикалық кейіпкері оқушыға тым жақын. Ол оқушының жан дүниесінде жайдарылық сезім туғызады, көңілді әсер береді. Ақынның лирикалық кейіпкері табиғат сұлулығын да таны береді, одан өзіне рухани күш те ала алады. Шын мәніндегі пейзаждық лирика нағыз талантты ақынның қаламынан, жазба әдебиеттің өскен оқиынан ғана туады деп есептесек, «Жаз», «Өзен» өлеңдерін оқи отырып Ыбырайдың осы айтылған талаптарға сай келетін ақын болғанына көзімізді еркін жеткізуге болады. Оның өлеңдерінің әр шумағында табиғаттың белгілі бір көрінісі суреттеледі. Жеке суреттеулердің жанды бейнеге келтірілуі табиғаттың әр құбылысын оқушының көз алдына келтіре алады.

Ыбырайдың «Жаз», «Өзен» өлеңдері халықтың II буынды қара жанының ұйқасы негізінде жазылған және сөздік қолданысы, негізгі мәселені суреттеуі жағынан да халық өлеңдеріне ұқсас. Ыбырайдың бұл шығармалары осындай өткірлік, көркемдік қасиеттерінің арқасында қарапайым ауылда да кеңінен тарап, өздерінің бүкіл ерекшеліктерімен оқушының танымына толық үндесті. Соның нәтижесінде олар XIX ғасырдың аяқ кезінде авторы белгісізденіп, мүлде халықтық

шығармалар болып кетті. Бірақ соның өзінде бастапқы түрін толық сақтады. Орыс оқымыстылары И.Лаптев пен Д. Львовичтің қазақ ауыз әдебиетінен жинаған материалдарында осы шығармалар кездеседі. Олардағы текстiлердiң хрестоматияның 1879 жылы басылуындағы негiзгi текстiлерден мүлдем айырмашылығы жоқ. Осы бiр фактының өзi «Жаз», «Өзен» өлеңдерiнiң көркемдiк қасиеттерiн айтпай-ақ танытады. Өйткенi нашар шығарманы халық жаттамайды да, таратпайды да, ал таратқан күннiң өзiнде үлкен өзгерiске ұшыратады, өңдейдi, сөйтiп өзiндiк шығарма етiп жiбередi. Ал «Өзен» мен «Жаз» мұндай халге ұшыраған жоқ. Ыбырайдың «Балқожа бидiң баласына жазған хаты», «Бұл кiм?» «Араз бол, кедей болсан, ұрлықпенен», «Әдiлдiк көрмегенi үшін бiр төреге айтылған сөз», «Әй, достарым!» деген өлеңдерi де бар.

Ыбырай әңгiмелерi

Ыбырайдың жемiстi еңбек етiп, едәуiр жақсы шығармалар қалдырған саласының бiрi - проза жанры болды. ХIХ ғасырдың 70-80 жылдары аралығында қазақ даласының рухани және әлеуметтiк-экономикалық өмiрiнде зор өзгерiстер орын алған едi. Қоғамда болып жатқан өзгерiстер әдебиет саласына да өз әсерiн тигiздi. Ы.Алтынсариндi сол тұстағы шығармалардың формасы мен мазмұны қанағаттандырмады. Ол жаңа шығармашылық әдiспен жазылған көркем шығармаларды әкелуге тырысты. Нәтижесiнде, Ы.Алтынсарин қазақ балалар әдебиетiне шағын әңгiме формасын енгiздi. Хрестоматияға Ыбырай, бiрiншiден, қазақ халқының Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегi, аңыз-әңгiмелерiн енгiзсе, екiншiден, өзiнiң «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейiтқұл», «Кiзi үй мен ағаш үй» т.б. ғибратқа, өсиетке құрылған әңгiмелерiн, үшiншiден, И.И.Паульсоннан, Л.Толстойдан, К.Ушинскийден т.б. аударған әңгiмелерiн енгiздi.

Жазушы хрестоматиясына енгiзген үлгiлердi мейлi халық ауыз әдебиетiнен алсын, мейлi басқа ел әдебиетiнен алсын, оны ол өзiне ғана тән ой толғауларымен қайта баяндап, кейбiр шығармаларға өзiндiк идея, өзгеше мән берiп, қайта өңдеген едi. Кейбiр ұзақ әңгiмелердi қысқартып қолданған, сондай-ақ кейбiр әңгiмелердiң ұзын-ырғасын түгел сақтамай, оның түйiндi мәселесiн ғана жинақтап қысқартып баяндаған. Кейде бiр әңгiменiң сюжетiн пайдалана отырып, оны өзiнше құрған. Тiптi қазақ халқының ертегi-аңыздарын да Ыбырай ой елегiнен өткiзiп, өңдеп ұсынады. Ыбырай әңгiмелерiнде өмiр құбылысы, адам әрекетi ешқашан шындықтан алшақтамайды. Оқиға өмiр шындығына сай алынады да, реалистiк әдiспен суреттеледi.

Ыбырай әңгiмелерi тек мазмұн жағынан ғана құнды емес, тiл, стиль жағынан да ерекше маңызды. Ол өз шығармаларында халықтық тiлдiң негiзгi сөздiк қорын шебер пайдалана бiлдi. Әдеби тiл принциптерiн қатаң

сақтады. Оқушылардың ұғымына жеңіл, әсерлі, қарапайым тілмен жазды. Ш.Ахметов Ыбырай әңгімелерінің төрт түрлі ерекшелігін атайды. «Ы.Алтынсарин шығармаларының көбі балаларға арналғандықтан алдымен оның тілі жеңіл болуын қарастырды. Қарапайым, халықтық тілмен жазды. Осы кездерде, одан бұрын да қазақ әдебиетіне араласып, шұбарлай бастаған араб, парсы, татар, шағатай тілдері Ы.Алтынсарин шығармаларына енген емес. Діни сөздер мүлде кездеспейді. Қазақ әдеби тілінің біртұтастығы мен тазалығы үшін күрескен. Мұның аса құнды жақтары осы еді. Баланың ұғымына қиын тиетін бірде бір түсініксіз ауыр сөздер жоқ. Екіншіден, сөйлем орамдары мейлінше қысқа, көбіне жай сөйлемдер болып отырады. Үшіншіден, жазылған әңгімелерінің көлемі шағын. Төртіншіден, оқиға шепсіз шұбалаңсыз, баланы жалықтырматын әрі қысқа, әрі жеңіл, әрі қызықты болып келеді. Нысанаға тиетін ойларды дәл айтады, боссөзділік, артық суреттемелер жоқ» - дейді Ш.Ахметов.

Жалпы алғанда, Ыбырайдың қазақ ауыз әдебиетінен жинаған және кезінде жариялаған материалдарын төрт түрлі жанрға бөліп қарауға болады: аңыз-әңгімелер («Лұқпан хакім», «Таза бұлақ», «Жомарт», «Өтіріктің аралы», «Ізбасты би», «Жиренше шешен» т.б.), ертегілер («Қара батыр», «Татпа бала», «Алтын айдар» т.б.), эпостық шығармалар («Қобыланды» және басқа жырлардан үзінділер) және мақалдар мен мәтелдер. Осыларға қоса, Ыбырайдың хрестоматиясынан сол кездегі қазақ әншілері мен жыршылары шығарған кейбір өлең, айтыстарды кездестіруге болады. Ыбырайдың ауыз әдебиетінен пайдаланған шығармалары, негізінен, халық аузындағы варианттарын сақтаған.

Хрестоматияда жарияланған халық аңызының бірі – «Жомарт» әңгімесі. Ол ел аузында көп тараған «Атымтай Жомарт» деген аңыздың негізінде шыққан. Бұл аңыздың да әр түрлі варианттарының бар екені мәлім, бірақ сол алуан саладағы варианттардың ішінен Ыбырай ең бір халықтық түрін таңдап ала білген. Мұны Жомарттың адамгершілік қасиеттері мен әрекеттерінен көруге болады. Жомарт - халықтың ауыр тұрмысқа қынжылуына байланысты туған, оның болашаққа арманын бейнелейтін образ. Ол әуелде кедей бола тұрып, кейін өзінің еңбегі арқасын байыған адам болып көрінеді. Бұл - әрине, халықтың қиялы, өлгені. Бірақ соның өзінде халық Жомартты бай етіп көрсеткенмен, Шығайбай сияқты көрсетпейді, керісінше, оның әрбір іс-әрекетіне сүйсініп отырады. Жомарт өзінің еңбек етуін бұрынғы күнімді ұматпауыма және қатарымдағы шаруаларды естен шығармауыма жәрдемін тигізеді деп біледі.

«Лұқпан хакім» әңгімесінен еңбекші бұқараның Лұқпанды өз ағамы деп танып, оған сүйіспеншілікпен, үмітпен қарағанын көру қиын емес. Соның нәтижесінде Лұқпан да өзін халықтан бөлмейді, оның мүддесі үшін күресуге талаптанады. Ыбырай жариялаған «Таза бұлақ» деген әңгіменің сюжеттік, тілдік ерекшелігіне, идеялық мазмұнына келетін болса, оның халық аузынан алынған шығарма екендігіне шүбәлануға

болмайды. Халық арасында көп тараған аңыздың бірі - «Жиренше шешен». Ыбырай Жиреншенің ханды қанбақ пен қаз арқылы маскаралайтын, Қарашашпен қосылатын, Қарашаштың тапқырлығын суреттейтін мәтіндерді жариялады. Бұл аңыздан халық өкілі Жиреншенің бейнесін толық көруге болады. Ол ханның топастығын дәлелдейді, өзін өлімнен құтқарады. Өзінің шыққан ортасы сияқты Жиренше де кедей, бірақ өз лашығын «айхай, менің өз үйім, кең сарайым – боз үйім» деп санап, өмір қиыншылығына жасымай, халыққа тән данышпандық, тапқырлық қасиеттерді танытады. Жиреншенің қауіпті жағдайдан оңай құтыла беруі де, осы жолда Қарашаш сияқты ақылды жарының болуы да - халықтың арманынан туған жайлар.

Ыбырайдың «Таза бұлақ» әңгімесі - халық аузынан алынған шығарма. Әңгіменің сюжеті мынадай: үш жолаушы бір бұлақтың басында кездесіп, су ішіп қанғаннан кейін, тастағы : «Ей, жолаушы, болсаң, осы бұлақтай бол!» - деген жазуды оқиды. Жолаушылардың бірі саудагер, екіншісі молда екен. Олар жазуды өздерінің мақсаттарына сай жориды. Үшінші адам көркем келген бір әдемі жігіт екен. Ол жазуды «таза, ақ жүрек адам бол» дегені деп шешеді. Халық кісі еңбегін қанайтын саудагерді де, жалған уағыз тарататын молданы да жек көреді. Сол пікір осы әңгімеде айқын бейнеленген. Бұған қоса, үшінші адамның көркем келген сұлу жігіт болып суреттелуінде де мән бар. Халық оны сүйсіне көрсетіп отыр және оған өзінің ойындағы пікірін айтқызған. Еңбекші бұқараның адамгершілікті, әділдікті сүйгені және оны арман еткені мәлім.

«Ертегілер» еңбегінде «Мақта қыз бен мысық» ертегісін М.Әуезов балаларға арналған ертегілер қатарына жатқызған болатын. Аталған ертегіні Ы.Алтынсарин өз хрестоматиясына енгізеді. Ертегінің жасы кіші бала үшін танымдық та, тәрбиелік те мәні үлкен. Ертегідегі тышқан, тауық, дүкенші, қыздар, ағаш, сиыр, мақта қыз, мысық әрекеттерінің тізбекті болып келуі балалар үшін қызықты. Ыбырай пайдаланған аңыз-әңгімелердің ішінде қазақтың жыл санауына байланысты аңыз да бар. Ол «Жан-жануарлардың дауласқаны» деген тақырыппен берілген. Бұл аңызды пайдалануда Ыбырайға орыс тіліндегі оқулықтар ой салған тәрізді. Ыбырай пайдаланған орыс педагогтерінің оқулығында осы тақырыптас («Спор животных») әңгіме кездеседі. Бірақ олардың сюжеті мүлде басқаша: үй хайуандары өздерінің қожасына еткен еңбектерін айтып таласады.

Ыбырай әңгімелерінде сабырлылық адам басының аса бір үздік қасиеті ретінде көрсетіледі. «Асыл шөп» әңгімесінде ауыр жүк көтеруден аһлап-уһлеп мазасы кеткен Злихаға Бәтима қыздың «Менің жәшігімнің ішінде ауырды жеңілдететін асыл шөп бар, ол шөптің аты - сабыр» деуі көңілге қонады. «Бақша ағаштары» деген әңгімесінде қисық ағаш сияқты қыңырайып қалмай, түзу өсу үшін, алдымен, ата-ананың, мектептің айтқанына, тәртібіне, тәрбиесіне мойынсұну керектігін ескертеді.

Иманшылық, инабаттылық тәрізді тақырыптар Ы.Алтынсариннің «Шеше мен бала», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», әңгімелерінде көтеріледі. Луруы жанын көзіне көрсетіп тұрса да, анасы үшін дыбысын шығармаған бала, құсты аяп, еркіндікке жіберіп, оны сатқалы тұрған балаға күнкөріс үшін ақшасын берген кішкентай қыз, әкесі үшін кесуге өз қолын ұсынған мейірімді қыз – бүгінгі мектеп баласын адамгершілікке үйрететін образдар. Ы.Алтынсарин қазақ халқының әдет-ғұрпын, даналығын, салт-дәстүрлерін, ырым-нанымдарын балаларға арналған әңгімелерінде кеңінен психаттайды. Ыбырайдың өлең-жырлары мен әңгімелері халық санасына жаңалық болып сінді. Ол өз шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі қайшылықтарды ашып көрсетті. Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады. Ы.Алтынсарин өзінің шығармалары арқылы қазақ балалар әдебиетін жанр, түр, мазмұн, идея жағынан ілгері бастырып қана қойған жоқ, байытты. Өмір шындығын танытатын көркем прозаның шағын үлгісін жасады. Сөйтіп жаңалықтың жаршысы болды.

«Қазақ хрестоматиясына» енгізілген әңгімелерінің бәрі Ыбырайдың негізгі педагогтық ісімен тығыз байланысты болды. Яғни хрестоматияға енгізілген шығармаларды іріктеуде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабардар ету принципін көздесе, екіншіден, оқушыларды адалдыққа, қайырымдылыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, тияқырлыққа тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерді олардың бойына дарытуды көздеді. Үшіншіден, жастардың, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруге тырысты. Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқан көркем әңгімелер тұрды. Сөйтіп Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас дамыды. Оның жазушылық қиялына қанат бітірген нысанасы қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу болды.

«Бай мен жарлы баласы» деген қысқа әңгіме - Ыбырай творчествасының биік сатысы. Ол ағартушының озық педагогикалық ойларының көрінісі болып саналады. Әңгіме оқушысын еңбек етуге, өмір сырын үйрене, меңгере түсуге шақырады. Өмір, табиғат өздігінен ештеңе бермейді, мәселе оны жеңе, бағандыра білуде деген идеялық қорытынды ұсынады. Әңгіменің осы ерекшелігі Ыбырайдың бүкіл ағартушылық еңбегінің негізгі сырын, әлеуметтік тенденциясын айқын ашып береді. «Бай мен жарлы баласы» әңгімесі, ең алдымен сол дәуірдің өмір көрінісін дұрыс бейнелейді. Әңгімедегі көріністер Асаннның адам болып жаратылғаннан бері өмір сүру күйін, яғни, тек ас ішуге ғана бағылғанын, сондықтан да тамағы тойса күліп, қарын ауыса жылауды ғана біліп, өзге дүниені ойлау дегеннен мүлде мақұрым қалғанын анықтайды. Асаннның тағы да бір осалдығы – ол өзі пайдаланып отырған тамақтың да қайдан және қалайша табылатындығын білмейді. Бірақ далада қалғанда ол нендей нәрсенің тамақтыққа жарайтындығын

да айыра алмайды, сондықтан оның іздеп те әуре болмайды, тек қайғырып жылаумен болады. Ал Үсен болса Асанға қарама-қарсы бағытта суреттелген. Үсеннің әрбір қимылы мен әрекетіне жазушының өзі де сүйіспеншілік сезіммен қарап отырады. Жасы 12-13 -тің шамасындағы Үсен әлі күрделі бір істер істеп тастамағанмен келешегінің зор екендігін танытады. Мұны оқушы да еркін аңғара алады. Автордың негізгі көрсетпек болып отырған мәселесі де осы. Үсен өз ісіне әр кезде де сеніммен кіріседі, өйткені оның дұрыстығына шүбаланбайды. Ол әрдайым кез келген істі бастауда «әкем айтушы еді» - деп, өз әкесінің айтқандарымен жүзеге асыргандарың басшылыққа ала отырады, осы арқылы жалпы халықтың тәжірибесіне сүйенеді. Оның әкесінің халық өкілі екені мәлім. Жазушы Үсеннің қиындықты жеңіп шығуының бір себебін оның осы халық тәжірибесіне сүйенуінен көрсетеді. Сөйтіп Үсеннің мықтылығының өзі сол халықпен байланысынан келіп шығады. Жазушы осы оқиғалар арқылы халық күші мен тәжірибесінің жеңімпаздық қуатын баса көрсетеді.

Ыбырай «Бай мен жарлысы баласы» әңгімесінде екі баланың еңбекке екі түрлі қатынасын көрсетсе, «Қыпшақ Сейтқұл» шығармасында творчестволық еңбектің нәтижелерін суреттеді. Сөйтіп жазушы бұл әңгімелерде екі ұрпақ өмірін суреттейді, сол арқылы жалпы халықтың тіршілік ету, өмір тану, табиғатты меңгеру әрекеттерін баяндайды. «Бай мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімелерінің бір-біріне байланысты шығармалар ретінде қаралуы осы себепті. Жазушы бұл шығармада қазақ даласында жаңадан кең орын тебе бастаған жер шаруашылығы мен сауда кәсібінің алғашқы нәтижелерін көрсетеді, олардың прогресшілдік сипатын тәжірибе жүзінде дәлелдейді, қазақ кедейлерінің жаңалыққа ұмтылу және оны қабылдау дәрежесін суреттейді. Осыған байланысты жазушы тұрмыстағы ескі салттардың да ыдырай бастау процесін көрсетеді. Мұның өзі шығармада, ең алдымен, қоғамдық өмірдің шындығы ретінде нанымды оқиғалармен байланысты екендігі аңғарылады.

Қазақ қоғамының 60-70 жылдардағы тарихына көз салсақ, Қазақстанның Россияға біржолата қосылуына байланысты дала өмірінде бірсыпыра феодалдық ескі саясаттардың шайқала түскені мәлім. Ағартушы Ыбырай бұл шығарманың тәрбиелік мәніне де айрықша көңіл бөлді. Ол осы әңгімесі арқылы, ең алдымен, еңбектің, әсіресе, ұйымдасқан еңбектің күшін көрсетпек болды, екіншіден, қалың көпшілікті жер шаруашылығымен айналысуға шақыруды мақсат етті. «Бай мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімелерінен ағартушының еңбек мәселесіне айрықша назар аударғанын көреміз. Шын мәніндегі педагог Ыбырайдың бұл мәселені қалыс қалдыруы да мүмкін емес еді. Өйткені жастарды еңбекке баулу - қай кезде де азаматтық тәрбиенің елеулі шарттарының бірі болды. Қазақ халқы - кәсіпқорлықты дәріптеген халық, аншылық, егіншілік, ағаш ұстасының

өнері мен көлөнер кәсібі – біздің ата мұрамыз. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінде халықтың осы өнерпаздық қасиетін ерекше насихаттаған. Жазушы «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімесінде кәсіп мәселесін сөз қылады, отырықшылық тұрмысты уағыздайды. Бір жерді түпкілікті мекен еткен елге киіз үйден гөрі ағаш үй қолайлы болады деген ой айтады. Киіз үйдің мал баққан шаруа үшін қажеттілігі де жазушы назарынан тыс қалмайды. Бұл шығармасында қаламгер отырықшылықтың тиімділігін көрсетуді мақсат еткен. Бұл - осының белгісі.

Оқулыққа енген көпшілік шығармалар, Ыбырайдың өзі атап көрсеткендей, Паульсонның хрестоматиясынан алынды. Олар: «Асыл шөп», «Бақша ағаштар», «Шеше мен бала», «Мейірімді бала», «Дүние қалай етсен табылады», «Әдеп», «Мұжық пен жасауыл», «Сақып» және т.б. Л.Толстойдан аударған әңгімелері: «Силинші деген ханым», «Малды пайдаға жарату», «Мұңсыз адам», «Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ», «Жамандыққа жақсылық», «Данышпан қазы», «Үш ұры» т.б. Ушинскийден аударған әңгімелер: «Полкан деген ит», «Түлкі мен ешкі», «Үнді» т.б.

Ыбырай көркем аударманың мүмкіндіктерін ашты. Оның аударма әңгімелері тым жатық, қазақтың төл туындысындай оқылады. Кейбір әңгімелердің ұзын-ырғасын түгел сақтамай, олардағы түйінді мәселелерді ғана жинақтап, қысқартып баяндайды. Мәселен, Л.Толстойдың «Петр I и мужик» әңгімесі екі шағын бөлімнен тұрады. Біріншісінде Петр патша жолдан адасып жүріп, ағаш шауып жатқан мұжыққа тап болады да, біраз әңгімелеседі. Екінші бөлімде мұжық патшаны орманнан алып шығып, жол көрсетеді. Алтынсарин өз әңгімесіне бірінші бөлімдегі оқиғаны ғана өзек етіп алады және тұтастай емес, өз пайымына қарай ыңғайлап алады. Толстой әңгімесіндегі мұжық ақшасын үшке бөледі, бірінші бөлігімен әкешесіне қарызын өтейді, екінші бөлігін ұлдарына қарызға береді, үшіншісін қыздарын асырауға жұмсайды. Алтынсарин әңгіме атауын ауыстырып қана қоймай, кейіпкерлерін де өзгертеді. Әңгіме кейіпкері – көп мал тауып, азбен қанағат етіп, аз жұмсап тұратын үйші. «Қарт әке-шешеме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін, өзімнен туған балаларға оқу оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышымды өтегені емес пе, - деді. Ыбырай әңгімесінде өлендерінен бастау алатын ой («Баладан қайыр болмаса, баланы неге сұрайды?», «Ата-ананды өнер білсең асырарсың» деген жолдар бұған дәлел) жалғасын тапқан. Сөйтіп жазушы ұзақ әңгімелерді қысқартып пайдаланған.

Кейде бір әңгіменің сюжетін пайдалана отырып, оны өзінше құрады. Мысалы, Л.Толстойдың «Царь и рубашка» әңгімесін Алтынсарин «Мұңсыз адам» деген атаумен аударған. Аударма әңгімеде өзгешеліктер жоқ емес. Мәселен, Толстой әңгімесінде патшаның өзі дертті болса, Ыбырайда патша ханымы аурулы болады. Ханым сырқатына еш дауа табылмайды. «Патша мұнан соң бақсы-балгерлерді жидырып, жарлық айтты: - Балдарыңызды

ашып, осы ханымға не еме болатынын табыңыз, егер таппасаңыз, бәріңізді де асып өлтіремін, - деді.

Ы.Алтынсарин қазақ балалар әдебиетіне жаңа сападағы мысал жанрын енгізді. Ильминскийге жазған хатында(1876, 3 желтоқсан) былай деді: «Мысалдарды (басни)енгізгім келмейді. Өйткені, қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жок нәрсені үйретеді деп, тіпті ренжитінін тәжірибемнен білемін»(210). Дегенмен де, Ы.Алтынсарин И.А.Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын өлеңмен еркін аударған. И.А.Крыловтағы салған жерден айтылатын мораль бұнда жок. Түпнұсқа қарғаның ірімшік тауып алуынан басталса, аударма аш түлкінің тамақ іздеп, жортып келе жатуынан басталады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметін баяндаңыздар.
2. Ы.Алтынсариннің халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбегін әңгімелеңіздер.
3. Ыбырай әңгімелеріндегі өмір суреттерінің шынайы сипатына назар аударыңыздар.
4. Ы.Алтынсарин өлеңдерінің құрылымдық жүйесін талдаңыздар.
5. Ы.Алтынсариннің өлеңдері мен әңгімелеріне тақырыптық, идеялық тұрғыда талдау жасаңыздар.

Абай Құнанбаев және балалар әдебиеті

Қазақ балалар әдебиетінде ұлы акын Абайдың да көрнекті орны бар. Балаларға арнайы еңбек жазып, өзі педагогтік іспен шұғылданбаса да, Абай бала тәрбиесіне, оның келешек қоғам үшін пайдалы адам болып шығуына үлкен зер салған. Ұлы акын 1845 жылы Бұрынғы Семей(қазіргі Шығыс Қазақстан) облысындағы Шыңғыс тауларында туған. Өзінің туған даласының ақындары мен әншілерінің толып жатқан бай шығармаларының бәрін – түрлі хикая-әңгімелерді, ертекттерді, батырлар жырларын, тарихи өлеңдерді ауылында жүргенінде талай рет зейін сала тындап, жаттайды.

Ауылдағы молдадан хат танытқаннан кейін Құнанбай сегіз жасар Абайды Семей қаласына жіберіп, Ахмет-Риза имамның медресесінен оқытады. Осы медреседе оқыған үш жылдың ішінде дарынды, зирек бала көп нәрселерді үйренеді. Араб-иран және түрік ақындарының шығармаларын құмартып оқи бастайды. Абай жастайынан-ақ сөз тапқыш, өткір сөзді шешен деген атаққа ие болды. Абайдың ерте кезде жазған өлеңдері біздің заманымызға толығымен жеткен жок.

Өмірінің 35 жасында Абай қайтадан өлең жазуға кіріседі. Бірақ бұл кездегі өлеңдерін де ол әлі де болса өзінің жақын жас досы Көкпай Жанатаевтың атынан шығарады. Он-жиырма жылдың ішінде ой-өрісі кеңіп, мәдениеті өсе бастаған Абай халық әдебиетіні, шығыс акындарының ең жақсы мұраларын, әсіресе, орыстың классикалық әдебиетін оқып үйренеді. Тек 1886 жылы, жасы қырыққа жеткенде ғана ол «Жаз» деген өте көркем өлеңін жазып, осыдан кейін тұңғыш рет өзінің шығармаларына өз атын ашық қоя бастады. Міне, осы уақыттан бастап, оның қалған өмірінің жиырма жылы терең мағыналы акындық творчествосының қанатты кен жайып, еркін гүлдене бастаған кезеңіне айналды.

Абай өзінің есейген шағында жазған шығармаларында халықтың сана-сезімін оятуға тырысады, өзінің турашыл, мысқылшыл өткір тілді өлеңдерінде ел ішіндегі әділетсіздікті әшкерелейді, патша өкіметі әкімдерінің қылықтарын сөгеді, халықты өнер-білімге шақырады, тек өнер-білім, ығарту ісі арқылы ғана ауыр азаттан, әділетсіз тұрмыстан құтылуға болады деп көрсетеді. Өздігінен оқып, білімін толықтыру ісімен де терең шұғылданады, орыс классиктерінің шығармалары оның ең жақын серігіне айналып, қолынан түспейтін болады. 70-80 жылдары Ресейден жер ауып келген орыс революционерлерімен танысады. 1886 жылдың жазынан бастап Крыловтың, Пушкиннің, Лермонтовтың шығармаларын аударуға кіріседі. Абай композитор да болды. Қазақтың халық әндері мен күйлерін жақсы біліп, аса жоғары бағалаған.

Абайдың төңірегіне оның хат танитын шәкірттері Көкпай, Мұқа, Ақылбай, Кәкітай, Шәкәрім, Мағауия сияқты жас акындар топталады. Абайдың өзі шығарған өлеңдерін ғана емес, оның шәкірттері шығарған өлеңдерді бүкіл жұртшылық аузынан тастамай айтып жүреді. 1897 жылы ниетті адамдар болыс-билердің, ру басы старшындардың атынан Абайды жамандап, қаладағы губернаторға, уез бастықтарына арыз жаздырады. Семей полициясының адамдары тінту жүргізеді. Патша өкіметінің жергілікті әкімдері Абайға қандай шара қолданса да, Абай аты бұрынғысынша шарықтап, ел аузында аңыз болды. Ұлы акын алпыс жасында өзінің туып-өскен жерінде бұл дүниеден мәңгілікке сапар шекті.

Абай өлеңдері

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Интернатта оқып жүр» т.б. өлеңдері қазақ балаларына арналған туындыларының бірі болып табылады. Ұлы акын Абай «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңі оқу-білім, өнер тақырыбына жазылған өлеңдері ішіндегі ең алғашы.

«Ғылым таппай мақтанба» (1886). Көлемі 77 жол. Акын жастар алдына міндет-талаптар қояды. Ең ардақты максатын – ғылымды меңгеру дейді. Бес нәрседен аулақ болып, бес асыл қасиетті бойға дарытпасаң ғылымнан оңа жоқ дегенін айтады. Акын ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірінен

бөлмейді. Ғалым болудың тағы бір шарты – ақыл сенген нәрсеге ғана сену. Жастарды артық сенімділіктен сақтандырады. Кісіні ақылына, ойына қарай бағала деген пікір айтады. Ақылды, парасатты адамның идеал бейнесін ұсынады. Надан, керітартпа адамның жағымсыз бейнесін қарсы қояды. Өлең 6-8 буынды аралас ұйқас үлгісінде жазылған.

«Әсемпаз болма әрнеге»(1894). Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Адамгершілік туралы ойларын қайрат, ақыл, әділет, шапқат секілді қасиеттер негізінде ашады. Мағыналық құрылымы жағынан 4 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде адам алдына міндет қойылады. Екіншісінде сол міндетті орындауға қажетті адамгершілік қасиеттер көрсетіледі. Үшінші бөлімде адамның қандай жаман қылықтардан аулақ болуы керектігі көрсетіледі. Төртінші бөлім адамның қандай жақсы қылықтарды әдет етуі қажеттігін танытады. Бұл бөлімдегі ой алдыңғы бөлімдердегі мазмұнның қорытындысы іспеттес. Өлең 7, 8 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған.

«Интернатта оқып жүр»(1886). Көлемі – 77 жол. Идеясы – жастарды ғылымға, өнерге, халыққа қызмет етуге шақыру. Ақын сен-шекпенге бола оқитындарды әшкерелейді. Бас пайдасы үшін емес, ар, адамгершілік үшін оқу керек дегенді ескертеді. Жер-жерде орыс-қазақ мектептері ашылды. Олардың жанынан интернаттар құрылды. Ақын оқудың көлеңкелі жақтарын сынайды. Мектеп-интернаттардың түпкі мақсатының тайыздығына өкініш білдіреді. Шәкірттердің рухани қазынадан қағыс қалғанына қынжылады. Өйткені, олар адвокат, не тілмаш болуды ғана аңсайды. Жалған бедел жинауды арман етеді. Кейбір деректерге қарағанда, ақын бұл өлеңді балаларын Семейге оқуға бергеннен кейін жазса керек. Өлең 7 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған.

Абайдың табиғат лирикасы

М.Әуезов пікірінше: «Абай Ыбырайды жақсы білген. Ыбырай өлеңдері үнемі бірге көшіріліп, жазылып жүруші еді. Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек. Бұл тегін емес. Екеуінің қазақ ауылындағы көктем жайында жазғандарын оқып отырсаңыз, шынында, бір ақындық мектептің, бір түрлі ақындық дәстүрдің үлгісін көресіз және екеуі де бұрын қазақ жазбаған өлеңді жазған. Кейін аңғарсақ, табиғат суретінің үлкен мәстері болған ұлы Пушкин үлгісімен туган өлеңдер екен», –деп пікір айтқан.

«Күз»(1888). Өлең 11 буынды, қара өлең үлгісінде жазылған. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Ауылдың күнделікті өмір тұрмысын нақтылы түрде сипаттайды. Көшпелі ауыл тіршілігі көз алдымызға келеді. Табиғат көрінісінен гөрі елдің өмір-тұрмысы, тіршілік әрекетін бейнелеу басым. Суыққа тоңған бала мен кемпір-шал сиқы күзгі табиғат түріне сәйкес. Ағаш пен қурайды шал-кемпірмен салыстырады.

«Қыс»(1888). Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Көлемі 24 жол. Қыс жанды бейнеде суреттеледі. Оны кәрі құдаға теңеу – таза ұлттық тәсіл. Өлеңдегі қазақ өмірінің суреттері қыс бейнесін толықтырады. Ақын

сөзін малшыларға арнаумен аяқтайды. Өлең II буынды кара өлең үлгісімен жазылған. «Күз», «Қыс» өлеңдерінде тұрмыстың ауыртпалық жағы көбірек айтылады. 1888 жылы жазған «Қыс» өлеңінде Абай жылдың бір мезгілін былай суреттейді: Ак киімді, денелі, ак сақалды, Соқыр, мылқау, танымас ірі жанды. Үсті-басы ак қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды адам бейнесінде суреттелген қыс кішкентай оқушы көзіне Аяз ата болып елестейді. Қыстың ызғарлы, боранды сұрапылымен қоса, бір жағынан қасқырдың да шабуылы елді алаңдатып қоятын тажал екендігі айтылады. Сұрапыл қыстан малды аман алып шығу қажеттігін малшыларға ескертеді. Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр, Малшыларым, қор қылма ітке малды. Соныға малды жайып күзетіндер, Ұйқы өлтірмес, қайраткыл, бұз қамалды. дейді ақын. Әрине, жаратылыс сұрапылына күресетін адам болған соң, «ұйқы өлтірмес, қайрат кыл, бұз қамалды» деп оған қарсы шығып, өлтіні шығуға үндейді. Адамның сұрапыл күшті женетініне ақын еш күмәнденбайды. Өлеңнің күдіреті де осында. Ақы адамға сенім арта сөйлейді. Қыстың пейзаждық көркем сипатымен бірге осындай терең мағына мазмұны да бар.

«Жаңытұрым»(1890). Елдің табиғат аясындағы тіршілігі бейнеленеді. Көлемі 66 жол. Адам өмірі мен табиғат құбылыстарының арасындағы ұқсастық бақалады. Ақын табиғат құбылыстарына(жер, аспан, ай, жұлдыз, жел) символдық мағына береді. Күн бейнесі қалыңдық айттырған күйеу тұтастын елестетеді. Жұлдыз бен айдың күйеу келерде өңдері қашып, берекесі кетеді. Жел той хабаршысы ретінде көрінеді. Соңғы шумақта ақын өмір-болмысты, табиғатты, аспан мен күнді нақтылы, шынайы қалпында бейнелейді. Өлең 6-8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған.

Поэмалары мен аудармалары

Абай лирикасы көп болса да, сюжетті дастандары аз. “Ескендір”, “Масғұт”, “Өзімнің әңгімесі” поэмалары – көлемді шығарма жазуға ойыса білетін кезеңін танытатын еңбектер.

“Ескендір” поэмасында А.Македонскийдің озбырлығын, сарбасқұмарлығын, дүниеқорлығын әшкерелейді. Дүниенің төрт бұрышын талқан алса да, оған бәрі аз көрінеді. Ақын Ескендірге Аристотель сияқты өлшіл бейнені қарсы қояды. Сөйтіп осы бейнелер арқылы патша өкіметінің отаршылық ел талаушы саясатын сынға алады.

“Масғұт” – философиялық поэма. Оның негізгі тақырыбы жай ғана махаббат емес, әлеуметтік өмірдің қайшылығы. Поэманың идеясында әйелді қоғамның ерлерге тең мүшесі деп тану, оның әлеуметтік өмірдегі орнын бағалау жағына көбірек көңіл бөлінеді.

“Өзімнің әңгімесі” – “Мың бір түн” ертегісінен алынған бір уақиғаның өлеңмен жазылған түрі. Абай өз дәуірінің капиталистік жолмен баю психологиясынан туған жалған мінезін топшылайды. Ол қалайда бай болуға ұмартып, оның оңай жолын қарастырып, өзінің үйреншікті кәсібін тастап,

барға місе тұтпаған жастың тағдырын танытады. Сондай-ақ ақшақұмар жылпостардың адам өмірімен еш санаспай қыршын жасты алдап, өлімге айдап, оның сүйегін аттап, алтын табудан тартынбайтынын әшкерелейді. Поэма аяқталмаған. Бұл үш поэманың реалистік ерекшелігі қазақ даласының болмысын дәл суреттеуінде емес, көлденең образ арқылы сынауында.

Аудармалары. Пушкин шығармаларын аударумен Абайдың көбірек шұғылданғаны – 1889 жыл. Бұл жылы “Евгений Онегиннен” үзінділер күйінде сегіз өлең аударлады. Олардың көбі – Онегин мен Татьяна арасындағы хаттар. Олардың хаттарын аудару арқылы Абай қазақ жағдайындағы соған ұқсас тағдырлар мұнын жоқтады. Татьяна сөзі қазақ даласына ән болып тарады. 90-жылдардың басынан бастап Абай өмірінде көңіл құлазытар бірқатар келеңсіз оқиғалар болады. Ақынға қарсы айбат көрсетушілер тобы өсе түседі. 1891 жылы інісі Оспан, 1895 жылы сүйікті ұлы Әбдірахман қайтыс болады. Осылардың бәрі ақынды өмірден түңілдіріп, жалғыздық азабына салады. Осындай тұстарда ол Лермонтовпен көбірек сырласады. Абай Лермонтовтан жалпы саны 27 шығарма аударған.

90-жылдардың аяқ кезінде Абай Крылов мысалдарын көбірек аударумен шұғылданған. “Емен мен шілік”, “Қазаға ұшырыған қара шекпен”, “Жарлы бай”, “Есек пен бұлбұл”, “Бүркіт пен қарға”, “Шегіртке мен құмырсқа”, “Әншілер”, “Ала қойлар”, “Түлкі мен қарға”, “Есек”, “Бақа мен өгіз”, “Піл мен қандан” мысалдарын аударған.

Абай қарасөздері арқылы қазақ арасындағы ел билеу тәртібіне, сыйымсыз тәлім-тәрбиеге, керітартпа әдет-ғұрыпқа қарсы шығады. Ақын надандықтан құтылудың жолын қарастырады. Халықты өнер-білімге, адал еңбекке, адамгершілікке үндейді. Қазақ жастарын адамға жат мінез-құлықтан сактандырады. Мәдениетті елдерден өнер үйренуге шақырады. Абай қарасөздерінде ғылымдық, философиялық, моральдік, діни мәселелер өлеңдерінен гөрі айқын көрінеді. Ақын қарасөздерінің тіл жағынан да, стиль жағынан да өзіндік ерекшелігі бар:

- жеке қарасөзінде бір мәселені әңгімелейді;
- жеке қарасөзінде бірнеше мәселені қамтиды;
- әр қарасөзінде қорытынды жасайды, жасаған қорытындысы негізінде адамға пайдалы ақыл айтады;
- бір сөзінде әңгіме қылған мәселеге екінші бір сөзінде қайта соғып, оны толықтырады.
- әр сөзінен өзіндік пікір өзгешелігі байқалады.

Х.Сүйіншәлиев Абай қарасөздерін мазмұнына қарай 5 үлкен тақырып топтарына топтайды:

1. Қоғам құрылысы, ел билеу жайын көп қозғайтын қарасөздері;
2. Оқу, өнер-білім, тәлім-тәрбие мәселесі туралы қарасөздері;
3. Еңбек, шаруа жайларын әңгімелейтін қарасөздері;
4. Адамгершілік, мінез-құлық жайларын көрсететін қарасөздері;
5. Дүние, өмір туралы ойлары мен дін мәселесін түсіндіретін

көріністері.

1, 2, 3, 14, 24, 26, 29, 33, 39, 41, 42 сөздерінде және “Біраз сөз казактың қайдан шыққаны туралы” мақаласында саяси-әлеуметтік, мемлекеттік, қоғамдық маңызы бар мәселелер қозғалады. Жағымсыз құбылыстар, мінездер сыналды. Кейде ғылыми мәселелер көтеріледі. 4, 5, 8, 9, 10, 12, 16, 19, 25, 27, 31, 32, 40 сөздері әңгіме, кеңес ретіндегі диалог, монологтар болып келген. Абай кейде екі адамды не бірнеше адамды сөйлестіріп, өлестіреді. Кейде өзі әңгіме-дүкен құрып, тыңдаушысымен, не өзімен өзі сөйлесіп отырады. Біреуге сұрау қойп, жауап күтеді, не өзі екінші кісінің жауабына толғанады.

Абайдың 37 сөзі нақыл, тұспал сөзден(афоризмнен) тұрады. Афоризмдер Абайдың өлеңдерінде де, қалған қара сөздерінде де кездеседі. Мысалы, “Сақайып сатқан көрден еңбегін сатқан бала артық”, “Дүние бір қалыпта тұрмайды, адамның қуаты бір қалыпты тұра алмайды. Ендеше көңіл қайдан бір қалыпта тұра алады”(20-сөз). 7, 17, 43, 45 сөздері Абайдың философиялық ойларын, дүниеге көзқарастарын білдіретін, ғылыми пікірлер айтқан эсселері болып табылады. Абайдың 13, 20, 28, 38 сөздері адамгершілік, мораль, мінез-құлық туралы өсиет мазмұнды және діни нұсрат ретінде келеді. Қысқасы, бұл сөздері арқылы Абай өз заманының ірі ойшарына публицисі болды. Ол қазақ жазба әдебиетінде публицистикалық протана бастады. Қазақ публицистикасының басы болды. Публицистика - мерзімді баспасөздің шығуына байланысты пайда болған жанр. Онда саяси-әлеуметтік, мемлекеттік, қоғамдық маңызы бар мәселелер қозғалады. Қара сөздер Абайдың соңғы туындыларының қатарына жатады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Абайдың өмірі мен өскен ортасы
2. Абай өлсіздеріндегі оқу-білім, ғылым мәселесі
3. Абай өлсіздерінде табиғат лирикасы
4. Абай поэмалары мен аудармалары
5. Абай қарасөздерінің тәрбиелік мәні

IV ТАРАУ. XX ҒАСЫР БАС КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Ағартушылық демократтық бағыт өкілдері

III Күлдибердиев. Шәкәрімнің бай әдеби мұрасына оның өлеңдері, поэмалары, мысалдары, нақыл сөздері, әңгімелері, роман, мақалалары, аудармалары жатады. Ақынның бай әдеби мұрасында өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері із қалдырды. Оның 73 жас өмірінің 13 жылы көпестік дәуіріне өтті. XX ғасырдың алғашқы кезеңінде Шәкәрім әдеби өміріне күшігіне араласты. Ұлт әдебиетінде Шокан, Абай, Ыбырай арна-дәстүрлерді жалғастырды.

Қазан төңкерісімен келген дүбірлі өлгерістер тұсында да Ш.Құдайбердіев өзінің демократтық, ағартушылық көзқарасына, прогресс жолына қызмет ету мақсатына адалдық танытты. Ақын жастарды ғылым-білім, өнерге баулуды мұрат тұтады. Ағартушылық, адамгершілік идеяларын уағыздады. Шәкәрім жас ұрпаққа арнап бірнеше өлең жазды. Жастарға сенім артты. Қоғамның өрге өрлеуі келешек ұрпақтың қолында екенін айтты. «Қазақ айнасы» жинағына енген «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Талап пен ақыл» өлеңдерінде ұстанған бағытының әлеуметтік сыншылдық, гуманистік сипаттары аңғарылады.

Өмірінің соңғы жылдарын тауда жалғыз өткізіп жүрген 73 жастағы Шәкәрім 1931 жылы дүниеден өтті. Ыбырайдың «Бай баласы мен жарлы баласы» Ыбырай әңгімесінің сюжеті де, идеясы да Шәкәрімнің «Піскен мен шикі» өлеңінде түгел қайталана жырланған. Ақын ғылымды үйреніп, білімді адам болуға кедергі жасайтын: самарқаулық, еріншектік, салжалық, немқұрайдылық, жауапсыздық сияқты мінез кеселдерін өзінің сатиралық өлеңдерімен қатты сынайды. Ақындық, жазушылық, композиторлық дарынын өмірде өнегесімен көрсете білген философ білімді көңілге қондырып, санаға дарытудың жеті шарты бар, олар: мейірім, ынсап, шыдам, шыншылдық, қаракет, ақ ниет дегенді.

С.Торайғыров. С.Торайғыров өмір сүрген уақыт – XX ғасырдың бас кезі – дүниені дүр сілкіндірген қилы-қилы тарихи оқиғаларға толы кезең болатын. С.Торайғыровтың жеке басының қалыптасуы туралы сөз қозғағанда оны өзінің әлеуметтік ортасынан – А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ғ.Қарашев, І.Ізтілеуов, Ы.Шөреков, Б.Күлеев, М.Саралин және т.б. ғұмыр кешкен ортадан бөлек алып қарастыруға болмайды. Кезең оқиғалары ақынның дүние-таным көзқарасына, шығармаларының тақырыптық мазмұны мен түріне, жанрына әсер етті.

Іргелі оқу орнынан білім алу, халқының қызметіне жарайтын азамат болу – оның ынта-тілегіне айналады. Ақын «Шәкірт ойы» деген өлеңінде «Іздегенім табылды, енді дегеніме жетем, халқыма жұлдыз емес, ай емес, күн болам» деген ойға келеді. Оның лирикалық кейіпкері

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам!
Мұздаған елдің жүрегін

Жылытуға мен кірермін - дейді. Бұл – жаңа заман жасының өр талабы. Отан, халық алдындағы борышын түсінген адамның батыл ойы мен шын ықыласының көрінісі. Мұндай жырлардың балаларды отаншылдық рухта тәрбиелеудегі маңызы ешқашан кемімеке емес. Ақын ұлттық білім, халықтық тәрбие ісінің келеңсіздік жағдайларын зерлей зерттеп, ұрпақтың үмітін озырып, келешегіне көмекші жол сұғайды. Жастарды өнер-білімге шақыру – ақынның шығармашылық кредосы болды. Ақын мақсатқа жетудің нақты

және – еңбек деп түсіндіреді. Ұлттық мәдениетті дамыту ұлттың білімді болуына байланысты екенін пайымдаған акын ұрпаққа білім беру ісіне өзі татып қатысып, сабақ берумен де шұғылданды. “Оқудағы мақсат не?” деген өлеңі арқылы оқу ұлттық білім беру жолындағы ұлы іс екенін, оқу тек құн тартып, шөл-шекпен алу үшін жасалынатын әрекет ғана емес екендігін ұрпаққа ұғындыра жеткізеді.

С.Донентаев. Акын творчествосын үш кезенге бөлуге болады: 1. 1913-1917 жылдар арасында акын өзінің пікірі жағынан ағартушы-демократ, әдеби әдісі жағынан сыншыл реалист болып көрінеді. «Заман кімдікі», «Заман тастар», «Қазақтың билгендеріне», «Жамила қыз», «Екібаста», «Торғай» секілді алуан тақырыпты өткір саяси лирикасы жазылды. 2. 1917-1924 жылдар арасы акын творчествосының екінші кезеңін құрайды. 1917 жылы Акын төңкерісіне қуанып, «Бостандық» сияқты өлеңдерін жазып, буржуазиялық-демократиялық төңкерісті шын бостандық деп ұғынады. 3. 1924-1933 жылдар жағы көзқарасы – кеңестік, әдеби әдісі – социалистік реализм болып шығады. «Ұмытылмас», «Бір жыл өтті», «Тарих таңы», «Ерікті Айша», «Азат жетті», «Бай мен комсомол» деген өлеңдер жазып, ескіліктің ел санасындағы сан алуан көріністерін үлкен нафоспен жырлайды. Көптеген саяси лирика, әңгіме, фельетондар жаза бастайды.

«Заман кімдікі?», «Менің халім», «Замандастар», «Қазақтың билгендеріне», «Боз торғай», «У жеген қасқырға», «Қиялым», «Балалықты сынаймын», «Үміт», «Талап» т.б. өлеңдерінде теңдік, бақыт, бостандық жайлы ойын, арманын суреттейді, жастарды оқуға, мәдениетке, өнер-білімге үндейді. Акындық өнер жолында Абайдан, Токайдан мол үйренді. Шығарм. Ыбырай, Абай бастаған ағартушылық бағытты нысана етті.

Акын мысал-өлеңдердің кейбірін татар акыны Г.Токайдан аударған. Біршама мысал татар, орыс тілдеріндегі мысал, әңгіме, аңыздар ізімен өзінше шығарған. Қазақ тұрмысынан алып жазған мысалдары да бар. Жалқаулық, маңсапкерлік, сараңдық, ашқарақтықты мілейді. Мысалдарында патша ұлттың отаршылдық саясатын әшкерелейді. С.Донентаевтың мысал-өлеңдері көпінше қонымды, әрі терең мағыналы.

С.Донентаевтың балаларға арнап жазған мысалдары әрі оқиғалы, әрі әдебиеттік қызықты, әрі қысқа, мазмұнды болып келеді. Акынның «Көзі тоймаған ит», «Екі теке», «Ауырған арыстан» т.б. шығармаларын мектеп жасындағы балалар және кіші мектеп жасындағы балалар жеңіл түсіне алады. Адам басында болатын әр түрлі қылық-мінездердің аңдардың іс-әрекеті арқылы сынаймын бұл шығармалардың қызықтылығын арттыра түседі. «Көзі тоймаған итте» сүйек тістеп көпірден өтіп бара жатқан иттің өз иісімен таласып сүйегін тартып алмақ болған қомағайлығы сыналады. Иттің ауырған ол суга түсіп, аузындағы сүйегінен айрылып қалады. Акын ойынан көрсетіндісі – қомағай, ашқарак болмауға үндеу. «Екі теке» мысалында Сәбит мінезсіздікті, пайдасыз ұсақ ерегіс құмарлықты сынайды. Көпір үстінде кездесіп қалған екі теке бір-біріне жол бермей, сүзісіп, екеуі

де суға құлайды. Бұл мысалдар арқалы С.Дөнентаев балаларды жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуді, жаман қылықтардан жирентуді көздейді.

С.Көбеев. Ы.Алтынсариннің шәкірті, жазушы әрі педагог. 1901 жылдан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін халық мұғалімі болған. Қазақ балаларына арнап ашқан мектептеріне хрестоматиялық құрал ретінде «Үлгілі тәржіме»(1910), «Үлгілі бала»(1912) сияқты аударма, өлең-әңгімелер жинағын қоса бастырған. Алғашқы еңбегінде С.Көбеев Крыловтың 44 мысалын қазақ тіліне аударған. 1951 жылы «Орындалған арман» мемуарлық повесі басылды.

Қазақ балалар әдебиетінің тарихында С.Көбеевтің көрнекті орны бар. Өмірінің соңына дейін оқытушылық қызметпен айналысқан С.Көбеев өз білімін, қажыр-қайратын туған халқына жұмсады. Оның ұстаздық, ағартушылық қызметі қазақ қоғамының артта қалған мәшеулік жағдайында басталды. Ауыл адамдары арасында жаңалық таратушы болды. А.С.Пушкиннің «Дубровский», Н.В.Гогольдің «Өлі жандары», И.А.Крыловтың мысалдары мен А.П.Чеховтың әңгімелері С.Көбеевтің ауызша әңгімелеуі негізінде ел ішіне тарады. Қызылжардағы орыс-қазақ мектебінде оқып жүрген кезінде өзінің И.А.Крыловтан аударған мысалдарын жинап баспаға жіберді. 1910 жылы «Үлгілі тәржіме» деген атпен Қазанда басылып шықты. Крыловтан 40-тан аса мысал-өлең аударды. Мысал-өлеңдерінің бірсыпырасы мыналар: «Өтірікші», «Емен мен тал шыбық», «Қасқыр мен тырна», «Маймыл мен айна», «Шымшық пен көгершін», «Маймыл мен көзілдірік», «Ақку, шортан һәм шаян», «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары», «Көлбақалар», «Қомағай ит» т.б. Замандастары бойындағы тоғышарлықты, надандықты, зұлымдық пен мақтаншақтықты, көрсеқызарлық пен өзімшілдікті мысал тілімен тұспалдап әшкереледі.

Ы.Алтынсарин үлгісімен 1912 жылы «Үлгілі бала» оқу кітабын шығарады. Бұл – бастауыш мектептегі қазақ балаларына арналған оқу кітабы еді. Оқу кітабын құрастыруда С.Көбеев К.Ушинскийдің «Родное слово» кітабын басшылыққа алған. Бірқатар материалдарды содан еркін аударып пайдаланған. Кітап балаларға мектеп, оқытушы, адам(бала) тірілігі жөнінде түсінік беретін қысқа әңгіме, өлеңдерден басталады. 60-қа жуық әңгіме, ертегі, мысал, өлеңдер бар. Көпшілігін орыс тіліндегі түрлі оқу кітаптарынан алып, қазақ балаларының ұғымына лайықтап жазған.

«Үлгілі балаға» Спандиярдың бірқатар төл шығармалары да кірген. Олар қоғамдық теңсіздікті, жетім-жесірдің аянышты тұрмысын көрсететін өлеңдер мен әңгімелер. Кітапқа енген шығармалар арқылы балаларды өнер-білімге, мәдениетке шақырды, іскерлікке, қиындыққа төзімді болуға, қайырымдылыққа шақырды. Ыбырай үлгісіндегі педагог жазушы С.Көбеев те балалардың теңсіздіктегі өмірін аяушылықпен суреттейді. «Жетім» атты өлеңінде ол жетім баланың қысқы аязда тоңған, әрі аш кейпін суреттей отырып, оны аяп үйіне әкеп тамақ берген, жылы төсекке ұйықтатқан кемпірдің ықыласына ризалық білдіреді. «Қайыршы» өлеңінде автор елден

жинаған тиын-тебенін ғарыптерге, ақсақ, соқырларға үлестіріп берген қайыршының қайырымдылығын жазады. С.Көбеевтің халық арасында кең тараған шығармасы – «Жегімнің өлеңі». Онда жазушы жетім баланың аянышты халін суреттеп, феодалдық ортаның мораліне қарсы қояды. Өлең идеясы жалпы қазақтық қасиеттер туралы ойлармен, арманмен ұласады.

Ұлт-азаттық бағыт өкілдері

А. Байтұрсынұлы. Әдеби шығармашылығындағы ерекшелігі - Ұлы Абай соқпағына, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойысұнады. Хайуанатар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И.А.Крылов туындыларын аударады. «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарады. Бұларда қызықты форма, ұтымды идея, қазақ тұрмысына жақын суреттер бар. Әр түрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасайды. Патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, жуандардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. «Қайырымды түлкі», «Ала түлкі», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен қыдыр», «Ат пен есею» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейді. А.Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанымен еркіндік басым.

Заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтады. «Маса» (Орынбор, 1911) кітабында астар, емеурінмен берілген ойлар ашық, анық айтылады. Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер бірталай өлеңге арқау болады. Ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын. «Қазақ салты», «Жиган-терген» өлеңдерінде қазақ халқының мүшкіл халін, патша үкіметінің отаршылдық саясатын шенейді. «Маса» кітабына енген өлеңдерде әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» - қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндейді. «Қырық мысал», «Маса» жинақтары – қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен байытты. Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты. Байтұрсынов дәуірінен бері талай уақыт өтті. Сонда да оның мысалдары өз мәнін жоймақ емес. Тарихи оқиғаларды танып-білуге ықпалы бар. Реніш пен ашу-ыза да, торығу мен наразылық та байқалады. Дегенмен А.Байтұрсынов поэзиясында оптимистік рух басым. Шығармалары арқылы ағалық ақыл айтады.

Балалар тәрбиесіне қосар үлесі айтарлықтай. «Қазақ этнопедагогикасының негізі – халық педагогикасы. Халық педагогикасының арқауы – ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері. Ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері – ұлттық тәрбиенің негізі. Міне, осы тұғырлы тұжырымды ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын, аудармашы, қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін жасаған талантты көсемсөз иесі, туған халқының

рухани дүниесін жандандырған ғұлама – Ахаң жан-жақты зерттеп, олардың тәрбиелік мәнін ашып берді. Яғни, ол қазақ этнопедагогикасының негізгі нұсқаларын зерлей зерттеп, талғай тауып, олардың ғылыми-теориялық негіздерін жасады. [...] Ұлттық педагогиканың (этнопедагогиканың) ғылым ретінде дамып, қалыптасуы сол ұлтқа білім берумен, яғни оқумен, оқытумен, тәрбиелеумен байланысты деп пайымдаған данышпан Ахаң ең әуелі халыққа білім беру ісін қолға алып, жетілдіруді алдына мақсат етіп қойды.

А. Байтұрсынов – «араб» алфавиті негізінде жасалған қазақ әліппесін жетілдірді. «Ғалымның 1912 жылы Орынборда басылған «Қазақша әліппе» (Оқу құралы) халықты сауаттандырудың басты құралы болды. Бұл оқу құралында әрі сауат ашу, әрі ұлттық (этнопедагогикалық) дүниетанымды іске асыру мақсаттары көзделді. Мысалы: туысқан-туған, ілікте, киімдер, ойын-ойыншықтар, тамақтар-сусындар, дене мүшелері, үй саймандары, ыдыс-аяқ, малдар аты, малдан басқа төрт аяқтылар. Құстар, жер түпнің аттары (ағаштар, шөптер), жер жүзінің аттары, сан, жаңылтпаш, жұмбақ, мақалдар түзіліп берілді. 1926 жылы бұл әліппенің жеті өңделген жаңа түрі жарияланып, қазақ халқының сауат ашу мектебінің басты құралы болды. «Ғұламаның «Тіл жұмсар» (1928 ж.), «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіреттілік әдісі туралы», «Жалқылауды жалнылау әдісі» (1927 ж.) деген еңбектері қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасы болды. Оның жазу таңбаларын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы, үлкендерге арналған «Сауат ашқыш» оқу құралы 1926 жылы жарық көріп, бүкіл ұлттық сауат ашу құралы болды. Ахмет оқулықтары негізінде талай қазақ балалары сауаттарын ашты. «Оқу құралы» туралы әдебиетші ғалым Қ. Мұхаметханов былай дейді: «Кітап оқуға жеңіл, тілі ұғымды, баланы қызықтырып, ынталандырып, баурап әкетеді. Туысқан-туған қалай аталады, киім-кешек, ойын, ойыншықтар, тамақ, сусын, дене мүшелері, үй саймандары, ыдыс-аяқ, мал аттары, малдан басқа төрт аяқтылар, құстар, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жер аттары, сан... – осының бәріне үйретеді». (Қ. Мұхаметханов. «Сан қырлы саңлақ дарын». «Социалистік Қазақстан» газеті, 1989 ж. 4 қаңтар). А. Байтұрсынов – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ақын. Өз бетін танытқан қаламгер. Ол Абай үлгісімен өлеңнің аясын, әлеуметтік тынысын кеңейтті.

М. Жұмабаев. Ақын өзінің шығармашылығын демократтық әдебиет дәстүрінде жалғастырды. Алғашқы өлеңдері «Шолпан» (1912) деген атпен басылды. Мағжан ғасыр басындағы қазақ халқының оғаршылдық пен езгіге қарсы күресіне үн қосты. Халықты оқу-білім іздеуге шақырды. 1922 жылы «Педагогика» оқулығын жазған ағартушылардың бірі. Педагогика ғылымын халық педагогикасымен ұштастыра отырып, Мағжан ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздерін жасады. Мағжан бала тәрбиесінде қиялдың алатын орны зор екенін дәлелдеп: «Фантазия – өмірдің гүлі, көркі болуының түпкі дңгегі, фантазиясыз (қиялсыз) адам – тұсаулы есек. Фантазия ақылды кеңейтеді» дейді. «Бала санасы қиялмен оянады, бала ертегінің бәрі шын деп

ұстаз, баланың қиялы әсіресе, ойында жарыққа шығады” деп ұстаз баланың үшқырлайтын қызықты ертегілерді, ойындарды, ойыншықтарды ербие ісіне пайдаланудың жолдарын көрсетеді. 1920 жылдар ішінде М.Жұмабаев балалар әдебиетін жасауға ерекше көңіл бөлді. Балаларға арнап сындарлы, жүйелі жұмыс істеп, алуан түрлі кітап шығарған. «Шопан» жинағында ақынның «Балалық шақ», «Қарағым», «Мен сарына» («Шәкірт зары») атты өлеңдері жарияланды. Бұлар Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңімен орайлас.

Мәскеуде шыққан «Жаңа мектеп» журналына қосымша «Тегін қосымша», «Балаларға тарту» жинақтарына Мағжан белсене катысады. Бұл өлеңдер жасөспірімдердің ұғымына лайық жеңіл тілмен жазылған. «Ақала» өлеңі ойынға құрылған. Балалар ауылдағы омбы қардан ақкала соғыды. Қардан төрт бұрыш жасап, терезе жасайды, мәре-сәре болады. Беттері бүлдіргендей қызарады. 1924 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған «Әже» өлеңінде ақын ертегіге елтіген Кенжебай деген баланы елестетеді. Бұл - әжесі мен немересі арасындағы нәзік, қымбат сезімді білдіретін өлең. Ақынның «Бөбектің тілегі» өлеңі балаларды ата кәсіп - еңбекке баулиды. Әр төл үшін мейіріміз сөз табады. Өлеңнің әр жолы өлеңімізге жатталады. «Ақ жол» газетінде 1924 жылы жазылған «Немере мен ағасы», «Қойшы бала мен күшк» өлеңдерінде мектеп беретін білімді елестетеді, байдың мейірімсіздігін ажуа етеді. Балаларға да, үлкендерге де бірдей арналған «Өтірік ерте» поэма-ертегісі 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланды. Мысыққа қарсы тышқандар көтерілісі автордың негізгі ойын жеткізу үшін схемалық түрде алынады. Шираз қаласындағы бір таңнан жүзім шарабына тойып алады. Күш біткесін ойындағы құсасын өсіріп қояды. Мысық мешітке барып сәжде киеді. Тышқандармен оқиғасын деп алдайды. Тарту-таралғысымен келген тышқандарды қан-жоса етеді. Тіпті тамақ тышқан мысықты көптігін істеп байлап тастайды. Мысық оған кетеді. Тышқандар өз хандарын да, мысықты да елден аластайды. Оқиғаның бәрі Ресейдегі тарихи оқиғалардың елесін береді. Ертегінің оқиғасын автор сол кезең рухында образдың шешімін береді.

Бір дегенім – білеу ғой,

Екі десем – егеу ғой,

Үш дегенім – үскі ғой.

Мысық – талаушы екені,

Ханның – қанаушы екені

Ертегі поэма балалардың жаттауына жеңіл, әрі сан үйретудегі қызметі де бар.

М.Дулатов. «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы тарих оқулығына ұқсас.

Жаттап алуға қолайлы болу үшін өлеңмен жазылған. Автор сөзін «XX ғасыр жастарына» арнап отырғанын жасырмайды. Алғашқы екі ұзақ өлең елдің халқының бүгінгі халін және бұрынғы тарихын әңгімелейді. Жер байлығы кең, емін-еркін өскен халықтың сырттағы жауға мән бере бермейтін бейғамдығын ескертеді.

Акын жастарға өзі білген мәслихатын айтады. «Насихат гуммия» атты өлеңінде адамгершілік, ар-инабатқа жетектейтін көп кеңес береді. Міржақып кеңес-насихатының қоғамдық маңызы әлі де зор. Өйткені оның бәрі халық, ел камын ойлаудан туған.

Қазақ поэзиясында алғаш рет мейірбандық, ізгілік тақырыбына арнау жасады. «Аяңыздар жетімді» өлеңі оқушы көңіліне бауырмалдық сезім егеді. «Шешенің балаларын сүйю» өлеңінің балалар үшін тәрбиелік қызметі үлкен. М. Дулатов «Газет-журнал» өлеңі газет-журнал маңызын түсіндіреді. Олардың жазылу бағасын да айтады. Керенауларға «Дүниені жүріп көрмей, естіп білмей, Жатасың ішің пыспай үйде неғып?» деп реніш білдіреді. «Хибстағы ұрының мінажаты» өлеңінде өз кәсібінен көрген қорлығын жіпке тізе келе ұры тәубесіне келеді.

1922 жылы “Есеп құралы”, 1924 жылы “Қирағат” атты оқу құралдарын шығарып, оқу пәндерінің ұлттық ауқымда болып қалыптасуына ерекше көңіл бөлді. Ойшыл педагог драмалық шығармалардың тәрбиелік әсерін жоғары бағалап, сахналық қойлымдардың әсерлендіру қуаты зор екенін ескеріп, 1922 жылы “Балкия” атты төрт перделі пьеса жазды. Өзінің шығармалары аркылы қазақ жастарын оқып білім алуға, ағарту ісін дамытуға шақырып, тәрбие ісінде діни оқу мен тәрбиені қатар қойды. “Өнермен хасыл болған нәрселер” деген өлеңінде ол өркениеттік жолмен озып кеткен елдердің мәнді де сәнді өміріне жас ұрпақты қызықтыра суреттейді.

Жазушы “Бөрік”, “Нұрмаш пен Дүйсен”, “Оқымысты бала”, “Күлменіздер кәріге” т.б. балаларға арналған әңгімелерінде балдырғандарды еңбекке, әдептілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді. Білім алу әрбір адамның қасиетті міндеті деп көрсетеді. Қазақ балалар әдебиетінің прозалық жанрына бір бұлақ болып қосылған бұл әңгімелер ұлы ойшылдың балалар әдебиетіне ерекше көңіл аударғандығын көрсетеді.

Ж.Аймауытов. Ж.Аймауытов қоғам қайраткері ретінде халық ағарту жүйесінде қызмет істей жүріп, жас ұрпақты өнерге, білімге, ғылымға баулуда да көп еңбек сіңірді. «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер тандау» (1926) кітаптары жарық көреді. Жазушының балаларға арнап жазған «Жаман тымақ», «Шаш мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты суретті кітапша ертегілері бар. «Кейде негізгі тақырып басқа болса да, білімді мен білімсізді салыстыра көрсету дәстүрі басым болды» дей келіп, Ө.Әбдімәмүлі басты тақырыпқа авторлар сауаттылықты қарсы қою идеясын өзек еткендігі жайында айтады. Дәл осындай жағдай Ж.Аймауытов «Қыс» өлеңінен байқалады. Өлеңнің басты тақырыбы қыс болғанымен, идеясы оқуға шақыру болып табылады. Автор қыс келбетін ел тірлігімен байланыстыра суреттейді. Бұл байланыс, әсіресе, өлеңнің құлымдық жүйесінен анық байқалады. Өлең кіріспесі, негізгі екі бөлім, қорытынды бөліктен тұрғандай әсер береді.

Жалп-жалп, жалп-жалп жауды қар,

Тон киіндік, тонды мал.

Кіріспе негізгі бөлімде не жайында айтылатындығына оқыманды дайындау мақсатын көздейтін сияқты. Қар жауды, демек, қыс түсті. Түскен қыс өзімен суығын бірге ала келді. Адамдардың жылы киінуі, малдың тоңуы қыс ызғарына байланысты болып отыр. Өлеңнің бірінші бөлімінде алғашқы жолдағы ой жалғаса түскен, яғни, қыс мінезі тағы көрінеді:

Бүрк-бүрк, бүрк-бүрк боран бар,

Боран жоқта тұман бар.

Қызыл шұнақ қызыл бар.

Сула айна тас мүсін бар.

Қылаулатқан қырау бар.

Екінші бөлімде екінші жолдағы характерке ұқсас тірлік молынан баяндалады:

Богы қатқан бұзау бар.

Үйіп алған отын бар.

Қалтыраған қатын бар.

Бүрсеңдеген лақ бар.

Сүмендеген қонақ бар.

Қыздар қылған шұжық бар.

Қонақ айтар қызық бар.

Соңғы бөлім негізгі бөлімдерде айтылған ойдың түйіні іспеттес қабылданады.

Ай, балалар, балалар!

Күнде оқуға жүрелік,

Үйренелік, білелік!

Қыс ызғарына қарамай, күнделікті атқарылатын шаруаларға сараппамай оқуға бару керектігі жайындағы ой айтылады. 7 буынды өлшем балаларға арнау түрінде жазылған бұл өлеңге ойнақылық сипат дарытқан. Бұлттың қар мен соққан боранның еліктеуіш сөздермен бейнеленуі де белгілі әрекетпен өлең ойнақылығын арттыра түскен.

Жипілақ, жапалақ қар жауар,

Жімбасыңа мұз тоңар.

Нұқ, тоқты қашады,

өйімі талқан асады. - деп келетін халық өлеңінің авторлық өлеңге айналма аяқын.

«Жаман тымақ» поэмасы(1929). Ж.Аймауытовтың поэмасы М.Жұмабаевтің «Жүсіп хан», «Өтірік ертеке» поэмаларына қарағанда шыншыл көлемді. Мағжан поэмаларындағыдай ұзын-сонар кіріспе жоқ. Поэмаларды шығарма оқиғасына дайындау ыңғайы да байқалмайды. Бөлімдер сипаттамасы да көп берілмейді. Жеті, сегіз буын аралас жыр өлшемімен жазылған.

Жаман тымақты кедейдің жалғыз сиырын ауылнай алып қояды. «Сорны кедей қалбаңдап, жаман тымақ жалбаңдап» ақсақалға барады,

одан кайыр болмаған соң болыска келеді, болыс ұрса жөнелген соң молдаға жолығады.

Кітап ұстап молдасы
Қазандай боп сәлдесі
Ол да отырды кедейге:
«Бер деп айтса, бересің!»

Байдан несиеге он сом сұрайды. «Ортан қолдай бес бұзау жыл шығарып бересің?» деген соң начальникке жолықпақ болып кеңсеге келеді.

Кеңседе төре тұр еді.
«Тымақшанды» көреді.
«Малақай!» - деп бак етті,
Тымақ бастан топ етті.

Мне, осыдан бастап жаман тымақ хикаясы басталады. Көп қағаздың арасында жатқан тымақты бір күні тілмаш тысқа лақтырады. Көшеде жүрген бір ақ ит тістеп алып кетеді де, ат қора түбіне тастайды.

Өткен түні қорадан
Ат жоғалған түн екен.
Қазақ-орыс иесі
Атын іздеп жүр екен.
Тымақ тапты, кенелді,
Кеңсеге алып жөнелді.
Жаман тымақ бүрісіп,
Құлақтары құрысып,
Шәрке, телпек серік боп,
Жатты шкафта құнысып.

Арада айлар, жыл өтеді. Шкаф ашылып, тымақ та, телпек те, шәрке де бостандыққа шығады. Билік өзгерген. Өзін тысқа лақтырған тілмаш та, шкафқа тастаған қазақ-орыс та қуғынға түскен. Бұл өзгеріске жаман тымақ әжептәуір желпінеді. Бір қазаққа селбесіп еліне қайтады. «Жаман тымақ қаладан келіпті» деген хабар жедел тарайды. Тымақ біткен жиылып қалады. Түлкі тымақ, сәлде, күрең тымақ, көнетоздау көк тымақ, бокша асынған сұр тымақ бірі қонаққа шақырып, екіншілері бата бермек болып жік-жапар болады. Жаман тымақ иесін табады.

Поэмада елдегі өзгерістер ғана емес, ел мінезі де жақсы көрінген.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ш.Құдайбердиевтің азаматтық және табиғат лирикасына жататын өлендерін анықтаныңдар. Әлеуметтік сыншылдық, гуманистік сипаттарын аңғарыңыздар.

2. Шәкәрім өлендерінің Абай шығармаларымен үндестігі мен жалғастығына назар аударыңыздар.

3. С.Торайғыровтың өнер-білім өлеңдеріне талдау жасаңыздар.
4. Акын мысалдары ерекшеліктеріне тоқталыңыздар.
5. С.Дөнентаев мысалдарының өзіндік ерекшеліктерін анықтаңыздар.
А.Қуанбаев, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыров, С.Дөнентаев мысалдарын
өзара салыстырыңыздар.
6. С.Дөнентаевтың «Көркемтай» әңгімесіне тақырыптық-идеялық
түрғыда талдау жасаңыз.
7. XX ғасыр басындағы өлең-жырлар мен әңгімелерден жетім балалар
тағдырының көрініс табуы жөнінде әңгімеленіңіздер.
8. Джек Лондонның «Жолдан тайған», М.Горькийдің «Жетімек»,
А.Серафимовичтің «Торғай түні» әңгімелерін оқыңыздар.

V ТАРАУ.1920-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

20-30-жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің даму ерекшеліктері жөнінде

І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлиннің жаңа заманды суреттейтін, жаңа қоғамды құрушы жастарды, төңкеріс ерлерін бейнелейтін шығармалары бұл күндері 20-30 жылдардағы қазақ кеңес балалар әдебиетінің даму өзгешелігін, саяси-әлеуметтік нысанасы мен идеялық-көркемдік деңгейін танытатын кезеңдік шығармалар болып қалғанымен, ауыз әдебиеті дәстүрі мен үлгісінде жазылған бір бөлегінің бүгінгі балалар әдебиеті талабына жауап беретін сипаттары да бар.

Кеңес жазушыларының 1934 жылы өткен І съезіне Қазақстаннан Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин қатысты. Горький кеңес әдебиеті дамуының алдағы перспективасы жайындағы баяндамасында көркемсөз шеберлерімен қоса ғалымдар мен педагогтарды да балалар үшін көркем әдебиет жазуға шақырды. С.Маршактың баяндамасы кеңес балалар әдебиетінің жай-күйі мен алдағы міндеттеріне арналды. Съезд балаларға арналған кітаптарды көптеп шығарудың бағдарламасын жасауды міндеттейтін қаулы қабылдады. Сонымен жаңа қоғам жаңа балалар әдебиетін керек қылды. Социалистік құрылысты көрсететін әдебиет қажет болды. Жаңа балалар әдебиетінің алдында коммунистік идеологияны насихаттау міндеті тұрды. Бірақ міндет айқын бола тұра, жеткіншектер әдебиетіне бұрынғыша бейіл сақтала тұра(съезд делегаттарының елге орнынамен өз қаламдастарын балалар әдебиетін жасауға шақыра тұра) съезден кейінгі кезеңдерде қазақ балалар әдебиетіне олжа салатын көркем түрде туз қойған жоқ.

Бұның себептері мыналар: Біріншіден, балаларға арнап шығарма жазудың қиындығын мойындау жаңа қадамға тұсау салды деуге негіз бар. «Біз енді кустарлықтан шығып, не жазсақ та терең алып, тегісілеп, тергітеп, мәсірлеп жазып, дәуіріміздің керегіне жарайтын маңызды шығармалар беруіміз керек» - деген болатын І.Жансүгіров Қазақстан

жазушыларының І съезінде жасаған баяндамасында. Ал тепшілеп, зерттеп, мәстірлеп жазуды қажет ететін, әсіресе, балалар психологиясын алабөтен зерттеп барып «мәстірлеп» жазуға кірісуді тілейтін әдебиет – балалар әдебиеті. Және қазақ балалар әдебиетінің бұған дейінгі қалыптасқан дәстүрін заман талабына қарай ікемдеу «социализмді жырлаудың әлемдік тәжірибесінің жоқтығынан» оңайға түспеді. Екіншіден, бұрынғы жазған шығармаларға көңіл толмаушылық. Науқаншылдықтың өріс алуы, бала табиғатына ене алмаушылық, мінезсіз баяндауға бой алдыру, идеяны жалаң танытуға тырысушылық, диалогтардың нәрсіздігі, формалық ізденістердің мардымсыздығы - осының бәрі белгілі бір дәрежеде балалар әдебиеті дамуын тежеді. Үшіншіден, қаламгерлер өздерінің еркін жүзетін айдынына бет қойды. Бейімбет проза, публицистикаға ойысты да, ауыл өмірін, өндіріс саласын тереңірек зерттеуге кірісті. С.Сейфуллин де, І.Жансүгіров те талант тізгінін үлкен жанрларда ағытты. Дегенмен үлкендер әдебиетін өрістетуге ыңғай білдірген қаламгерлердің жүрек түкпірінде кішкентайлар әдебиетіне ерте ме, кеш пе бір соғармын деген ойдың болуы да ғажап емес. Бұған қыршын кеткен асыл ағалардың өмірі жетпегенін айтып жатудың өзі артық шығар. Сонымен 20-30 жылдар қазақ балалар әдебиеті кеңестендіру науқаны мен қолдан күштеу жолымен жасалған социализмнің алғашқы баспалдағындағы үстем болған танымдық көзқарас нәтижесінде дамыды да, көркемөнер тарихынан өзіне лайық орын алды.

С.Сейфуллин. Аға буынға тән әмбебаптықтың, қайталанбас өнімділіктің сыры неде? Осы сұраққа Ә.Тәжібаев былай деп жауап береді: «Бізге бәрін істеу керек, - дейтін Сәкен. Бұған Бейімбет, Сәбит, Ілиястар жақсы түсінетін. Олар да бәрін істейтін. Қазақстанға театр керек. Пьеса қайда? Сәкен мен Бейімбет отыра қалып, өлеңнен драмаға ауысады. Өйткені пьесасыз театр жоқ. Ілияс үлкен акын, жақсы фельетоншы, өзіне салсаң өленді ғана қуар еді. Бірақ амал жоқ, журналист Ілиясқа жұрттың басқа қажетін де өтемеске мүмкін емес... Бейімбет «Мырқымбаймен» бірге ұзақ әңгімелерді де қоса бітіреді, атакты повесті тастай беріп, өлеңмен отыруға мүмкін емес. Онда «Шұғаның белгісін» кім жазбақ?» Роман жазу үшін Мұхтар қаршадайынан қазақ әдебиетінің ғылымына да айналады: үйде отырып әдебиет тарихын зерттейді, институтқа барып сабақ береді. Өйткені «бәрін істеу керек».

Аға буынның әмбебаптығының, тындырымдылығының сыры міне осында. Ал бұған қуатты қайдан алған ағалар? Аға буын сарқылмастай мол қуатты қос ғасыр тоғысында жасақталып, жиырмасыншы ғасыр көгінде жарық дүниеге келген жаңа қоғамнан алған. Жаңа қоғам жас ойшылдарды тез ержеткізіп, «қайыспас катепті қара нар» көтерер ерекше жүк арқалатқан оларға. Сондай уақыт арқалатқан ауыр жүкті қайыспай көтерген қаламгер – С.Сейфуллин.

20-жылдары қазақ ауылында таптық күрестің шиеленіскен жағдайында әдебиет пен өнер өкілдерінің арасында белгілі дәрежеде толқушылық байқалса, 30- жылдары олардың барлығы дерлік партия саясатын қолдан

шықты. Пролетариат жазушыларының ассоциациялары керексіз бола бастады. ҚазАПП сыны қазақтың көрнекті жазушыларының өткендегі еңбегін қазбалаумен болды. Партия көркем әдебиетті басқару сипасында түбірлі өзгерістер жасауды қолға алды. БКП(б) Орталық Комитетінің «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» 1932 жылғы 23 сәуірдегі қаулысы қабылданды. 1934 жылдың тамыз айында КСРО жазушыларының бірінші съезі шақырылды. Съезді М.Горький ашып жүргізді. Онда қазақ жазушыларынан І.Жансүгіров пен С.Сейфуллин сөз сөйледі. Съезд күндерінде кеңес әдебиетінің идеялық бағыты мен даму беталысын айқындайтын шаралар жүргізілді. Әдебиет түгелдей партияның бақылауына көшті. Кеңес әдебиетінің творчестволық әдісі ретінде социалистік реализм белгіленді. Ендігі жерде Кеңес Одағын мекендейтін барлық халықтардың әдебиеті мен өнері осы режимнің шеңберінде ғана қызмет ететін болды.

С.Сейфуллиннің «Маузер», «Бандыны қуған Хамит», «Балалар», «Келіншектің бесік жыры», «Ананың хаты», «Анаға жауап», «Пионерлер», «Білім комсомол», «Совпарттағы қарындасыма» шығармалары кеңес кезеңінде балалар оқуына ұсынылды. Аталған шығармалар кеңес дәуіріндегі балалар әдебиетіне жаңа тақырып, жаңа мазмұн енгізді. Социалистік құрылыс идеясымен жандандырды. Революцияшыл, солшыл бағыттың топ бастаушысы С.Сейфуллин азаттық үшін күрестің от-жалынын көпкең болатын. Омбыда оқып, білім алды. Ондағы орыс революционерлерімен қарым-қатынас жасаған. 1917 жылы Ақмолада Кеңес үкіметін орнатуға қатысқан. 1918 жылғы көтеріліс кезінде ақ гвардияшыл атаман Анненковтың қолында, Колчактың Омбыдағы концлагерінде азап көрген. 1919 жылы қашып шығып, Оңтүстік Қазақстанға өткен. Орынборда Калмык республикасының басшы қызметтерінде болған. Сол себепті де С.Сейфуллин ұлттық әдебиетте тұңғыш рет азаттық сүйгіш, күрескер қаһарманның бейнесін жасады.

Тоңкеріс кезіндегі және кеңес өкіметі енді орнаған тұстағы оқиғаларды «Маузер», «Бандыны қуған Хамит» шығармалары арқылы суреттеді. «Маузер» өлеңі Сәкеннің революциялық көзқарасын танытатын шығарма болғандықтан уақытында өз бағасын алды. Балалар тәрбиесіне де оң әсерін тигізді. Өлеңде Отаны, елі, өз халқының азаттығы үшін қан майданда ауыр жараланған азамат өзінің ақтық сөзін анасына, жас жарына, баласына, майдандас достарына арнайды. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі, қайсарлығы, жауға қаталдығы суреттеледі. Жас ұрпақтың алдына үлкен мақсат қояды, оларға сенім мен жауапкершілік арта сөйлейді.

Жаңа құрылыстың алғашқы даму кезеңдерін әңгіме ететін «Бандыны қуған Хамит» әңгімесі өкіметке қарсы іріткі салу саясатын жүргізген бандылардың саясатын әшкерелеуге арналған. Композициялық құрылысында ерекшелік бар. Оқиға желісі бірден басталып кетпейді. Автор алдымен айналамен, оқиға болатын жермен, шығармада суреттелетін жасөспірімдермен таныстырады. Банды бастығы мен оның ізіне түскен Хамиттің

жүріс-түріс, мінез, сырт тұлға ерекшеліктері салыстырыла суреттелгендей әсер береді. Хамит портретін суреттеу арқылы еңбекте, істе төселген азаматтың кейпі балаларға үлгі боларлық қалыпта суреттеледі. Әңгімеде күз айларының сұлулығына ерекше көңіл бөлінеді. Табиғаттың әсем көріністері әңгіменің арқауы болып отырған оқиғаларға байланысты алынған. Пейзаждық көріністер негізгі кейіпкерлердің мінезі мен типтік бейнесін әр жакты аша түсуге қызмет еткен. Әңгіме композициясының шебер құрылуы осы жағынан көрінеді. Оқиға өзінің шарықтау шегіне жеткенге дейін кейіпкердің сырт тұлға, мінез өзгешеліктерімен де, пейзаждық көрінісімен де оқушысын әр алуан ойға түсіреді, қызықтырып, еліктіреді. Сәкен түрлі бейнелі сөздерді, эпитеттерді, тенеулерді, метафораларды кенінен пайдаланады. Аталған шығарма осы аталған ерекшеліктерімен де және тарихи жағдайлар, яғни өмірде болған оқиғалар жайында хабардар ету қасиетімен де бүгінгі уақыт кезеңінде құндылығын жоймақ емес.

Сәкеннің балаларға арналған өз кезіндегі өлеңдері баланың көз алдына болашақтың жарқын бейнесін, еркін өмір сәулесін елестті. «Балалар», «Келіншектің бесік жыры», «Ананың хаты», «Анаға жауап», «Пионерлер», «Біз комсомол», «Совпарттағы қарындасыма» өлеңдері осы тұрғыда жазылған. Алға қойған ізгі мақсаттар мен арманға жетуді көздеу керектігін жас жеткіншектердің есіне салып отырды. Жас ұрпаққа өнер-білімнің пайдалы жақтарын айтты. Аталған өлеңдері «болашақ тұтқасы – жас ұрпақ» деген ойды білдірді.

Б.Майлин. Қостанай облысының Таран ауданында туылған. «Б.Майлиннің тағы бір тамаша қыры – балалар қаламгері екендігі. Рас, Б.Майлиннің поэзиясы мен прозасы да, драмасы мен сатирасы да бір есептен, балалар еншісі. Өйткені олардың қай-қайсысы да жеткіншектерге түсінікті, жасөспірім қауымға өмір шындығын танытады, оларға өмір сабағын, тіршілік тәлімін дарытады, оларды көркем сөз сұлулығымен сусындатады. Алайда орталау және жоғары кластар оқушыларының рухани азығына «Азамат Азаматыч» пен «Майдан», «Шұғаның белгісі» мен Дайрабайдың көк сиыры», «Кедейге» мен «Жанартты қазір жырды ауыл» жарай бергенмен, бұлар төменгі класс шәкірттеріне, әсіресе балдыргандарға аса ұтымды емес. Егер бүгінгі азамат кешегі баладан өссе, «Раушан - коммунист» пен «Құлагерлер» бесік жырынан бастау алған жоқ па?» Демек, балалардың қамын ойлау - өсер елдің өрісті ғұрпы, балаларға арнап тікелей шығарма жазу үлкен қаламгерлердің тамаша дәстүрі. Лев Толстойдың «Әліппе» жасауында, «Азапты сапарда» эпопеясының авторы А.Толстойдың «Алтын кілтті» жазуында, кеңес әдебиетінің көшбастары М.Горькийдің кеңес балалар әдебиетіне зор күш-жігер жұмсауында осындай мән жатыр. Сүйсінерлігі – осындай дәстүрге болашақ қамын күнілгері ойлаған қазақ кеңес әдебиетінің алыптары да ден қойыпты. Мұның мысалы – С.Сейфуллиннің де, І.Жансүгіровтің де, Б.Майлиннің де балаларға арнайы шығармалар жазуы.

Б.Майлиннің балаларға бағышталған шығармалары баршылық. Сондықтан да оны балалар қаламгері деп таныған да орынды. «Өтірікке бәйге», «Кемпірдің ертегісі» секілді поэмаларын айтпағанда, Б.Майлиннің 1915 жылы жазған «Жазғы қалып», «Жазғы кеш», «Бұлтты күн» секілді өлеңдерінің өзі балаларға лайық. Рас, бұл кездерде Бейімбет саналы түрде балаларға арнап жазған жоқ. Алайда ақын жүректің тілегі мен балалар мұқтажы сәйкес келіп, өз-өзінен балалар өлеңдері туған еді. Бірақ 1921 жылдан кейін Бейімбет асыл мұрат, азаматтық кәмілеттік танытып, балаларға арнайы өлең жаза бастапты. Мұның бірі көрінісі – «Жаз келді» атты өлең. *«Күн жылынып, қар да еріңдірілдеп, Сай-сайлардан сулар ағып, күрілдеп...»*.

Осылайша балаларға тікелей өлең арнай бастаған Бейімбет 1922 жылы «Өтірікке бәйге» атты ертегі-дастанын жазды. Бұл енді казак балалар әдебиетінің асыл қорына қосылатын шығарма(54б.). Дастанды ұстап тұрған арқау – асып-тасқан ханның ерігіп, өтірікке бәйге жариялауы. Сонымен хан *«Уәзірлерін жиып алып, жұртқа бұйрық таратқан...»*. Мұны естіп білген жұрт қарап қала ма, істеп жатқан кәсіптерін жиып қойып, хан ауылына жиналады. Алтын алмақ, оп-оңай байып қалмақ. Содан олар хан алдында өтірік айтып жарысады. Таласқа түседі. Бірінен бірі асады. Бірақ хан «Бәрі рас, нанамын» деп, таудай талаптарын тұжыра береді. Сөйтіп барша өтірікшінін беті қайтып қалады. Сонда халық жеңіліп. Хан жеңіп кетпек пе? Жоқ. Үсті дәл-дүл бір таз бала ханның алдына келеді. *«Өтірігі өте жойқын, жас бала да наныссыз. Алтын қымай «Рас» - дейді, Ұяты жоқ хан арсыз»*. Содан бала тағы бір өтірігін – соңғы өтірігін айтады(55б.). *Ерні жалаң, жалаң аяқ, Қисық таяқ қолында. Ақсай басып, асып-сасып, Бұқаның жүр соңында... Тақсыр ханым! Білесіз бе, Сол жаман шал кім еді? «Жоқ, білмеймін, ая айта ғой!» Басқа ешнәрсе демеді»*. Таз бала «Бұл шал сіздің әкеңіз еді, рас па осыным?» - дейді. Хан шошынып, жеркенгендіктен еріксіз «өтірік» деп салады. Сөйтіп бала ханды жеңіп, бәйгені алады(56б.).

Бейімбеттің балаларға арналған екінші бір дастаны «Кемпірдің ертегісі» аталғанмен, ертегі емес. 1916 жылдың азаттық оқиғасынан бір көріністі алға тартады. Бірақ бұл оқиғаны тартымды жеткізу үшін Бейімбет бала Асылбекке әжесінің аузынан ертегі етіп айтқызады. Бала кейіпкер Асылбектің сөздері дастанға енгізер есік, кіріспе тәрізді. Содан әжесі Асылбекке әкесі, өзінің ұлы Қайранбайдың июнь жарлығына байланысты ел наразылығы қау еткен көтеріліс кезінде халықтың жауы, өзін он жыл қанаған болыстың басын алған батырлығын ертегі етіп шертеді. Шынында да Қайранбайлардың ерлігі ертегідей емес пе. Бейімбеттің поэзиядан басқа жанрларда тікелей балаларға, балдырғандарға арналған шығармалары көп емес. Бірақ, қаламгердің осы азғана асыл мұрасының өзінде кейінгі казак жазушыларынан үлкен үлгі, тартылған жол бар еді. Алыптар тобының атсалысуымен қаз тұрып, бой тіктеп алған казак кеңес әдебиеті содан кейін-ақ кең өріске шыққан болатын(Б.Сарбалаев. Балалар қаламгері. 57б.).

Сонымен, көркем сөздің шебері Б.Майлин балалар әдебиетіне мол үлес қосты. Жазушының «Байшұбар»(1923), «Тәй, тәй, қаз»(1923), «Әлди – ана жыры»(1923), «Қағынғыр – ананың ашуы»(1926), «Қос жетім»(1933), «Кемпірдің ертегісі»(1927), «Өтірікке бәйге»(1922) деген өлеңдері мен әңгімелері балалар әдебиетінен елеулі орын алады. Бейімбет ең алдымен балаларға 1916 жылғы ұлт бостандық қозғалысы жөнінде әңгіме айтуды өзіне міндет етіп қояды. Поэма балалардың ерлік істерге деген құлшынысын оятады, отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық рухын шыңдай түседі. Балалар үшін саяси тақырыпта жазылған шығармалардың тәрбиелік күші осында.

Бейімбеттің «Тәй, тәй, қаз»(1923), «Әлди – ана жыры»(1923) деген өлеңдерінде ана қамқорлығы мен бала тәрбиесі арасындағы типтік жайттар суреттеледі. Балалардың ой-қиялын шарықтатып, эстетикалық сезімдерін ұштай түсетін шығармалардың бірі – ауыз әдебиеті үлгілері болса, Б.Майлин де сол бай үлгі дәстүрін батыл жалғастырады. *Тәй, тәй, тәй!.. Қаз, қаз, қаз!..Қарағым, апыл-тапыл басқанға мәз,Қосылып балалармен ойнауына,Жарқырап көкөрайты келді зой жаз.*дейді және келесі шумағында оның болашағынан үлкен үміт күтеді. Ана тілегі баланы алға қарай талпынтады. Өлеңі арқылы жөргектегі балаға жылы сөздің мейлінше қажет екендігін құлтайды, балаларға арналған халық өлеңіндегі ойды дәлелдей түседі.

«Байшұбар»(1923), «Өтірікке бәйге»(1922) шығармаларында адамның ақыл-парасаты, тапқырлығы, ерлік мәселелері әңгіме болады. Байшұбар» өлеңінде ат екен деп жолбарыс үстіне мінген ұры өзінің амал-айласымен жолбарыстан да, маймылдан да оп-оңай құтылып кетеді. Балалар ықыласын өзіне баурап алатын өлең сюжетіндегі осындай драмалық тартыстар жасөспірімдерді үлкен ойға қалдырады, өздерінің көзқарасын, пікірін білдіруге және белгілі бір қорытындыға келуге үйретеді. Оқиға желісі шапшаң өріс алады. Тыңдаушысын бірден еліктіріп әкетеді. Өлең мазмұны әрі күлкілі. Екі қарақшы бірінен-бірі шошынады. *Құдай-ау, атсыз жаяу өтсем дағы, Өмірге қайыр сұрап кетсем дағы, Не қылажолбарысқа кездестірдің, Мал бер деп аз-кем тілек етсем дағы.*деп зар иелейді ұры. Адал еңбекпен күн көрмеудің арты неге соқтырғанын түсінеді. Жолбарыс та ұрыдан қалай құтыларын білмей арпалысады. *Мал үшін керуенге бардым қайдан, Шықпастан жатсам еді терең сайдан. Түспейді туласам да, талды белім,Тілеп не ем бұл іздені мен құдайдан?* деп жолбарыс жанұшырады. Жазушы осы оқиғаға шешім шығаруды балалардың үлесіне қалдырады.

І.Жансүгіров. Қапал уезі, Ақсу болысының Қарағаш ауданында(қазіргі Талдықорғи облысы, Ақсу ауданы, Қызыл таң кеңшары) өмірге келген. І.Жансүгіров күш-жігерін балалар фольклорын жинауға да жұмсады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, оларды салыстыра сұрыптап, таңдаулыларын сала-салаға бөлді. «Балалар әдебиеті - әлі де жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бар ойым осы әдебиеттің жасалуына көмектесу еді. Бұл

туралы «Балаларға тарту», «Балаларға базарлық», «Малта», «Жұмбақтар» деген біраз еңбектер жаздым» деп жазды акын. «Өтірік» жинағы негізінен балаларға ыңғайланып дайындалды. «Ел өтірігі – үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады. Себебі, бізде балалар әдебиеті әлі жасалмай, жадағай жатыр, балалар жанына жағымды жаңа кітаптар жоққа тән. Жасалғанда да табан тасы, табалдырығы ауыз әдебиетінің үлгісінен өсуі тиіс. Осы оймен бұл кітапша балаларға бейім жазылды» - дейді автор.

I. Жансүгіровтың «Жұмбақтар» деп аталатын келесі еңбегі 1930 жылы Қызылорда қаласында «Балалар кітабы» сериясымен жарияланды. Акын жұмбақтардың бала ойын дамытудағы қызметін жақсы түсінген. Жинаққа 67 жұмбақ енген. «Үй саймандары», «Жаратылыс құбылыстары», «Құрал-сайман» деген үш бөлімнен тұрады.

I. Жансүгіровтың жас жеткіншектерге, бөбектерге арналған өлеңдері де бар. Акын өлеңдері ойнақылығымен, көркемдігімен бала жүрегіне жақын. «Бөбек бөлеу» өлеңінің ойы терең, өрнегі өзгешесі. Анасы өз бөбегін халық ұғымындағы ең жақсы нәрселердің бәріне теңейді. Ананың сәбиіне деген ыстық сезімі, елжіреген жүрегі, шексіз махаббаты байқалады. Акын ауыз әдебиетіндегі классикалық дәстүрді ары қарай дамытады. «Бөгелмей білім біл, бөбек, елге есті ер керек» деп өз заманының бөбектеріне тіл қатады.

Акын «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз», «Қыс» өлеңдерінде жылдың төрт мезгілін өзінше жырлайды. «Ой, балалар, балалар!» деп тікелей арнауға құрылып, ойнақы айтылады. Бала көңілін жылдың әр мезгілінің өзіндік сипаттарына аударады.

Ой, балалар, балалар!

Жылы-жылы жел соқты,

Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті,

Жер қарайды – жаз кепті

- деп жырлайды. Табиғат құбылысын жылдың әр мезгіліндегі ел тіршілігімен байланыстыра береді. Бала назарын нақты өмір суреттеріне аударады. Өлеңдерінде акын балаларды әр мезгілдің талабына сай еңбекке шақырады. «Жазғытұрым» атты өлеңінде жазғытұрым «ойналық та күлелік, қос басына мінелік» десе, шілдеде «ойналық та күлелік, үйретіп тай мінелік», күзде «ойналық та күлелік, енді оқуға кірелік» дегенді айтады.

Еңбек тақырыбы 1929 жылы Ташкентте, Алматыда басылып шыққан «Малта», «Шәркей» деген суретті кітапшаларынан да көрінеді. Илияс бүлдіршіндердің психологиялық ерекшеліктеріне сай материалдарды дәл таба білген. Малта да, шәркей де еңбек жемісі екенін білдіреді. Малтаның да, шәркейдің де өзінен-өзі бірден жасала қоймайтынын айтады. Екі шығармада да бала өзі байқаған әрбір құбылыстың мән-жайын түсінгісі келеді, оның себептерін ұғып алуға тырысады. Ұйқасымы жеңіл, ырғағы жақсы «Малта» өлеңінің жатталуы оңай. Бүлдіршін бала өлеңдегі «өре», «саба», «піскек», «шүйке», «шуда» тәрізді қолданудан шығып бара жатқан сөздердің мән-мағынасымен танысады. «Шәркей» әңгімесінде бүлдіршін еңбек процесіне тікелей араласады. Жұмыстың тезірек бітуіне ынталанады.

«Әңгіме қалай тартымды басталса, солай қызықты аяқталған. Жазушы баланы балаша сезіндіріп, балаша ойландыра білген. Сөзінде де, мінезі мен ісінде де жасандылық жоқ» - дейді әңгіме турасында С.Сейітов. (С.Сейітов. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №1, 1958 ж. 39-бет).

І.Жансүгіров балаларға арнап пьеса да жазған. Қазақ балалар әдебиетіне пьеса жанрын ең бірінші болып енгізген еді. 1934 жылы жазылған «Мектеп» пьесасы балаларды оқуға, білімге, мектепке шақыру идеясына құрылған. Пьеса 1930-жылдардағы халықты сауаттандыру мәселесін көтеріп, жас жеткіншекке оқудың пайдасын түсіндіреді. І.Жансүгіровтың балаларға арналған шығармалары қазақ балалар әдебиетін тек тақырып, мазмұн, идея жағынан ғана байытып қойған жоқ, сонымен қатар жанр, түр және стиль жағынан да байытты. Балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын кеңейтумен қатар оларды жалпы адамгершілік рухта тәрбиелеуде шығармаларының ерекше маңызы бар.

М.Әуезов. Мұхтар Әуезовтің балалар әдебиетінде де өзіндік орны бар. Осы орайда алдымен суреткердің балалар әдебиеті ерекшелігі хақында пікір айтқанын атап айту керек. Мәселен, «Ертегілер» еңбегінде халықтық шығармалардың қайсысы балалар әдебиетіне жақын екендігін айқындап береді. «Ұлы ұстаз ертегілердің тәрбиелік мәнін терең ашып, «Адамдағы кемдікті, мінді бадырайтып, ұлғайтып, жиреншіті етіп көрсету үшін, хайуанның мінез-құлқын дәл адамның мінез-құлқындай етіп суреттеу әсерлі болады», - деп көрсетеді.

«Әр жылдар ойлары» кітабында жастар мен жасөспірімдердің оқитын кітаптары тобына жататын шығармаларға да назар аударады. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері бойынша қайырымдылық пен мейірімділік ана сүтімен жұғысып, әрбір тұлғаның ұлттық белгісін көрсететінін дәлелдеп, халқының келешегін ойлап, тебіренген жазушы: «Ал қазақ мешел болып қалам демесен, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десен, әйелдің халін түзе», - дейді.

М.Әуезов балалар әдебиетінің ғылыми тұрғыда зерттелуіне көңіл бөлумен қатар, өзі де балаларға арнап бірнеше шығарма («Қорғансыздың күні», «Жетім», «Көксерек» әңгімелері, «Қараш-қараш оқиғасы» повесі) жазды. Тұңғыш әңгімесін 24 жасында жариялады. «Қорғансыздың күні» баяндалу әдісі жөнінен европалық әдебиет үлгісінде жазылған. Әңгіменің оқиға желісі жас қыз Ғазизаның тағдырына құрылған. «Жетім» әңгімесіндегі басты кейіпкер – жас бала Қасым. Шығармада он жастағы жас баланың қиын тағдыры, аянышты халі берілген. Бұл шығармасында қаламгер бала ұғымын, сезімін беруде өзінше ізденіс танытқан.

М.Әуезовтің балалар әдебиетінен негізгі орын алатын әңгімесі - «Көксерек». М.Әуезовтың 1928 жылы жазылған осы әңгімесі автор талантының айқын айғағы. Көп ізденістердің жемісі. Оны әлем әдебиетіндегі үздік классикалық шығармалармен салыстыруға болады. Әңгіме сюжеті Канада жазушысы Сетон-Томсеннің «Виннипег қасқырына» ұқсас. Есімі әлемге әйгілі жазушы Джек Лондонның «Қасқыр» шығармасы

М.Әуезовтің аударуымен 1936 жылы жеке кітапша болып шыққандығын да айта кетуіміз керек. Әуезовтің «Көксеректі» - тұтас философиялық шығарма. Автор әңгімесін әр түрлі жабайы аңдардың мекен еткен жерлерін суреттеуден бастайды. Бұл тәсіл жыртқыш аңдар өмірі мен олардың күн көрісін айқындауға тірек болған. Әңгіменің композициясы мен сюжеті оқиғадан оқиға тудырып отырады. Жыртқыш аңдардың қомағайлығы жанды суреттер арқылы беріледі. Әңгімеде жыртқыш аңдар тірлігі мен қазақ жерінің сұлу табиғаты, ең байлығы сөз болады. Жазушы жаратылыстың көркем көріністерін әсерлі суреттейді. Қаламгер мақсаты – сол сұлулықты балаларға сезіндіру ғана емес, оны құрметтеу, байлығын қадірлеу жағына үйрету. Жазушы қасқыр күшігінің өсу, жетілу жайын суреттей келіп, соған байланысты оның мінез өзгешеліктерінің қалыптасу, өзгеру жолдарын да аңғартып отырады. Осы арқылы жыртқыш аңдарда болатын психологиялық өзгешеліктерді танытады. Көксеректің қолға үйренбеуі жас оқушыны ойға қалдырады. Оның асырауға көнбеу себебінің неге байланысты екені балалар үшін жұмбақ. Осының себебін білу – балалар үшін өмір танытарлық сабақ. Көксеректің қолға үйренбеу себебі оның жаратылысына байланысты екені бірте-бірте айқындала бастайды. Құрмаштың трагедиялық өлімі жас баланың көңілінде жақсылықтан басқаны ойламаған аяулы адал жанның бейнесін қалдырады. Әңгіме сонында кемпірдің қасқырды басқа тебуі – жай тебу емес. Бұл – шығарманың ширыққан, шешім тапқан тұсы.

М.Әуезовтің 20-30 жылдардағы ізденістері «Қараш-қараш оқиғасында» тиянақталған. Бұл повестің де балалар әдебиетінде орны бар. Алғашқы прозалық шығармалары – «Қорғансыздың күніндегі» Ғазизаның, «Жетімдегі» Қасымның құнын қуған ешкім жоқ. Бәрінде де зорлықшыл бар, күрескер жоқ. «Қараш-қараш оқиғасы» повесінде күрескер бар. Повестке Т.Рысқұловтың әкесінің басынан өткен оқиға арқау болған. М.Әуезов Ташкент қаласындағы Орта Азия университетінің дайындық курсына оқи жүре «Шолпан» журналында қызмет атқарады. Осы жылдары Т.Рысқұлов та Түркістан Республикасы Халық Комиссарлары Советінің Председателі қызметін атқара бастаған еді. М.Әуезов Рысқұлдың басынан кешкен оқиғаны Тұрардың өз аузынан талай рет құмарта тыңдаған. Ленинград университетінде оқыған студенттік жылдаында жазған «Қараш-Қараш оқиғасы» алғаш 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының (қазіргі «Қазақстан мектебі») бес нөмірінде басылады. 1969 жылы «Қырғызфильм» киностудиясы повестің негізінде режиссер Болат Шәмшиевтің қоюымен «Асуда атылған оқ» көркем фильмін жасап шығарды. Москвада өткен VI халықаралық кинофестивальда (1969) бірінші орынға ие болды. Қалихан Ысқақов пен Әкім Таразм осы «Қараш-Қараш оқиғасы» негізінде «Таң қараңғысы» деген екі бөлімді драмалық пьеса жазды. Повестегі Бактыгүл - өмірдегі Рысқұл Жылқыайдарұлы. Бұл кісі қазіргі «Красная Звезда» колхозының Жданов атындағы бөлімшесінде (Шымкент уезінің Майлықет болысы) туып-өскен. Жамбыл облысы, Талас ауданында нағашылары жақта

1907 жылдары ауырып дүниеден кайтады. Тектігүл – Молдабек Жылкыайдарұлы, Жарасбай – Саймасай Үшкеміров, Сейіт – Т.Рысқұлов, Бәтима – Түйметай Рысқұлова, Қатша – Ізбәйшә Қорғанбайқызы, орыс досы - Жиряков Николай, Апанас – Александр Бронников, Сары руы – Сәлік руы, Шалқар болысы – Талғар болысы, Қараш асуы – Қараш асуы, Талғар өзені – Талғар өзені. «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Көксерек» әңгімелері, «Қараш-қараш оқиғасы» повесі алдымен үлкендерге арналып жазылғанын естен шығармау керек. Әйтсе де бұл шығармалардағы жазушының бала психологиясын беру шеберлігі – балалар өмірін игерудегі алғашқы баспалдақ екені даусыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. С.Сейфуллиннің шығармаларының тәрбиелік мәні.
2. Б.Майлиннің «Кемпірдің ертегісі» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы?
3. Б.Майлиннің «Байшұбар» еңбегінің тәрбиелік мәні?
4. І.Жансүгіровтың «Шәркей» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы?
5. І.Жансүгіров өлеңдерінің тәрбиелік мәні?
6. М.Әуезов «Көксерек» әңгімесін талдау?
7. М.Әуезовтың «Жетім» әңгімесін талдау?

1940-50 жылдардағы (соғыс кезеңі мен онан кейінгі жылдардағы) балалар әдебиеті

Қазақстан Кеңес Одағының құрамында 1941-1945 жылдары фашистік Германияға қарсы соғысқа қатысты. Бұл соғыс жалпы Одақ үшін де, оның қол астындағы халықтар үшін де ауыр кезең болды.

1. Кеңес Одағының Еуропалық бөлігінен көптеген зауыттар мен оқу орындары, соғысқа жарамайтын халық Қазақстанға көшірілді;

2. Ер адамдар майданға кетіп, жұмыстың ауыртпалығын әйелдер мен жас балалар және қарттар көтерді.

Әдебиет алдына төмендегідей міндеттер қойылды:

1. фашизмнің басқыншы саясаты мен жауыздығын әшкерелеу;

2. халықты кек алуға шақыру;

3. майдандағы ерлердің ұнамды бейнелерін жасау;

4. елдегі ерлердің ұнамды бейнелерін жасау;

5. майдандағы және тылдағы ерлерді көпке үлгі ету.

Бұл міндеттер әдебиеттің көркемдік бағытына бірсыпыра нұсқан келтірді. 1-шіден, қаламгерлер бұрыннан жазып жүрген, әбден зерттеп білген тақырыптарын тоқтатуға мәжбүр болды. 2-шіден, төтен тақырыпқа құлақ асуға мәжбүр болды.

1941 жылы маусым айында «Балалар әдебиеті» журналының соңғы саны шықты.

Қолдарына қару алып майданға аттанған қаламгерлер А.Гайдар, Л.Кассиль, С.Михалков, Л.Пантелеев, В.Катаев т.б. болды. 1941

жылдың күзінде А.Гайдар каза тапты. Соғыс кезіндегі казак әдебиетін жасауға казак қаламгерлердің барлық ұрпағы қатысты. Бұл кезде елде С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ғ.Орманов, А.Тоқмағамбетов, Ә.Тәжібаев, Ш.Хұсайынов, Ә.Әбішев, М.Хакімжанова, М.Иманжанов еңбек етті. Т.Жароков, Ж.Саин, Ә.Сәрсенбаев, Д.Әбілов, А.Жұмағалиев, Қ.Аманжолов, Қ.Әбдіқадыров, Қ.Бекхожин, Б.Бұлқышев, Б.Момышұлы, С.Омаров, С.Мәленов, Х.Ергалиев қолдарына қару алып, майданға аттанды.

Балалар үшін ең жақсы классикалық туындылар мен кеңестік дәуірдегі кітаптар, бірінші кезекте кеңестік Ресейдің өткені жөніндегі кітаптар бірнеше мәрте басылып шықты. Соғыс кезінде орыс аңыздары, Пушкиннің «Полтавасы», Лермонтовтың «Бородиносы», Гогольдің «Тарас Бульбасы», Л.Толстойдың «Севастополь әңгімелері», Фурмановтың «Чапаевы», Серафимовичтің «Железный поток», Н.Островскийдің «Кұрыш қалай шынықты?» және т.б. кітаптар жарық көрді.

Қиын-қыстау кезеңдегі халықтың күрделі қат-қабат өмірі әдебиеттің барлық жанрлық түрлерінде көрініс тапты: лирикалық өлеңдер, публицистикалық мақала, очерк, қысқа әңгімелер, поэма, баллада, повесть, ал кейіннен тіпті романдар пайда бола бастады. Бір жанр элементінің екіншісінен көрінуі, әр қилы әдеби жанрлардың өзара кірігуі байқалды. Лирика публицистикалық сипатта көрінсе, эпос лирикалық қасиетпен ерекшеленді. Отан қорғауға аттанған солдат туралы өлең, поэмалар 2 түрлі үлгіде жазылды: 1-шісі, жалпы жауынгерге тән сипаттарды біріктірген жиынтық бейне болса, 2-шісі, нақты аты белгілі қаһарманның ерлігін көрсетуге арналды. Соғыс кезінде ерекше көзге түскен майдан батырлары Б.Момышұлына, М.Ғабдуллинге, М.Мамыраевқа, Ә.Молдағұловаға, М.Мәметоваға, Т.Тоқтаровқа, Н.Әбдіровке т.б. арналған өлеңдер негізінен олардың ерлік жолының нақты фактісіне құрылады. Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз», Қ.Бекхожиннің «Жиырма сегіз», Д.Әбіловтің «Майданбек», М.Хакімжанованың «Мәншүк»(1945), Қ.Сатыбалдиннің «Әлия», І.Есенберлиннің «Сұлтан» поэмалары соғыс майданы шындығын нақты деректер шеңберінде жырлауға құрылды.

Балаларға арналған драматургия, фантастика, ғылыми-көпшілік әдебиет, жасы кіші балаларға арналған түрлі кітапшалар - осының бәрімен де балаларды балалар баспасы қамтамасыз етіп отырды. Соғыстан кейінгі жылдарда казак балалар драматургиясы жанданды. 1945 жылы Алматыда «Жасөспірімдер театры ұйымдасты. Театр 1946 жылы бірінші рет М.Ақынжановтың «Алтын сақа» пьесасымен ашылды. 1948 жылы М.Иманжановтың «Жас өмір» пьесасы қойылды. Жасөспірімдер театрының репертуары М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин», Ш.Хұсайыновтың «Көктем желі», «Алдар Көсе», «Есірткен ерке», «Біздің Ғани», Қ.Сатыбалдиннің «Аяғөз ару», Р.Райымқұлов пен Қ. Исабаевтың «Ашынған жандар» пьесаларымен толық түсті.

Балалар мерзімді баспасөзі ел өміріндегі маңызды оқиғаларға ұйымшылдықпен үн қосып отырды, мектеп, пионер өмірі жайында хабарлаумен болды. «Пионер» (1925 жылдан «Пионер», кейін «Ақ желкен») балалар мен жасөспірімдердің республикалық журналы аталды), «Дружные ребята», «Мурзилка» журналдары шығып тұрды. Біраз үзілістен соң Ленинградтық «Костер» журналы шықты. Свердловскіде 1942 жылдан балаларға арналған «Боевые ребята» альманағы шыға бастады. 1958 жылдың шілдесінен бүлдіршіндер мен сәбилерге арналған «Балдырған» журналы жарық көре бастады.

Соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ кеңес балалар әдебиетінің көтерген мәселесі – соғыс зардаптары салдарынан өздерінің балалық, жастық шағын жоғалтқан балалар, жастар тағдыры жайлы болды. Үш жүйеде өріс алды: біріншіден, жау тылында партизандармен бірге жүріп Отан үшін алысқан, ерлік көрсеткен, көп қасірет шеккен жасөспірімдер мен балалар ерлігі, олардың тағдыры сөз болды. Екіншіден, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Б.Бұлқышев сияқты жастардың ерлігі жайлы туындылар өріс алды. Үшіншіден, майданды қарумен, жылы киіммен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұрған тылдағы ата-аналар мен балаларға арналған еді. 1940–1960 жылдар аралығында әдебиет әлеміне келген дарындар көркемдігі жағынан еленуге тиісті шығармалар бергенін жоққа шығаруға болмайды.

Соғысқа қатысқан жас жазушы Б.Бұлқышев өзінің «Заман, жастар, біздікі», «Жауыздық пен махаббат», «Өмір мен өлім туралы», «Мен өмір сүргім келеді», «Шығыс ұлына хат» сияқты публицистикалық еңбектерінде майдандағы жас адамның жүрек тебіренісін әңгімелейді. Туған жерін сүйе білген азаматтың дұшпанға деген кегі де, замандасына арнаған өмір туралы сыры да осы мақалаларда қамтылған. Б.Бұлқышевтің «Жүріп келе жатырмын» (1941), «О, ерлер-ау, ерлер-ау» (1941) өлеңдеріндегі Махамбет толғауларының сарынын бірнеше арнада қарастырамыз: 1-ші, Баубек пен Махамбет өлеңдеріндегі идея бірдейлігі тұрғысындағы үндестік. 2-ші, екі акын жырларындағы кейбір сөз қолданыс ортақтығына байланысты ұқсастық. 3-ші, көтеріңкі пафостық, жігерлі үннің болуы. Екінші дүниежүзілік соғыс ХХ ғасырдың бел ортасындағы тарихи оқиға болса, сол тарихи жағдай Б.Бұлқышевтің көптеген шығармаларын, соның ішінде өлеңдерін де өмірге әкелген фактор деп айта аламыз. Қ.Әбдіқадыровтың «Жетім құлын», Ғ.Ормановтың «Бөбек жүрегі» деген өлеңдерінде майдан өмірінің аянышты суреттері бейнеленіп көрсетіледі. Екі рет батыр атағын алған Т.Бигелдиновтың ерлік өмірінен жазылған С.Бакбергеновтың «Талғат», Жекен Жұмакановтың «Әлия Молдағұлова» повестері басылып шықты. Ә.Шәріповтың «Партизан қызы» повесі жарық көрді. С.Мұқановтың Мәншүк Мәметоваға арнап жазған «Батыр қыз» әңгімесі (1944) балаларды патриотизм рухында тәрбиелеуде елеулі роль атқарды. Жамбылдың балаларға арналған өлеңдерінің басты міндеті өз ұрпақтарының патриоттық рухын көтеру болды. Жамбылдың «Шәкірт балаларға», «Атаның әлдиі», «Ленинградтық өрендерім», «Балама хат»,

«Жеңіс жырын жырландар», «Жаңа жыл сәлемі», «Жүз жасаған жүректен», «Өнердің өсуі», «Балаларға», «Жастық жыры», «Бесік жыры» т.б. өлеңдері балалар әдебиетінен өзіндік орынға ие болды.

Отан соғысы жылдары казак кеңес балалар әдебиетіндегі соны тақырып, ол – жау тылындағы партизандар кимылы туралы болды. Бұл тақырыпты әдебиетке енгізген екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жау тылында, Украина жерінде басқыншыларға қарсы құрылған астыртын ұйымның жұмысына катысып, кейіннен партизандар қатарында болған Қасым Қайсенов еді. Украина жерінде ол 1942 жылы Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Партизан отрядының сапында Украина, Молдавия, Чехословакия мен Румынияда фашистерге қарсы арпалысады. 1955 жылы «Илько Витряк», 1957 жылы «Переяслав партизандары» және 1959 жылы «Ажал аузында» деген очерктер жинағын шығарды. 1960 жылы «Жау тылындағы бала» атты көлемді повесть жазды. 1963 жылы «Днепрде» кітабы жарық көрді. Қ.Қайсеновтың жоғарыда аталған үш кітабындағы оқиғалар Украина, Чехословакия жерлерінде болған.

Партизандар жау тылының алыс түпкірлерінде жүріп, ірі шайқастар жасайды. Олар жаудың мүлде күтпеген жерінен тұтқиылдан шығады. Жауынгерлер фашизмге қарсы күресте олардың басым күштеріне үздіксіз тойтарыс беріп отырады. Партизандар ок-дәрі мен қару-жарақтар тиеген эшелондарды қиратып, жаудың гарнизондарына шабуыл жасайды, әлденеше қоймаларын өртеп жібереді. Партизандардың үздіксіз шабуылдарының нәтижесінде неміс фашистерінің түрмелеріндегі, азап лагеріндегі тұтқында жатқан кеңес солдаттары мен офицерлері, бейбіт адамдар құтқарылады. Қ.Қайсенов шығармаларында соғыс күндерінің осындай қиян-кескі кезеңдері суреттеледі. Оқиғаның барлық желісі бастан-аяқ жазушының өз атынан баяндалады. Шығармалары кейіпкерлерінің мақсаты – фашизмнің күлін көкке ұшырып, бейбіт өмір орнату.

Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы - қазақ әдебиетіндегі әскери тақырыпқа жазылған алғашқы шығармалардың бірі. Шығарманың бас кейіпкері - өмірде болған адам. Ол – Керчь, Қырым майданындағы көзге түскен барлаушы, Қайрош Сарталиевтің прототипі Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов. Бастапқыда Қайырғали Смағұловтың ерлігін очерк желісі етті. Кейін бұл шағын повеске, одан романға айналды. 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атпен «Майдан» альманағында повесть түрінде жарияланды. Ғ.Мүсіреповтің бұл повесі «Қазақ солдаты» романына дайындығы іспетті.

Бірнеше жыл өткеннен кейін жазушы орыс әдебиетіндегі Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған туындылардың тәжірибесін үйреніп, кейіпкерлермен қайта кездесіп және жұртшылық сынын ескере отырып, бұл шығарманы түгелдей жазып шықты. Шығарманың толықтырылған жаңа нұсқасы 1949 жылы «Солдат из Казахстана» деген атпен орыс тілінде

жарық көрді. Келесі жылы «Қазақ солдаты» деген атпен казак тілінде роман болып басылып шықты.

Ғ.Мүсірепов өмірдегі Қайырғалиды повеске, романға сол күйінде көшпсе салмаған. Көркем шығарманың негізгі объектісі – адам. Көркем образ жасалмаған жерде шығарма құрғақ фактілер тізбегіне айналады. Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық басындағы ауыртпалықты жеке кейіпкерлер тағдыры арқылы көрсету мақсатында жазушы әрбір оқиғаны жалаң баяндамай Қайроштың көкірек көзінен өткізуге, сол арқылы характерлердің арақатынасын ашуға ұмтылады. Автор романда Қайрошты типтеніріп, біртұтас тұлға жасауға көп көңіл бөлген.

Балалар әдебиетінің дербес әдеби жанр ретінде есеюі мен оның тұрақты маман кадрларының жиналуы Ұлы Отан соғысынан кейінгі мезгілге жатады. Балалар прозасының да, поэзиясының да профессионалды дәрежеге көтерілгені - осы кез. Соғыстан кейінгі жылдары балалар әдебиеті саласында ғылыми-зерттеу жұмысы кең канат жайды. Кеңес балалар әдебиеті баспасы жанынан Балалар кітабы Үйі ашылды. Бұл лаборатория әдістемелік және библиографиялық құралдар шығаруды жүзеге асырды. 1952 жылдың сәуір айында балалар әдебиеті бойынша Бүкілодақтық мәжіліс(совещание) өткізілді. Кеңес балалар әдебиеті сыны дамуындағы жана кезең 50-жылдардың ортасынан басталды. 1953 жылдан бастап Балалар кітабы Үйі кеңес балалар жазушылары жайында сын-библиографиялық очерктер сериясын шығара бастады. 1966 жылы «Балалар әдебиеті» журналы өз жұмысын қайта жандандырды.

Бұл тұста Қ.Әбдіқадыровтың «Амантай», С.Бегалиннің «Көксегеннің көргендері», «Сәтжан», М.Иманжановтың “Алғашқы айлар” шығармалары пайда болды. Ө.Тұрманжановтың шығармалары жарық көрді. Соғыс тоқтасымен партия әдебиеттің алдындағы міндеттерін әлеуметтік істермен байланысты белгіледі. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп келіп, бейбіт еңбекке араласқан адамның өмірі мен еңбегін көркемдікпен суреттеу талабы қойылды. Балалар әдебиетінің бұл жылдардағы қамтыған ең күрделі тақырыптары бала тәрбиелеудегі отбасы мен мектеп ролін көрсету болды. Балаларды еңбек тәрбиесіне баулу мақсаты көзделді, мектептің өмірмен байланысын нығайту мәселесі қойылды. Осындай талаптарға байланысты соғыстан кейінгі жылдарда жазылған шығармаларда кеңес мектебінің өмірі көп орын алып, оның ішкі мәні, идеялық-тәрбиелік процестік өзгешеліктері, мектептің өмірмен байланысы, мектептегі пионер, комсомол ұйымдарының жұмысы кеңінен суреттелді. С.Бегалиннің, Ө.Тұрманжановтың, М.Иманжановтың, С.Бақбергеновтың, С.Сарғасқасевтың, Б.Сокпақбаевтың, М.Гумеровтың шығармалары кеңінен қанат жайды.

С.Мұқанов «Балуан Шолақ»(1940-41), «Бақташының баласы»(1953) шығармаларын жазды. «Балуан Шолақ» - 20-шы ғасыр басында тіршілік кешкен, өзі көзімен көрген аяулы өнерпаз өмірінен жазылған шығарма. «Бақташының баласы» повесі «Қазаға ұшыраған құнан», «Қақпандағы қасқыр», «Аянышты лақ», «Жаралы құлын», «Бөлтiрiктер», «Көк шолақ»,

«Анды аң жеңеді» деген жеті бөлімнен тұрады. Повестің бас кейіпкері - он жасар Жандос. Бақташының баласы мал жайын, әр малдағы мінез өзгешеліктерін жақсы біледі. Жазушы бас кейіпкердің мінезін, батылдығы мен адамгершілігін қиын-қыстау қауіпті сәттерде сынайды. С.Мұқанов аударма саласында да еңбектенді. Навтедждің «Балалар»(1953), В.Осееваның «Васек Трубачев және оның жолдастары»(3-кітабы, 1955), шығармаларын қазақ тіліне аударды.

М.Иманжанов. Жазушы М.Иманжанов 1916 жылы 20 желтоқсанда қазіргі Желтоқсан облысы Жезді ауданында туған. Алматыдағы есеп-санақ техникумында(1935-38) оқыды. 1938-48 жылдары Республикалық радио хабарлар тарату комитетінде, 1942-49 жылдары «Социалистік Қазақстан»(қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1949-58 жылдары «Пионер»(қазіргі «Ақ желкен») журналында бөлім меңгерушісі қызметінде болды. Тұңғыш әңгімелер жинағы «Жастық» деп аталады(1948). «Алғашқы айлар»(1950), «Таныс қыз»(1952, 1972) әңгімелері мен романы шықты. «Тыңдағылар»(1956) әңгіме және очерктер жинағы басылды. «Көк белес»(1960) романы, «Өркен»(1980) атты мақалалар, естеліктер кітабы жарық көрді. Балаларға арналған әңгімелері «Шанғышылар» деген атпен шықты. Драматургия саласында да жемісті еңбек етті. «Жас өмір»(1948), «Менің махаббатым»(1954) повесі мен пьесалар жинағы жарық көрді. «Сөнген шам»(1957) сатиралық комедиясын жазды. 1958 жылы 18 наурызда қайтыс болды.

Шығармалары. Әдеби творчествосын соғыстың қиын кезеңінде бастайды. Саналы өмірін баспасөз маңында өткізді. «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясында әдеби қызметкер, кейін әдебиет бөлімінің меңгерушісі болды. Денсаулығына байланысты өзі сұранып «Пионер» журналы редакциясына бөлім басқаруға ауысады. М.Иманжановтың тәлім-тәрбиесін көрген балалар қаламгерлері: Б.Сокпақбаев, М.Әлімбаев, С.Сарғасқаев, Қ.Мырзалиев, Ә.Дүйсенбиев, Қ.Ыдырысов, С.Баязитов, Н.Сералиев т.б. Шығармашылығының ерекшеліктері:

1. М.Иманжанов туындыларына өмір сүйгіштік рух, пафос, сыршылдық тән. Бұл жағынан С.Ерубаев пен Б.Бұлқышевтің өмір сүйгіштігін, бақыт пен ерлікті жырлайтын романтизмін жалғастырды. Сол замандастары тәрізді Мұқан да өмір туралы, бақыт, ерлік жайында толғанды, көп жазды. Ол ерлікті жалаң патетика емес, адам бойындағы игі сезімдердің, намыстың, азаматтықтың көрінісі деп таныды. Оның шығармаларынан сезім байлығы мен романтикалық көңіл күйі қатар орын алады. Ол балаларға арналған шығармаларын Отан соғысы тақырыбынан бастады. «Шал», «Ақша», «Бала қаны», «Даладағы от», «Жыртық дәптер»(1945), «Адам туралы аңыз»(Қ.Жармағамбетовпен бірігіп жазған) әңгімелері 1942-1945 жылдары жазылған.

2. М.Иманжанов әңгімелерінің кейіпкерлері қарапайым жандар, тігінші, сауыншы, троллейбустың кондукторы, телеграфшы болып

келеді. Олардың бәрі өз қызметінде қоғамдық пайдалы іске үлес қосады. Бүлдіршіндер үшін істелген және істеліп жатқан игі істер сөз болады, бөбектердің өмірі суреттеледі. “Жол үстінде”(1948), “Ораз бен Боря”(1948), “Кітап”(1949), “Жас шебер”(1950), “Талап”(1951), “Бөбек”(1951), “Кішкентай көрші”(1951), “Коммунизм мүйісі”(1951), “Кондуктор”(1952), “Қорқақ”(1954), “Бес”(1954) әңгімелері баланы оқуға, алдағы зор мақсаттарға ынталандыру, еңбекке, іске үйрету, олардың өрісті талабын шыңдай түсу мәселелеріне арналды. 1948-1952 жылдар аралығында жазған осы әңгімелерінде жазушы балалардың ішкі жан-дүниесіне еркін бойлайды. Шығарма кейіпкерлері - өмір қозғалысына сай қимыл жасайтын оптимист балалар. Олар өздерін үлкен өмірдің кішкентай кірпішіндей сезінеді.

3. М.Иманжанов өз шығармаларында мектеп жұмысын өндірістікокумен, өмірмен тығыз байланыстыра жүргізу мәселесін көтереді. «Алғашқы айлар» повесінің(1950) әдебиет әлемінде принциптік жаңалығы болды. Шығарма бастапқыда «Ауыл мұғалімі» деген атпен «Пионер» журналында басылды. М.Иманжанов «Алғашқы айлар» повесінде ауыл мұғалімінің өмірі туралы жазды. Мектеп мұғалімінің әр алуан мінезін бейнеледі. Жакыпбек мұғалімнің іскерлігін, табандылығын үлгі етеді. Жакыпбектің белсенді іс-әрекеті ауыл мәдениетін көтеруге, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға жұмсалады. Ол мектеп пен өмірдің байланысын көтеру, балаларды еңбекке баулу ісіне бастамашы болды. Мектеп пен отбасы, мектеп пен колхоз арасындағы байланыс жайы әңгіме етіледі. Автор мектеп жұмысының өмірмен тығыз байланысты болуы оқушылардың білімін тиянақты, тұрақты ететінін және оларды іскер азамат етіп шығаруға баулитынын дәлелдеп берді. Оқу процесімен қатар балалық шақтың алуан түрлі сәттері, бала психологиясындағы ерекшеліктер шынайылықпен көрсетіледі.

4. М.Иманжанов өз шығармаларында адам деген ұлы атты ардақтауды, оның бай сезім күйін жазды. Жазушылық пафосы мен творчествосының өміршен рухы жағынан М.Иманжанов Саттар Ерубаев пен Баубек Бұлқышевке ұқсайтын еді.

С.Бегалин. Қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі С.Бегалин 1895 жылы 24 қарашада бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Дегелең ауылында дүниеге келген. 1915 жылы Семей қаласындағы орыс-қазақ училищесін бітірген. 1916 жылы майданның қара жұмысына алынған. 1929-1935 жылдары Дегелең болыстық атқару комитетінің председателі, Қарқаралы уездік атқару комитетінің мүшесі, бөлім меңгерушісінің орынбасары, аудандық халық судьясы болған. 1935-1956 жылдары «Темір жолшы» газетінде, Қазақ Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтында, Қазақстан Жазушылар Одағында жұмыс істеген.

С.Бегалин әдеби шығармашылығын өлең жазудан бастаған. «Қазақ бозбалаларына» деген алғашқы өлеңі 1914 жылы «Айқап» журналында

басылады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастыру саласында пайдалы еңбек етеді. Халық акындарының өмірі мен шығармашылығын зерттейді. И.Байзаков, Д.Әлімбаев, Ш.Қошқарбаев, Қ.Терібаев, Т.Көлтөков сияқты халық акындарының шығармаларын бастырады. 1946 жылы «Жамбылдың ата-тегі, өмірі» атты ғылыми монографиясы жарық көреді. Т.Шевченко, А.Пушкин, М.Лермонтов өлеңдерін, Д.Мамин-Сибиряк, Л.Соловьев әңгімелері мен повестерін қазақ тіліне аударады. С.Бегалиннің 50-ге жуық өлеңіне ән шығарылған. Жазушының әр жылдары жарық көрген кітаптары: «Қыран кегі»(1943), «Сәтжан»(1947, 1973,1978), «Көксегеннің көргендері»(1948), «Жас ұрпақ»(1953), «Цимлян теңізі»(1953), «Ермектің алмасы»(1955,1985), «Таңдамалы»(1956), «Жеткіншектер»(1960), «Мектеп түлектері»(1961), «Сыр қайнары»(1963), «Шокан асулары»(1971, 1996), «Қыран туралы аңыз»(1976), «Екі томдық шығармалар»(1979) және т.б. 1975 жылы С.Бегалиннің «Заман белестері» атты романы жарық көреді. Романдағы оқиғалар нақтылы өмір шындығына негізделген. Мемуарлық туынды автордың 1910-1928 жылдар аралығында көзбен көріп, бастан кешкен оқиғаларын баяндайды. С.Бегалин 1983 жылы 5 сәуірде қайтыс болды.

С.Бегалиннің балаларға арналған әңгімелері мен повестерін тақырыбына қарай Ш.Ахметов бес топқа бөледі. Аңшылық, мал шаруашылығы, мичуриндік агробиология тақырыбындағы шығармалары, тәрбие мәселесін көтеретін және екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі тыл мен майдан өмірі туралы туындылары. «Сәтжан» повесі. Жазушы соғыс жылдары қызмет бабымен Аягөз ауданына барады. Сол жақта ителгі асырап, саятшылық жасайтын Сәтжан деген баламен танысады. Повесть осы кездесуден соң жазылады. Сәтжан бейнесі талапты баланың іс-әрекетін көрсетуге арналған. Мектеп оқушысы Сәтжан жазда колхоз бұзауын бағады. Аңшы атасы Серікбайға еліктеп, құсбегілікпен айналысады. Табиғат тағысы қыран құс ителгіні үйретеді. Тау қыранымен аң аулайды. Сәтжан туған өлкенің сыр-сипатымен танысады. «Таңбалы тастағы» әр алуан суреттер мен тастар Сәтжанды үлкен ойға қалдырады. Талапты бала аңшылықты өлкетану ісімен байланыстырады. Сәтжан алдында аңшылық өнерден жоғары мақсат пайда болады. Оны қиясына қыран, қыналы бетіне тарих ұялатқан зәулім жартастар құпиясы қызықтыра бастайды. Повесть балаларға арналған әдебиеттің Бүкілодақтық конкурсында жүлде алады. Орыс, армян, азербайжан, өзбек, корей т.б. тілдерге аударылады.

«Бала мерген» повесіндегі Уаш әке жолын қуып аңшы атанады. Әкесі соғысқа кеткенде үй іші тірлігін арқалап қалады. Повесть «Таныстыру», «Алғашқы елік», «Сілеусін», «Қалаумен барып қасқыр атқаны», «Аюмен жекпе-жек», «Таутеке жорығы» деп аталатын тараулардан тұрады. Шығарма кейіпкерлері – он төрт жасар Уаш, укесі Нұрқасым, шешесі Әймен, милиция бөлімшесінің бастығы Исаев, Ыбырайым қарт, Жанжигіт атай, Қалиев, Чугунов, Мұқан, Уаштың қарындасы Дарига. Повесте жер-су

атаулары мол: Сарнлы өлкесі, Қырық құдық белдеуі, Алтай тауы, Сарымсақты өлкесі, Қоскемпір биігі, Тазкара биігі, Үлкен Нарын, Балтақалған тауы, Текше тауы, Шыбынды бұлақ, Сармойын құздары, Акжар биігі т.б.

«Көксегеннің көргендері» повесіндегі Көксеген – маралшы бала. Ол дала сырын жақсы біледі. Оның далада көргендері – замандастары үшін таңғажайып хикая. Көксеген көп нәрсені көреді, ойға түйседі, көкірегіне байлайды. Көргендері мен түйгендерін жас оқырмандармен бөліседі. Повесте аңшылық кәсіп, жер, егін шаруашылығы өзара байланыста әңгімеленеді. Шөп шабуға шыққан балалар табиғат құбылыстарымен танысады, аңшылықтың қыр-сырын танытатын тосын оқиғаларды бастан кешіреді.

«Шопан даңқы, «Төлбасылар», «Сұрапылда», «Керкік», «Будан», «Қозышы Нұрман», «Жылқышы» әңгімелерінің тақырыптары – мал шаруашылығы. Мектеп балалары оқуды мал бағумен тығыз байланыстыра жүріп, өмір таниды. Тәжірибелі шопандардың жұмысын балалардың алдына үлгі етеді.

«Жас бұтақ» әңгімесінде Жұмақан деген бала өзі өсірген апорт алмасын Артектесте танысқан достарына жібереді. «Қант бұршақ» әңгімесіндегі Зуфар Артектесті достары арқылы қант бұршақ ұрығын алдырады, оны өсіреді. «Мектеп бағында» әңгімесінің кейіпкері Ерден ағаш отырғызумен айналысады. Аталған әңгімелерде жолдастық, достық, қоғамдық еңбек мәселелері көтеріледі.

С.Бегалиннің бірсыпыра әңгімелері ерке балалар қылықтарын ашкерелейді. «Сымбатты Сима» әңгімесіндегі Сима – еңбек етуге құлықсыз жан. Сабакка да атүсті қарайды. Өзгені менсінбейтін тәкаппарлығы және бар. Әңгімеде баланың тәрбиесі ата-анаға тікелей байланысты деген ой айқын. «Жаңғалақ» повесінде тентек баланың түзу жолға түсуі, тәрбиеге көнуі оқиға желісіне алынған. Жаппарбек деген бала жаңғалақтығынан тосын оқиғаларға тап болып жатады. Содан Жаңғалақ атанады. Қаладағы қазыналық оқудан демалысқа Дойырбай келеді. Жаңғалақ Дойырбайға ілесіп қалаға кетеді. Жаңа мектепте жетістіктерге жетеді. Фабрика-заводтар үшін мамандар даярлайтын мектепке қабылданады. Қазақ баласының оқуға деген құштарлығын ояту, оқу-білімге шақыру және бұзықтық, тентектіктің өрге бастырмайтынын аңарту – шығарма идеясы.

Соғыстан кейінгі жылдардағы балалар әдебиетінің негізгі тақырыптары тыл мен майдандағы ерлік істер жайында болды. Соғыс жылдарында 11-14 жастағы балалар ересек адамның барлық жұмысын атқарды. Арбамен астық, пішен тасыды, мақта терді, қызылша тазалады, бұзау бақты, жылқы қайырды, есепші болды. Бұл жастағы балалар майданда ерекше маңызды бар тапсырмалар орындайды. С.Бегалиннің тыл мен майдан өміріне арналған шығармалары нақтылы оқиғаларға құрылды.

Тарихта есімі қалған тұлғалар жайындағы биографиялық шығармалар да – балалар әдебиетінің мұрасы. Соғыстан кейінгі балалар әдебиетіндегі

көрнекті қайраткерлер туралы шығармалардың қатарында С.Бегалинның «Шоқан асулары» повесі де бар. Алғаш 1964 жылы «Жазушы» баспасынан «Бала Шоқан» деген атпен жарық көрді. Толықтырылып 1971 жылы сол баспадан, 1976 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрді. Повесте Ш.Уәлихановтың балалық шағы, кадет корпусында оқыған жылдары, ғалым атанған кезі кеңінен қамтылған. Жазушы ғалым есімін Семейде оқып жүрген кезінде естиді. Кітапхана, архивтерден Шоқан жайында материал жинайды. Ғалымның туыстарымен әңгімелеседі. «Шоқан асулары» повесінде автор беймезгіл заманда туып, заманның қыспағына түскен, жарқын талантымен, алғырлығымен қараңғы түнекті жарып өтуге ұмтылған адамның өмірін, балалаық, жастық шағын нанымды әңгімелейді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. 20-30 жылдардағы казак балалар әдебиетінің даму ерекшеліктері жөнінде әңгімеленіздер.

2. 1940-50 жылдардағы казак балалар әдебиетінің даму сипаты жөнінде әңгімеленіздер. Соғыс кезеңі және соғыстан кейінгі кезең балалар әдебиетінің негізгі мазмұны мен тақырыптары жөнінде айтыңыздар.

3. С.Мұқановтың балаларға арналған шығармаларындағы түйінді ойдың неде екендігін дәйектеніздер. Шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір айтыңыздар.

4. С.Бегалин шығармаларындағы түйінді ойды анықтаңыздар. Шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір білдіріңіздер.

5. С.Бегалиннің «Бала мерген» повесін С.Мұқановтың «Бақташының баласы» шығармасымен салыстырыңыздар. Екі шығармаға бүгінгі күн талабы тұрғысынан өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

6. М.Иманжановтың 1942-1945, 1948-1954 жылдар аралығында жазылған әңгімелеріне тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктер тұрғысында талдау жасаңыздар.

7. Соғыстан кейінгі кезеңдегі балалар повестерінің тақырыптық ауқымын анықтаңыздар. Қазак жазушылары повестерінің көркемдік-идеялық ерекшеліктерін танытыңыздар. С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, С.Бегалиннің, М.Иманжановтың балаларға арналған шығармаларындағы дара және ортақ стильдік белгілерді айқындаңыздар. Шығармаларының сипатын қазіргі заман тұрғысынан бағамдаңыздар.

1960-80 жылдардағы казак балалар әдебиетінің дамуы

Бірқатар талантты ақындар бірыңғай балалар әдебиетіне маманданды. 60-жылдардағы балалар поэзиясы Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Ж.Кәрібозин, Қ.Мырзалиев, Қ.Баянбаев, А.Сопыбеков, Қ.Жұмағалиев, Е.Өтетілеуов, М.Жаманбапинов, Е.Елубаев, С.Қалиев, Ж.Әбдрашев есімдерімен байланысты өрістеді. Бұл есімдер қатарын 70-

жылдары Е.Ерботин, Н.Айтов, А.Сәрсекөв, С.Оспанов молайтты. 80-жылдардан бері балалар поэзиясында Б.Серікбаев, К.Ыбыраев, Ө.Ақыпбеков және т.б. еңбек етті. Аталған ақындар легінің әрқайсысы әдеби бір-бір буын құрайды. Қазақ балалар әдебиетіндегі дәстүрдің қалыптасуы, екінші бір буын арқылы жалғасуы деген мәселеде бұлардың бір-біріне тигізген ықпалы болды.

Балаларға арналған өлең жанды сурет, тірі кимыл, сан алуан бояуға толы болуы керек. Бүлдіршіндердің көзге елестету арқылы қабылдайтынын ескерсек, бұл - орынды талап. М.Әлімбаевтың «Он саусақ» т.б. 60-80 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы өзіндік ерекшеліктер негізінде дамыды:

1. Қазақ балалар поэзиясының ішкі жанрлары байыды. Өтірік-өлең, жұмбақ-өлең, сюжетті өлең, тақпақ, санамақ, мазақтама, мадақтама, лирикалық поэма, сатиралық поэма, фантастикалық поэма, ертегі-поэма, мысал-поэма және т.б. пайда болды. Халық поэзиясының көне формалары жаңа мазмұн алып дамыды. Мысалы, Ә.Дүйсенбиевтің («Не деу керек?», «Елка жыры», «Ақ мамам» өлеңдерінің авторы) «Бес саусақ» өлеңі.

2. Жалаң үгіт, насихат тежелді. Қазақ балалар поэзиясы айтарын ашық айтатын дидактикалық өлеңдерден арылды. Балалар ақындары өз өлеңдеріне тәрбиелік сипат беріп, айтар ойын астарлап, ишаралап жеткізетін болды. Мысалы, А.Сопыбсковтың («Қораз», «Біздің семья» өлеңдерінің авторы) «Тілағаш», Ә.Дүйсенбиевтің «Шірік алма» өлеңдері.

3. Бала характері алдыңғы планға шықты. Дидактикалық өлеңдерден арылудың бір жолы- өлеңді бала мінезіне құру.

Мысал, Е.Өтегілеуовтің «Тығылмақ», «Шұңқыр», М.Жаманбабиновтың «Жок, жок, апа» өлеңдері.

4. Бала характерін ашатын әдіс-тәсілдер молайды. Белгілі бір лексиконды қайталау, сөз ойнату отырып өлең жазу қазақ балалар поэзиясы дәстүріне енді.

Мысалы, А.Сопыбековтың «Қайшы» өлеңі. Мұнда «Апам алса қайшыны», «Әжем алса қайшыны» секілді лексикондық қор қайталанған. Автор «күлімдеп», «дірілдеп» етістіктерімен бала мінез-қылығын, көңіл-күйін сәтті жеткізіп жырлап беріп тұр. Көпшілік ақын сөзбен сурет салады. Мысалы, С.Оспанов «Айлы түн» өлеңі. Өлең ерекшелігі - ақынның айлы түнді ұлттық танымға бейімдей суреттей білуінде.

Бірқатар ақындар өз өлеңдерінде болмысты суреттеп жатпай, оның жеке бір бөлшегін, бір көрінісін бейнелеу арқылы бала ойына ұялата біледі.

Мысалы, К.Ыбыраевтың «Көктем» өлеңі:

Жылы мезгіл жетіпті,

Тастадық біз етікті.

Қар көктемге жеткізбей

Тауға шығып кетіпті.

Бұл мысал акынның бүтінді бөлшегінде, жалпыны жалқы деталь арқылы бейнелейтін тапқырлығын танытады.

5. Авторлар бала жасына қарай бейімделіп, маманданды. Мәселен, Ж.Смаков өлеңдерінің кейіпкерлері сәбиден мектеп жасына дейінгі өсу формасында бейнеленеді.

Қазақ балалар прозасының тақырыптары:

1-тақырып. Соғыстан кейінгі жылдардағы балалар әдебиетінде көрнекті қайраткерлер туралы, азамат соғысы мен Отан соғысына қатысқандар ерлігі туралы өмірбаяндық повестер туды. Қ.Әбдіқадыровтың “Қажымұқан”(1951), Қ.Жармағамбетовтың “Әнші азамат”(1951), С.Бакбергеновтың “Талғат”(1950), “Дина”(1957), С.Талжановтың “Сейфолланың Сәкені”(1959), “Бозторғай”(1960), С.Бегалиннің “Бала Шоқан”(1964) повестерінің бір қымбат қасиеті - өнегелі міндет арқалауында. Бұл шығармалар - тарихи тұлғалар жайында балалар мен жасөспірімдерге лайықталып жазылған дүниелер.

Аталмыш шығармалар балаларды халқымыздың ұлы перзенттерін құрметтеуге, тарихқа адал, достыққа берік болуға тәрбиелейді. Қ.Әбдіқадыров “Қажымұқан” повесінде алтын, күміс, қола – барлығы 45 медальға ие болған, жер жүзіне атағы шыққан Қ.Мұңайтпасовтың өмір жолымен таныстырады. Қ.Жармағамбетов “Әнші азамат” повесінде Парижде ән салып, дүние жүзі өнерпаздарының жарысында екінші орын алған атакты әнші Әміре Қашаубаев жайында жазады. С.Бакбергеновтың “Талғат” повесі Отан соғысы тұсында ерлігімен көзге түсіп, екі рет Кеңес Одағының батыры атағын алған қазақ ұшқышы Т.Бигелдиновтің жауынгерлік өмірін суреттеуге құрылса, “Дина”(“Күй”) повесі Д.Нұрпейісованың тағдырына арналды.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ кеңес балалар әдебиетінің көтерген мәселесі –соғыс зардаптары салдарынан өздерінің балалық, жастық шағын жоғалтқан балалар, жастар тағдыры жайлы болды. Үш жүйеде өріс алды: біріншіден, жау тылында партизандармен бірге жүріп Отан үшін алысқан, ерлік көрсеткен, көп қасірет шеккен жасөспірімдер мен балалар ерлігі, олардың тағдыры сөз болды. Екіншіден, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Б.Бұлқышев сияқты жастардың ерлігі жайлы туындылар өріс алды. Үшіншіден, майданды қарумен, жылы киіммен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұрған тылдағы ата-аналар мен балаларға арналған еді.

Қазақ балалар прозасында әуелі бетбұрыс ретінде тәуір көрінген, кейін шиырланып көп жазылған тақырып – Ұлы Отан соғысы тақырыбы. Н.Серәлиевтің “Жеңешем, жорға және мен”, О.Сәрсенбаевтың “Танбалы тас”, М.Мағауиннің “Бір атаның балалары”, М.Қаназовтың “Чика – Дабылдың баласы”, “Қияндағы күн нұры”, Д.Исабековтың “Біз соғысты көрген жоқпыз”, С.Нарымбетовтың “Айғай” повестері соғыс жылдарында ерте есейген балалық сырын бейнелейді. Қазақ балалар прозасында әуелі бетбұрыс ретінде тәуір көрінген, кейін шиырланып көп жазылған тақырып – Ұлы Отан соғысы тақырыбы. Н.Серәлиевтің “Жеңешем, жорға және мен”,

О.Сәрсенбаевтың “Таңбалы тас”, М.Мағауиннің “Бір атаның балалары”, М.Қаназовтың “Чика – Дабылдың баласы”, “Қияндағы күн нұры”, Д.Исабековтың “Біз соғысты көрген жоқпыз”, С.Нарымбетовтың “Айғай” повестері соғыс жылдарында ерте есейген балалық сырын бейнелейді.

2-тақырып. Балалар әдебиетінде 1957 жылдан бері қарай ғылыми-фантастикалық тақырыптағы шығармалар пайда бола бастады. Балалар әдебиетінде 1957 жылдан бері қарай ғылыми-фантастикалық тақырыптағы шығармалар пайда бола бастады. А.Машановтың “Жер астына саяхат”(1957), М.Сәрсекеевтің “Ғажайып сәуле”(1959), “Жетінші толқын”(1964) повестерін атауға болады. А.Машановтың повесі жердің жаратылысын, табиғаттың ұзақ ғасырлар бойғы өзгеріс-құбылыстарының заңдарын, ескінің қалай өзгеріп, жаңаның қалай дамитынын ғылыми тұрғыдан қызықты етіп әңгімелейді. М.Сәрсекеевтің аталған шығармалары техника тетіктерінің әр алуан жүйесінен мағлұмат береді.

3-тақырып. 50-жылдардың басында тың көтеру жана шығармалардың көптеп жазылуына себепкер болды. С.Омаровтың “Алтын алқап” повесі осылай туды.

4-тақырып. Соғыстан кейінгі жылдардағы балалар прозасы бала тәрбиелеудегі отбасы мен мектеп ролін көрсетуге тырысты. Мектептің өмірмен байланысын нығайту мәселесін басты мақсат етіп қойды. М.Иманжанов “Алғашқы айлар” повесінде(1950) ауыл мұғалімінің өмірі туралы жазды. Оның кейіпкері Жакыпбектің белсенді іс-әрекеті ауыл мәдениетін көтеруге, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға жұмсалады. Ол мектеп пен өмірдің байланысын көтеру, балаларды еңбекке баулу ісіне бастамашы болды. Мектеп пен отбасы, мектеп пен колхоз арасындағы байланыс жайы әңгіме етіледі.

С.Жұбатыров, М.Қабанбаев, Э.Төреханов, Б.Бабаков, Б.Қойшыбаев, С.Асылбеков, М.Айымбетов, Б.Ыбырайымов, Н.Мұраталиев, Н.Ақышев, Б.Әділов, С.Дүйсенбиев және т.б. қаламгерлер балалар әдебиетіне өздерінің балалық өмірбаян сырын әкелді. М.Қабанбаевтың “Бақбақ басы толған күн”, “Арыстан, мен, виолончель және қасапхана”, Қ.Қазиевтің “Үркер”, С.Жұбатыровтың “Жасыл сағым”, М.Айымбетовтың “Бар болғаны он төрт жас”, “Көлге шомылған ай”, Б.Қойшыбаевтың “Сенім” повестері мектеп оқушылары өмірінен жазылған шығармалар. Балалық шақ пен жасөспірімдік сәт аралығындағы өтпелі кезенді бейнелеуді мақсат еткен бұл шығармалар балалар әдебиетіндегі соны ізденістің жемісіне жатады.

Шығармалардағы басты мәселе — кейіпкердің жан-дүниесіне үңілуге тырысушылықты аңғарамыз. Тіршілік дүниесі бала кейіпкер көзімен беріледі. Ата-анасы, әйтпесе, мектеп ұжымы, достар арасындағы психологиялық конфликт өрістейді. Шығарма кейіпкерлері жазушылардың балалар өміріне жаңаша қарай бастауының куәсі.

Ө.Тұрманжанов – балалар жазушысы

Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы ауданына қарасты жерде, Бөген өзенінің бойында 1905 жылы өмірге келді. Ө.Тұрманжанов балалар әдебиетіне келу жайын былай баян етеді: «Мен балалар тақырыбына 1929 жылдан бастап шындап жаза бастадым. Балаларға арнап жазған тырнақалды кітапшам «Қарлығаш». Ол 1930 жылы Алматыда басылып шықты. Онан соң сол жылдары «Құрыш құс», «Карл» деген кітаптарым да басылып шықты. ...жазғандарымның дені балалар мен жасөспірімдерге арналған».

Әдебиеттанушы Қ.Ергөбек Ө.Тұрманжановтың балалар әдебиетімен айналысуына себеп болған екінші жайтты да атап көрсетеді. Ол бұған КСРО Жазушыларының 1934 жылы болған бірінші съезінің себеп болғанын айтады. Съезде назар аударылған мәселелердің бірі балалар әдебиеті болды. Бұл съезге қатысқан І.Жансүгіров елге оралысымен, қазақ балалар әдебиеті мәселелерін қолға алады. Өзге әріптестерін әдебиеттің осы саласына жұмылдырады. «Жалпы осы жылдары баланы болашақ тұтқан бірсыпыра қаламгер балалар әдебиетіне бетбұрыс жасады. Содан да отызыншы жылдары қазақ балалар әдебиеті қаламгерлерінің қатары толығып, недәуір еңсе көтеріп қалды. Өтебай Тұрманжановтың балалар әдебиетіне біржола бет бұрып, тұрақты машықтануына әсер еткен екінші фактор осы» - дейді, ғалым Қ.Ергөбек.

Сөйтіп ақын балаларды болашақ тұтып, өзінің бар дарын-қуатын бүлдіршіндерге арнады. Ө.Тұрманжанов Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы ауданына қарасты жерде, Бөген өзенінің бойында өмірге келді. Ресми құжаттарда ақын 1905 жылы туған деп көрсетіледі. «Таң өлеңдері»(1925), «Қошан кедей»(1927), «Карл»(1934), «Пулемет»(1933), «Құрыш құс»(1932), «Таң сыры»(1929), «Еңбек және мектеп»(1930), «Қарлығаш»(1931) секілді кітаптары жарық көреді. Ө.Тұрманжанов балалар тақырыбына 1929 жылдан бастап шындап жаза бастаған екен. Балаларға арналған алғашқы кітапшасы – «Қарлығаш». Алғашқыда көптеген өлең, поэма, проза жазған ол бертін келе бойдағы бар дарын қуатын, алтын уақытын осы салаға біржола бағыштады. Ө.Тұрманжанов балалар әдебиетінің кезеңдік проблемалары, жеке таланттары жайлы мақала да жазып отырды.

Ө.Тұрманжанов балалар тақырыбына 1929 жылдан бастап шындап жаза бастаған. Балаларға арналған алғашқы кітапшасы – «Қарлығаш». 1930 жылы басылып шықты. Кейін «Құрыш құс», «Карл» кітаптары шықты. Ө.Тұрманжанов балалар әдебиетімен үздіксіз шұғылданды. Алғашқыда көптеген өлең, поэма, проза жазған ол бертін келе бойдағы бар дарын қуатын, алтын уақытын осы салаға біржола бағыштады. Ө.Тұрманжанов балалар әдебиетінің кезеңдік проблемалары, жеке таланттары жайлы мақала да жазып отырды. Ақын өлеңдерінің тақырыптары сан тарапты. Ө.Тұрманжановтың бүлдіршіндерге арнаған өлең-жырларынан сәбиге тән бала тілін, оқушыға тән асқақ сезімді, романтизмді, лиризмді оңай

аңғарамыз. «Ән салайық» айналып өлеңінде *Балалар-ау, балалар! Бойларыңа қарап ал. Беттеріңді жуып ал. Белдеріңді буып ал. Бастарыңды құрап ал, Тізбектеліп тұра қал. Жұрт тыңдасын тамсанып, Би билейік, ән салып-* деп балаларды көңіл көтеруге шақырады. Бұл ретте акын өлеңдері І. Жансүгіровтің «Ой, балалар, балалар» деп басталатын «Жазғытұрым», «Күз» өлеңдерін еске түсіреді. Өтебай акын «Балқаш көлге барайық» деп аталатын тағы бір өлеңінде балаларға *Балалар-ау, балалар! Қатар басып, барибар «Балығы тайдай тулаған, Бақасы қойдай шулаған» Балқаш көлге барайық* деп тілек білдіреді.

Ө. Тұрманжанов - Ы. Алтынсарин, С. Көбеев, С. Дөнентаев секілді ағартушы ақындардың дәстүрін жалғастырушы. Акын өз ұстаз ағалары сияқты балаларды өнер-білім үйренуге шақырады. Ө. Тұрманжановтың дидактикалық өлеңдері құрғақ ақыл айтумен шектелмейді. Ойын суретке жалғайды. Кейде белгілі бір оқиға, көріністі суреттей бастап, ойын ақылмен түйеді. Осының бәрі табиғи өріліп, өзара әдемі жымдасып жатыр. Акынның ақыл айтқан қай өлеңі болсын, қимыл-қозғалысқа, бояуға толы динамикалы өлең болып келеді.

Ө. Тұрманжанов бірде табиғаттың көркемдігін балғын бөбекке қалпынша Жаксылық, қайырымдылық, достық - Өтебай акынның балаларға арнаған бар өлең-жырының күретамыры, лейтмотиві. Қарапайым апорт алмасын суреттеген акын «Тәтті алма» өлеңінде мынадай ой айтады: *Бір апортқа нысанпты Екі бала тояды. Тату қылып тәтті алма, Табыстырып қояды.* Бұл өлеңде «өле жегенше, бөле же!» деген ой бар. «Көбелектерді сйладым» өлеңінде лирикалық кейіпкер аулаға гүл егіп, көріктендіреді. Гүлді көріп көбелек ұшып келеді. Осы сәтті акын былай суреттейді: *Гүл өсіріп, қуантып, Көбелектерді сыйладым. Жаз сұлуын мұңайтып, Сыйламауға қимадым.*

Ө. Тұрманжановтың әдеби мұрасы балалар әдебиетіндегі фольклор мен кеңестік кезең арасын жалғап жатқан алтын көпір іспеттес. Ол ауыз әдебиеті асыл қайнарынан үйреніп өсті. Фольклорлық тақырып, желі, сюжетті пайдалану, ауыз әдебиетін шығармашылық күшті қуатпен меңгеру - Ө. Тұрманжанов әдеби мұрасының басты ерекшелігі. Балаларға арнап шығарма жазу Ө. Тұрманжановты халық творчасымен бұрынғыдан гөрі жақындастыра түсті.

Тақпақ. Ақында төрт түліктен өрілген әлденеше өлең бар. Мәселен, «Шұбар лақ», «Ақ бұзау мен көк лақ», «Қозы, козы, козылар», «Текешік», «Мысық тілеуі неге жаман? Күшік тілеуі неге жақсы?», «Төрт түлікті қалай шақырады?», «Қой мен ешкінің қағысуы», «Қарағай мүйіз қара ешкі», «Жүйткі, жүйткі, жүйрігім», «Нартайлақ», «Екі қодық», «Жан-жануардың баласын сүйюі», «Ақ мүйізді ақ қошқар», «Төрт түліктің төлдерін сүйюі», «Қошқан», «Ешкім, ешкім, егіз тап», «Ешкі деген жануар», «Ақ ешкіні баптап бак» секілді өлеңдер - бірыңғай төрт түліктің қадір-қасиетіне құрылған тұрмыстық-этнографиялық туындылар. Ө. Тұрманжановтың бұл саладағы өлеңдерінің өзіндік бірсыпыра ерекшеліктері бар. Біріншіден,

акын қандай хайуанат хақында қалам тартса да, халықтың мінездеуі тұрғысынан қарайды. Демек, акын өлеңінде сол хайуанат жайлы халықтық түсінік қоса тіріліп отырады. Екіншіден, хайуанаттарды бала кейіпкермен қарым-қатынаста алып бейнелейді. Үшіншіден, акын хайуанаттар хақында өлең жазғанда, оларды жеке қызықтамай, оқушысын ойландыратын ой түйіндейді.

Мазактама. Ө.Тұрманжанов шығармашылығындағы және бір ерекшелік - өлеңді бала мінезіне құратындығы. Акынның «Шыбық тимес шыңк етер» аталатын өлеңі: *Шыбын қонса басына, «Ойбай, мені шақты» деп, Бала отырса қасына, «Құлағымды тартты» деп Бала салып қыңқ етер.* - деп келеді. Бұл өлең халық айтқан аталы сөзді негізге алған. Өлең бір жағынан, халықтық ұғымды тірілту болса, екінші жағынан, кикар баланы сынау, мінеу болып табылады.

Ө.Тұрманжановтың «Қарабай-ау, Қарабай», «Мынау кір-кір қай бала?», «Ол беске, мен үшке оқимын», «Құйын», «Шекесі қанап жүреді» секілді өлеңдері бала тіліне, бала мінезіне, іс-әрекетіне құрылған. Бұл өлеңдерінде акын бірде бұзық баланың өзін сөйлетсе, бірде өз атынан баланы сипаттай отырып, бүлдіршіндер бойындағы ұнамсыз қылықты әшкерелсйді. *Қарабай-ау, Қарабай! Шаш қойыпсың тарамай. Әсіріпсің қарамай, Басың бопты шарадай! Басты баптап күтпесең, Жүрмесін іске жарамай! Тазалық керек басқа да, Тазалық керек шашқа да, Тазалық керек асқа да, Болсайшы анау Сарадай.* деп «Қарабай-ау, Қарабай» өлеңінде ұқыпсыз баланы сынайды.

Акын мазактамалары да көбіне тәрбиелік сипатпен ұштасып жатады. «Мынау кір-кір қай бала?» өлеңінде Тұрған деген баланың кір-қожалақ қалпын суреттей келе Айна ал да, кара айнаға! Айналып кара айнала! Дәрсін сонда өзіне: «Мынау кір-кір қай бала?» деп өзіне-өзін сынатады, өз үкімін өзіне айтқызады. Баланы шындыққа жүгіндіре сөйлеу - тәрбиешіл акын мәнері. Демек акын бала мінезін қызықтай отырып, бала сөзін өлеңге айналдыра отырып, баланың ұнамсыз мінезін әшкерелей отырып өлеңнің тәрбиелік мәніне ерекше назар аударады.

Қисық мінез қыңыр баланы кескіндеуде акын сан алуан тәсілді қолданады. Бала мінезін беру үшін хайуанат табиғатындағы тентектікті әшкерелеуге барады. *Қарағай мүіз қара ешкі, Қызғаншақ, іші тар ешкі. Жаппай сүзіп жан-жақты, Жылады сенен бар ешкі.* деген өлең жолдарынан жалқау, самарқау, сотқар балалардың мінезі аңғарылады. Акынның мұндай өлеңдерінің кейбірі мысал жанрының еншісіне жатады.

Сұрамақ. Ө.Тұрманжановтың бірсыпыра өлеңі диалог үлгісінде жазылған. «Екі суайт» («Іті мен иесі») деген өлеңі пікірге дәлел. *-Байбосын, қайдан келесің? -Бидай баулап келемін. -Байғасқа, қайдан келесің? -Қоян аулап келемін. -Байбосын, қайда бидайың? -Қырманға жайлап келемін. -Байғасқа, қайда қояның? -Байға байлап келемін.* Ө.Тұрманжановтың халық өлеңбері үлгісіне құрылған осындай өлеңдері ізденіс жемісі, шеберлік көпілі болып табылады.

Мысал. Өтебай ақын енісінде бірсыпыра мысал бар. «Шыбын мен бал ара» мысалының сюжеті мынандай: шыбын бірде бал арасына жоллыгып, шыбындықтан тойдым, ластығымды қойдым,тазалыққа, ізгілікке ұмтылайын. жанымды кинап бал жинайын деп шағынады.

Кір-коқырға карамайын,

Білем ғой ара жайын,

Жақсылыққа ауайын,

Жұпар гүлді сауайын – деп, жалынады. Ара аяп, шыбынды қатарға қосады. Бірге бал жинайды. Қоны көтеріліп, күйі дұрысталған шыбын бірде серттен таяды. Бір күні бал теріп жүріп, Шірікті көріп, Көңілі бұзылып. Жалап алды қызығып. Былғанды балы, Мүшкіл болды халі. Ара «Былғадың деп балды, кірлеттің деп арды» шыбынның басын жұлып алды. Өлең астарында бірнеше ой бар. Алдымен – табиғатынан асып пенде ешқайда бара алмайды деген ой. Екіншіден, серт берме, берсең – орында, әйтпесе, өліммен тең деген ой. Жамандықпен ауызданғанның жақсылыққа ден қоймағы қиын екенін де сезіндіреді бұл мысал. Ақын шағын мысалмен шалқар ой айтып отыр. Қызықты, әрі күрделі мысал үлгісінің бірі – «Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар». Қаламгер мұнда әлденеше жанр мүмкіндігін ұштастырып пайдалана білген. Біріншіден, фольклорлық баяндау сарынын ұстаған: *Ертеде бір орманда, Өзі салған қорғанда, Бір топ ара тұрыпты.* деп бастайды автор поэмасын. Сондай-ақ, поэманың түйінінде өтірік өлең сипаты бар. *Мінгі алып бір қойға, Мен де болдым сол тойда, Аралардан бал жседім, Ондай тәтті көрмедім. Құмырсқадан нан жседім, Ондай дәмді көрмедім.* деп түйеді ақын. Екіншіден. Ақын поэмасында сатиралық персонаж етіп хайуанаттарға сырт бейнесіне сай, тіршілік-характеріне дөп келетін іс-әрекет берген. Қызыл, сары, жасыл, ақ қанатты Көбелек – биші, шаққан жерін қан қылып жүрген Сары маса – қанқұмар, ала жаздай ән құған Инелік – парықсыз, өрмектен өрнек салған Өрмекші - өтірікші болып бейнеленген. Автор оқушы бала үшін поэманың танымдық сипатын арттыра түскен. Жәндіктердің іс-әрекетін бейнелеуде мысал тәжірибесін жете меңгерген. Ақын Инелік жөнінде: *Жазды өткізген жалтырап, Қыста отырсаң қалтырап,* дейді. Үшіншіден, бұндағы ұнамды персонаждар – еңбексүйгіш Ара мен Құмырсқа. Оларды айырылмас құда еткен – Еңбек.

Еңбек – поэманың айтар ойы, автордың түйер концепциясы. Ақын бұл ойға бала оқушыны әр түрлі әрекетке қанықтырып, балғын сананы осы үлкен идеяға сендіріп әкеледі. Шығарманың идеялық түйіні философиялық ойлармен қабысып, көркемдік биігіне жеткен.

Ертегі-поэмалар. Ақында ертегі-поэмалар да мол. Олардың қай-қайсысы да - ерлік, адалдық, еңбек, ынтымақ, тұрақтылық жайлы халық даналығын ұстанған шығармалар. Олардың қай-қайсысында да халықтық ой шығарманың идеясына айналды. Ақынның «Төрт өгіз туралы ертегі», «Қарлығаш, дәуіт, жылан», «Жолаушы мен жеті қасқыр», «Аю мен аралар», «Жолбарыс» деген поэмалары «бірлік болмай тірлік болмас» деген ойды танытады. «Төрт өгіз туралы ертегі» шығармасы бір орманда ала жаздай

жұбын жазбай жайылып, семірген төрт өгіз туралы сыр шертеді. Бұларға азулы андар бата алмайды. Тату-тәтті өгіздердің бірлігіне іріткі салған түлкі болады. Түлкі оларды «әрқайсыларың әр түбекті басқарыңдар» деп азғырады. Түлкі сөзіне ерген жас өгіз қасқырдың жемтігіне айнала жаздайды. Қалған үшеуі қасқыр мен түлкінің сазайын береді. Автор қорытындысы төмендегідей: Не жетсін бірлікпенен ынтымаққа! Барлық күш – біле білсек, ынтымақта. «Жалғыз боп жол тапқанша көппен адас» Дәп халық жай айтпаған әр уақытта!

«Қарлығаш, дәуіт, жылан» поэмасында балапандарының өмірі үшін күрескен қарлығаш өз даусы дәуітті іздеп тауып, одан көмек сұрайды. Сөйтіп дәуіттің көмегі арқылы балапандарын ажал аузынан арашалап қалады. Поэма оқиғасы Балалар, қашан дағы бірлік керек! Әлсізге артық болмас етсек көмек. Жаксылығың ұмытылмас қашан дағы, Игілікке дәнекер болсаң себеп, деп қорытындыланады. Жасөспірімдерге бірлік қана керек емес, әдісшілдік, айлакерлік те қажет.

Ө.Тұрманжанов әлем халықтарының ертегілерін, Эзоп мысалдарын, Л.Толстой, Изов, Ғ.Ғұлам, Ғ.Тоқай өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Мысал өлеңдері тұжырымды, қысқа келеді. Өткір ой жанды көріністер арқылы беріледі. Оқиға желісінде шұбалаңқылық жоқ. Әзілге құрылған. Жазушының 1962 жылы «Менің кітабым», 1966 жылы «Адам адамға дос» кітаптары жарық көрді. Бұл кітаптарға енген қысқа әңгімелеріндегі қазақы характерлер оқушысын табиғилығымен баурайды. Ө.Тұрманжановтың әңгімелері - балаларды мазмұн қызықтылығымен, шағын көлемімен, композициялық құрылым ерекшелігімен, мақал-мәтелдермен көмкерілген ажарымен, көркемдігімен, танымдық, әрі тәрбиелік мәнімен және жанрлық әркелкілігімен де қызықтыратын, өзіне тартатын дүниелер.

Ақын, жазушы, аудармашы Ө.Тұрманжановтың ел аузынан мақал-мәтелді көп жинағаны мәлім. «Қазақтың мақал-мәтелдері» деген атпен бірінші кітабы 1935 жылы басылып шықты. Екінші кітабы «Тандамалы мақал-мәтелдер» деген атпен 1957 жылы шықты. Үшінші кітабы тандамалы жинақ болып «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» деген атпен 1959 жылы басылып шықты. Балаларға арналған «Асыл сөздер» деген шағын мақал-мәтелдер жинағы 1963 жылы басылып шықты. Сол себепті ақын шығармашылығынан мақал-мәтелдік орамдар мен ой айту үлгісінің ықпалын, ыргағын аңғарамыз. Осы ықпалды оның балаларға арнап жазған өлеңдерінен де кездестіреміз. Атап айтқанда, өлең арасында, лексикондық сөздік қорында: Еңбек – адамның ырысы екен. «Еңбек – ең байлық» деген дұрыс екен. («Есік алдында бір түп алма егіп») «Көшерімді жел білсін, Қонарымды сай білсін». Деді де, жөнелді дөңгелей. «Береке – көп жүрген жер» - дейді халық. Жіберер жәрдемдесіп, қалсаң талып. («Көп түкірсе – көл») секілді райда қолданылады.

Екінші, мақал-мәтелдің ойын алып, философиясын таратып өлең жазады. «Өстіп жанын қинадым» өлеңі осы ойымызға дәлел. Жамандық қылған жаманды, Жамандыққа қимадым. «Берейін» деп

сазанды, Жақсылықпен сыйладым. Қастық қылған қасымды, Қастыққа мен кимадым, Достықпенен сыйладым, Өстіп жанын кинадым

Үшінші, дербес өлең жазып, соңын мақал-мәтелдің ойымен түйіндейді. Мысалы: «Құмырсқа мен піл» өлеңінде пілдің құмырсқа илеуіне ауағанын, ызаланған құмырсқалардың пілді шағып талап өлтіргенін баяндай келіп: Бұзықтық істеп асқынып, Бойыңа сенің, зорсынба. Ынтымақты көп елді, Кіші екен деп қорсынба! деп түйіндейді. Төртінші, тұтас өлеңді, кейде жеке шумақты мақал-мәтел мақамында, ырғағында қиыстырады. Қара басын қорғаған, Қарнын ғана ойлайды, Қарнын ғана ойлаған Өмірінде тоймайды. Немесе: Ер бетіне тыртық түссе қылыштан – Отан үшін табан тіреп тұрысқан... Бұл тыртықтар батырлықтың белгісі. Қатын болмай, батыр болсын ер кісі. Хас сұлулар хас батырды қалайды. Жара, дағын жарастыққа санайды. Мақал-мәтелді ақынның ізденімпаздықпен пайдалануының кейбір сәттері осындай.

Ө. Тұрманжанов балаларға арналған өлең-жырлары катарында оның аударма мысал өлеңдерін қарастырудың реті бар. Себебі Ө. Тұрманжанов үлкен тәржімашы еді. Оның әлем халықтарының ертегілерін, Эзоп мысалдарын, Л. Толстой, Изов, Ғ. Ғұлам, Ғ. Тоқай өлеңдерін қазақ тіліне аударғаны белгілі. Мысал өлеңдері тұжырымды, қысқа келеді. Өткір ой жанды көріністер арқылы беріледі. Оқиға желісінде шұбалаңқылық жоқ. Әзілге құрылған. Осы ерекшеліктерімен жеткіншектердің жан-дүниесін баурайды, қызықтыра түседі.

Ө. Тұрманжанов Л. Толстойдың «Жіңішке жігі», «Маймыл мен бұршақ», «Маймыл», «Сауын сиыр», «Үйрек пен ай», «Шаң басқан қасқыр», «Су несі мен меруерт», «Көкқұтан, балық, шаян», «Қасқыр мен садақ» деген мысалдарын және Изовтан «Арыстан терісін киген есек», «Балық пен балықшы», «Көк кептер ме құмырсқа», «Арыстан мен тышқан», «Күзен», «Бүркіт пен тасбақа» және тағы басқа мысал өлеңдерін аударды.

Қызылордада басылған «Қошан кедей» деген шығармасы қазақ шаруасының күйзелісті көрінісіне құрылған. Әңгіме түрінде жарияланғанымен, көлемі мен өмір шындығын қамтуы жөнінен повестке бара-бар. «Қошан кедейден» соң көп жылдар бойына ол прозаға орала алмады. «Адамға сену керек» повесі ешқайда жарияланбаған. Жазушының 1962 жылы «Менің кітабым», 1966 жылы «Адам адамға дос» кітаптары жарық көрді. Бұл кітаптарға енген қысқа әңгімелеріндегі қазақы характерлер оқушысын табиғилығымен баурайды. Жазушының әңгімелерін оқып отырып, оның жалпы балалар әдебиетіндегі бұл жанрды жетік меңгергенін байқаймыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Өтебай Тұрманжанов туралы естеліктер» (2005), негізінде ақынның шығармашылық өмірбаянын әңгімелендіздер.

2. 1960-80 жылдардағы балалар мысал-позмаларының тақырыптық ауқымын анықтаңыздар. XX ғасыр басындағы қазақ акындары мен Ө.Тұрманжанов мысалдарындағы дара және стильдік белгілерді айқындаңыздар.

VI ТАРАУ. 1960-80 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

М.Әлімбаев – балалар жазушысы

1923 жылы Павлодар облысының Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында туған. Мұғалім әкесінің, екі ағасының арқасында сауатын ерте ашады. Бес жасында кітап оқи бастайды. Мұғалімнің баласы болғандықтан оқытушы болуды мақсат еткен. Он бес жасында педучилищеге түсіп, оны аяқтаған. Педагогикалық трактаттарды көркем әдебиетпен бірдей көріп, іңкәрлана оқыған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Университет бітірген. Мұзафар – ұстаз, тәлімгер, қаламгер.

Балалар баспасөзінде 1948 жылдан 1989 жылға дейін жемісті, ізденісті қызмет атқарған. «Балдырған» журналын 28 жылдан астам уақыт басқарған. Балалар баспасөзіндегі ондаған жылдарға созылған қызметі, әсіресе 1958 жылдан тұңғыш рет шыға бастаған «Балдырған» журналында бас редактор болуы балалар әдебиетінің ерекшелігін, өзгешелігін, талап-тілектерін, мұң-мұқтажын зерттеуге себепші болды. Балалар әдебиетін қалыптастыру және дамыту мәселелерімен тікелей шұғылданып, белсенді атсалысады. Осының бәрі акынның бүлдіршіндерге рухани азық беруге өз үлесін қосуға мүмкіндік тудырды, творчестволық ізденісіне жол ашты.

Акынның алғашқы сыншылары – бауырлары. Бүлдіршіндерге дегенінің бәрін солар үшін жазған, алғашқы нұсқаларын соларға тыңдатқан, мектепке барған соң соларға оқытқан, соларға сынатқан, жаттай алмаса, не ұқпаса, солардың ыңғайына қарай өңдеген, қысқартқан. Кәдеге жарамағандарын лақтырған. Акын әр жастағы баланың ақыл-ой тұрғысынан қабылдағыш қабілетін, белгілі бір өлеңге лайық түр қандай болуын бауырлары мен балаларының қылығына қарап зерттеп үйренгендігін айтады. Балабақша бөбектерімен, мектеп оқушыларымен кездесулер, ата-аналар комитетіндегі мүшелік – осының бәрінің шарапаты акын қаламына тиген.

Қырық жыл бойы балалар басылымдарында қызметте болу – Мұзафар акынды балаларға арнап шығарма жазуға итермеледі. «Балдырған» журналын 28 жылдан астам уақыт басқарған. Көп жылғы балалар әдебиетіне еткен еңбек М.Әлімбаевты балалар поэзиясының бірден-бір жасаушысы, классигі қатарына көтерді. Оның балажан жүрегі сәбилерге арнап талай-талай тілге орамды, оқуға жеңіл, ойнақы жырларды тудырды. Мұзафар – тұмысынан дерлік ұстаз, тәлімгер, қаламгер. Ол өзі мұғалімнің баласы, кішкентайынан бала оқытуды армандап, педучилище бітірген, қолында бастауыш мектеп мұғалімінің аттестаты бар.

1948 жылдан 1986 жылға дейін жемісті, ізденісті қызмет атқарған. «Детская литература» баспасы 1978 жылы көп ұлтты кеңестік балалар әдебиетінің көрнекті өкілдері шығармашылығына арнап «Вслух по себя» атты екі томдық шеберханалық кітап шығарды. Аталмыш кітапқа Қазақстаннан бір ғана М.Әлімбаев «Вечно самим собою недовольный...» аталатын мақаласымен қатысты. Мұның өзі М.Әлімбаевтың қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі екендігін айғақтайды. 1985 жылы М.Әлімбаевтың «Аспандағы әпке» жыр жинағына Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Кейінгі жылдары М.Әлімбаев балалар әдебиетіне ақын, жазушы, аудармашы, теориялық тұжырымдар айтар әдебиетші, зертеуші, тәрбие туралы ойын бөлісер педагог болып атсалысты. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін өркендетуге өз шығармаларымен бірге, әдебиетке жас дарындар тәрбиелеу арқылы да араласты. М.Әлімбаев аударған В.Маяковский, Ю.Тувим, С.Михалков, А.Барто, Қ.Мұхаммади, А.Қыдыров, Т.Махмуд, С.Баруздин т.б. өлеңдерін кішкентай оқырмандар сүйіп оқиды. М.Әлімбаев өлеңдері оқулықтарға тұрақты енген, мектеп және балабақша репертуарынан оның көптеген шығармаларын ұшыратамыз.

Ақынның балаларға арнап жазған кітаптары «Менің ойыншықтарым», «Жұмбақтар», «Биікке - биікке», «Шынықсаң шымыр боларсың», «Орақ – олақ», «Балдәурен, шіркін, балалық», «Аксерек те көксерек», «Аспандағы әпке» деп аталады. Автордың отыздан астам өлеңі балдыргандардың сүйікті әніне айналған. Олар радио мен теледидар арқылы жиі орындалады. Ақынның шығармалары жиырмадан астам тілге аударылған. М.Әлімбаев балалар әдебиетіндегі көптеген саланы қазақ өлеңі үшін бірінші болып ашқан. «Арфа», «Медуза», «Баобаб ағашы», «Пони», «Аксақалдың ақ батасынан», «Диалог өлеңдері», «Шнықсаң шымыр боларсың», «Жаттығу – жанның тынысы», «Жаңбыршы», «Логарифтер», «Адам атаулар», «Қарама-қарсы қызық сөз», «Метаграммалар», «Шарадалар», «Сайқымазақ - клоун», «Инебалық» т.б. сондай тұңғыштар.

Бір тақырыптағы ізашалықты айтқанда көтерілген тақырыптың сонылығы өзінен-өзі шығармаға көркемдік қасиет дарытады, сған кепілдік береді дегеннен аулақпыз. Ал М.Әлімбаев жаңа тақырыптағы да, «жауыр» тақырыптағы да өлең-жырларын қашан да көрікті, ойлы етіп жазуды мақсат тұтады және сол мақсатқа қол жеткізеді де. М.Әлімбаев өлең-жырларын қашан да көрікті, ойлы етіп жазуды мақсат тұтады және сол мақсатқа қол жеткізеді де. «Сен мұндай сөздерді білесің бе?» және «Халық тағылыматынан» атты цикл өлеңдері үлкен жаңалық болып саналады. Мәселен «Дерхам» өлеңін алайық: Місе тұтпа дерхамды, Кеңге салма арқанды... Дерхам – титтей, титімдей... Ізде үлкен мен шалқарды. *Сөз зергері Мұзафар сөзбен сурет салады, оның балаларға арналған өлеңдерінің көбі өте бейнелі, сурет салуға лайық. Айдың беті аппақ, Аяның беті сатпақ. Неге олай? Ол былай: Ай Аынамайды жерге, Шомылады көлге. дейді «Ая мен ай» өлеңінде.*

М.Әлімбаевтың өлең тапқартары жаттауға жеңіл, ойда сақтауға онтайлы. Мәселен, «Он саусақ» өлеңін оқып көрелік: Жалғыз саусақ тіпті де Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Іне қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ Қала салсақ, жол салсақ *«Мен дала бардым» өлеңін де мысалға келтірейік.* Мен дала бардым, Қыр гүлін берді. Көл суын берді, Күн нұрын берді. *М.Әлімбаев «Жақсы шығарма жас талғамайды» деген қағиданы ұстанады. «Жазған жырларымды жеті жастағы бала да, жетпіс жетідегі қария да оқыр болса екен!» - деп тілейді, соған талаптанады ақын.* Бір заттың екінші затқа қандай ұқсастығы бар? Не несімен ұқсайды? Соны аңғару, өлең-жыр жазуға себепші болады.

Бірде акын көк шағылды кешіп серуен құрады. «Көгал – жердің кілемі» деген бір жол тіліне оралады. Содан «кілемді біреу тоқиды ғой, ал жер бетіндегі кілемді тоқитын не?» деген сауал қояды. Сол сауалға жауап іздейді. Серуен соңында он екі жол ойша өлең әзір болады. Күн – Кілем тоқиды, Нұрмен тоқиды, Гүлмен тоқиды. Ол – Асыл зер кілем, Жалпак кең кілем, Жерге тең кілем. Ол – Сен де сыярлық, Мен де сыярлық, Ел де сыярлық кілем. Ақын өлеңді *«Күн тоқыған кілем» деп атайды. Соңғы шумақтағы идея, ой - бейбітшілікті, татулықты сақтайық, халықтарға жер үсті кең дегендік.*

Акынның өз көзімен көргені көбіне өлеңге арқау болады. Інісі Әнуардың Асқар деген кіші ұлы сурет салып отырады. Бір кезде «Жол жғалды, ата, жол қайда кетті, ата?» деп жылайды. Сөйтсе, парактың ортасына көк қарындашпен көл салыпты. Күрең қарындашпен бір бұрыштан жол тартыпты. Жолы байқаусызда көлге келіп тіреліпті. Сөйтіп жол жоғалған. Акын «Асқар, асықпа, жол қазір табылады» - деп көлдің арғы жағалауынан күрең қарындашпен жолды алып шығады. «Міне, көрдің бе, сенің жолың көлге шомылып шықты» дейді. «Алақай, алақай, жол табылды!» деп Асқар мәз болады. Арада бірнеше күн күн өткенде «Жол қайда жоғалды?» деген өлең жазады. «Жоғалды ма жол оңай? Суға кетті-ау, обал-ай! Іздеп жүрсек жан-жақтан, Сүңгіп шықты ар жақтан.» *деп өлеңін аяқтайды ақын.*

Мұзафар акынның өзі куә болған көріністерінен жазылған қатарына жататындар: «Кітап та – жеміс ағашы», «Адалдық», «Мысық пен құмыра», «Қисыбай», «Пернебек пен Көбелек» және т.б. жүздеген өлеңдер. Акын әр заттан, әр құбылыстан, әрбір ой-пікірден, әрбір көзқарастан поэзияны таба біледі. Өлең кейде өмір мұқтажынан туады. Мәселен, қазақта әлі де спорт жөнінде ләззәт аз. Ал соның ішінде танертенгі денешынықтыру жайында өлең атымен жоқ. Акын қолына жаттығулар тізілген кітап ала отырып, қолдан өлең тудырады. Кейін суретті кітапша болып басылған өлең «Шынықсаң, шымыр боларсың» деп аталды. Қандай тақырыптар қаламға оралмай жүр? Акын соны іздеп тауып, жана жырлар жазуға, кемтікті толтыруға ынталы.

Шығармашылықтың тағы бір қайнар көзі – халық арасындағы аңыз-әңгімелер, әзіл-оспақтар, ертегі, хикаялар. Акынның бірсыпыра шығармалары халықтық ертегі, аңыздардан алынған. Мысалы, «Мейман», «Жаксыбай батыр мен Елпекбай», «Аштың аңы жүрмейді», «Сараң», «Көк сиырды көтерген келіншек», «Бүркіт пен жапалақ» сияқты туындыларын атауға болады. Халық творчествосына еліктеп шығарған аңыздарының қатарына «Шөже мен Алшынбай», «Еріншектер елінің Ертенбайы», «Қос керуен», «Күлдіргілер», «Кім ұтылды, кім ұтты» т.б.

Танымдық мәні бар нәрселерді кішкентайларға поэзиялық шығарма арқылы ұсынған жемістің пайдасы бар. Ол үшін акын-жазушы аса білімдар, жан-жқты хабары бар адам болуы керек. Акын ғылыми-көпшілік кітаптарға, оқымыстылар еңбегіне үңілгенді ұнатады. Солардан өлеңге нәр табады. М.Әлімбаевтың өлең-жырларының басты тақырыптары – еңбексүйгіштік, білім құмарлық, қаһарман ата-бабалар жолын ардақтау, солардың ерліктеріне еліктеу, Отанды сүю, оны қорғауға әзір болу, жер жүзі халықтарын, еңбекші балаларын бауыр тұту. Акын ауыз әдебиетімен тілі шыға танысқан деуге болады. Анасы Зейнеп халық өлеңдерін құлағына ерте құйған. «Солардың пайдасын мен күні бүгінге дейін көріп жүрмін. Мысалы, өтірік өлеңдерді, жұмбақ-жаңылтпаштарды халықтық нұсқалардан үйрене отырып жаздым» дейді акын. (М.Әлімбаев. Балаға жыр арнауды бақытым деп... Қазақ совет балалар жазушылары. А.Жалын. 1987. 43-б.) Акын өлеңдерінде мақал-мәтелдік, афоризмдік жолдар, тұтас орамдар жиі ұшырасады. Спорт – күштің қайнары, Спортшылар жайдары.---

Қалың ну – халық саулығы, Көк орман – Отан байлығы тәрізді жолдар пікірдің айғағы. М.Әлімбаевтың өлең-жырлары халық өлеңдеріндей, мақал-мәтелдеріндей нығыз, ықшам, қысқа болып келеді. Мәселен, «Орманда» деп аталатын өлеңінің көлемі бас аяғы екі-ақ жол. Отын жардык жұмылып, Орман кетті жылынып. «Еңбек еткен адам тоңбайды, рахатқа батады, ешкімге емінбейді» деген идеяны еркін жеткізген. Көктемнің келбетін жалғыз-ақ шумаққа сығызады. Көлкіген су айнала, Малтығып тұр тал, қайың. Қарайды айдын – айнаға Шымшық қағып таңдайын. «Тату бол» өлеңінде «бейбітшілік берекесі» деген үлкен ұғымды да шағын көлемге сыйғызады. Достар болса достық атын ақтаған, Алыс жол да – жақын жол. Қара бала, ақ бала Туыстардай тату бол!

Автордың көптеген өлеңдері әдетте, 4-8 жолдан әрі аспайды. Оның есесіне өлеңдегі ой-идея салмақты, туындының бітімі айшықты. «Бал араның жыры» өлеңінде былай дейді: Баратыным – қыр, Қонатыным – гүл. Теретінім – нәр, Беретінім – бал. Мұзафардың поэзиясында жағымды юмор, әзіл-қалжың бар. «Піл мен құмырсқа» өлеңі – сондай өлеңдерінің бірі. «Өтірікшілердің айтысынан», «Қайда кеткен қарындаш», «Бас пен қол», «Ұмытшак», «Әдет қой» сияқты өлеңдері қалжыңға суарылған.

Қазір қазақ балалар әдебиетінің ірге тасын қалаушылардың бірі деп танылған М.Әлімбаевтың үздік туындылары оқулықтарға, мектеп және балабақша репертуарына тұрақты енген. Оның 60 ықты балалар жырына

ән жазылып, айтылып жүр. Бірде акын төменгі сынып оқушыларының айтуына лайықты мұғалім жайында ән жоктығын байқайды. Әрі ойланып, бері ойланып «Мұғалім ол біздің» деген жыр жазады. Оған композитор Ибрагим Нүсіпбаев тәп-тауір ән жазады. Білімнің құтіндей «Әліппе» ұстатқан. Оқуға іркілмей,

Тоқуға ұстартқан.

Қамқоры ұл-қыздың

— Мұғалім ол біздің.

Қиынға төзуге

Үйреткен қашан да.

Жаманнан безуге,

Жақсылық жасауға

Қамқоры ұл-қыздың

Мұғалім ол біздің.

Анам да сыйлайтын

Атамның тұстасы.

Напам да сыйлайтын

Ақылдың ұстазы.

Қамқоры ұл-қыздың

Мұғалім ол біздің.

Қазір бастауыш мектеп оқушыларының сүйіп оқып, жаттайтын өлеңдерінің бірі — осы «Мұғалім ол біздің» ән-өлеңі. Мектептерде жиі айтылып жүр.

М.Әлімбаев өлеңдері негізінен мектеп жасына дейінгі балдырған мен бастауыш сынып оқушыларына арнап жазылды. Сонымен акын шығармашылығы төмендегі ерекшеліктерден тұрады:

Біріншіден, акын шығармашылығы жанрлық жағынан бай. Акын шығармаларында өлең, тақпақ, ертегі, өлең-ойын, санамақ, кайсысы кайсысына ұқсайды, синоним сөздер, өтірік өлең, айтыс, мазақтама, ән өлеңдері, жұмбақ, лотогрифтер, қарама-қарсы қызық сөздер, адас атаулар, метаграммалар, шарадалар, жаңылтпаштар т.б. секілді «ішкі жанр» үлгілері ұшырасады. Мұның өзі ақынның ізденіс аясын, білім өресін аңғартатын дәлел болса керек.

Екіншіден, сол мол жанрлық үлгіні аңғартатын өлеңдерден шынайы балалар ақынының кішкентай оқушы танымы, қабылдау мүмкіндігіне сәйкес бейімделуін аңғарамыз. Өлеңдері мейлінше қарапайым, бірақ ойлы, мақсатты, тәрбиелік нысанасы айқын. Әр сатыдағы оқушылардың жас мынасына сай лексиконды таңдап ала отырып, қандай күрделі ойды да аз буынға сыйғыза айтып бере білу де - осы бейімделудің көрінісі. «Күз мазанадары» атпен берілген, небәрі екі жолдан тұратын өлеңдер барынша қарапайым. Қарапайым бола тұра, ең кішкентай оқушының өзіне табиғат мұсылымының негізгі белгілерін, сурет-характерін нақты жеткізіп беріп отыр. Сондай-ақ, тұрақты үш буынмен жазылған «Қар мен жел» өлеңі де бала танымына лайықталып жазылған.

Үшіншіден, М.Әлімбаев поэзиясының тақырыбы аса бай, әрі соның көбі қазақ оқырмандары үшін соны, тың. Мәселен, спорт жөніндегі цикл өлеңдер, стюардесса, монтер, корректор, сылақшы, студент т.б. Көптеген өлең тың тақырыпты болуымен бірге, танымдық мәні зор. Ақын көптеген саланы қазақ өлеңі үшін бірінші болып ашқан. «Оның шығармалары тақырып байлығымен оқшаулана көзге түседі. Тіпті талай-талай тақырыптарда М.Әлімбаев ізашар, тұңғыш түрен салушы десек әділ» - дейді сыншы Бақыт Сарыбалаев. Мәселен, стюардесса туралы өлеңді қазақ тілінде бірінші болып жазған – Мұзафар. «Арфа», «Медуза», «Баобаб ағашы», «Пони», «Ақсақалдың ақ батасынан», «Диалог өлеңдері», «Шынықсан шымыр боласың», «Жаттығу – жанның тынысы», «Жаңбыршы», «Адас атаулар», «Қарама қарсы қызық сөз» - т.б. да сондай тұңғыштар.

Төртіншіден, ақын өлеңдері оқиғалы, сюжетті болып келеді. Сол шағын сюжетте характер ашарлық конфликт өре біледі автор. Бұл - өлеңнің ойнақы, динамикалы болып шығуына септеседі. Мұндай ерекшелікке ақын жырларынан көптеп мысал келтіруге болады.

Бесіншіден, М.Әлімбаев ел аузындағы елеулі ертегі, аңыздарды тере жүріп, жаңғырта жырлайды, халық шығармашылығындағы ғажап үлгілер дәстүрімен өзі де жанынан аңыз, ертегілер, күлдіргі жырлар тудырады. «Қос керенау», «Кім ұтылды, кім ұтты?», «Жаксыбай батыр мен Елпекбай», «Алшынбай мен Шөже» т.б. өлеңдер осының дәлелі.

Алтыншыдан, өлеңдерінің құрылысынан, бунақ-бунақ, ырғағынан балалар ақынының қолтаңбасы аңғарылады. Бірыңғай үш буынмен жазылған «Қар мен жел» өлеңін алсақ та, осыған көз жеткіземіз.

Жетіншіден, ақын өлеңдері – юморлы. Шуақты әзіл әрекідік уытты күлкіге ұласып жатады. Өлеңдерінде детальды ойнату, контрасты көріністі юмормен сөйлетудің ұтымды сәттері байқалады.

Сегізіншіден, ақын сөзге үнемшіл. Сөзге үнемшілдік өлең техникасын жете меңгерген шеберлікке тән. Ерігу не? Білмеймін. Зерігу не? Білмеймін. Неге десең, ешқашан Ерінуді білмеймін. (Жұмыс) Сөз үнемдеуден туған өлеңнің бір үлгісі – осындай.

Тоғызыншыдан, ақын өлеңдерін ғылым мен техниканың соны жаңалықтарына сүйене отырып жазады. Бұған ақынның бала психологиясын, таным процесін жете зерттеуі себеп деп ойлаймыз. М.Әлімбаев стюардесса еңбегінің мәнін ашып, оны «Аспандағы әпке» деп баламалапты.

Оныншы ерекшелік, ақын өлеңдерінде тәрбиелік ой екінші бір құбылыспен астастырыла айтылады. Бұл – ойды оқушыға сіңімді жеткізудің тәуір жолы дерлік. Әрі көркемдік шарт та. «Кітапты жел парактады» аталатын өлеңінде ой былай жеткізіліпті:

Кітапты жел парактады,

Парактады қарап тағы.

Өршеленді, жалақтады,

Парактады, парактады.

Түсіне алмай, алақтады...

Түсінуге зерде керек,

Күр парактау неге керек?

Осы өлеңдегі оқушыға айтылар мораль әрі қарапайым, әрі ойлы, табиғи... Немесе «Көктем кімге көңілді, кімге көңілсіз?» деген өлеңінде де бала кейіпкер көктемгі табиғат көркіне тебірене тұрып та: Жолдастарым не білді? Сол көктемнің өзі де Болмайды екен көңілді «Екілік» алған кетінде... деп түйіпті ойын. Алдыңғы өлеңмен салыстырғанда, осы шумақта ұтымды екі сәт бар. Біріншіден, көктемгі табиғат пен бала көңілі тастастырылған, салыстырылған. Екіншіден, көңілсіз көріністі басқа емес, бала кейіпкердің өзі мойындап тұр. Егер, өлең түйініне айналған мораль кейіпкер атынан берілмей, автор атынан баяндалар болса, сіңімсіз шығармалық. Акын орайын тапқан.

Ол біріншіден, акынның «Қайсысы қайсысына ұқсайды?» деген тақырыппен жазылған циклдық өлең топтамасы формалық сонылық болып табылады. Әрқайсысы екі, не төрт жолдан тұратын ықшам өлеңдер. Топтама кішкентай оқушылардың тіршілік сырына көңілін оятып, қызығарсыз қалыптастыратын ыңғайлы, ықшам, тиімді өлеңдер. Бұл да - акын ізденісін байқататын бір ерекшелік. «Мақал – халықтың даналығы, халықтың жадына түйгені. Автордікі – нақыл... Егерәкім, түбінде мақал-мәтелге айналып кетіп жатса, дауым жоқ...» деген екен акын. Шығында, М.Әлімбаевтың мақалға, халық даналығына айналып, ауыздан-ауызға көшіп кеткен сөздері баршылық.

Акынның өрнекті нақыл, қанатты сөздері мен балаларға арнап жазған поэзиясының жанды бір күретамыры халық педагогикасымен өзектестігі. Жазушының нақылдарынан, балаларға арналған шығармаларынан ұлттық педагогиканың ұстындары бой көрсетіп тұрады. М.Әлімбаев жас буынға арнап көркем шығарма жазумен ғана шектелмейді. Ол балалар әдебиетіне толассыз кадр тәрбиелеген «Балдырған» журналын өз қолымен ұйымдастырып, ширек ғасыр шымыр басшылық жасады. «Балдырған» балалар әдебиеті үшін оқушы мен жазушы арасындағы алтын көпір іспетті болғанын айту керек.

Аталмыш журнал арқылы акын кішкентай оқушыны ғана тірі сөзге тәрбиелеп қойған жоқ, оларға шынайы көркем шығарма сыйлайтын жас таланттар тәрбиелісіне де айнала білді. Жалпы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары Ж.Смаков, Қ.Мырзаліев, Т.Молдағалиев, О.Әубәкіров, Н.Сәліев, Е.Өтетілеуов, Н.Айтов, Қ.Толыбаев сынды бірқатар қаламгерлерінің Мұзафар ағамен бірге қызмет істеп, қанаттаса шеберлік шыңдаған таланттар екені мәлім.

Төлеген Айбергенов балаларға арнаған тырнақалды туындысының қалай дүниеге келгендігі жайлы былай сыр шертеді: «... бірде «Балдырған» журналына келді. «— Мұз-аға, балаларға өлең жазып көрмеппін. Балаларға жазу қиынның қиыны секілді» дегені келген бетте. Бір сағаттай балалар поэзиясы жайлы сыр айттым. Бір жұма өткенде балаларға арналған өлең

әкеліп тұр. Санамақ. Кілтін таба қойған. «Аққуда бар қос канат» деп келетін еді». Сөйтіп, «Балдырған» балалар журналы әдебиеттің Кіші академиясына айналған. Оның негізін қалаған Қазақстанның халық жазушысы – М.Әлімбаев. Ақын аға жас талаптың тұсауын кесумен шектелмей, оның шығармашылық жолын ұдайы қадағалап, беталысын бақылап, сын мақала жазып, бағдар сілтеп отыратын жақсы қасиеті бар. Қ.Ыдырысов, М.Жаманбаев, Қ.Мырзаліев, Ж.Смаков, Ә.Дүйсенбиев, Қ.Баянбаев, Е.Өтетілеуов, Е.Елубаев, С.Оспанов т.б. іні қаламгер жөніндегі мақалалары осындай тәрбиелік мәнге ие.

Ә.Дүйсенбиев – балалар ақыны

Ә.Дүйсенбиев 1931 жылы 25 қазанда Алматы облысы Жамбыл аданының Қарақыстақ ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетін 1964 жылы бітірген. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында 1956-1958 жылдар аралығында редактор болған. 1958-1970 жылдары «Балдырған» журналының жауапты хатшысы болған. 1970-71 жылдары Қазақстан Республикасы Телеизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетінде 1971-79 жылдары «Жалын», «Жазушы» баспаларында аға редактор болып қызмет істеген.

Ә.Дүйсенбиевтің балалар өмірін арқау еткен өлеңдері баспасөзде 50-жылдардан бастап жарияланды. Тұңғыш кітабы «Парадта» 1955 жылы жары көрді. Кейін балаларды адамгершілікке, гуманизмге тәрбиелейтін, Отан, ана, қоғам, бейбітшілік, достық, ізгілікті суреттетін «Сыйлық»(1956), «Не деу керек?»(1957), «Бәтенке, шұжық, балқаймақ»(1959), «Ана жүрегі»(1961), «Гүлзар»(1962), «Ауыл әндері»(1965), «Аққулы айдын» (таңдамалы, 1976), «Жанбырлы жаз»(1982) т.б. өлеңдері мен поэмалары, «Ақ қозы»(1972, 1987) ертегі-повесі басылды. Шығармалары бірнеше тілдерге аударылды. Көптеген өлеңдеріне ән шығарылды. М.Ю.Лермонтов, А.В.Кольцов, Дж. Родари, Мэрис Керим, Я.Колас, С.Маршак, А.Барто, С.Михалов, М.Жәлел, Токтағұл т.б. туындыларын аударды.

Ә.Дүйсенбиев - «Не деу керек?», «Елқа жыры», «Ақ маман» т.б. балалар сүйіп оқитын өлеңдердің авторы. Ә.Дүйсенбиевтің «Шірік алма», «Автобуста», «Күшті болсам мен егер», «Не деу керек?», «Жалқау», «Білгіш», «Бәтенке, Шұжық, Балқаймақ», «Менікі де, сенікі де, оныкі де - біздікі» туындылары да - бүгінгі талапқа толық жауап беретін дүниелер.

Апаң сенің базардан

Алма сатып әкелді.

Ең үлкенін, жақсысын

Саған таңдап әперді.

Не деп барып жеу керек?-

деп басталатын «Не деу керек?» өлеңі бүгін де, ертен де, арғы күні де сәбилерге әдеп әліппесін үйрете береді. Ақын өлеңдері балалар бойында гуманистік сезімді оятуға, оларды ізгі мінезге тәрбиелеуде пайдалы қызмет атқарып келеді.

Ә.Дүйсенбиев өлеңдері жанрлық жағынан бай. Ертегі-поэма, санамақ, таппақ т.б. молынан ұшырасады. Халық поэзиясы көне формасының жаңа мазмұн алып дамуына «Бес саусақ» өлеңін мысалға келтіруге болады:

Балаларым, тұрындар,
Сөзге мойын бұрындар.
Бас бармақ,
Жатып алдың талайдан,
Бұзаларды бак, айнам.
Кешке үйге келгенде,
Құйып берем ақ айран.

Бірде М.Әлімбаев «Балдырған» редакциясында бас редактор ретінде бір мәселені қозғайды. «Бауырсақ қайдан келеді?» деген сауалға қала балабақшасында тәрбиеленіп жүрген бес жасар бала- қазақ сәбиі «ақ бауырсақ алма сияқты ағашта өседі» деп жауап беріпті. «Ауыл тірлігінің қыр-сырына қала балаларын қанықтыру үшін «Балдырған» беттерінде әдеби-көркем туындыларды көптеп жариялау – басты парызымыздың бірі» - деп ескертеді ақын. «Малшылар еңбегі жаынан оқиғалы сурет-кітапшаны қолға алайын»- деп Ә.Дүйсенбиев өзіне міндеттеме артады. Кейін «Бәтінке, шұжық, балқаймақ» туады.(М.Әлімбаев естелігінен алынып отыр). Ертегі-поэма төмендегіше басталады:

Бәтінке,
Шұжық,
Балқаймақ,
Дүкенде тұрып ұрысты,-

Ұрыс-ерістің сыры - қайсысымыз халыққа керекпіз? – деген ауалдың төңірегінде өрбиді. Олар төрешілерге жүгінеді. Кк төбет Шұжықты, ала мысық Балқаймақты, тышқан тістіңқышуын қандырадыдеп бәтінкені жактайды. Дау шығып, атыс үшейе түседі. Ең соңында олар ақ сиырга жүгінеді.

Сиыр сөйлей жөнелді,
Бір төңкеріп көздерін:
- Мына менен, әуелі,
Шыққансындар өздерің.
Шытынама, Балқаймақ,
Сені сүттен беріп ем.
Ал, Бәтінке, айқайлақ,
Жасалғансың теріден.
Сен де, Шұжық, безілдек,
Шығасың ғо етімнен,

Енді өзім, өзім» - деп,
Екіленбе бетіңмен.
Сөйте тұра өзімді,
Мақтамаймын, таспаймын.
Әрқашанда сөзімді
Бақташыдан бастаймын-

деп үшеуін ертіп, бақташы еңбегін көзбен көру үшін фермаға кетеді.

Ертегі-поэмада тәлімдік бірнеше сипат бар. Шығарма, алдымен, өзімшілдікті сынайды. Өз көкірегін қағып, менмендік танытқан Бәтінке, Шұжық, Балқаймақ әрекеттері осыны маңзейді. Екінші, Көк төбет, Аламысық, Тышқан төреші ретінде алынған. Әркім өз керегіне қарай сынаржақ бағалаған. Соңғысы, Ақ сиырдың аналық пейілі аңғарылады.

Ә.Дүйсенбиев әр өлеңінде баламен сырласудың қарапайым жолын тауып сөйлейді. Оның өлеңдерінің өміршең болатын себебі де осыдан.

Ә.Дүйсенбиевтің туындыларынан жалаң үгіт, насихат байқалмайды. Ақын өз өлеңдеріне тәрбиелік сипат беріп, айтар ойын астарлап, ишаралап жеткізеді. Мысалға «Шірік алма» өлеңін алайық:

Жеп тұр Әсет алманы,
Інісін еске алмады.
- Маған да аздап бер - дейді,
Әсет оған бермейді.
- Кәкәй, жеуге болмайды,
Айта корме ондайды.
Шірік алма - деп коды,
Сөйтті де өзі жеп қойды.

Бұл өлеңде бала характері алдыңғы планға шыққан. Дидактикалық өлеңдерден арылудың бір жолы - өлеңді бала мінезіне құру болатын болса, Ә.Дүйсенбиев - бұл істі оңтайына келтірген ақын.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. М.Әлімбаев поэзиясының тақырыптық сипаты, көркемдігі жайында айтыңыздар.

2. М.Әлімбаев шығармаларындағы түйінді ойды анықтаңыздар. Шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір білдіріңіздер.

Б.Соқпақбаев – балалар жазушысы

Повестері. Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастайды. Кейін прозаға ойысады. Прозалық шығармалары арқылы балалардың сүйікті жазушысына айналады. Б.Соқпақбаев шығармаларының басты кейіпкерлері - мектеп жасындағы балалар. Автор балалар психологиясын жақсы біледі, терең сезінеді. «Алыстағы ауышда»

повесінің(1953) кейіпкерлері - қаладан ауылға көмекке келген Болат, Сережа, ауыл балалары Балабек, Қожаш, Әнуар, Досан, Құрмаш. Бұлар ел басына күн туған қиын кезеңде еңбек етеді. Қиындыққа еш мойымайды. Повесте олардың қарттарға жасаған қолқабыстары, өзара достық, жолдастық қарым-қатынастары нанымды әңгімеленеді. Жасөспірім баланың өсу жолын көрсететін шығарма - «Он алты жасар чемпион»(1957). Шығарма кейіпкері - Мұрат Батырбаев 16 жасында Парижде өткен студент боксшыларының халықаралық біріншілігінде әлем чемпионы деген атқа ие болады. Чемпиондыққа дейінгі өрлеу жолы қызғылықты баяндалады. Спортшы Николай Трофимович алыстағы қазақ ауылында секция ашады. Ауыш балаларына алуан түрлі спорт ойындарын үйретеді. Талапты бала Мұрат ата-анасы мен мектеп директоры Токмолданың қарсылығына тап болады. Николай Трофимовичтің ісіне, әсіресе, шала сауатты әрі спортқа жаны қас Токмолда көп кедергі жасайды. «Он алты жасар чемпион» - өмір шындығын, уақыт тынысын шынайы суреттеген шығарма. Жазушы өмірбаяндық деректерді пайдаланатындықтан туындылары арасында сабақтастық байқалып отырады. Мәселен, «Менің атым Қожа» повесі(1957) алғашында «Өзім туралы повесть» деп аталған болатын. «Менің атым Қожа» повесі қазақ балалар әдебиетінде үлкен құбылысқа айналды. Повесть балалар прозасына жаңа леп, жаңаша бет ала келді. Бұрын қазақ балалар әдебиетінде кішкентай кейіпкерлер шетінен тәрбиелі болып келетін. Осы схематизмді бұзған Б.Сокпақбаев болды. Жұрт алғашында Қожаны тосырмай қабылдады. Кейіпкерді «жағымды», «жағымсыз» деп бөлетін, тек тәрбиелі баланы ғана үлгі тұтатын ұғым-түсініктерді повесть жокқа шығарды. Жазушы повесті орыс тіліне аударып, Мәскеудің «Детская литература» баспасына ұсынады. Шығарманың бағыжанады. Көп тиражбен басылып шығады. Көптеген тілдерге аударылады. Киноға түсіріледі. 1967 жылы Францияның Канн қаласында өткізілген балалар мен жастар көркемсуретті фильмдерінің бүкілдүниежүзілік фестиваліне қатысып, жүлделі орынға ие болады. «Менің атым Қожа» повесінің ерекшелігі - Қожаның жағымды, жағымсыз қылықтарын табиғи ашып көрсеткендігінде. Жазушының ізденісі - кейіпкерінің жанына үңіле білгендігінде. Қожа әрекеті бала табиғатына тән. Оның мінез-қылығы өзінің диалектикалық шындығымен, қайшылығымен көрінген. Жазушы саналы түрде кейіпкерді не бірыңғай мактау, не бірыңғай қаралау принципінен бас тартқан. «Балалық шаққа саяхат» повесі(1960) - өмірбаяндық деректерге құрылған туынды. Жазушының сегіз жасында шешесі қайтыс болады. Колхоздасудың алғашқы жылдары, ең бір қиын кез. Б.Сокпақбаевтың балалық шағы елдегі

әлеуметтік өзгерістерге толы кезеңге дәл келді. Қаршадай бала колхоздастырудың алғашқы жылдарындағы қиыншылықтарды үлкендермен бірге көрді. «Бадалық шаққа саяхат» повесі - осынау балалық шақ туралы толғанысынан туған дүние. Повесте автор ауыл балаларының тірлігін сөз ете отырып, 30-жылдардағы ауыл өмірін бүкіл қайшылығымен көрсетеді. Жазушы сол кезеңді бала көзімен бағалайды. Колхоздастыру, коллективтендіру науқанында неше түрлі асыра сілтеушіліктер, солақайлықтар орын алды. Ел өміріндегі сол қиыншылықтар повесте үзік-үзік суреттер арқылы көрініс береді. Шығарма кейіпкері Бектас - жетімдік пен жоқшылық қасіретін көріп өскен бала. Қаршадайынан колхоз жұмысына араласады: масак тереді, қырманда астық бастырады. Шешесі қайтыс болады. Тұрмыс ауыртпалығы Бектасты жасытпайды, қайта шынықтырып өсіреді. Повестежазушы бала кейіпкерге қоғам бойындағы ауыртпалықты арқалатты. Бала кейіпкер аузымен қазақ қоғамына тән бірталай кемшіліктерді айтты. Жазушы өз шығармаларын бірінші жактан жазады. Бұл өмір құбылыстарын бала көзімен көру, бала түйсігімен түйіндеуден туындайды. Баланы зеріктіретін суреттеулерден, ұсак-түйекті тәптіштеуден бойын аулақ салады. Жазушының балаларға арналған шығармаларында кішкентай кейіпкерлердің ой-көзқарас, психологиясын нақты көрсететін шынайы штрих-детальдар мол. Қала баласының ой-көзқарас, түсінігіне құрылған туындысы «Аяжан» повесі(1963). Ауылдағы туыстарына қыдырып барған Аяжан атты кішкентай қыз суықтан құлағы естімей қалған әйелге жанашырлық жасайды. Қаладағы дәріханашы анасынан алдырған дәрісі ем болады. «Өлгендер қайтып келмейді» романында(1967) өмірдің ащы шындығы тереңірек ашылған. Романда екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы, соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ ауылының шындығы көрінеді. Соғыс халық тұрмысына қиыншылық, ауыртпалық әкелді. Сондай-ақ, алуан түрлі психологиялық, моральдық проблемалар тудырды. Соғыс кезінде адамдардың адамгершілік қасиеті, моральдық болмыс-бітімі сынға түсті. Роман үш бөлімнен тұрады. Әр бөлім шағын көріністерге бөлінген. Роман желісі соғыс алдындағы жылдардан басталып бас кейіпкер Еркіннің ақындық, жазушылық жолға түсуіне дейінгі мерзімді қамтиды. Роман өзегі - Еркіннің азамат боп өсу жолдары. Бірінші бөлімде Еркіннің ағасы Сәрсекбек үйленеді. Ағысының Қаныша жеңгесімен қосылғанына жыл жарымдай уақыт өтеді. Соғыс басталады. Сәрсекбек әскерге аттанады. Еркін колхоз председателі Нұрәлінің әділетсіздігіне төзбейді. Нұрәлі Еркінді елденқуады. ФЗО-ға жібереді. Еркін ФЗО-дан кашады. Тұрмеге түседі. Екінші бөлімде

Еркін өз ауылынан алыста, Сарыбелде мұғалім болып жүреді «Живсырьенін» қызметкері, ішкі есебі мықты Сегізбаймен араласады. Басынан бірталай оқиғалар өтеді. Еркін студент болады. Соғыстан кейінгі жылдардағы студенттер тұрмысы баяндалады. Декан Дәулетбаев пен доцент Беделбаевтардың іе-әрекеттері есте қалады. Романның үшінші бөлімінде Еркін оқу бітіріп Қазақстанның оңтүстік облыстарының біріне мұғалім болып барады. Еркін үйленген. Әйелі Загиға да мұғалім. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы ойдағыдай емес. Осы мәселелер жөнінде мектеп директоры Жакыбаев пен оқу ісінің меңгерушісі Илиясовпен келісе алмайды. Б.Сокпақбаев - тақырыпты өмірдің өзінен алатын жазушы. Жазушы өзінің шығармалары арқылы өмірдің соншалықты күрделі, соншалықты ауыр екендігін мейлінше шыншыл баяндайды. Қаламгер өз шығармасы арқылы өмірдің соншалықты күрделі екенін, өмірде әділеттіліктің сақтала бермейтінін асқан шыншылдықпен баяндап берді. Әңгімелері. Балаларға арналған шағын әңгімелерінен де қаламгердің өзіндік ерекшеліктері көрінеді. Жазушының «Бурыл ат», «Әріпбай және көкжал қасқыр», «Жол», «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімелері балалар өміріне құрылған. Әңгімелерінің кейіпкерлері - ауыл балалары. «Борандағы» Нұржан. «Бурыл аттағы» Сүлеймен, «Жол» әңгімесіндегі Балғын - қарапайым ауыл балаларының бейнелері. «Жол» әңгімесіндегі Балғын қоршаған ортаның сырын ұғуға ұмтылады. Әңгімеде бәрін білгісі келген бала бейнесі ғана емес, оған жалықпай жауап беретін әке сипаты да қатар ашылады. Жазушы бала өмірінің бір ғана сәтін бейнелегенімен, оны шынайы еттейді. Қоршаған ортаның қыр-сырына әлі қанығып үлгермеген сәбиге сокпақ жолдың ауылдан асқан соң таусылатындай болуы - табиғи құбылыс. «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесінде күтімсіз қалған ағаштар кешегі еркін өмірлерін аңсап, бір-біріне мұңын шағады. Бұл халді самал жел өзен бойндағы орманға жеткізеді. Әңгімеге қиял-ғажайып ертегі элементтері араласады. Тал, қайың, бұтаға жан бітеді. Ағаштың адамға тигізер пайдасын кәрі еменнің өзіне айтқызу арқылы жазушы жас баланы ойлаптады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Бердібек Сокпақбаев туралы естеліктер»(2005) кітабын оқыңыздар. Жазушының өмірбаяндық шығармашылығын әңгімеленіздер.
2. Б.Сокпақбаев повестеріне мазмұндық, тақырыптық, сюжеттік-композициялық талдау жасаңыздар. Жазушы шығармаларының өмірбаяндық сипаты жөнінде айтыңыздар. Қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық мәселелердің қаламгер шығармаларындағы көрінісін дәлелденіздер.

3. Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі Қожа бейнесінің жанашылдығын дәлелденіздер. Шығармадағы образдардың жасалу ерекшеліктеріне тоқталыңыздар.

4. Жазушы әңгімелеріне тақырып, идея, образдар жүйесі бойынша талдау жасаныздар.

5. 1960-80 жылдардағы балалар повестерінің тақырыптық ауқымын анықтаныздар. Қазақ балалар жазушылары повесть, романдарының көркемдік-идеялық ерекшеліктерін танытыңыздар. М.Иманжанов, Б.Сокпақбаев шығармаларындағы дара және ортақ стильдік белгілерді айқындаңыздар. Шығармаларының сипатын қазіргі заман тұрғысынан

Қ.Мырзалиев және балалар әдебиеті

Өлеңдері. 1970 жылдың аяғында Қ.Мырзалиевтің «Күміс қоңырау» атты кітабы - өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар жинағы жарыққа шығады. «Күміс қоңыраудағы» шығармалары бұрын жарық көрген бір топ кітаптан - «Көктем», «Жаңғалақтар», «Кішкене Қожанасырлар», «Ноян палуан», «Алуан палуан», «Сабақ» кітаптарынан және «Омар мен Құмар», «Мешін мен адам» кітапшаларынан таңдалып, іріктеліп алынған. Жекелеген өлеңдері бастауыш сыныптарға арналған оқу құралдарына енді. Екі жүзге тарта өлеңдеріне әдейі арнап, ән, кантата, ораториялар жазылды.

Қ.Мырзалиев - философиялық-дидактикалық дәстүрді дамыта жырлаған акын. Қ.Мырзалиев қазақ балалар әдебиеті мәселелеріне көп көңіл бөледі. Балалар ақынының қасиеті жөнінде былай дейді: «Барша поэзияға қойылатын түбегейлі талаптармен қоса, балалар өлеңінен жеке-дара талап етілетін қасиет белгілердің өзі қаншалық: оларды үкпайтын, бүкіл жаратылысымен сезінбейтін акын қандай ма талант, қандай ма дарын болғанмен, егер ол балалар психологиясы мен балалар әдебиетінің өзіндік деген ерекшеліктерін әдейі зерттеп-біліп, үлкен бір даярлыққа кіріспесе, бөбектер көңіліне бірден қона кететін ғұмырлы дүниелер тудыра алмайтыны хақ» «Көктем» өлеңі 5 шумақтан тұрады. 11 буынды өлең. Дала адам бейнесінде алынады. Аспан - әке, көктем - ұл ұғымында.

Аспаның әлсін-әлсін көктем ұлын

Алады шомылдырып жанбырына.

Тосады жалпақ дала күнге жонын

Денесін жазайын деп құрыстаған.

Автор өлеңнің соңғы шумағын а дейін бір бағыттан айнымайды. Көктемнің жазға орын беруі - кішінің үлкенге құрметі тәрізді қабылданады.

Жаз келіп, көктем жылжып жүре берер

Інідей орын берген ағасына.

Өлең аяқ астынан құйып, аяқ астынан басылған жаңбырды, жаңбырдан соңғы арайлы құбылысты көркем сурет етіп көрсетеді.

Су-су қылып бозторғайды, шымшықты,

Силкінді де сұп-сұр аспан тыншықты.

Сахна - көк, шымылдық - бұлт сырылып,

Сығалады, нұрын сеуіп күн шықты. Автор табиғат мінезін бала мінез-құлқымен салыстырады.

Табиғат мінезі бала көңіл-күйімен байланыстырылады. Құдды ерке бала сияқты.

Жұтты гүлдер нөсер суын, шуакты.

Жылғалардан жылжып кана су ақты.

Жаңбырдан соң күлімдеді табиғат

Жаксы баға

Алған бала

Сияқты.

7 буынды «Шие мен жиегі» атты өлең тілазар баланың қылығын баяндайды. Айтқан тілді алмаушылықтың неге соқтыратынын көрсетуге арналған өлең.

Айтқан тілді алмайтын

Көршіміздің жиені.

Әлі жеуге болмайтын

Жұлатын көк шиені.

Жұлып жүр деп жисім,

өрші ойына алмады.

Пісер кезде Шиенің

Бір түйірі қалмады.

Балаларға арналған өлеңдердің ішінде күшік, мысыққа арналғандары жиі кездеседі. Қ.Мырзалиевтің «Сакқұлак» елеңі үш шумақтан тұрады. Ойыншыл күшік қимылқозғалысы кімге болса да таныс. Әсіресе, мына қылығы:

Үріп тұрып жөнімен,

Қызық оның кашканы.

Қорқып үріп,

Сонымен Қорқытады басканы!

Бірінші шумағының бастапқы екі жолы 4 және 3 буынды да, қалған шумақтары 7 буынды.

Қ.Мырзалиев өлеңдерінде теңеу мол. Табиғат үнемі жанды бейнеде алынады. «Қыс» өлеңінде қыс ересек адамкейпінде болатын болса, тал - жас бала есебінде алынады.

Қыс өзі бүрсендеген бала талға

Кигізді үстіндегі ақ халатын.

Қар жапқан аппақ дала хақында «расымен ұқсайды екен!» дегізетін теңеу табады:

Әлі де із түспеген аппақ дала

Басталмаған оқушы дәптеріндей.

Баланың тілазарлығы - акын өлеңдері тақырыптарының бірі. 7 буынды «Тілазар» өлеңі тағы да тілазарлықтың салдарын түсіндіреді.

Тазалашы, мұз болған,
Есік алды тайғанақ!
Жата берсін, біз оған
Теуіп жүрміз сырғанақ!
- Шыға беріп Жалтақбай
Ұшыш түсті қалпақтай!

Халық әңгімесі ізімен жазылған «Аңқау аншы» өлеңі 5 шумақтан тұрады. Әр шумақта 8-9 жол. 3, 4, 5 аралас буынды өлең. Қиялға беріліп, қоянды қолдан жіберіп қойған аншы жөнінде. Идеясы - бос қиялдың қажетсіздігі, әрекет етуге ұмтылуға үндеу.

Қ.Мырзалиев мысалдары шағын көлемді. Көпшілігі 2-3 шумақтан аспайды. «Күміс кітапта» акын мысалдары «Мұндайлар да бар» айдарымен берілген. «Бас пен тарак» мысалы 2 шумақтан тұрады. II буынды өлең. Тарак Басты «Менсіз сенің күнің құрсын ұйысқан» деп менсінбейді. Шашсыз тарактың күні қараң. Осы ойды екінші шумағында аңғартады: -

Бірте-бірте сиренкіреп барамын.
Уақыт алып келмейді көп тарағым.
Таз болатын кезім жақын, - деді Бас,
-Күнің сонда не болады, карағым?!

«Бұлбұл және оның иесі» мысалы 6-7 буын аралас өлшеммен жазылған. Тордағы бұлбұл иесіне «босат» деген тілек айтады. «Босатсам, сені мысық жеп қояды» дейді қожайыны.

Қожайын, бұлтарма,
Қолдайсың бұзықты.
Әйтпесе, бұл торға
Қамар ең мысықты!

Үш мысалдың үшеуінде де кісі қадіріне жетпейтін жан қылығы тұспалданады. «Жаңғалақтар» кітабынан енген өлеңнің бірі - «Әттеген-ай». Өкпешіл бала өзіне кесел келтіреді. «Ет аз қалдырдыңдар» деп апасы қойған тамақты жемей қояды.

Ет екен демедім,
Өкпелеп жемедім.
Ал апам күлді де,
Майлы шек, тілді де
Қалдырмай жеп қойды,
Тәтті екен! - деп қойды.
Өйтерін білмедім,
Өйтерін білгенде
Өзім-ақ жейтін ем,
Аз емес! - дейтін ем!

«Досым екеуміз» өлеңінің кейіпкерлері жиілеткен төбелестен соң өзара ортақ шешімге келеді:

Шекіссек те екеуміз
Үйге жылап қайтпаймыз.

Сөзімізге бекембіз,
Апамызға айтпаймыз.
Естімесе өздері,
Айтып қанша қажеті?
Біліп қойса, Біздерді
Ойнатпайды бір жеті!

Автордың жиі тұспал жасайтыны - жалқаулық. Жалқаулықты әшкерелеу үшін де кез келген форма тиімді. Оған мысал - сұрақ-жауапқа құрылған «Балақай» өлеңі.

Бүлдірген тереміз, балақай. Алақай!
Ат жарыс көреміз, балақай. Алақай!
Айға ұшып барамыз, балақай! Алақай!
Кел, ағаш жарамыз, балақай. Әй, ата-ай!...
Тұспалсыз, айтарын ашық айтатын өлеңі - «Шылым жыры»:
Шылыммын, Шылыммын,
Сөзі рас ғылымның;
Сорымын жүректің,
Жүйкенің, Жұлынның.
Шылыммын, Шылыммын,
Бос кеткен пұлыңмын.
Шексең - патшаңмын,
Шекпесең - құлыңмын!

Поэмалары. «Өтірік туралы шындық, яки менің қалай Судырахмет атануым туралы хикая» поэмасы ойдан қырық өтірік құрастырған баланың әңгімесіне құрылған. Поэмада халық шығармасында кездесетін жанды, жансыз кейіпкерлер жиі ұшырасады.

Әлі есімде қарт кезім,
Таяқ қылдым тебенді.
Жалған болса бір сөзім,
Көрмейін мен төбемді!!!
Қырық өтірік айтқан балаға асыранды бөлтірік берілетін болады.
Міне, осындай өтірік
Өлеңіме сый алдым.
Жұртты тыңдап отырып,
Өз-өзімнен ұялдым.

Бірақ поэмада кейіпкердің «судырак» атануын түсіндіретін этимологиялық сипат бар.

Содан бері балалар:
«Судыраксың сен!» - дейді.
Содан бері балалар
Сөзіме бір сенбейді.

Орыс балалар поэзиясындағы классикалық үлгілерден шығармашылық үйренудің үлгісін Қ.Мырзалиев өлеңжырларынан анық байқалады. С.Маршактың «Мастерломастер» туындысындағы қарапайым шындық

оқушысын күлкіге кенелтерлік қуат алған. Осындай үйреніс ізі Қ.Мырзалиевтің «Жаңғалақтар», «Омар мен Құмар» шығармаларынан да елес береді. С.Маршактың «Вот какой рассеянный», В.Маяковскийдің «Сказка о Пете, толстом ребенке и о Симе, который тонкий» деп аталатын туындыларынан бағдар алғандығын байқаймыз. Қ.Мырзалиевтің «Киімдер қалай күйінді?» поэмасы К.Чуковскийдің «Мойдодыр» шығармасын еске түсіреді. Айырмашылығы, Қ.Мырзалиев поэмасында салақ баладан өңкей киімдер өш алады. Киімдер танертеңгілік тығылып қалып, көп іздетеді. Сөйтіп, ұқыпсыз әрі сотқар Еркебекті сабақтан қалдырады. Қалашы көк мұзға сұлатып, көп қызға күлкі қылады, көк кепкісі басынан ұшып кетеді. Қалтасындағы винт және жердегі тас жамбасына батады.

Әлінді шамала, Бізді де бағала,

Әйтпесе, о, бала,

Боласын көкала!

- Обал,ә?! Ақынның «Балшықұлы Балшықбай» поэмасында Алексей Толстойдың «Алтын кілт немесе Буратиноның басынан кешкендері» ертегісі оқиғаларының елесі бар. Екеуі де қуыршақ кейіпкерлер. Бірақ Буратино ақылды тентек болса, Балшықбай - салдыр-салақ бала. Жан бітіп балаға айналған соң рұқсатсыз далаға шығып кетеді. Суық тиіп ауырады. Машинаның астына түседі. Ертегі-поэма соңында балдақпен жүрген Балшықбайды көреміз. Айбала оның досы боп, Біраз байқап көрмекші. Кетсе түгел жаксы боп, Аяқ жасап бермекші.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қ.Мырзалиевтің шығармашылық өмірбаянын әңгімелеңіздер.
2. Қ.Мырзалиев шығармаларындағы түйінді ойды анықтаныңдар. Шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір білдіріңіздер.

Мекембай Омарұлы

(1949-2021)

Мекембай Омарұлы 1949 жылдың 9 ақпанында Ташкент облысы Қыбырай ауданына қарасты Таукент ауылында дүниеге келген. Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтын аяқтаған. Өзбекстан Жазушалыр одағының мүшесі.

Менің Отаным

Ташкент- текті –түпті жер,

Қамысы да түкті жер.

Дәуірі мен сәуірі,
Гәулі де мықты жер.
Ата-бабам туған соң,
Қайда мұндай құтты жер?!

Абылкасқа - тірі тау,
Көккия- жаны сірі тау.
Ал Бесіктау –ірі тау,
Қызылнұра – іні тау.
Еңке бабам ізі бар
Актастай қайда ұлы тау?!

Аксак, Бозсу- сайлы өзен,
Шак-шак Шыршық- жайлы өзен.
Сак-сак Саңырау – айлы өзен.
Жанында қалкам жүрген соң,
Қарасудай қайда өзен?!

18 ақпан, 1996 жыл

Әке

Құшағыма сыймайтын
Дүниенің бақытын
Маған әкеп сыйлайтын
Әкем де бір бақытым.

«Әрбір таны шуақты
Бала бол» - деп айтады.
«Төле бабаң сияқты
Дана бол,» - деп айтады.

Мұндай накыл сөзінен
Қанша ақыл, нәр алам.
Нұр тарайтын көзінен
Әкемдей болса әр адам.

Ташкент, 14 мамыр, 1998 жыл

Ана

Шуакты күнді көп көрген,
Жүрегі терең көк көлден.
Перзенті үшін шырылдан,
Түн ұйқысын төрт бөлген
Анадай артық жан бар ма?

«Арайлы таңың атты», - деп,
Жүректен айтар ақ тілік.
Күлімдеп саған, қашанда
Тұратын бақыт, бақ тілеп,
Анадан артық жан бар ма?

19 мамыр, 1998 жыл.

Апа

Жаныма жақын бір табан,
Көзінен оның нұр табам.
Қызғалдақ сыйға тартып ем,
Қуана қарап тұрды апам.

Шаттана сүйіп Отанды,
Отанды жақсы ат алды.
Бұдан да кейін гүл сыйлап,
Қуантып жүрем апамды!

Ана тілім

Ана тілім- ән қылып
Анам айтқан әлдім.
Ана тілсіз мәңгілік
Келіспейді ән, күйім.

Ана тілім – бойымда
Ағып тұрған бұлағым.
Ана тілім – ойымда
Жанып тұрған шырағым.

Ана тілім толғаса,
Қай теңіз бар шайқалса?

Ана тілім болмаса,
Ерлігім де байқалмас,
Елдігім де байқалмас!

Тырналар

Қуантар барлық баланы
Бір шөкім бұлтсыз күзгі аспан.
Тырналар қайтып барады
Қатарын , сірә, бұзбастан.

Бір жаққа бәрі бет бұрып,
Батысқа тура тартыпты.
Танытып ұшқан тектілік
Не деген бұлар тәртіпті?

Қанатын босқа талдырмас
Тырнада көп-ау күш тегі.
Қатардан бірін қалдырмас
Бірлігі қалай күшті еді.

Біздерге ұнап тұрды олар,
Жүрсек те біраз шалғайда.
Баратын жерге тырналар
Аман-сау жетіп алғай да...

1998 жылың 9 мамыры.

АҚ БОСАҒА АЛДЫҢДА

Бет ашар термесі

Алла нәсіп қылған соң
Келін болдың, мінеки,
Қазақ деген халыққа.
Асыл туған азамат
Қатарынан қалып па?
Кірпіш болып шығасың
Түсіп кетсең егерде
Халық деген қалыпқа.
Сәлемінді сал енді

Ағайын деген халыққа!

Айт, келін-ау, айт, келін,
Жырқылдақ ауыз жігіттің
Ауруын қайтіп емдейді?
Ақылды келін кит етсе,
Алдындағы жұбайын
Төркінге шауып жеңбейді.
Ақылдының шырағы
Бір ақымақ күшсінп,
Үрлегенмен сөнбейді.
Сілікпе жан қалайша
Басыңа бұлт боп төнбейді?
Сусыған құм секілді
Арың құзға құласа,
Істеген ісін өнбейді.
Дауыл сокса, көк түтін
Биікке қайтып өрлейді?
Жақсы жанды жетекке ал,-
Одан адам өлмейді.
Көрмес адам, келінжан,
Түйені де көрмейді.
Аш болғанмен арыстан
Көк шөп жеуге көнбейді.
Ақылды жан сарайын
Алтын емес, тас та емес,
Ақылменен зерлейді.
Тікенге конған бұлбұлдар
Қайтып қана ерлейді?
Ақымақ бас өлгенше
Аяққа тыным бермейді.
Өзі емес, келінжан,
Сөздері бұл толысқан
Табансызға ермейді.
Жаман болсаң, тойыңа
Осыншама халықтың
Бірі-дағы келмейді.
Жекжаттарға бір сәлем!

Таудан тапқан кеніңіз
Құя білсең, бұлда асыл-
Айналмай ма құрышқа?
Бұл құрышың, келінжан,
Айналмасын қылышқа.
Жау жоқ деме иекте,
Жау жоқ деме бұрышта.
Қонак келсе қыдырып,
Дастархан емес, алдымен
Сөздеріңді дұрыста.
Атаң менен ананда
Бак, дәулет те, ырыс та.
Менің де теңім емес қой,
Сенің де теңің емес қой,
Қарқылдаған қарғаның
Баласымен бір ұшпа.
Қадір білер халқыңның
Деміменен таныста.
Қадірсіз болғың келмесе,
Жаманмен жаға буыспа.
Бір жаманның көзі үшін,
Бір наданның сөзі үшін,
Бір жапырақ бөз үшін
Қол көтерме туысқа.
Адалдығың - қасиет,
Надандығың – кәсірет,
Кесіріліге жуыспа.
Алакан мен жұдырық –
Бұл скеуін қайтесің,
Су тұрады уыста...

Келген кезде Баян мен
Қыз Жібектің жасына
«Қайда келіп қалдым?» деп,
Жасыма, келін, жасыма.
Екі жанғи кеп отыр
Мына сенің қасыңа.
Шашу деген шашылды

Бакыт қонған басына.
Ел сенімін қашан да
Адалдықпен актағын.
Босағасын үйінің
Оң аяқпен, жас келін,
«Бісмілда», - деп аттаған.
Сәлемінді сала бер
Қайын жұрттың мен қазір
Аттағанда аттарын.
Сен келген жұрт – киелі,
Қасиетті ел, келін.
Тұнығындай Шыршықтың
Жаксыларға ер, келін.
Келін сәлем салар деп
Күтіп отыр еліңіз.
Еліңізге иіліп
Үш мәрте сәлем беріңіз!
Жұмыр жердің бетінде
Ақ бөкендей жел, келін.
Алдыңнан талай кезігер
Асу-асу бел, келін.
Қиын кезде қиналып,
Ызғарынды шашпастан,
Кетіп жүрме кер, келін.
Ақты айыр карадан,
Қайғылыны көрсеңіз,
Сала жүрген зер, келін.
Бұйрықпен келген баласын,
Үйдегі ойдан қайтпасаң,
«Көргенсіз екен», - дер, келін.
Кішкентайлар өспей ме,
Көкейінді теспей ме,
Соларға сәлем бер, келін!

Желіс керек жастарға,
Сен өмірді қайтесің
Сол баяғы аяңын?
Бас кетсе де өмірде

Шындыктан, сірә, басқаға
Болмасын сенің аялың.
Өзіндей жас өспірім
Ақыл сұрап кел қалса,
Айт елдіктің баянын.
Өрмелетпе бас жакқа
Тіліңнің, келін, шаянын.
Алпысқа келген атаңның
Ұлың сенің ұстаған
Қасиетті таяғын.
Ақ тілеумен ерте-кеш
Отбасына келгеннен
Болмасын түк те аярын.
Көжесіндей әкеңнің
Іздей берме даярын.
Айтқан сөзі ананың
Кетпес болар далаға.
Қиыршықтай майда сөз
Тауға айналып жетпесін
Жас жеткіншек балаға.
Кіші ғой деп ойлама,
Сыншыл келер бала да.
Көкіректік жасай сап,
От тастама араға.
Екі есек тебіссе,
Ажыратамын деп екеуін
Ат өледі арада.
Желіп жүріп қызмет кыл,
Атаң менен анаң!
Алтыннан зият ағайын
Жат болмасын десеніз,
Жылында бір арада.
Бал ішінде жатқанмен,
Ашымастан қоймайды
У сепсеніз жараға.

От түспесе бір жерден
Әкеңнің қолы жетпеген

Шынардың басы жанама?
Айтқан сөзін ағаңның
Сары ала өріктін
Дәнегіндей сарала.
Дак түсірмей бірақ та
Ақ түсіргін санаңа.
Асқан болсаң секіріп,
Тасқан болсаң жекіріп,
Келгенің жөн сабаңа.
Ініңнің емес, карағым,
Білімнің атын «сабала».
Өзің ойла бір ауық,
Өмір деген бәйгеде
Шыбық мінген шаба ма?
Ағайынның баласын
Жат адамға санама.
Қарғамен бірге ұшпайды
Акку түгі, шағала.
Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Таяғы бүтін тұлпар жоқ,
Сол үшін де, іс қыған
Қарап қойып шамаңа.
Ток адам не демейді,
Жоқ адам не жемейді,
Тірлік деген «жаман» ә?
Отыра берсең сірә да
Тойдырмайды қарныңды
Сапырасы құр замана.

Сапарбек Иманбеков

Шіркін, Балалық!

АТА

-Өте жақсы атасыз,
Еш жүрмейсіз батасыз.
Ойнамастан бізбенен,
Негып үйде жатасыз!?

-Жасымда көп ойнагам,
Қызығына тоймаған.
Сол ойнаған күндерді,
Енді жатып ойланам.

ӘЖЕ

-Әкемізге – анасыз.
Біз деп күйіп жанасыз.
Кешіксе әкем жұмыстан,
Ренжіп-ақ қаласыз.

-Әлі жассың жан қызым,
Айтам жасың толғанда.
Түсінесің барлығын
Сен де әже болғанда.

ЖАЗ ЖЕМІСТЕРІ

ҚАРБЫЗ

Диқан атам Дауылға,
Әкеп берді қауынды.
Өте тойып жегеннен,
Қарны қатты ауырды.

ӨРІК

Тәуше , болған өрікті,
Ернар үзіп келіпті.
Жиын алып достарын,
Үлестіріп беріпті.

АЛМА

Алма кені – Піскемде,
Жазғы алма піскенде.
Барып жейміз тойғаниша,
Түбіне пісіп түскенде.

АЛМҰРТ

Алмұрт пісер жазда да.
Ал, жей бергін таңда да.

Көп жеп қойма бірақ та,
Ұқсамайды алмаға.

ТҰТ

Тұт атаулы бәрі де,
Балдан тәтті дәмі де.
Шотұт өте пайдалы,
Қанқысымға - дәріге.

АЛХОРЫ

Қызыл, көкшіл, акторы,
Ол- көксұлтан, алхоры.
Қайнатпасы, шырыны, -
Жүрегіннің камқоры.

ШАБДАЛЫ

Бұл ағаштың салғаны,
Сулы жеміс – шабдалы.
Сары, қызыл тым тәтті,
Өте ауыр салмағы.

ҰСТАЗ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Білімді де зейінді,
Көңілі кең пейілді.
Баласындай көретін,
Әр шәкіртке мейірлі.
Барлық іске бейімді,
Білмейтұғын кеюді.
Ұстаз болсам мен-дағы
Болашаққа кейінгі.

Кітап оқып көлемді,
Үйренемін өнерді.
Ұстаз болғым келеді,
Көп салалы, өнерлі.

Әділдікті құптайтын,
Тәртіпті нық ұстайтын,
Ұстаз болу – арманым
Жақсы ұстазға ұқсайтын.

АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ

Ұстаттыңыз әліппені,
Үйреттіңіз әріптерді.
Оқыттыңыз түсіндіріп,
Мағыналап әрбір сөзді.

Күн мерейлі ұстазымыз,
Үшбір «кабак» шытпадыңыз.
Көңіліңіз көл – дария,
Сізге келер ұқсағымыз.

Бізге үлгі ұстамыңыз,
Тәрбиелеп ұштадыңыз.
Енді, міне, ұшқалы тұр,
Сіздің шәкірт – құстарыңыз.

Жанып жүрсін еңбегіңіз,
Сау боп жүрсін дендеріңіз.
Мәңгі есте қалады ғой,
Сізден ұққан сөздеріміз.

Білім қуып өсеміз,
Арман ойға жетеміз.
Бізді оқытқан алғашқы ұстаз,
Сізге тағзым етеміз.

АНА ТІЛІМ – ДАРА ТІЛІМ

Ана тілім – дара тілім...
Атам қазақ – дана тілім.
Тілім шықса өзінменен,
Балдай тәтті сөзіңменен.

Тілімізден бүгілмейік,
Ән шырқайық, күлімдейік.
Тілімізден жасымайық.
Ұлтымызды жасырмайық.

Анам айтқан әдіін де,
Есіткемін ән - күйін де.
Жалғызымсың жақұтымсың,
Басымдағы бакытымсың.

Жүрегімнің арайысың,
Мұкағали, Абайымсың.
Жар салатын – ұрпағымсың,
Дастанымсың, жыр-әнімсін.

Тілім бар да, ұлтым бар
Абыройым - шырқым бар.
Ләззат алам өзіңнен,
Әрбір дана сөзіңнен.

Өтсе –дағы замандар,
Ғұлама ұлы адамдар.
Болмадың еш тілім-тілім,
Ардақтысың әлі бүгін.

ҚОС ТІЛІМ – ҚОС ҚАНАТЫМ

Құтты болсын, мерекең – даулат тілім,
Шабыттанып жаздым мен арнап жырым.
Сеніменен тілдеседі барлық ұлттар,
Өзбек тілім – даулат тілім, ардақ тілім.

Өзбек тілім – екінші ана тіліндей,
Тілдесе біл, осы тілде мүдірмей.
Өзбек тілін мемлекеттік тілі деп
Қарсы алайық мерекесін күлімдей.

Оз тілім - ана тілім, бүгін менің,
Ата- бабам қорғаған бұрын менің.
Қос тілің – қос қанатың, түсіне біл,
Сонда ғана биіктер үні сенің.

Тілімізден өзіміз сүрінбейік,
Өзге тілмен қосып та бүлінбейік.
Жыр жазып, ән айтайық тілімізде,
Тілімізден ешқашан бүгілмейік.

Ана тілі – ұятымыз, арымыз,
Ана тілі – тамырдағы қанымыз
Ұран етіп Абай аға сөздерін,
Құрметтейік қазақ тілін бәріміз.

Тәуелсіз ғой бүгінгі күн,
Тілімізбен алдық білім.
Жүрегімнен – жаным- тілім,
Жазыла бер әнім – жырым!

Сеніменен ашық күнім,
Сеніменен бақыттымын.
Ата қазақ – дана тілін,
Ардақ тұтқан ана тілім.

АТА ЗАҢ

Заңымыз болашаққа бағыт берген,
Тән алып бүкіл әлем дәріптеген.
Жастарға оқып, білім алыңдар да,
Еңбек ет деп күш, қуат, шабыт берген.

Мүддесін адамзаттың қорғап жатыр
Жер абат, ырыс, дәулет орнап жатыр.
Тағдырын халқымыздың әділ шешкен,
Максатын бүкіл әлем қолдап жатыр...

Ата заң болашаққа жетелесін,

Еңбегін еліміздің еселесін.
Тұрмысы нұр өлкенің абаттанып,
Достығы бүкіл елмен өркендесін.

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ

Гүлге толы омыруым,
Сыңғырлайды қоңырауым.
Шақырады «кел-кел» деп,
Қадам басқын «тез-тез» деп.

Қоңырауым алғашқы,
Бәрімізге ардақты.
Соғылғанда сыңғырлап,
Жаңғыртады жан – жақты.

Қоңыраудың үнімен,
Сыныптарға енеміз
Суаратын біліммен,
Ұстаздарды көреміз.

Ұстаздарды тыңдаймыз,
Ізденуден тынбаймыз.
Тәртіп сақтап мектепте,
Ережені бұзбаймыз.

Барша бала толық – ау
Гүлге толы омырау.
Құтты болсын алғашқы
Соғылатын қоңырау!

МЕКТЕБІМ

Сәлем саған, алтын ұя – мектебім,
Саған айтар, алғыстарым көп менің.
Өзің берген біліміңмен сусындап,
Құшағыңа өркендедім, көктедім.

Сәлем саған, қасиетті парталар,
Сөздерменен шимайлаған такталар.
Достарменен шүйірлескен сәттерім
Бір өмірге «Сыр сандықта» сақталар.

Сәлем саған, мектебімнің бақтары,
Өзінде өткен жастығымның шақтары.
Алішер мен Мұқағали, Абайдың,
Орақ тилді өлеңдерін жаттадым.

Қызықты өтті құшағында жылдарым,
Асыл сөзді ұстаздардан тындадым.
Қайта келдім қоңырауды сағынып,
Үстем болып, өзім жазған жырларым.

Сәлем бүкіл балаларым, баршаға,
Өздеріндей шәкірт ұшты қаншама.
Ұлы елде бақыттысың бәрін де,
Бүкіл әлем қарай берсін тамсана.

Қандай ғажап өркендеген замана,
Оқысандар кілең «Бестік» бағаға.
Сан алуан компьютерлер дайын тұр,
Істете алсаң құйып қояр санаға.

Білім деген толқып тұрған теңіздей,
Тәлім менен тәрбиеде егіздей.
Болашағы Ұлы елің – өзеріндей,
Білім шыңын игеріндер ерінбей.

ДОСТАР

Достар болар мейірлі,
Қоңілі түсіп көңілге.
Нағыз достар сенімді,
Тартыспайды өмірде.

Мұғалімнің сөздері,
Бірге отырып тыңдайды.
Аға –індей өздерін,
Сезінеді, шындайды.

Сөздері де мағыналы,
Жағымды да сенімді.
Атасы мен аналары
Бұлардан шат, көңілді.

Бұл достардың жүрісіне,
Сүйсініп те, таң қалар.
Жастықтағы нағыз достық,
Бір өмірге бар болар.

Кейбіреулер білсе еді,
Шын дос мәңгі жасарын.
Көбейтейік ей, балалар,
Мұндай достың қатарын.

ӨЗБЕКСТАН – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Өзбекстан – сан ұлттардың мекені,
Ынтымағы, ырысы мол еселі.
Өзбекстан – бізді ортақ үйіміз,
Салтанатпен әр мейрамы өтеді.

Тарихына назар салсақ тереңнен,
Өзбек, казак – бір тысқан ежелден.
Егеменді ел болғалы екі ел,
Басып өтті талай сынды кезеңнен.

Өзге елдер жүр ғой бізге таң қалып,
Достығына ұлы елдің тамсанып.
Барлық ұлттар ынтымақты, жақын дос,
Тұрмысына дән риза бар халық.

Барлық ұлтты жаратқан ғой құдайым,

Теңдей беріп аспандағы күн, айын.
Өзбекстан – біздің ортақ үйіміз,
Ел – жұртымыз аман болсын ылайым.

ӨЗБЕКСТАН – НҰР ОТАН

Бұл – нұр Отан,
Басталады өз үйіңнен.
Ата – анаң
Алдындағы сүйінген.
Ынтымақты,
Егеменді халқың сенің.
Шаттанатын,
Шырқататын ән – күйіңмен.

Бұл – нұр Отан –
Арайланған ақ таңымыз.
Асау өзен,
Қарлы шың асқарымыз
Бейбітшілік
Үкім сүрген елімізде,
Көгінде Күн
Нұрын шашқан аспанымыз.

Бұл – нұр Отан, –
Арман – ойды құған жерің.
Бал дәуренің,
Сән – салтанатты құрған жерің.
Білім беріп,
Оқытқан, бұл – Тәуелсіз
Егеменді,
Өзбекстан – думанды елің.
Бұл – нұр Отан –
Кәмелетке жеткенің.
Азамат боп,
Елге қызмет еткенің.
Жадында тұт,
Отан – сенің ата- анаң.

Отан – ыстық.
Құшағынан кетпегін.

Бұл – нұр Отан -
Жаның, тәнің, ырысың.
Отаным деп,
Әрбір еткен ұлы ісің.
Отаныңды
Жан тәніңмен сүйе біл,
Бірге болсын,
Отаныңмен тынысың.

СҮЙЕ БІЛСЕҢ ТУҒАН ЖЕРІН

Маған ыстық туған жерім,
Қандай әсем тұлғаң сенің.
Балалығым – бақытымсың,
Ойын – сауық құрған жерім.

Арнап жаздым бұл жырымды,
Сүйіп сенің қыр-шыңыңды.
Мақтан етем, о туған жер,
Ашып айттып сын – сырыңды.

Таңда сайрап оятатын,
Сүйем сенің бұлбұлыңды.
Қасқа асып шашыраған,
Ұзын кірпік күн нұрыңды.

Сүйем сұлу аймағыңды,
Белдерің мен сайларыңды.
Тіл үйіріп, бал татыған
Қымызың мен айраныңды.

Ардақтысың, туған елім,
Жарқыра да, нұрлан елім.
Бақыт құшқан болашаққа,
Белін мекем бұған елім.

Арман құсын қуған жерім,
Сүйемін сені думанды елім.
Ермін деген әрбір адам,
Сүйе білсін туған жерін.

ӨЗБЕКСТАН – ГҮЛ ӨңІР

Азат өлкем,
Абат, көркем
Өзбекстан – Гүлстан!

Бас қаламыз –
Астанамыз
Нұр таратқан шығыстан.

Жасап жатқан,
Бакыт тапқан.
Жүз отыз бес ұлты бар.

Жасап бірге,
Ортақ тілде
Тіл ұғысқан шырқы бар

Күміс сулы,
Орман, нулы
Таудан тұрып қарандар.

Ақ мақталы,
Бау – бакшалы
Гүл жайнаған далам бар.

Көктемінде,
Бөктерінде
Бәйшешектер құлпырған.

Шіл, құрлары,
Бұлбұлдары

Сайрап тұрар кыр – шыннан.

Нұр жаратқан,
Су таратқан
Шарбағымдай теңіз бар.

Ханбалығы –
Жан азығы
Урунғачтай көлім бар.

Көкте қыран,
Жерде құлан
Асыл салған жерім бар.

Кең пейілді
Мол мейрлі,
Ынтымақты елім бар.

Жұмақты жер,
Шуақты ел,
Айта берсең тағы бар.

Нұр Отанда,
Гүл Отанда
Іздегенің табылар.

Дәулеттісің,
Сәулеттісің,
Думандысың – бір өмір.

Бақыт құшқан,
Бұл – Гүлстан,
Өзбекстан – гүл өңір!

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛАУ

Жалауымның түр түсін –
Білдіреді төрт белгі.

Аспанымның көк түсін
Бейнелеп тұр көк белгі.

Байкатады ақ түсі,
Бейбітшілік жеткенді.
Жасыл желек бақ түсі,
Отан – ана көктемгі.

Қызыл жолақ сызығы,
Қанымыз гой өктемді.
Жарты ай мен жұлдызы-
Білдіреді өткенді.

Жалғауымның ұғатын,
Осылайша мәні бар.
Күш – қуат боп тұратын,
Төрімізде сәні бар.

БАЙТАҚ ӨЛКЕМ

Айта келсем,
Байтақ өлкем,
Қымбат маған әр тасы.

Шатқал желі,
Қия, белі,
Бадам, өрік, алшасы.

Ыстық жазда,
Қыста қарда
Көк боп тұрған аршасы.

Торып түзден,
Орғып жүрген
Киіктердің жар, тасы.

Жүрген алыс,
Аю, барыс –

Заңғар таулар еркесі.

Шығыс жақта, -
Абылқасқа -
Жер – ананың жекесі,

Тауым – Қаржан,
Аппак таңнан
Күн сүйетін өркеші.

Бақшалары,
Мақталары,
Шуакты күн өлкесі.

Күзде сары,
Қыста қары –
Жамылатын көрпесі.

Асыл дәнді,
Дақылдары –
Бидай , сұлы, арпасы.

Жерімізде,
Кеніміз де
Ашылмаған қаншасы.

Жер байлығы,
Ел байлығы –
Барша, барша, баршасы.

Барша бәрін,
Аңсағанын
Шашпай, төкпей бұл шақта

Үнемдейік,
Түгелдейік
Сый етейік ұрпаққа.

ТАБИҒАТ – АНАМЫЗ

Бұл табиғат – бұл біздің пәк анамыз.
Тұлғасына жыр жазып, ән саламыз.
Бұзып жүрғой кейбіреулер заңдылығын,
Ертеңгі күн не болар деп таң қаламыз.

Толып акқан өзендер саркылуда,
Сыңғыр қакқан бұлақтар тартылуда.
Тәңір берген табтғаттың қасиетін,
Кім селер менсінбестен паңсынуда.

НАУРЫЗ АЙЫ

Қарлар еріп айнала,
Сай – салаға ағылды.
Көк тебіндеп далада,
Көктемді ел сағынды.

Көкте күн де нұр шашып,
Сән беріп тұр Наурызға.
Бадам, өрік гүл ашып,
Бой көрсетті жалбыз да.

Ақ ұлпадай аспанда,
Ақша бұлттар жүзеді.
Шуак күтіп ақ таңнан,
Бүршік ернін бүреді.

Беткейерге карасам,
Қызғалдақтар қызарған.
Наурыз айға жараса.
Көкте күн де ұзарған.

Ескі ұясын бұзбастан,
Жаңартып жүр дегелек.
Қанат қағып тынбастан,
Гүл сорып жүр көбелек.

Наурыз айы – гүл көктем,
Құт – береке әкелсін.
Бар әлемді гүлдеткен,
Наурыз айым әсемсің.

КӨКТЕМ ТАҒЫ КЕЛЕДІ

Ой , балалар, балалар,
Тырна кепті қараңдар!
Арқан болып тізіліп,
Даусы көктен таралар.

Ауыл – аймақ , далалар,
Үлкен - кіші қалалар.
Көк пен гүлге бөленіп,
Өмір енді жаңарар.

Күн қарайды күлімдеп,
Есер енді жылы леп.
Бәйшешектер беткейде,
Шығыпты ғой дүрілдеп.

Күн де кештеп батады,
Таң да ерте атады.
Қауыз жарған түрлі гүл,
Жұпарларын шашады.

Оянған бал аралар,
Гүл – бақтарды аралар.
Балшырынын жиып ап,
Мекеніне таралар.
Тасып Шыршық өзені,
Арнасымен желеді.
Егістікті аралап,
Мол өнімін береді.

Ой жіберіп қарасаң,

Бар табиғат жаңаша.
Гүлді көйлек киінген,
Көктем қандай тамаша.

Уақытша сүйінтіп,
Көктем - келін үйінен.
Жазбен жалғап өмірін,
Өтіп кетер сыйымен.

Көктем тағы келеді,
Көктен нұрын себеді.
Төрт маусым да кезекпен,
Айналады себебі.

ЕЛГЕ ҚАЙТТЫ ТЫРНАЛАР

Көктемнен беріп бір хабар,
Елге қайтты тырналар.
Самғағанда қанаты,
Күн нұрымен нұрланар.

Таралып, қайта бірігіп,
Арқан болып тізіліп.
Тыруласқан тырнаға,
Жұрт қарайды тігіліп.

Төмен ұшса тырналар,
Жақсылыққа бұрмалар.
Мамыршылық болар деп,
Халқымыз да қуанар.

Тыныштықты жақтайды,
Киелі деп атнайды.
Ынтымақшыл, ұйымшыл,
Деп тырнаны мақтайды.

Тырна — көктің жыршысы,
Келіп, кетер жылқысы.

Тырна – біздің досымыз.
Азар бермей құстарға,
Аялайық осы – біз.

ЖАЗ

Жаз келді өзіне тән қызығымен,
Сайратып бозторғайды шырылымен.
Күбісін сылдыратса қыз- келіншек,
Сабалар жарасып тұр қымызымен.

Ата күн тас төбеден шашты нұрын,
Беткейде гүлкайырлар ашты гүлін.
Салкында еңбек еткен диқандар да,
Тал түсте үйлерінде тапты тыным.

Жаз келіп, бау – бақшалар көріктенді,
Пісіріп қызыл, сары өріктерді.
Шілдеде пісіп жеткен жүзімдер де,
Қойылып дастарқанға көрік берді.

Жаз қызық қалам алып жүргендерге,
Жазады шабытына жыр келгенде.
Шіркін жаз өтер шығар қызығымен,
Әрине, жаз қадірін билгендерге.

АЛТЫН КҮЗ

Береке, мерекелі алтын күзім,
Кенелген табысынмен жарқын жүзің,
Көрінісің көңілге түрткі болып,
Қолыма қалам алып, жаздым жырым.

Көз тастасам, айнала бір сахна-ак,
Тамашалап, қарап тұрдым бакылап.
Әсем күзді мерекелеп жатқандай,
Түсіп жатыр би-билесіп жапырақ.

Бау – бақшалар түрлі түске бөленген,
Бағбандарын мол табысқа кенелген.
Алма, жүзім, алмұрттары аузыңнан,
Дәмі кетпес қанша тойып жегенмен.

Күн батады тұмандатып, қызарып,
Өз сәулесін жасырғандай қызғанып.
Бар ағаштар сыбдыр қағып, сырласа,
Алтын күздің сазыменен ырғалып.

Шошығандай қыс келетін дабылдаған,
Кейбір ағаш жапырағына айрылған.
Жер – Анамыз суық қыстың қамын жеп,
Қызыл, сары сәнді көрпе жамылған.

КҮЗ СОҢЫ

Жер ұйқыға жатады,
Сары көрпе жамылып.
Күн қызарып батады,
Бұлттан сырға тағынып.

Жапырақтар төгіліп,
Жерге алтын шашады.
Кей жәндіктер көміліп,
Тәтті ұйқыға батады.

Көк тырналар тыраулап,
Қаздар қайтып барады.
Күздің соңы суық – ақ,
Жаналақ қар жауады.

Кейбір аңдар семіріп,
Інде тыным табады.
Қиыршық қар себелеп,
Жердің бетін жабады.

ҚЫС КЕЛДІ

Айналага қыс келді,
Аппак болып түстенді.
Бет – қолымды шымшылап,
Суық, ызғар күшке енді.

Ой, балалар, балалар!
Дайын ба еді шаналар?
Қырға бірге шығындар,
Жарысындар барабар.

Жиналыпты бар бала,
Жасап алып, қар қала.
Өздерінше мәз – мейрам,
Қарап тұр - ау таңдана.

Осы екен деп қар ғана,
Деп жүрмеңдер бар бала.
Қалың – қалың қар жауар,
Қарасындар малға да.

Шөлдегенде су ұрттап,
Қар жемендер уыстап.
Қаларсындар сабақтан,
Тамақтарың суықтап.

ТАУ

Сірә да шықпаған,
Тауға да шықтым.
Биіктен қарап,
Таза ауа жұттым.

Экранда көргендей
Барлық жақтан.
Жақындап қалғандай
Күн менен аспан.

Жеңіл тартқандай
Сездім өзімді.
Сұлу табиғаттан
Үзбей көзімді.

Таудың ауасын,
Жұтып, тойдым.
Қиялдың тізгінін
Босатып қойдым.

Ауылды іздедім,
Биіктен тұрып.
Таптым, қол соқтым,
Қуанып, күліп.

Жүрегіме симай
Қуаныш сезімі.
Асқар таудай
Болды көңілім.

ГЛОССАРИЙ

Әдебиет теориясы - әдеби шығармашылықтың табиғаты мен адамзаттық қызметін зерттейтін және оны талдаудың методологиясы мен методикасын айқындайтын әдебиеттану ғылымының саласы. Әдебиет теориясының зерттеу объектісі үш түрлі мәселені қамтиды: қаламгердің болмысты бейнелеудегі суреткерлік шеберлігін, шығарманың әдеби көркемдік құрылымын, әдеби процесті.

Эстетика – болмысты суреттеудегі әдебиеттің адамның эстетикалық санасын байытып, жан тазалығы, эстетикалық ләззат беретін әдемілікті идея мен мақсатқа сай суреттеу. Эстетиканы аңқтаудың үш шарты бар: 1) тұтастық, 2) үйлесім, 3) айкындық.

Әдеби шығармашылық – қаламгердің көркем туындылар тудырудағы еңбек процесі.

Методологиялық мектептер – көркем шығармаларды жазу мен танудағы ғылыми ілімдер.

Әдеби бағыт - әдебиет тарихындағы қаламгерлердің идеялық көркемдік мақсат-мүдде бірлігінен туған шығармашылық үндестік.

Әдеби ағым – бірнеше қаламгерге тән шығармашылық бірлік.

Көркем әдебиеттің табиғаты – көркем өнердің халықтық, танымдық, тәрбиелік, көркемдік, эстетикалық мәндері.

Эстетикалық таным – халықтың өмірге философиялық көзқарасының көркем өнердегі көрінісі.

Кейіпкер – көркем әдебиетте бейнеленетін оқиғаға қатысушы образ.

Архетип – о баста адам қиялында пайда болып, соңында өзіндік мазмұнға ие болған архаикалық рәсімдердегі психологиялық схемаларға тән мотивтер мен әдіс-тәсілдер.

Автор - өнер туындысын дүниеге әкелуші қаламгер.

Поэтика – көркем шығармадағы құндылықты бар болмысымен айқындар жүйе туралы әдебиеттанудың көне ғылым саласы.

Сюжет - өзара жалғасқан оқиғалар тізбегі, біртұтас желісі.

Композиция - әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен кішілі бөлім бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырылып, әр түрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық бірлігі.

Герменевтика – текстерді ұғындыру және оның принциптерін түсіндіру жөніндегі ілім.

Жанр - әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары.

Әдеби процесс- бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар, ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи заңды қозғалысы.

Стиль – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы.

Тест тапсырмалары

1. Балалар әдебиеті деген ұғым қашаннан бастап қазақта кеңінен тарайды?

- A. XIX ғасырдың екінші жартысы
- B. XIX ғасырдың бірінші жартысы
- C. XX ғасырдың бірінші жартысы
- D. XX ғасырдың екінші жартысы
- E. XVIII ғасырдың екінші жартысы

2. Қазақ балалар әдебиетінің түп атасы:

- A. Ахмет Байтұрсынұлы B. Абай Құнанбаев
- C. Спандияр Көбеев D. Ыбырай Алтынсарин.
- E. Сәкен Сейфуллин

3. Балалар әдебиетінің негізгі мақсаты:

- A. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту
- B. Балалар қиялын дамыту
- C. мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдебиетті жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру
- D. Жасөспірімді дұрыс бағытқа сілтейді
- E. Өмірге деген көзқарасын өзгертуді

4. Балалар әдебиетінің жіктелуі, салаланып дамуы, сараланып сөз бола бастауы қай кезеңде басталды.

- A. XX ғасырдың 60 жылдарында
- B. XIX ғасырдың бірінші жартысы
- C. XVIII ғасырдың екінші жартысы
- D. XIX ғасырдың бірінші жартысы
- E. XX ғасырдың 30-шы жылдарында

5. «Қазақ балалар әдебиетінің очерктері» кітабының авторы кім?

A. Ахмет Байтұрсынұлы B. Ш.Ахметов

C. Ыбрай Алтынсарин D. Абай Құнанбаев

E. Сәкен Сейфуллин

6. «Фольклор» терминінің баламасы:

A. Халық ауыз әдебиеті B. Аңыз-әңгімелер

C. Эпос D. Мақал-мәтелдер

E. Жаңылтпаштар

7. Белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы.

A. Психология B. Тарих C. Балалар әдебиеті D. Этнопедагогика

E. Педагогика

8. Этнопедагогика ғылымы қандай екі саладан тұрады:

A. мақал-мәтелдер мен жаңылтпаш

B. халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен

C. Аңыздар мен эпостар

D. Халық ауыз әдебиеті мен фольклор

E. салт-дәстүрлері мен аңыздар

9. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» нешінші жылы жарық көрді?

A. 1878 B. 1877 C. 1879 D. 1872 E. 1873

10. М.Дулатовтың қай оқу құралында (1911) фольклорлық үлгілер аса мол қамтылған?

A. «Әдебиет таңытқыш» B. «Қазақ хрестоматиясы»

C. «Әдебиет» D. «Хрестоматия»

E. «Қирағат»

11. А.Байтұрсынұлының еңбегі:

A. «Қазақ хрестоматиясы» B. «Хрестоматия»

С. «Әдебиет танытқыш»D. «Қирағат»E. «Әдебиет»

12. А.Байтұрсыновтың өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақ, жарапазан, бесік жыры сияқты терминдер алғаш ғылыми айналысқа түсіп, мағыналық жағынан тиянақталған еңбегі?

A. «Қирағат»B. «Қазақ хрестоматиясы»

С. «Әдебиет танытқыш»D. «Хрестоматия»E. «Әдебиет»

13.«Балалар фольклоры» терминін өз еңбегінде алғаш қолданып, түсініктеме берген?

A. Ахмет БайтұрсынұлыB. Ш.Ахметов

С. Ыбрай АлтынсаринD. Абай ҚұнанбаевE. Сәкен Сейфуллин

14. Әлпештеу поэзиясына жататындар:

A.мақал-мәтелдер

B. жаңылтпаштар

С. Тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы, ойынға байланысты жырлар: ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, драмалық ойындар)

D. (бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдаркату жырлары)

E.ойындар

15. Тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы, ойынға байланысты жырлар: ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, драмалық ойындар қандай фольклорға жатады?

A.Ойындық фольклорB. Әлпештеу поэзиясы

С. МадақтауD. Ойын-сауықE.Балалар поэзиясы

16. Мақал-мәтел дегеніміз не?

A. балалардың тез де, жаңылыссыз сөйлеуіне, дыбыстарды анық айтуына дағдыландыратын өлең-ойын.

B. Ой түйіні

С. халықтың еңбек және әлеуметтік өмір тәжірбиесінен алынған білімнің жиынтығы.

D. Афоризмдер

E.Халық дана сөздер

17. Қазақ мақал-мәтелдері қай кезден бастап баспа жүзінде жарық көре бастаған.

A. XX ғасырдың екінші жартысы

B. XIX ғасырдың 50 жылдарынан

С. XX ғасырдың бірінші жартысы

D. XIX ғасырдың 70 жылдарынан

E. . XIX ғасырдың 60 жылдарынан

18. Накыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі не?

A.ЕртегілерB. МақалдарC.

МәтелдерD. Жаңылтпаштар

E.Өтірік өлеңдер

19. Балалардың тез де, жаңылыссыз сөйлеуіне, дыбыстарды анық айтуына дағдыландыратын өлең-ойын.

A. МақалдарB. ЕртегілерC.

МәтелдерD. Өтірік өлеңдер

E.Жаңылтпаш

20.«Ел өтірігі - үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады»-деп кім айтты?

A.Ы.АлтынсаринB.

A.БайтұрсынұлыC. С.Сейфуллин

D. I.ЖансүгіровE.С.Көбеев

21. Халқымыздың тарихын, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, нанамын, дүниетанушылық көзқарастарын білдіретін халық ауыз әдебиетінің түрі:

А.ЕртегілерВ. Мақал-мәтелдерС.
Жаңылтпаштар

Д.Өтірік өлеңдерЕ.Әңгімелер

22. Ертегілердің ішіндегі баланың
қиялын шарықтатып, балалық
шактың болашағын елестетіп,
келешекке сеніммен карауға
тәрбиелейтін ең әсерлі ертегілер?

А.Әдеби ертегілерВ. Тарихи
ертегілер

С. Хайуанаттар жайлыД. қиял-
ғажайып ертегілері

Е.Шыншыл ертегілер

23. Қоғамдық әлеуметтік
катынастар мен теңсіздікті,
тұрмыс-тіршілікті сатира мен
юмор арқылы беретін ертегілер
түрі (Тазша туралы, Қожанасыр
жайлы т.б.):

А. қиял-ғажайып ертегілеріВ.
Хайуанаттар жайлы

С. Шыншыл ертегілерД.
Сатиралық ертегілер

Е. Тарихи ертегілер

24. Бір мекеннің, жергілікті
жердің, я болмаса бір елдің,
тайпаның, рудың ауызекі шежіресі
бір аймақта болған оқиғаның
әңгімесін не деп айтамыз?

А.ЕртегілерВ. Аңыз әңгімелерС.
Эпостар

Д. Тарихи әңгімелерЕ.Жырлар

25. Лиро-эпостық жырлардың
негізгі тақырыбы:

А.ерлік,батырлық жайлыВ.
адамгершілікті дәріптейді

С. махаббат, сүйіспеншілік
мәселесін дәріптеуге құрылады

Д. Отан сүйгіштік қасиетті

Е.Үлкендерді құрметтеуге

26. «Тарланым», «Мінкен ер»,
«Қызғыш құс», «Тайманның ұлы
Исатай», «Исатай деген ағам бар,
«Исатай сөзі», «Арғымақтың

баласы», «Біз неткен ер», «Ұл
туса», «Туған ұлдан не пайда»,
«Еңселігі екі елі» т.б.деп жырлаған
ақын:

А.Абай В. ЫбрайС.
АхметД. МахамбетЕ.Мұхтар
Әуезов

27. Шын мәніндегі тұңғыш
ағартушы ұстаз, тамаша тарихшы,
фольклоршы - этнограф ғалым, тіл
білімпазы, осы күнгі
әліпбиімізде жазылған ең
алғашқы оқулықтың туындыгері,
халық ағарту ісінің шебер
ұйымдастырушысы:

А.А.Байтұрсынов

В. Абай Құнанбаев

С. Ы. Алтынсарин

Д. С.Көбеев

Е.М.Дұлатов

28. «Қазақ хрестоматиясы»
еңбегінің авторы?

А. А.Байтұрсынов

В. Абай Құнанбаев

С. Ы. Алтынсарин

Д. М.Дұлатов

Е. С.Көбеев

29.Ұлт-азатшыл бағыт өкілдері

А. М.Дулатов, Ж.Аймауытов

В. С.Дөнентаев,С.Көбеев

С. Байтұрсынов,М.Дұлатұлы

Д.Ш.Құдайбердіұлы,

С.Торайғыров, С.Дөнентаев,
С.Көбеев

Е. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев,
М.Дулатов, Ж.Аймауытов

30.Қай жазушының «Маузер»,
«Бандыны қуған Хамит»,
«Балалар», «Келіншектің бесік
жыры», «Ананың хаты», «Анаға
жауап», «Пионерлер», «Біз
комсомол», «Совпарттағы
қарындасыма» шығармалары

кеңес кезеңінде балалар оқуына ұсынылды?

А.М.Мағауин

В. М.Дұлатов

С. С.Көбеев

Д. С.Сейфуллин

Е.С.Торайғыров

31. «Азамат Азаматович» пен «Майдан», «Шұғаның белгісі» мен Дайрабайдың көк сиыры», «Кедейге» т.б. шығармаларының авторы?

А. С.Көбеев

В. М.Мағауин

С. Б.Майлин

Д. М.Дұлатов

Е. С.Торайғыров

32. Өзінің «Заман, жастар, біздікі», «Жауыздық пен махаббат», «Өмір мен өлім туралы», «Мен өмір сүргім келеді», «Шығыс ұлыпа хат» сияқты публицистикалық еңбектерінің авторы:

А.М.Дұлатов

В. С.Көбеев

С. М.Мағауин

Д. С.Торайғыров

Е. Б.Бұлқышев

33. Алтынсарин қай жылдан бастап халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинау, зерттеумен шұғылданады?

А.1863 ж

В.1864 ж

С.1862 ж

Д.1865 ж

Е.1867 ж

34. Ыбырай өзі аңқан мектептерге арнап не жазуды қолға алады?

А.мақала

В.шығарма

С.газет

Д.журнал

Е.оқулық

35. Қазақ хрестоматиясын қай жылдар шамасында жазуға кірісті?

А.1876-77 ж

В.1879-80 ж

С.1875-76 ж

Д.1874-75 ж

Е.1877-78 ж

36. Ы.Алтынсарин 1879 жылдың бірінші қыркүйегінде қай облыстың мектеп инспекторы болып тағайындалады?

А.Ыргыз

В.Орынбор

С.Торғай

Д.Орал

Е.Жауап жоқ

37. Торғай каласында колөнер мектебі қай жылы ашылды?

А.1884 ж

В.1885 ж

С.1882 ж

Д.1883 ж

Е.1886 ж

38. Ы.Алтынсарин неше жастан асқан шағында қайтыс болады?

А.46

В.43

С.42

Д.45

Е.47

39. Халқымыздың тарихын, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, нанымын, дүниетанушылық көзқарастарын білдіретін халық ауыз әдебиетінің түрі:

А.Ертегілер

В.Мақал-мәтелдер

С.Жаңылтпаштар

Д.Өтірік өлеңдер

Е.Әңгімелер

40. Балалардың тілін дамыту үшін не айтылады?

- A. Мақал
- B. ертегі
- C. жұмбақ
- D. аңыз
- E. жаңылтпаш

41. «Қанбақ шал» ертегілеріндегі басты кейіпкерлерді көрсет

- A. шал, кемпір, түлкі, дәу
- B. шал, кемпір, балық, түлкі
- C. шал, дәу, мысық, ешкі
- D. шал, дәу, қыз, түлкі
- E. кемпір, шал, дәу, қасқыр

42. Ахмет Байтұрсыновтың «Елінің бастары» мысалындағы жалғыз бидай неге тік тұр ?

- A. сұлболғандықтан
- B. дәні көп болғандықтан
- C. дәнсіз болғандықтан
- D. бойына сүйсініп
- E. күнге ұмтылып

43. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр ?» ертегісіндегі басты кейіпкерлерді тап

- A. хан, жылан, қарлығаш, шағатын жәндіктер
- B. хан, жылан, қарға, шағатын жәндіктер
- C. хан, жылан, қарлығаш, ешкі
- D. бай, жылан, қарлығаш, шағатын жәндіктер
- E. хан, жылан, сауысқан, ешкі

44. Ыбырай Алтынсаринның «Әке мен бала» әңгімесінде әкесі баласына нені көтер дейді ?

- A. алманы
- B. шелекті
- C. тағаны
- D. шегені
- E. таяқты

45. «Әке мен бала» әңгімесі балаларды неге үйретеді ?

- A. жалқаулыққа
- B. татулыққа
- C. бірлікке

- D. аңшылыққа
- E. еңбекке

46. «Алтын сақа» ертегісіндегі бала неден көмек сұрады ?

- A. құстардан
- B. аннан
- C. жәндіктен
- D. жануардан
- E. балықтан

47. «Ешкі мен түлкі» ертегісіндегі түлкі қайда түсіп кетті ?

- A. апанға
- B. қакпанға
- C. ауға
- D. суға
- E. балшыққа

48. Балалардың ойын дамыту үшін не айтылады ?

- A. жаңылтпаш
- B. мақал
- C. жұмбақ
- D. ертегі
- E. әңгіме

49. Ертегілердің тобын анықта

- A. 3
- B. 5
- C. 4
- D. 6
- E. 7

50. Мұхтар Әуезов ертегіні неше топқа жіктеді ?

- A. 4
- B. 5
- C. 3
- D. 8
- E. 1

51. «Қотыр торғай» қай жанрлық ертегіге жатады ?

- A. Новеллалық ертегіге
- B. Батырлық ертегіге
- C. Қиял-ғажайып ертегіге
- D. Жануарлар туралы ертегіге
- E. Ешқайсысыны

52. Батырлық ертегіні көрсет ?

- A. «Ер -Төстік»
 - B. «Сықырлы қыз»
 - C. «Кім күшті»
 - D. «Арыстанмен қоян»
 - E. «Әкемен бала»
- 53.Сейіт Қасқабасов ертегілерді нешеге бөлді?

- A. 6
- B. 3
- C. 1
- D. 8
- E. 5

- 54.Жаңылтпаш мағынасын көрсет
- A. Баланы тез де, жаңылыссыз сөйлеуіне тәрбиелейді
 - B. Ойын дамытуға ықпалын тигізеді
 - C. Шапшаң жүруге үйретеді
 - D. Ертегіні салыстыруға
 - E. Барлығы дұрыс

- 55.Кеспе, өссін ал, Өссе өсімтал, Өссе өссін тал, Кеспе , өссін тал – осы жаңылтпаш неге тәрбиелейді?

- A. 3-дыбысын дұрыс айтуға
- B. Табиғатты қорғауға
- C. Баланың тілін ширатуға
- D. Тез сөйлеуге
- E. Жадында сақтауға

56. Мініп алып құртқа,
Өрмеледім бұлтқа.

Алып келдім айды

Көрсеттім көп жұртқа- бұл не?

- A. Жаңылтпаш
- B. Мақал
- C. Мәтел
- D. Өтірік өлең
- E. Батырлар жыры

- 57.«Ұр-Токпак» ертегілердің қай түріне жатады?

- A. Жаңуарлар туралы
- B. Хайуанаттар туралы
- C. Қиял-ғажайып
- D. Батырлық туралы

- E. Сатиралық ертегілерге
- 58.Әлпештеу поэзиясына не жатады?

- A. Балалар айтысы
- B. Санамақ
- C. Такпак
- D. Бесік жыры
- E. Жұмбақ

59. Ойындық фольклорды көрсет

- A. Қаламақ
- B. Арнау-тілек
- C. Мазактама
- D. Өтірік өлең
- E. такпак

60. Уату- алдарқату жыр қайсысы?

- A. Ақ білек
- B. Қаз балам
- C. тәй-тәй балам
- D. қуырмаш
- E. өс,өс балам.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРІ ТІЗІМІ:

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. Алматы, Білім 1993.
2. Сейданов Қ. Қазақ әдебиеті тарихы. Ташкент, 2008.
3. Е.Абдувалитов, А.Бектаев. Фольклор және балалар әдебиеті. Ташкент, 2013
4. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, Санат, 2007.
5. Дулатов М. Оян, казак! Алматы, 2003.
6. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. Алматы, 2006.
7. Абай. Қалың елім, қазағым... Алматы, 2002.
8. Әлімбаев М., Баянбаев Қ. т.б. Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. Алматы, 1977.
9. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1990.
10. Сейданов Қ., Байкабылов У. Әдебиет. 11 сынып. Ташкент, 2018.
11. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы, 2012.
12. Омаров М. Өзбекстандағы қазақ ақындары жырларының антологиясы. Т., 2017.
13. Иманбаев С. Кітабым-шуағым. Ташкент, 2021.
14. Сейданов Қ. Абай және орта азия әдебиеті. Ташкент, 2020.
15. Сахна сандағы. Алматы, 2009.
16. Мөңкеұлы М. Атырау арыстары. Алматы, 2018.
17. Аргынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы, 2005.
18. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. Алматы, 1989.
19. Омаров М. Шұғылалы елдің шабыты. Ташкент, 2014.
20. Негимов С. Қазақтың сал-серілері. Алматы, 2005.
21. Аманжолов С. Қазақ жұмбақтары. Алматы, 2003.
22. Нәлібаева А. Өмір-өткел. Ташкент, 2009.
23. Рахмат Ө. Көңіл толқындары. Алматы, 2019.
24. Әбдіқадыров Қ. Сапарғали Бегалин. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 2018.
25. Омаров М. Ең тәтті алмалар. Ташкент, 2008.



МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
I ТАРАУ. БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК	5
I.1. Балалар әдебиеті – рухани қазына.....	5
I.2. Балалар фольклоры (Балалар ауыз әдебиеті).....	14
I.3. Балаларға арналған халық өлеңдері.....	18
II ТАРАУ. ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ - БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ҚҰРАЛЫ	24
II.1. Мақал-мәтелдер.....	24
II.2. Жұмбақтар.....	27
II.3. Жаңылтпаш.....	28
II.4. Өтірік өлеңдер.....	29
II.5. Балалар айтысы.....	31
II.6. Ертегілер.....	33
II.7. Аңыз әңгімелер.....	39
III Тарау. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ	42
III.1. Махамбет Өтемісұлы.....	42
III.2. Ы.Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы.....	44
III.3. Абай Құнанбаев және балалар әдебиеті.....	59
IV ТАРАУ. XX ҒАСЫР БАС КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ	64
IV.1. Ағартушылық демократтық бағыт өкілдері.....	64
IV.2. Ұлт-азаттық бағыт өкілдері.....	67
V ТАРАУ. 1920-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ	74
V.1. 20-30-жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің даму ерекшеліктері жөнінде.....	74
V.2. 1940-50 жылдардағы (соғыс кезеңі мен онан кейінгі жылдардағы) балалар әдебиеті.....	83
V.3. 1960-80 жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің дамуы.....	92
VI ТАРАУ. 1960-80 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ	101
VI.1. М.Әлімбаев – балалар жазушысы.....	101
VI.2. Ө.Дүйсенбиев – балалар акыны.....	108
VI.3. Б.Сокпақбаев – балалар жазушысы.....	111
VI.4. Қ.Мырзалиев және балалар әдебиеті.....	114
VI.5. Мекембай Омарұлы.....	118
VI.6. Сапарбек Иманбеков.....	126
Глоссарий	120
Тест тапсырмалары.....	121
Әдебиеттер тізімі.....	127

АЙДАРОВ ЕРКИН БАКИТОВИЧ

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТИ

*Жогары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті және бастауыш білім
мамандығына арналған оқу құралы*


Мухаррир: Х. Таҳиров
Техник мухаррир: С. Меликузиева
Мусахҳих: М. Юнусова
Саҳифаловчи: А. Мухаммад

Нашр. лиц № 2244. 25.08.2020 й.
Босишга рухсат етилди 22.08.2022 й.
Бичими 60x84 1/16. Офсет қоғози. “Times New Roman”
гарнитураси. Ҳисоб-нашр табоғи. 10.
Адади 100 дона. Буюртма № 115.

«ZEBO PRINT» МЧЖ босмахонасида чоп этилди.
Манзил: Тошкент ш., Яшнобод тумани, 22-ҳарбий шаҳарча.

КАЙДЛАР УЧУН

КАЙДЛАР УЧУН



ISBN 978-9943-8463-5-7

